

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ  
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**А.Бектаев, Т.Турткулбаева**

## **ҚАЗІРГІ ӘДЕБИ ПРОЦЕСС**

*(жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына  
арналған оқу көмекші құрал)*

**Ташкент 2012**

## Аннотация

Оқу құралы қазіргі әдеби процесс пәніне арналған болып, онда бүгінгі таңдағы ақын-жазушыларымыздың шығармашылығы, олардың өз туындыларындағы көтерген көкейкесті мәселелер, яғни поэзия, проза, драма жанрларының осы кезеңдегі орны, олардың тақырыбы, мазмұны мен ой-түйіндерінің жанаша бағытта екендігі қарастырылған.

Сонымен бірге оқу құралда тәуелсіздік жылдарындағы әдеби жаңалықтар мен жаңа тақырып, ағымдар мен өзіне тән ерекшеліктері қарастырылады. Олардың туындыларына талдаулар, ой-түйіндер, түрлі пікірлер айтылады.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттері мен мұғалімдерге арналады.

Учебное пособие предназначено по предмету о сегодняшней процессе литературы, в нем предусматривается произведений поэтов и писателей сегодняшнего дня и проблемы в их произведениях, то есть о процессе поэтических, прозаических и драматических жанров, и о заключительных идеи.

В том числе в учебном пособие предусматривается новые произведений литературы и новые темы направлений и его различие. В нем описывается литературные анализы, заключительные идеи.

Учебное пособие предназначено для студентов высших учебных заведений и учителей.

The aid scrutinizes modern literature processes, works of poets and writers within poetical, prozal and dramatical gaures, their issue, core and totals. In additiqu it contains literature news and its new areas, differences, briefs and final ideas.

The training aid is for students of high edicational institutions and theachers.

Пікір жазғандар:

И.Якубов

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Ғ.Мамбеткаримов аға оқытушы

## К І Р І С П Е

Қазіргі әдеби процестің, әсіресе, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ ақын-жазушыларының поэзиялық, прозалық және драмалық туындыларын қарастырғанда, ондағы әрбір жеке шығармаға негізделе отырып олардың өзіндік айтар ой-сезімдерін аңғаруға болады.

Әрине, әдеби процесс – бұл белгілі бір дәуірде, сонымен қатар, ұлттар мен елдердің, аймақтардың, әлемнің күллі тарихи кезеңдерінде өмір сүріп келе жатқан әдебиеттің тарихи – заңды қозғалысы.

Әдеби процесс әрбір тарихи кезеңде әлеуметтік, идеологиялық және эстетикалық тұрғыдан жазылған әр алуан сападағы кесек образдар мен қарапайым бейнелер кескінделген қарадүрсін шығармалардан – көпшілікке арналған әдебиеттерге дейін өз бойына үздіксіз сіңіріп отырады. Мұның қатарына олардың жиі жарық көретін жарияланымдары мен басылымдары, әдеби сын, естеліктер, әдеби эпистолярлық жанрларда жазылған оқырмандардың үн қатысуы да жатады.

Әдеби процесс термині ХХ ғасырдың 20-30 жылдарда пайда болып, 60 жылдары кеңінен қолданыла бастады.

Әдеби процесс адамзаттың эстетикалық, рухани құндылықтарының толығының тарихы. Әдеби процесс – жеке тұлғалар өзінің әкелген айрықша көркемдік ашылымдарымен, өзіне дейінгі құндылықтармен қайшылыққа түсе отырып, әдеби процестің құрамында кезеңдік, жалғастырушы өзгертуші қызмет атқарады.

Әдеби процесс – эстетика мен әдебиеттанудың, өнердің, теориясы мен тарихының, сондай-ақ поэтикасының ортақ көркемдік категориясы болып табылады. Сонымен бірге әдеби процесс – көркемдік дүниенің қозғалысы мен дамуын зерттейтін методологиялық әдіс.

Бүгінгі таңда қазақ әдебиеті жанрларының орны қай жағдайда екендігіне көңіл бөлсек, әрине бүгінгі күнде поэзияның орны ерекше мәнге ие. Ақын-жазушылардың, әсіресе тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта жазған туындыларының барлығы да отан, өмір, халықтың әлеуметтік жағдайынан хабар беріп тұр. Мәселен: Мұхтар Шаханов, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова, Оразақын Асқар, Исраил Сапарбай, Темірхан Медетбек, Есенғали Раушанов, Дандай Ысқақ, Мұратбек Оспанов, Ханбибі Есенқараева, Ақұштап Бақтыгереева, Марфуға Айтхожина, Маржан Ершуова сияқты бірнеше ақын-жазушылардың аттарын атауға болады.

### **Әдеби процесс пәнінің мақсаты мен міндеттері**

#### **Жоспар**

1. Әдеби процесс жайлы түсінік.
2. Әдеби процестің қамыту аясы.
3. Пәннің атқаратын міндеттері.

#### 4. Қорытынды.

Тірек сөздер: «Қазіргі әдеби процесс» курсының объекті, предметі, мақсаты мен міндеттері. Соңғы 20 жыл ішінде әдебиет әлемінде орын алған келелі мәселелерге шолу.

Қазіргі лирикадағы жаңашылдық ізденістер. Егемендіктің нәтижесінде туған әдеби процестегі жаңалықтар. Тарихи және жеке адамдарға деген көзқарастың өзгеруі. Жаңа тақырып, жаңа бағыттардың пайда болуы. Бүгінгі қазақ әдебиетінің өзіне тән ерекшелігі.

Адамның, оның жеке басының басты мәселеге айналуы, жалпыхалықтық, рухани ой-сана проблемаларының күшеюі, жанұя мәселесіне көп көңіл аударылуына байланысты болып табылады. Бұл мәселелерге жауапты қазіргі қазақ лирикасынан Қ.Мырзалиев лирикалары мен Ғ.Қайырбеков, Ж.Молдағалиев поэмаларынан молынан кездестіруге болады.

Егемендік жағдайындағы халықтық ұлттық сезімін оятушы, сенімділікке үндейтін елендер – бүгінгі әдеби процесте алдыңғы және жетекші жанр болды. Поэзиядағы жана тарихи сезімге үндеу, рухани толысу және ой-сезім тазалығына үндеу идеялары алға қойылды.

Қазіргі қазақ поэмасындағы жанр, түр ізденістер де басты мәселелерге айналды. Бүгінгі поэманың жаңашылдығы жаңа идеялардың пайда болуы, дәуір тынысын жаңаша сипаттау. Сабырхан Асановтың «Сағыныш сазы» Оралтай Біләловтың «Дала мен домбыра» поэмаларын тақырыптық тұрғыдан талдауға тұрарлық шығармалар. Монолог типіндегі лирикалық поэмалар, поэмадағы лирикалық қаһарман бейнесі, эпикалық элементтер араласқан поэма-дастандар. Дастандарға эпикалық элементтердің кірігуі — дәуірдің талабы. Әдістер мен түрлерді дамыту жолындағы ізденістердің әрі қарай жалғас табуы лироэпикалық және драмалық түрлерді жетілдірілу қажеттігін пайда етеді.

#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазақ әдебиетіндегі жаңа белес дегенде нені түсінесің?
2. Әдебиеттегі бүгінгі күн тақырыптары қайсылар деп ойлайсың?
3. Тәуелсіздік жылдардағы шығармалардың қандай өзіндік ерекшелігі бар?
4. Қазіргіде әдебиетте өнімді қалам тербеп жүрген қайсы ақын-жазушыларды білесің?
5. Соңғы уақытта қандай шығармаларды көп оқығаныңды атап бер.

#### Бүгінгі таңдағы поэзияның өзіне тән ерекшеліктері

#### Жоспар

1. Поэзия және оның әдебиеттегі маңызы
2. Поэзиядағы жаңа тақырыптар
3. Поэзиядағы жаңа өрнектер.
4. Қорытынды.

Тірек сөздер: Поэзия - халқымыздың жан-күйінің жарқылы, сезімінің сырлы шектерінің пернесі, оның эстетикалық көзқарасының сәлелері, оның этикалық арманының айнасы. Әрбір шығарма – ақын жанының қайрат-күші, ой-пікірі, тіршілік тынысы, рухани қуаныштары мен күйзелістері, бүгінгі мақсаты, алдағы үміті.

Поэзия - ақынның жаны, тамырын қуалай аққан қанның ары, ақынның Отан алдындағы ожданы. Поэзияның оқушыға мол даритын күші ешбір цифрларменен, ешбір көрсеткіш. диаграммалармен белгіленбейді. Поэзияның халыққа жасайтын қасиетті әсерін ешбір электрон машинасы ешбір ғасырда да есептеп шығара алмайды.

Поэзия әр уақытта үлкен мінбеден бар дауыспен айтылып келеді. Бірақ, поэзияның құпия құбылстарын, сан алуан сырларын, иненің жасуындай шыңырау түбінен шымырлап қана елес беретін көзін, оның көктен жерге құйылған күн сәулесіндей жанарға шалынбайтын жасырын жұмбақтарын, оның алда тұрған қат-қабат ділгірліктерін әлі түгел айқындап ешкім айтып бере алған емес. Тіпті, поэзияның қатып қалған догмасы да жоқ. Оның теориясы да өмірдің даму диалектикасы секілді өзгеріп отырады.

«Поэзияның асылы әдемілік, әсемдік. Онда оғаштық, кедір-бұдырлық, олпы-солпылық болмашы нәрсе деп есептелмейді, тіпті, кешірілмейді. Өйткені ол көркем шығарманың ажарын түсіреді. Кейде бір ғана жаман шумақ, бір ғана жабайы, қарапайым сөйлем, бір ғана мағынасыз сөз, бір ғана орынсыз қолданылған сөз бүкіл шығарманың және ең тамаша деген шығарманың құнын жойып жібереді<sup>1</sup>», - дейді ұлы сыншы В.Г.Белинский. Бұл қағиданы біздің ақын-жазушыларымыз естерінде мықты ұстауға тиіс.

Осы тұрғыдан қарағана, бүгінгі тілге тиек, әңгімеге арқау болып отырған тәуелсіздік жылдарының әдебиеті несімен ерекшеленеді, сипаты, идеясы, бағыты мен тұжырымдамасы бар ма деген сауалдар басын ашып алу керек шығар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиыншылықтың, қолына қалам ұстағандарды да айналып өтпегені белгілі. 90-жылдары әдебиетке келген буын өкілдері осы бір мүшел уақыттан аса не жазып, не тендырып жүр деген сияқты сұрақтар өздігінен туындайды. Бұл тұрғыдан қарасақ, қазіргі әдебиеттегі поэзия жанрының орны бөлек.

Қазіргі поэзиямыздың эпикалық саласынан гөрі лирикалық саласы қатты шырқап өсті деп батыл айта аламыз. Поэзияға эпик ақындарымыздың қосқан үлесімен қатар қазақ әдебиетінің алдыңғы буыны болып есептелетін лирик ақындарымыздың қосқан үлесі де өзгеше. Қазақ поэзиясына өткен ғасырдың тұсынан өте Бере келіп, соңғы отыз жылда тек қана өзіне тән өзгеше мазмұнын ашқан, тек қана өзіне тән өзгеше пішінін тапқан шын мәніндегі шынайы талант иесі – Қадыр Мырзалиев. Ол халқымыздың, туған жеріміздің бұрынғы қадір-қасиетін сәтті жырлап келе жатқаны жұртқа аян. Ол еңбектерінде жаңа дәуреннің, жас азаматтың бейнесін жасауға бет бұрды.

---

<sup>1</sup> Б.Кенжебаев «Шындығы пен шеберлік». Алматы, 1966

Ақын өлеңдері оқушы жұртшылығына салиқалы ойыменен, тапқырлығымен, түйдек түйіндерімен қымбат. Ақын өлеңдері барынша қысқа, барынша ойлы. Бірақ, Қадыр Мырзалиев өлеңдерін бірыңғай ақылға құрмай, жастыққа тән жалынға бөлеп, сезім серпініне көбірек еркіндік беруі керек.

Ал бүгінгі тақырыпқа арқау болып отырған тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет қазақ әдебиеті тарихында белгілі бір кезең ретінде нақты қарастырылмаған, 1991 жылдан басталатын, тәуелсіздік алғаннан кейінгі әдеби процесті атасақ ұтымды болар еді. Бірден бүгінгі жан-жағы күрделене түскен поэзиямыздың жасыл бақты өңіріне көз жіберсек, осы біздің қасиетті шаңырағымызбен бір туып, бір өркендеген ақындарымыз, Мұхтар Шаханов, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Сағи Жиенбаевтардың бір-біріне ұқсамайтын поэзиясы көтеріп тұрған жүк алыптың аспандатқан ақ жарығындай елестейтіні айдан анық. Әрине, олардың айналасындағы хормен қосылып кететіндей жұлдыздарымыз да баршылық, тек қана баршылық емес, жеке дара шок жұлдыздай жол көрсетіп жарық төгуде.

Өлең жолдарын оқығанда дүниедегі қарабайырлықтың қоқыстан, арамдықтан, аярлықтан азат күй кешуге болады, көңілің көкке өрлеп, айналаңа биіктен қарай бастайсың. Жүрекке жылы тиетін, қиялыңды қозғайтын, жақсылыққа жетелейтін поэзияның асыл қасиеті де сол.

Олардың бер жағында бүгінгі ақындарымыз Өтежан Нұрғалиев, Жарылқасым Аманов, Сәкен Иманасов бастаған топтың да жазуы бөлек, айтар ойлары да еркін екендігі елге аян. Осындай аға буын топтардың ой қаузаған сөз маржанын кемшін соғып жатыр деп әсте айта алмаймыз. Оның бел-белесінде Сабырхан Асанов, Қайрат Жұмағалиев, Дүйсенбек Қанатбаев, Нармахан Бегалиевтердің ой-парасаты, қиыннан қиыстырар сөз нәрі мен мәніне ден қойғанда небір поэзия тылсым-құпиясының мөлдір тұнбасынан сусындап шыққандай жаның жадырап сала беретіні бар.

Соңғы уақытта «Жазушы» баспасынан жарық көрген Ерұлан Бағаевтың туындыларын ерекше атауға болады. Оның «Қоштасқым келмейді», «Саумал дала» атты жыр жинақтарына көңіл бөлейік. Онда мына жалған өмірге деген ғашықтығы бар сөнбеген жанның философиялық арнаға құлаш ұра бастағанда, яғни өз айдынына беттеп:

*Қателесу - үйреншікті ісіндей,  
Қателескен ел алдында кішірмей.  
Адамдар көп өтіп кеткен өмірден  
Өз қатесін өзі толық түсінбей.  
Қай адамды қателесіп көмеді.  
Көнбес іске қателесіп көреді  
Қателеспей өлмейтұғын адам жоқ.  
Өмір ғана қателеспей өледі.*

деп өзінің ғашық жанын олай деп отырғанымыз осы «Саумал самалда» қыздардың неше қилы бейнелеріне тап боламыз. Жастық емес пе, тіпті солардың бейнелері мен мінездерінің галереясын жасағандай солардың ара-арасында осындай философиялық ақыл-парасатқа соғып, өзін-өзі тоқтатып

алып, бейне бір көңіл серпілісіндей әдемілікке өзін-өзі суарып отыратындай екені ғажап қой.

Алқына аптықпай, темірдей төзіммен, шалдуарланып, шаптықпай сыпайы мінезімен көрінген ақындарымыздың бірі - Мұхтар Шаханов. Ақынның балладалары, өлеңдерінің басты қасиеті құрғақ қиял емес, хаттылық, тілдік құнар, суреттілік, дәлділік, кейде өз ойын ашып айтпай мшаратпен білдіріп, оқушыға ой шылбырының ұшын тастап кетушілік. Ақынның поэмалары өзінің көркемдік қарапайымдылығымен, табиғилығымен, сезім логикасымен, шешімінің заңдылығымен оқушыға үлкен ой салады. Соңғы уақытта «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» (Гебзе, 2002) ондаған халықаралық сыйлықтардың иегері, бірнеше шет ел академияларының мүшесі, Қазақстанның халық жазушысы деген атқа ие болған. Оның шығармалары дүние жүзінің 40-тан астам тілдеріне аударылған, қазақ тарихында және әлемдік әдебиетте өз орны бар.

Мұхтар Шаханов - ұлт мүддесін қорғаушылардың ең алдыңғы сапында келе жатқан қайсар, тұлғалы ұлы ақын. Арал қасіретіне күллі әлемнің назарын бұрған да – М.Шаханов болатын. Оның поэмасын ЮНЕСКО тарапынан ерекше назар аударылуының басты себебі қазіргі кезеңдегі Орта Азия қоғамдық-философиялық ойлау деңгейінің жаңа белестерге қол артқандығынан ғана емес, осы дара ақын туындыларының бүгінгі әлемдік поэзиядағы жаңа биіктік ретінде мойындалуында және оның өз сана-түйсігі арқылы ХХ ғасыр тудырған келеңсіздіктерге батыл күрес ашуында жатса керек.

Мұхтар Шахановтың тұңғыш өлеңдер жинағы «Бақыт» деген атпен жарық көрді. Махаббат, достық тақырыбындағы адамгершілік, абзал қасиеттерді жырлаған «Балладалар», «Қырандар төбеге қонбайды», «Махаббатты қорғау», «Ғасырларды безбендеу», «Өркениеттің адасуы», «Арал қасіреті», «Нарынқұм трагедиясы», «Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғыс ханның қателігі», «Жазагер жады космоформуласы» атты өлеңдері мен поэмалары, романдары басылды. Жазушының «Жазагер жады космоформуласы» атты романына үзінді келтірейік.

### **Ұлылар мен орташалар**

...Міне, қызық, ылғи бойын зорайтқан соң күліп

Алдан,

Пайымсыз жұрт орташаны биік қойған ұлылардан.

Ұлылардың осал жерін орташалар біліп алған.

Ұлы ойлардың иығына орташа ойлар мініп алған.

Сан алқалы жиындарда орташалар той бастаған,

Хас тұлпардың даңқын бөгеп орташа аттар ойқастаған.

Мынау марғау дәуірдің де орташалар – сүйенері,

Биліктегі бастың көбі – орташа ақыл иелері.

Техникалық түйсігі мен қарынының қадамы бір

Ұлы Рухын сыртқа тепкен орташа ойдың заманы бұл.

Шулы нарық базарына ене алмастан ұят қалып,  
Семіз Байлық шіренеді жер кіндігі сияқтанып.  
Ғасыр арсыз болған соң ба ұят, Намыс жүр киімсіз,  
Ал, Рухты жалаңаштау қоғам үшін тым тиімсіз.  
Жалаң аяқ қалай жүрмек, жолда сансыз шеге жатыр.  
Неге оған болыспайды қайсарсана, кемел ақыл.  
Ағатай, сәл сақтаналық рухсыз күш неге батыл?  
Баспен емес, қарынымен ойлайтын топ келе жатыр.

### **Арал қасіреті**

Кемелер жүздірген шағылтып желкенін айға,  
Тау толқын төсінде кербелген ерке күн қайда?  
Қайда сол дәуренің тағдырдан күш-қуат сезген,  
Шағала көктемнің дүркіреп ұшты ма көзден?  
Сенемін саған,  
Тұрғанда аман  
Адамдық күші, ой күші.  
Аралым менің,  
Жанарым менің,  
Халқымның ұлы қайғысы.  
Бұл өлке қалайша болады азап түнегі,  
Ежелгі мұң-зарың аз ба еді, қазақтың елі?  
Қайтемін, Аралым, бүгін де қалды сүлдерің,  
Төзімі еліне ұқсаған көнбісім менің.  
Аралым, күн туды басыңа дүрбелең-керең,  
Кім ұшпақ шалды анау өзіңмен бірге өлем деген.  
Безбүйрек ғасырың қағады қанатын үнсіз,  
Бір жылда екі ұлын жоғалтқан ана тұр тілсіз.

Біздің қазіргі белгілі ақындарымыздың санатынан орнықты орын алған – Оразақын Асқар десек өте орынды. Бұл кісінің өмір тарихының өзі өзекті өмірдің өксігін өзінше жұтқызыған жол салардай. Бірақ өзі шет жұртта жүрсе де, алдына мақсат қып қойған мүддесіне жаңылыспай қадам жасаған жөн. Бұған әрине, өзінің оқи алмаған өкінішін толықтыру үшін әкесінің баласына жасаған қамқорлығы, жеткізе айтсақ, бойындағы бар қуат-күшін, бар ынта-жігерін, ықыласын ұрпақ жолына құрбан еткен еңбегі не тұрады, тек соған лайық бала болып, сол әкенің ықыласына орай талаптанып әрекет жасайтын ұрпақ болса, онда ата-ана үмітінің ақталғаны деп білу керек.

Бұл кісінің үш томдық жыр жинағының бірінші томы – «Отан деп оянғанда» деген атпен жарық көрген. Тұрмысында өскен ортасы өзін сабырлыққа тәрбиелесе де соған өзі бейімделіп тәрбиеленсе де бұл ақынның жырлары асып-тасқаннан гөрі өзінің қоңыр желісінде көрінетін қалпы сақталған.

Оның жырлары өз тағдырының жанына жара салған бар күрсінісін әдемі жырмен жұмсартып, балзаммен баптап сылап тастағандай Жан дүние әуеннің кулақ бұрауын берік бекітіп алғанына көзіміз әбден жетеді. Яғни осы бір

жол-жорғалық әуенді келе-келе қоңыр үнге айналдырып, өз халқының қара өлең құдыретінен нәр алдырып, төрге өрлеген ақын екендігінде сөз жоқ. Олай болса, біз өзі әр кезде кие тұтатынтуған әкесіне арнаған өлеңіне дес берейік.

*Есейіп оралсаң да шалғайыңнан,  
Еңкейтіп иіскейді ол маңдайыңнан.  
Ұйқыңнан қанша ерте оянсаң да,  
Естисің тыстан үнін мал қайырған.  
Тұнығын шайқасаң да оңды-солды,  
Кешіргіш, мейірімді, бөлек орны.  
Көңілі хош, дүниесі түгел оның  
Қалқыып көз алдында жүрсең болды, - дейді.*

Ал енді оның «Анама» деген өлеңіне назар аударайық.

*Есейіп жігіт болсам да,  
Қоймайсың айналғаныңды.  
Өзге үйге бір күн қонсамда,  
Айтасың сағынғаныңды.  
Көзімде сәби былдырлап,  
Не дедім, қалай жүгірдім.  
Айтасың ылғи қызықтап,  
Қылығын сол бір күнімнің.  
Есейдім, ол бір кез,  
Өмірге ойлы қарадым.  
Қалыпты бойда бал мінез,  
Алдыңда әлі баламын.*

Міне ақынның ұшқан ұясы. Ынтымағы ұйыған осындай екі жанның ықыласы құйылған ұрпақ ақын болмауы тіпті де мүмкін емес дегендей. Яғни ата-бабасының атамекенінен алшақ кеткенмен әкесіз жетім шерлі жетім деген тағдыр азабына түспегеннің өзі не тұрады. Негізінен жас сәбидің қаз тұрып кетуіне қос тірек болатын ата-анасымен және Отан от басынан басталадының қуат-күшіне көзі жеткен жас ақынөз жырының бастауын осылай бастайды. Оған қоса ақын өле-өлгенше әке арманын бір сәтте есінен шығармауға серт бергендей үнемі осы тақырыпқа қайта оралып отыратындай әсер тастайды, яғни сонау жат жерде көз жұмған әке арманымен ақын үнемі қос өмір сүріп келе жатқандай. Болмаса ақын өзінің «Туған жердің картасы» атты шағын дастанындағы әкесінің:

*..Көрдің бе сонау тауды нұр жамылған,  
Қараудың өзі жанды ырза қылған  
Мен оны көз жұмып та көре аламын,  
Шықпайды жатсам-тұрсам бір жадымнан.  
Созылған сонау таудың аты – Жоңғар,  
Қырандар қиясынан қанат қомдар.  
Басына кен жастанып, құс төсеніп,  
Шулы өзен, шүйгін шөпті жатар жондар.  
Туған тау одан төмен, жеке дара,*

*Ерекше қасиетті Долаңқара,  
Біледі жауа ма күн, соға ма жел,  
Қарай сап қариялар соған гана.  
Сағынттың естен кетпей, қайран өсек,  
Суыңнан бір жұтар ма ем бауырым төсеп.  
Ну орман жағаң толы өрік, алма.  
Сенде екен, құт-береке қайда десек.  
Келгенше көпті көрдің осы жасқа,  
Жаһанда жер жетпейді Үйгентасқа.  
Әр жазда Белжайлауда асыр салған,  
Жайлауда жадыраман одан басқа...* - деп «Әке арманы» одан әрі

ағыла береді. Сол әкенің арманын үміт артқан ұрпағы мүлтіксіз орындап, Қазақстанға алғаш жол тартқандардың бірі болып елге жетіп, әкенің санасында мәңгі жұмақ болып тұрып қалған туған өлкесінде алшаң басып және сол өлкенің ажар-көркін өзінің асыл сөздерімен өрнектеп жүрген ұлынан айналып кетпей ме деген ой кімді болса да бүйірінен түртіп өтеді.

Жалпы алғанда ақын еткен біріншіден, «Әке арманы» болса, екіншіден, өзінің ішкі қасіретін сонау ата-бабаларының туған топырағының шипалы табиғатымен емдеуге келгенде алдына Жан салмайтындығы екі бастан. Содан да болар Оразақын Асқар ешуақытта қасірет салған жараның бетін тырнамай қайта оның емін өз Қазақстанының әрқилы табиғат құбылыстарын тауып шарқ ұрып жазылып кеткендей күй кешеді. Және соның өз жүйесін жүрегінен өткізіп, ақырын аңдағандай баяу әуенмен жол жорғасын камшылай түседі. Яғни өзінің бойына біткен шамасындағы талантына са ауыр жүк те артпай, екінші жағынан тым жеңілдетіп те жібермей тізгінді бір қалыпта ұстауға әбден шеберленіп алған ақын. Осыған орай ақынның өз жаратылысынан толық хабар беретін «Мейірім» жырына көңіл бөлейік.

Мейірім күннің көзінде,  
Мейірім ана сөзінде.  
Адамдық әрбір жүректен,  
Әркімді жазсын сезуге.  
Бірге ол кішіпейілмен,  
Мейірмен қайғы сейілген.  
Мейірмен ұстаз үйреткен,  
Сәбилер өскен мейірмен.  
Мейірім жылы жүздерде,  
Мейірім пана түздерде.  
Мейірім бойда мол болса,  
Танытар түбі бізді елге.  
Мейірім менің пейілім,  
Мейірімсіз көрсем кейідім.  
Мейірім әсте жауда жоқ,  
Бізде жоқ жауға мейірім, - дейді ақын.

Бұл біздің бүгінгі таңдағы жана замандық адамдарда жетіспей жатқан қасиет. Бұрынғы елдің мейірімдері өз арнасын таппаған соң, олар да басқаша

болып кетті ме әйтеуір, ойлауымызша бар дүниені бүлдіріп жатқан сол адамның мейірімі мен пейілінің бұзылғанына таң қаласың. Ақын соны ақырын айтып өз оқырмандарына сіңіріп жатқандай.

Былайша айтқанда Оразақын Асқар қашан болсын табиғат пен адам мінезіндегі астасып жатқан әлемді барынша нақты беруге тырысады және онысы әп-әдемі көркем бейне де болып жатады.

*..Аяз неткен күйші еді, Тасығандай өнері,  
Құлақ күйін келтірген. Әркім билеп алады.  
Жол-домбыра ішегі, Аяз күшін содан біл,  
Аяқ бассаң шертілген. Қарыған-ау шыдатпай.  
Аялдама дегені, Күннің өзі қып-қызыл,  
Секілді би алаңы. Тоңып қалған құлақтай.*

Бұл ақынның «Аяз» деген өлеңі. Былай алып қарағанда ақынның ешкімге ұқсамас жеке аязы, бірақ елді күдіксіз сендіретін ғажап. Немесе:

*Керілген алып қанаттай, Шөптегі шық та асылдай,  
Таулар тұр бұлтын таратпай. Жылтырап көзге басылды-ай.  
Теріскейінде қар жатыр, Тас жатыр малдай қаптаған,  
Жазылмай қалған парақтай. Мал жатыр сайдың тасындай.  
Қарағай қырқа жалындай, Қараймын мауқым басылмай,  
Беткейдің арша қалындай. Шалкөдем менің осындай.  
Сай-сайын жаппай жарысып, ..Киіз үйлер - қатар түймелер,  
Ағады бұлақ арындай. Өзені қаусырмасындай.*

Жоғарғы екі өлеңнің бірі табиғаттың мінезі, енді бірі табиғаттың жаратылысы, екеуі бірдей ақын суреттемесінен орын алған. Қандай жарасымды. Былайынша айтқанда ақын мейірімінің құшағына бөленген. Өлең шумақтарының ара-арасында жыр жолдарын толықтыратын қарапайым сүйеніштерін санамағанда ақын тауып кеткен сонны теңеудің сонарлы ізіне еріксіз сүйсінесің.

*..Желпіндіріп жел басты көрігіне,  
Шымырладйы нөсердің көлі міне.  
Тау шомылып жатқандай рахаттанып,  
Ақша бұлттың көміліп көбігіне...  
...Жеңіл буымен құттықтап күн тіл қатып,  
Бас изеді тау жүзін сүртіп жатып.  
Гүлден көйлек, шыршадан қамзол киді,  
Сансыз меруерт-маржанын жылрылдаттып.  
Нөсер алыс кеткен соң қыран қанат,  
Әр сайда су тұлкідей бұлаңдамақ.  
Жас бұзауын аңдыған ақ сиырдай,*

Тұр тұмсықтан үй жаққа тұман қарап, - деген сияқты тұла бойытұнған суретке де тап бола кетеміз. Тіпті, ақын бір жырлаған тақырыбын он қайтара толғанса сол он жырдың бір-біріне ұқсамай жататыны тағы бар. Және сондай сүйкімді де нанымды келетінін қайтерсің. Оған суретшілігі мен қарапайымдылығын қосыңыз. Сонда жырдың төрт құбыласы түгелденуі

деген сөз, ол өз оқырманының ойынан шықты деген сөз. Олай болса, ақын бакытының ең биік шырқауы сол екендігіне көзің жетеді.

<i>Қуды көктем қысыңды,</i>	<i>Көріп көңіл құштарын,</i>
<i>Күнге төрін ұсынды.</i>	<i>Мен де қалам ұштадым.</i>
<i>Қарсыласқан ақ қарды,</i>	<i>Қалмасын деп аспан бос,</i>
<i>Қара терге түсірді.</i>	<i>Жапты көктем құстарын.</i>
<i>Арналарға су келді,</i>	<i>Көктем жылдың құсындай</i>
<i>Ағаш біткен бүрленді.</i>	<i>Сұлумын деп сызылмай,</i>
<i>Жерге жайып көкмайса,</i>	<i>Ете білді ісімен,</i>
<i>F-ашықтарға гүл берді.</i>	<i>Жазын жайсаң, күзің бай, -</i>

деп қарапайым ғана ойыңнан шығып жатады. Былай алып қарағанда онша асып бара жатқаны да шамалы сияқты. Ал зерделей үңілсек, ақынның қарапайым сөз қолданысынан тірі табиғаттың жаңғырып, жанданып тұрғанына көзің жетеді. Ақынның осы тақылеттес жырлары байқағанға молынан көрінеді. Бірақ әрқайсысы өз тартымдылығымен көңіл бұрғызады. Біз бір сәт ақынның сүйіспеншілікке деген бағасын көрейік:

*Өткен жоқ уақыт кірпік қаққан құрлы,  
Қаламым бір өлеңді аттандырды.  
Сөйтсе де ұнатамын бәрі бітіп,  
Таптырмай жалғыз сөзі жатқан жырды.  
Сырымды әлденеше ай тыңдаған,  
Сыры да боп көрінген айқын маған.  
Әлгі өлең аяулы осы ғашығымдай,  
Жалғыз сөз «Сүйем» дейтін айтылмаған.*

Шындығында ақынның қай жайды не көріністі межеге алмасын, соған өзінің бүкіл ынтызар пейілімен қулайтынын білдіреді. Өйткені ақын бойында оған деген сүйіспеншілік махаббаты бар. Және онсыз жыр да болмайтыны ақиқат. Олай болса. Бұл жағын да берік ұстанған.

Жалпы ақынның әу дегендегі пірінің бастауы өзін дүниеге әкелген ата-анасы болса, одан кейін барып айнала танымның құдыретіне бөленетіні ақиқат. Қашан да әке арманымен бірге жасаған Оразақын, сол «Туған жердің картасын» өзінің ішкі табиғатымен, сыртқы жаратылысымен жыр өрнегіне түсіруден жалықпаған жан. Осыған орай әр қилы тақырыптарды қаншалықты қамтыса да ой-жүйесінің темірқазығындай әке арманы айналып толықтыра түседі. «Туған жер» деген өлеңінде:

<i>Көз тастасаң дала сен,</i>	<i>Әр төбесі – тарих,</i>
<i>Көркемдікке тау да ие.</i>	<i>Әр адамы – шежіре.</i>
<i>Әр сайы – бір арасан,</i>	<i>Осы болар жерұйық,</i>
<i>Әр ағашы - әулие.</i>	<i>Түспеген Асан көзіне, -</i>

деп тағы бір соғады. Әр оралып соққан сайын, жырдың жаңа бір тұсынан өзін көрсетіп жататын ақынның ешуақытта айтары таусылмақ емес. Олай болса, ақынның барша жырын жинақтап бір тұжырымға келер болсақ, біріншіден. қарапайым қара шаруа әкесінің үкілеген үмітіндей арманын алғаусыз ақтап шыққан ақын кім десек, соның бірі Оразақын дейміз. Сол әке үмітін өзіне қасиетті қағида етіп, жазған жырларының өзінің туған халқының

ойынан шығып жатқандығы соның кепілі. Екіншіден, ақынның қасірет-қайғы, жамандық атаулыға назар салмай бірыңғай жақсылық өресіне қанат жайып жазған жырларының жемісі бүгінгі күні өзін де үлкен абыроймен жетпіс екі деген асуға шаршатпай, шалықтырмай әкеліп отыр. Мұның өзі үлкен абырой. Оның үстіне өз ұлтының құдыретті қуатындай қазынасы - қабырғалы қара өлеңнің жүйесін келтіріп, жүйкесін бекіткен еңбегі де өз алдына жатқан үлкен еңбек. Сол адамдарды шүкірлік тобаға шақыратын қара өлең қасиеті болар, ақын әр кезде қанағат жырдың қанатынан нәр алады.

Кей ақындар өз заманындағы өмірдің тұтқасын ұстап отырған төрдегілермен арыстандай арпалысып өтеді, енді бірі сол тақсырлармен әмпайласып, көңілінен шығып, тілін табумен болады. Қазақстанның халық жазушысы Тұманбай Молдағалиев туралы сөз қозғасақ, ол сол аталған екі сарынға да жатпайды. Қай сатся жүйе жайласа да, сағасы толы, суы мол, жағасы бай қалпында ағып жатқан дариядай өзінің сабырлы да қажырлы, инабатты мінезімен ақындық парызын өз ұстанған бағытында ақтай береді. Дариядан Тұманбайдың бір өзгешелігі – ол ескі сарынын қайталамайды, уақыт өзгерген сайын, заман жаңарған сайын құлшына түсіп жаңа нысана жолында емін-еркін шабыттана береді. Ақын:

*«Өмірдің жақсы бүгіні .  
Ескі өшсе, жанар жаңа бар.  
Адастырмаңдар ініні,  
Алдымда жүрген азғалар»*

- десе аз сөзге жүгі ауыр мән, мағына сыйғызған. «Қырық жыл жұмақтан бір күндік өмір артық» дегендей ақын кімге де болса бүгінгінің жақсылығын уағыздайды.

Тынымсыз еңбегі мен сарқылмас шабыты, азаматтық ізгі арманы, мейірбан мінезінің арқасында ол өз елінің ең сүйікті ақындарының бірегейі болып отыр.

*«Бәріне болдым төзімді,  
Төзімсіз болсаң төнер бұлт.  
Кешегі айтқан сөзіңді,  
Бүгін де айтсаң со қорлық»*

- десе, «Төзімсіз болсаң төнер бұлт» -деп ұлағатты ұлы сөзге жеткенін аңғартады. Ол бұл ой түйінінен өзі шеккен өмірдің өзегінен өрледі. Жас кезінен бастап бүгінгі үлкен ақынымыздың бойында мөлдір мақсат, қанатты арман ұялады. Тұманбайдың ішкі қуат-күші өжеттік пен табиғи тамаша дарынынан, төзімтал мінезінен сусындады, сонымен бірге алдына анық мақсат қойып, сол нұрлы жолдан тайдырмады.

Әкесі Отан соғысына қатысып қайта оралмаған, жалғыз шешесімен жетім қалып, өмір тақсыретін талай тартса да Тұманбай Молдағалиевтің алғашқы өлеңдерінен-ақ шуақты сезім, жарқын ой аңғарылады. Жастық сезім оны қараңғыдан жарыққа жетелегендей, айналасындағы адамдарға деген жүрек лүпілінен жаймашуақ күн сәулесін көретінбіз.

*Ай қарады көгілдір көл бетіне,  
Қыз қарады көлдегі келбетіне.*

*Қосылдыда қос сәуле құшақтасты  
Мөлдір толқын төсінде тербетіле, -*

деп бастаған Тұманбай жарты ғасырдан бері өмірдегі сұлулықты, адамдар арасындағы жарастықты жырлап келеді.

Дүниеде табиғаттан асқан сұлулық жоқ. Тұманбайдың өсіп - өнген өлкесі – «Жер жаннаты - Жетісу». Жиырмамыншы ғасырдың бірінші жартысында Жетісуды дүлдүл ақын Ілияс Жансүгіров шалқи жырласа, жиырмамыншы ғасырдың екінші жартысынан бастап жайсаң ақын Тұманбай Молдағалиев туған жерін тебірене толқи суреттеумен келеді. «Тау баласы тауға қарап өседі» деп өзі айтқандай, ақ шыңын ай жұлдыздар аймалаған Алатау – ақын шабытының ақ айдынына айналды:

*Тауға шықтым, алғаш ұқтым биіктіктің не екенін,  
Жұлдыздардың тұр қасында менің туған мекенім!  
Өз тауымда арманымды күнде тауып жетемін,  
Осы тауда ұға түстім ұлылықтың не екенін.  
Алатаудан алыс кетсем қайта жету – арманым,  
Қайда жүрсем өмірімді Алатауға жалғадым.  
Алатаудан алыс кетсем, түсімде де тау көрем,  
Алатауды ұнатпаған жұрттың бәрін жау көрем.  
Алатауға барған болсаң, аға үйіне барғаның,  
Мәз болады ол жолымызға құрбан етіп бар малын.  
Алатауым көрінбесе, онда мен де көр соқыр,  
Тауды сүйген ұлан болсаң, онда маған көрші отыр...*

Асқақ Алатау ақын үшін Жетісу өлкесінің алтын алқасы ғана емес, адамгершіліктің, тазалықтың, мәрттіктің бейнесі. Табиғатқа таңырқау бар да оны жүрек лүпілімен тану бар.

Ақынның ой-қиялы өз Алатауын ғана айналып жүрмейді, Алтайдың асыл аймағын да, Сарыарқаның сар даласын да, Жайық толқындарын да жағалап кетеді. Онда да сырттай тамашалау, мағынасыз тамсану жоқ. Адамның ішкі дүниесін қозғайтын құбылыстар арқылы тебіренеді. «Абаймен сырласу», «Арман көріп Ақ тоғайдан», «Шұбартау ма туған жерің», «Домбыраң едім өз қолыңменен шертілген», «Хамит жездем жетпісте» т.б. жайсаң жандарды жырлау арқылы ел мен жердің топырағынан нәр іздейді.

Жалпы, сұлулықты іздеу, жақсыны аңсау – ақын поэзиясының өзекті арнасы. Ерке сұлу Париждің көшелерін қыдырса да, көне Римнің сиқырлы түнін тамашаласа да, Тынық мұхиттың таусылмас толқындарында жүзсе де іздейтіні – жақсылық, іңкәрі – сұлулық. Жарық дүниеге айнала тірлікке қыран көзбен, құмар сезіммен қарайтын ақын көлеңкенің өзінен сәуле іздейді, аспан асты гүлге оранып, жырға малынып, жайнап тұрса екен дейді. «Көгілдір көктем – көңілім менің!» деп айналаға жар салғысы келеді. Сонау соғыс жылдарындағы тұрмыс азабынан, аштық-жоқшылықтан асып арманға жетуге жетелеген де, асықтырған да осы сезім әрине.

Тұманбайдың поэзиясын сөз еткенде, оның ән текстерін айналып өту мүмкін емес. Әсіресе ұлы сазгерлеріміз Нұрғиса Тілендиев, Шәмші

Қалдаяқов, Әсет Бейсеуов шығарған күллі халық айтатын талай тамаша әндердің өлеңін Тұманбай жазған.

Жыр мұхитында жарты ғасырдан бері талмай жүзіп келе жатқан Тұманбай бүгін де поэзия дейтін Олимптің биік шыңында тұр. Оның ойды оятатын, қиялынды қозғайтын, жүрек тебіrentетін жырлары ғасырдан-ғасырға жалғаса бермек. Сұлулықтан терең сыр тартқан поэзия тұғыры ешқашан төмендемек емес.

Әдеби үрдістердің көшбасында тұрған тұлғалардың бірі - қазақ поэзиясында өзіндік өрнегін қалыптастырып, бүгінде алдыңғы буын аға ақындар сапынан көрініп жүрген, дара бітімді шығармашылық иесі – **Есенғали Раушанов.**

Ақынның алғашқы жинағы «Бастау» 1980 жылы жарық көрді. Өлеңі өзінен ересектеу көрінген 23 жастағы жігіттің жырлары қалыптасып үлгерген кәнігі қалам иесінің мәнер нақышындай әсер қалдырды:

*Мен осынау жүрегіммен, жаныммен,  
Алау ыстық қаныммен –  
Бойымдағы барыммен  
Ақ қаймағы бір қасықтай фәнидің  
Табынамын күлкісіне сәбидің..!*

Жинақтағы балладалар мен ақынның эпика мен лиризмге қатар құлаш сермер қарымы барын байқатты. «Жыр дәптерін оқытты далам маған» деп жырлаған ақынның албырт туындылары ұлттық бояуының қанықтығымен, көркемдік құнарының молдығымен, бейнелі ойға бейімдігімен ерекшеленеді. «Есенғали әдебиет табалдырығын бірден ақын болып аттады» деген тұжырымның осы тектес ерекшеліктерді ескеріп айтылғаны күмәнсіз. «Келінтөбе» атты өлеңдер жинағы Е.Раушановтың өзіне тән дара ақындық қолтаңбасының қадыптасуы маңызды бір белеске көтерілгенін аңдатты. Ақынның автопсихологиялық типтегі лирикалық қаһарманының «Періште секілді еді назырқанса, аққудай айдынынан ұшып кеткен» түп-тұнық келбеті жинақтың беташар өлеңінде сомдалды:

*Көрсен де күнді, қиын жолды,  
Саудаға салмай өсті сүйіп жырды.  
Келтіріп көз алдына қиын күнді  
Өмірде ол солай биік жүрді.*

*Сол ақын, беу, Алматы, келді саған,  
Ол бүгін кереметтей сенгіш адам.  
Өмірді үйретіңдер оған енді,  
Өмірді үйреніңдер енді содан.*

Жинақтың негізгі желісі – ақынға етене таныс тақырып – ауыл өмірі. Е.Раушанов сомдаған ауыл адамдарының әрқайсысы өзіндік бітім-болмысымен, жарқыраған жан дүниесімен, қайталанбас кескін-кейпімен, боямасыз мінездерімен бой көтерді. Ақын ауыл адамдары образынан шағын галерея жасаған.

*...Кемпір отыр есіне алып бүгін,*

*О дүниелік боп кеткен жарықтығын.  
О дүниенің мәнісін түсіне алмай,  
Немересі тұрады қағып күлім.*

Болмысы мүлде бөлек екі адамның Жан сезімдері тұтасымен сыйып кеткен осы жолдарды оқығанда:

*«Төрт мұнара» секілді жаңғырыққан  
Төрт тармақ ай, бойына сыйған бәрі, -*

Деген ақынның өз өлеңі еске түседі. «Ақын жасаған характерлердің ар жағында көбіне көп мінез тану емес, адам тану ниеті жатады».

Е.Раушанов өлеңдеріндегі кейіптеу мен тұспалдаудың, жеңіл юмордың алғашқы әдемі үлгілері де «Келінтөбеде» көрініс тапты:

*Қызық кетті құсқа еріп,  
Ұя қалды шатырда.  
«Кәрі құда» қыс келіп,  
Сынайтын күн жақын ба?  
...Қалтырайды құрағың  
Тап болдық деп не күнге.  
Келетіні «құданың»  
Рас болды-ау, тегінде.*

Есенғали ақын өлеңдерінде ойлылықтың берік орнағаны да осы «Келінтөбеде» кезеңі. Құбылыс атаулыны қалт жібермейтін аңғарымпаз, сезгір ақынның әр өлеңі терең ой мен тұнық сезімді жеткізуге құрылды, әрбір өлеңнің ақырғы сөзі тың ойдың тосын шешімі болып өрілді:

*Бүгіні мынау (өткенін көргем  
Жағалай жалпақ ел қонған).  
Көлшік боп көпке жек көрінгеннен,  
Құрғап тынғаны жөн болған!*

1991 жылы ақынның «Ғайша бибі» атты жыр жинағы жарық көрді. Бұдан кейін әр жылдарда «Қара бауыр қасқалдақ»(1995), «Періштелер мен құстар»(2005), «Бозаңға біткен боз жусан»(2006) секілді жинақтары жарық көрді. Жазғаны көп болғанымен, жарияланғаны аз жауапкершілікті ақынның аталмыш жинақтары «Жаңа дәптерден» алынған жырларымен ерекшеленеді.

Ақын шығармашылығына тұтастай шолу жасар болсақ, оның өлеңдерінен поэзия әлеміне тән көркемдік қолданыстардың аста-төк мол мысалын, айрықша бітімді бірегей үлгілерін кездестіре аламыз. Балама сөзге бай туған тіліміздің табиғатына сәйкес Есенғали ақын шығармашылығында ең жиі қолданылған бейнелеу құралы – айқындай (эпитет) шалыс мінез тарпаң ай, сәруар күн, міскін бақ, ақ тонды аспан, тұл әлем, тарпан жылдар, арлан жел, әпенді бұлт, ару Кент, жез тырнақты дүние, байсын қыр, ай тұлға, нарбас тау, тұман қайғы, ұрзада дүние, ерке тамыз, іңкәр қала, сары шаш күз, бала бұлт, үкілі әлем, бұла самал, жалаң аяқ, жалаң бас еркелік, ақ тамақ жаңбыр, өлеңші өңір.

Алмастыруды (метонимия) қолдануда ақынның өзіндік әдістері бар: «Жағалай көлбеп жатқан жасыл шапан», «Таласса екі сақал бір шапанға»,

«Бөріктер төмен карап салбырады» секілді ауыстырулармен өрнектелген өлеңдердің астарында әдетте әжуа басым келеді.

Қазақ поэзиясында Есенғали Раушанов шығармашылығы арқа белеске көтерілген көркемдік құралдардың бірі – кейіптеу. Есенғали ақын поэзиясын зерттеген әдебиеттанушылардың басым бөлігі кейіптеуді негізгі нысанға айналдырады. Табиғатқа жан бітіру, желмен жел боп, сумен су боп сырласу, солардың тынысымен өмір сүру, адам тілімен айта алмаған сырлы жапырақ сыбдырымен жеткізу және ең бастысы, оны өлеңге айналдыру екі ақынның бірінің еншісіне бұйыра бермейтін сезгірлікті талап етеді.

Танымдық тұрғыдан алғанда бейнедеу құралдарының ішіндегі табиғаты ерек құбылыс-кейіптеу табиғатты тіні жан ретінде қабылданған көне дәуірлік түсініктен тамыр тартады. Тәңіршілдікке тән осы ұғымның ұлтымыздың түпсанасында берік орнығуы ұлттық сана-сезімі терең қаламгерлеріміздің ұлттық бояуы қанық туындыларында кейіптеудің көп орын алуына әсер етті деуге негіз бар. Зерттеуімізге арқау болып отырған шығармашылық иесінің кейіптеуге толы қолданыстары жоғарыдағы бірқатар мысалдарда кездесті. «Қыс келіп тұр ақ жаулық сап қайыңға», Қалбалақтап барып-барып соқыр қар Шалшық суға құлап жатыр далада», «Дене дел-сал, қысқа шаш ұйпа-тұйпа, Мұңды қайың көз жасын көлдетеді», «ауық-ауық аулақта жел үреді, Қалың жақта адасып қалып кеткен», «Бір күні қыс та жетер деймін іштей, Жабысып өркешіне қылайғайдың» секілді кейіптеу үлгілері қазақ поэзиясына Есенғали ақынның дара қолданбасы ретінде өнері анық.

Кейіптеумен табиғатты туыс тағы бір көркемдік құрал-егіздеу ақын шығармашылығында елеулі орын алады. Бір ерекшелігі, автор қолданысында егіздеудің ауқымды уақыт пен кеңістікті қамтитын мазмұндық қабаты терең күрделі түрлері орың аңған:

*Аунайсың ба мәз, болып күлесің бе.*

*Үкілі әлем- өзіңнің үлесінде.*

*Құлыншақ ем мен-дағы бір кездері,*

*Өйткені анам тір еді.*

*Билесің бе?*

*...Шапқылай бер әзірге керме көрмейді,*

*Керме бір күн тартылып көлденеңдей.*

*...Езілесің,*

*іздейсің...*

*Сосын барып,*

*Кетесің ғой қатты боп сен де мендей...*

Ақын егіздеулерінің құрылымы қарапайымдау түрлерінде де таңсық теңеу, тойсын ой жатыр: «Жетіпсіреп жауыр құнан қарайды, Жеті адамды түгелдеймін мен сорлы..», «...Тынған болды ғой самал бүгінде, Сынған болды ғой күміс пияла...», «Не ойлап тұр- түнсіз бұл ғалам, Мен де іштей шырмауыққа шырмалап».

Дала ғибратын жырына дарыта білген автор өлеңдерінде мақал-мәтелдерді өзгерпей немесе өңдеп пайдалану жиі кездеседі. Айтылар ойдың,

жеткізілер сезімнің ықшамдығы мен дәлдігіне аталмыш әдіс өз септігін тигізген:

*Жеті атаңды үйретейін, көкешім,  
Жеті жұрттың қамын жер ме екенсің?  
... «Көппен көрген- улы той»,  
Немесі ұлы оның?  
... Жүргізбек түгіл ол алдына алмай күйесң,  
«Мал иесіне тартады» дейді ол көгеріп.*

Е.Раушанов поэзиясының бейнелік жүйесі табиғат құбылыстарына көбірек негізделуімен ерекшеленеді. Жел образы Мағжан ақын шығармашылығынан кейінгі жаңа поэтикалық биіктікке Есенғалы поэзиясы арқылы көтерілді деуге болады. Мағжан бейнелеген «жел»- «еркін, ерке бір бала», тынымсыз қозғалыстың таңғажайып символы. Есенғали өлеңдеріндегі жел- бірде нәзік қайыңды аяусыз қорлайтын томырлық, дүлей, «тұғыр неме», есер күш болса, бірде баянсыздан баз кешкен бейбақтың жалғыз жұбанышы, жетім көңіл, жүдеу ғашық д

Болып бейнеленеді.

*Сен жылағанда,  
Бәйек боп тіл қатқан кім?  
Жел еді!  
Көз жасыңды құрғатқан кім?  
Жел еді!  
Жел еді ғой жұбатуға асыққан.  
Ол да өзіңдей жетім еді себебім*

*Немесе*

*...Блғи тосын келеді ол құйындатып.  
Асты-үстіне шығарып, кең қораны  
...Қорсыласқан болады нәзік бұтақ,  
Қарсылығын тыңдай ма тұғыр немее*

Ақын шығармашылығына «жел» ұғымның дара образ ретінде тұлғалануының себебі осы құбылыстың барлық қасиеті-қырларының толығымен ашылып, жетік суреттелуінің нәтижесі екені даусыз. Ал оған алғышарт болған жайттар-автордың образды түрде ойлау ерекшелігі, түйсіну тереңдігі, қабылдау нәзіктігі.

Табиғат құбылыстарының образ дәрежесіне көтерілуінде кейіптеудің маңызы ерекше. Бұл әсіресе түн бейнесін даралауда айқын аңғарылады:

*...Мәңсіз қара ат мінген түн мені іздеп жүр,  
Мені іздеп сай құлдап, тепсеңді өрлеп.  
...Қара шашын жел жайып ағады түн,  
Ағады түн ағаштар арасында.*

*Немесе:*

*Дүние гажжап мына,  
Түннің жасы көп аңты, аз ақты ма?  
Біз көрмейік ол көрген ұяттарды.  
Біз көрмейік ол көрген азапты да.*

Ақын бейнелеуінде кез келген құбылыстар мен дерексіз ұғымдар табиғатына лайық теңеуін тауып, өзіне тән мінез дарып, жанданып шыға келеді:

*... Тау біздің кәрі құдағиға ұқсап  
Түнеріп алған,  
Бұ неқылғаны?  
... Шалыс мінез тарпаң ай  
Күледі ол да щалқалай.  
... Теңізбен шандып тастадық  
Тентіреп көшкен құмдарды.  
... Көлеңкелер шырмалып қап қоғаға,  
Көмек күтіп қол бұлғайды алыстан.  
... Бақты аралап баяу ғана жүреді,  
Жел бүгінде суып біткен бәрінен...*

Ақын ассоциациямен ойлау деңгейі жоғары: алдымен бейнелі сурет пайда болып, сол суреттің сөзге көшірілетіні байқалады.

*... Ұмтылып көкке бұлтты ембек болып көрік тау,  
Мұңдана қапты миуасын жерге төгіп бау.  
... Жас дәурен-жапыраққа тұнған тамшы,  
Ол ертең кетеді ұшып ақ бу болып.*

Есенғалы ақын поэзиясында ой- сезім- оқиға-сурет желісі үзілссіз жалғасып отырады. Аталған төрт құбылысты бір арнада тоғыстыру-сирек кездесетін шеберлік. Ақынның көптеген өлеңдері оқиғаға немесе кейіпкерлер диалогына құрылған. Бірақ бұл өлеңнің сыршыл табиғатына селкеу түсірген емес:

*Қазғанның салқын тандары,  
Қараша талды билетті.  
Сары шал дүние салғалы  
Сары тазыдан күй кетті.  
Итаяқ етіп қауақты.  
Ін қозып алды жерден бұл.  
Не қылсын обал, сауапты.  
Көкайыл келін.  
Көр кеуде ұл?  
Кесектеп құды,  
«кет» деді,  
Ит жайлы нені біледі ел?  
Сары тазы қырға беттеді,  
Сары шал жатқан қыр еді ол.*

«Есенғали Раушанов поэзиясына дайындығы жоқ оқырманды қапелімде айран-асыр түсіретін тосын ойлар, тың көркемдік шешімдер тән». Ақынның қисында ойлау деңгейі қайран қалдырарлық: ол түйіндеген шешімдер көбіне-көп шығарма мазмұнымен қабыса бермейтін әсер қалдырады. Бірақ аңдаған жанға мұның өзі жүйелі, жалғаспалы, үйлемсі ойлаудың табиғи салдары екені, автордың өзі бейнелеп отырған құбылыстардың астарымен қоса

ақырғы нәтижесін түйсіне білгендіктен, оқырман ойынан оқ бойы озық тұратыны аңғарылады. Ассоциациялық деңгейді ойлау, әлемді тұтастықта қабылдау, сергек сезімталдық астаса келіп, ақының көркемдік әлемін биіктете түседі. Жоғарыда үзіндісі келтірілген өлеңді автор әдеттегідей тосын да заңды шешіммен аяқтайды:

*«Сен кімсің?»-дейді  
сұрйды Ар  
Тазының әлсіз үнімен  
Кеудемді менің бір ойлар  
Шығады тырнап түнімен...*

Ақынның әлбір өлеңіне терең астарлылық тән. Ой мен сезімді қатар ұстап, заман тынысын, Адам болмысын жүрегімен сезінетін шығармашылық иесі үшін басқаша болуы де емес. Есенғали ақынның ерекшелігі-астарының өзі алғаусыз келетінінде:

*Уай, қайдан білейін,  
қинай бердің мені ұдай,  
Оты селдір болса да,  
Ссоры қалың өңір-ай...*

Орынсыз күрделілік, жылтырақ жасандылық Есенғали поэзиясына мүлде жат. Керісінше қарапайым, таза, табиғи қисын келеді ақын өлеңдерінде:

*...Күз келді деп немене.  
Қурай акету керек пе?  
...Жынды көбелек дейді оны.  
Өмірдің өзі саудай-ақ.  
...Аз Дей ме екен жүрегімдей шер-нала,  
Неге мені жылатуға құмар бұл?!*

Бұрын аңғарылмаған құбылыстаодың айтылмаған тіркес-теңеулермен қиналыссыз, іркіліссіз төгілуі ақын жанының алғаусыз ашықтығыннан, сезім әлемінің қарпайым көркемдігінен хабар береді.

Е.Раушанов өлеңдерінде контрастылық диі колданылады. Қарам-қарсы ұғымдам мен сезімдерді шендестіре пайдалану әсерлілігін ерекше арттырады. Ақын пайдаланатын контрастар кейде қатар тұрып та күрделі ұғымды ашуға қызмет етеді:

*Түн  
Түн  
Адыс дүние еді жарық неткен,  
Келем әзір көзі сау гәріп боп мен.*

Дағдылы саналатын контрастардың өзі ақын қолданысында тың ой, тосын шешімдерді туындатады. Қарама-қарсы ұғымдардың көп жағдайда өлеңнің түйіндеуші соңғы сөзі болып келетіні сондықтан:

*...Шындықты көрдім-ащы екен,  
Өтірігің бар ма-әкелші!  
...Бір мылқау.  
Бір шешеннің арасында  
Барады өмір өтіп,*

*есіл Өмір.*

*...Сүюдің ызғары да жылы екенін*

*Мен айттым зой, сен де айтшы, айналайын...*

Туған тілімізді табиғатына тән дыбыс үйлесімі сөз әуезділігі көне дәуірлерден бастау алады.

Дыбыс үйлесімімен қатар сөз үндестігін де автор шебер пайдаланған. Сөз әсерлігін күшейтетін басты көркемді әдістердің бірі-қайталау десек, ақын өлеңдері бұл орайда да ұтымды қолданыстармен ерекшеленедію.

*...Шолақ қунан,*

*шолақ дүние.*

*Айкайлағың келеді кек қысып...*

*...Сары шалдың өзі емес, көзі қапты,*

*Сөзі қалса жарар ед Сары баланың...*

Терең мазмұн мен тұнық көркемдік иән Есенғали ақын поэзиясының құрылымдық өрнегі көп қырлы боп келеді. Қазақ өлеңінің ең көне үлгісі-жеті буынды жыр өлшемі ақын өлеңдерінде ерекше жиі қолданылады. Автордың үдете бейнелеу, төкпелеп айту, тұжыра сөйлей мәнеріне өлшемнің осы түрі көбірек қолайлы келген сыннайлы. Салыстырмалы түрде сиректеу қолданылғанымен, сегіз буынды өлшемнің де автор шығармашылығында өзін орны бар («Тентек өзіне», «Еркек», «Экология. Аяқталмаған ертегі», «Түйіп ескен шылбырымды»). Қазақ поэзиясында сирек қолданылатын он буынды өлшеммен ақынның «Махаббат», «Биылғы қыс», «Мәңгі ұйықтап қалған...» атты өлеңдері жазылды. «Малайсары тауы», «Тұған үй», «Өліара», «Адам» секілді байсалды мазмұнды, байыпты ойға құрылған өлеңдер он үш буынды өлшеммен өрнектелсе, «Қара бауыр қасқалдақ», «Молдыбай бизнесменге» тәрізді бір қатар өлеңдер он төрт буынмен жазылған.

«Е.Раушанов шығармашылығы-ғасырлар тоғысындағы қазақ әдебиетінің аса қызғылықты құбылысы. Шығыстың классик шайырларындай әр шумақты сазды сурет құруын, әр өлеңнің өзінен-өзі жырлап тұруын қамдайтын, әр теңеудің, әр бейнелеудің дәл, орынды шығуын, өлеңнің тілі де пішіні де, уазіні де сондағы ойға, сезімге сай келуін құнттайтын бұл қаламгердің өлең алдындағы жауапкершілігі жанкештілікпен барабар».

Ақынның бірнеше жинақтарынан мынадай бір жинағы назар аударарлықтай, яғни «Шолпан жұлдыз туғанша» атты жинағы. Бұл кітап ақынның өзіндік бет-бағыты қалыптасып, әр дауысы айқындалған шабытты шағының жемісі:

*Талқан болды жолыңдағы талай шаң,*

*Жаңа үшін жаның салдың жарайсың!*

*Бәрін, бәрін сынап алдың, ал енді,*

*Сенің өзің сыналуга қалайсың?*

*...Біздің ұрнақ, мінбеге шық, сөзіңді айт!*

Астана жұрттағы дүбірлі ортамен бірге тыныстай бастаған ақын өлеңдерінде астарлы оймен әдіптелген әлеуметтік сарын күшейген. Ақын арсеналы кеңіп, ол сомдаған кейіпкерлердің ішкі психологизмі тереңдей

түскен Тұспалдау, шендестіру, кейіптеу ақынның ара қолтаңбасын танытар негізгі шығармашылық әдістер ретінде қалыптасқан:

*«Күзде гүлдеу... Бұл қалай?»*

*Қуқыл тартты қия бет.*

*Мең-зең болып тұр тоғай,*

*«Мезгілсіздеу, иә» деп.*

*Айналайын, елеме,*

*Айта берсін ел өкпе.*

*Күз келді деп немене,*

*Қурай кету керек пе?*

Жинаққа ақынның «Бердәулет пен Жоламан», «Сарыөзек», «Біз Гагарин қаласынанбыз» атты үш поэмасы енген.

Ақынның «Бердәулет пен Жоламан» атты кесекті поэмасы Маңғыстаудағы ұлт-азаттық көтерілісінің бір үзік көрінісін қамтиды. Кеңестік кезеңде хатқа түскеніне қарамастан шығарманың ішкі мазмұны жалаң айқай, жат ұраннан аулақ. Саясат салқыны соңғысөз (эпилог) орнына берілген бірер бет түйіндеуде аңғарылса, мұның өзі тарихи оқиғаны арқау ете отырып, сол дәуір адамдарының сенген шындығын боямасыз бейнелеуден туған. Шығармада автор стиліне тән ерекшеліктер – оқиғалардың шынайы себебіне үңілу, әрбір кейіпкер характерін өзіне ғана тән қырынан ашуға тырысу, туындыға негіз етіп алынған мезгіл мен мекенді, тарихи тұлғаларға қатысты мәліметтерді жете зерттеп барып, көркем шындыққа көшіру дағдылары айқындала түскен. Ақынның аталмыш поэманы даралап тұратын басты стильдік қолданысы ретінде интертекст – аралық мәтіндерді ұтымды пайдалану шеберлігін айтуға болады. Бұл орайда ақынның алғашқы жүгінгені – халықтық қара өлең. Қалыпты қара өлең мәтіндерін поэманың кез келген тұсынан кездестіруге болады, олар кейде тұтастай шумақтар күйінде келсе, кейде қос тармағы ғана алынып, ақын тарапынан еркін жалғастырылды. Тағы бір тұстарда автор халық ақынын (Қалнияз ақын) лирикалық кейіпкер ретінде сөйлете отырып, оның өз өлеңдеріне кезек береді. Енді бірде автор толғаныстары Ақтан Керейұлының «Ерлік жыры» секілді танымал туындылармен де сабақтаса өріліп жатады. «Өлі айрылдым бөбектен, тірі айрылдым» деп зар төккен махаббат мұңлығы - Қайыптың әні де поэмада кетігін тауып, қиюласа кеткен. Айтылмыш аралық мәтіндердің автор өлеңдерімен жіксіз жалғасып, еркін үйлесім табуы, стильдік алақұлалықтың, айрым белгілерінің мүлде дерлік байқалмауы ақын өлеңдерінің халықтық поэзиямен тереңнен тамырласып, бар болмысымен біте қайнасып жатқанын аңғартады. «Бердәулет пен Жоламанда», сондай-ақ, «халық жоқтауы негізінде жазылған өлең» (автордың өз анықтамасы) де бар, ал көптеген шумақтар алғаусыз ақтарылып жататын жыраулық поэзияны еске салады.

Поэмадағы ендігі бір ерекшелік – бір ұйқастың бірнеше шумақ бойына үзіліссіз жалғасып жататыны дер едік. Ақын құйылып түскен ұйқасты қолдан тежемей, қазақы қара өлеңнің мүмкіндігін тағы бір қырынан танытып, еркін

пайдаланып отырған. Қазақ өлеңі ежелден ұйқасқа бай. Халық поэзиясынан елеулі орын алатын қайым өлеңдер, сүре айтыс пен түре айтыс, жырдағы шұбыртпалы ұйқас – осының барлығы төл әдебиетіміздегі өлең ұйқасының, әсіресе, етістікті ұйқастың аса бай әрі көне екендігінің кепілі. Дегенмен қазіргі ақындардың қарабайыр болып көрінуден тартынып, жалғаспалы ұйқастан саналы түрде қашқақтайтыны аңғарылады. Есенғали Раушанов поэзиясында аталмыш әдістің қалыпты түрде қабылданып, қажетті тұста қолданылуы ақынның «көркемдіктің басты бір шарты - қарапайымдылық» екенін ескерумен болмысына біткен табиғилықтың көркемдік әлемінде көрініс табуынан туындаса керек.

«Сарыөзек» - төл әдебиетіміздегі тарихи тақырыпқа жазылған шығармаларының ішінде елеулі орын алатын дара бітімді поэма. Әр өлеңіне алғашқы және соңғы туындысындай жауапкершілікпен әрі сүйіспеншілікпен қарайтын ақын бұл поэмада да таптаурын соқпақты шиырлаудан аулақ. Шеберлігі шыңдалып үлгерген автор көркем параллельдерді еркін қиюластыра біледі. Тарих қойнауында қалған кезеңдерде сармат ауылдарына Батразд салған қанды қырғыннан пайда болған қара оба осы сұмдықты түсінде көріп жатып, оянып кетеді. Оның үстімен даланың дара перзенттеріне жасалатын келесі қастандықтың құрбаны – Салық Бабажанұлы келе жатады. Батразд пен сармат көсемінің арасындағы диалог генерал-губернатор Крыжановский мен сотник Салықтың сұхбатының көне күндерде қалған сілемі іспетті әсер қалдырады. «Біздің дала ашылып келгенге – алақан, жұмылып келгенге – жұдырық... Арам ниеттілер менің жерімнен өтпейді» - кешегі сармат көсемінің сөзі – бүгінгі Салықтың да ой-түйіні. Қара құрым сармат ауылын қырып сап, қара қорым - қара обаға айналдырған Батраздың қылмысы ашылмасына кепілдік болар демеуі – «бұлардың салтында моланы ашуға да, жаңғыртуға да болмайды». «Қазақта қарғыс атқыр тағы бір ұд, Қағынып туған екен жатырынан» деп тісін қайрап жүріп, Салықты у беріп өлтірткен генерал-губернатордың адыютанты да: «Өлікті тексерту де, қайта ашу да, бұл елдің салтында жоқ» дейді миығынан күліп... Сарыөзен арнасынан асып, буырқана тасығанда қара оба опырылып құлап, жалаңаштанған сармат сүйектері Батразд қырғынының тарихи құпиясын ашты. Салық өлімінің сыры «Сарыөзен» поэмасы арқылы ашылады...

Орынды әрі тың детальдар – бақсы ойыны мен тас мүсін хикаясы поэманы мазмұндық тұрғыдан байытып қана қоймайды, бас қаһарман бейнесін тұлғаландыра түсуге, кейіпкерлер характерін жан-жақты ашуға қызмет етеді. Сайын даланың сенімі, сыйынғаны мен сүйенгені – бақсылықты болмысы жаттана бастаған Салыққожа «гипноз», «шамандық» деп қабылдайды. «Әрі ғалым, әрі нағыз ғаріп ер, Аша алмады өз қолымен түндігін»: сана сергелдеңіне түсіп, қара тастан құпия іздеген ол тас мүсінді география қоғамына жөнелтеді:

*«..Айырып бер алтыны мен жасызын,  
Петербург, сенетінім сен ғана».*

Тас мүсінді Хазіреті Фатиманың бейнесі деп сенетін халық әуелгіде:  
- Қожаң бізгеХақтың өзі сыйлаған

Фатиманың тұрпатын да көп көрді-ау, -  
деп, тулай түрегелгенімен аздан кейін-ақ:

1991 жылы «Жазушы» баспасынан Есенғали Раушановтың «Ғайша бибі» атты жыр жинағы жарық көрді. Жинаққа ақынның жүзден аса өлеңі, «Қызық емес оқиға» атты балладасы мен «Ғайша бибі» атты поэмасы енді. Зерттеу нысанымызға алынып отырған поэма жаңа кітаптың ең елеулі жаңалығы болды. Аталмыш жинақ ақынды қазақ поэзиясының классигі тұғырына берік орнықтырған топтама болды деуге негіз бар. Есенғали Раушановтың ешкімге ұқсамайтын ерекше әлемі, қайталанбас қолтаңбасы біржола айқындалып, айшықты жыры қазақ өлеңінің қазынасын молайтқан олжалы кезеңі осы тұс болатын.

Ендеше, «Ғайша бибі» поэмасының идеялық мазмұны мен көркемдігіне тоқталайық.

Ақын санасында сан жылдар қорытылып келген күрделі де кең өрісті поэманы Е.Раушанов шығармашылығының шоқтығы биік туындысы деуге негіз бар. Біз негізгі талдау назарына алғалы отырған аталмыш дастанның автор тарапынан да ерекше бағаланатынын оның атауын жыр жинағына еншілеткенінен байқауға болады.

Поэма жайлы ой өрбітпес бұрын шығармашылық психологиясына, шығарманы қабылдау мәселелеріне байланысты мынадай жайттарды еске салуды жөн көріп отырмыз. Автордың көзқарасы, өмірлік тәжірибесі, оқырманға айтар ойы, сезіну тереңдігі, пайымдау-таразылау қабілеті – бір сөзбен айтқанда, шығармашылық тұлға ретіндегі біімі-болмысы өз туындысы арқылы танылады. Автордың субъективті идеясы оның ой мен сезімнің жемісі болып табылатын шығармасында көрініс табады. Дегенмен туындыны тұтынатын оқырманның парасат-сезім деңгейі біркелкі емес, қанша оқырман бар болса, сонша түрлі қабылдау бар. Қабылдаулардың қиыспай жатуы - қалыпты жағдай. Автор идеясы – субъективті идея болса, туындыны қабылдаудан туған оқырман идеясы объективті идея болып табылады. Оқырман мен автордың екі бөлек дүниетаным, болмыс, көзқарас иесі екендігін ескерсек, субъективті идея мен объективті идеяның да бір-бірімен қабыса бермеуі заңды. Шығармашылық зертханасын зерттеуші тұлға да ең алдымен оқырман болып табылады. Қабылдау ерекшелігінен туындайтын жоғарыдағы жағдайлар оған да тән. Көрнекті ақын Жұбан Молдағалиевтің: «Кедей ақынға жақсы десін, жаман десін, үш ұйықтаса түсіне кірмеген нәрсені танып қоятыны бар. Дарынсызды дәріптеп, жақсыдан жамандық іздейтіндер де жоқ емес. Асылы, өлең сынына ақындар өздері де атсалысып, әділ төрелігін айтып отыруы керек», - деген тұжырымы осындай жайттарды ескеруден туған. Зерттеушілерге қиындық тудыратын тағы бір мәселе – «Біздің қазақ қаламгерлері өз шығармашылық ұясын көпшілікке таныстыруға келгенде елгезек емес. Осыдан барып оқырман талай тәлімнен қағылады әрі қаламгердің өзі де ұтылады». Айтылған жайттарды қорыта келгенде, біздің зерттеулеріміздің де субъективті сипаты басым болуы, ақын шығармаларының тамыр соғысын тап басып тани алмаған мүлт кетулердің кездесуі мүмкін екендігін жоққа шығармаймыз. Е.Раушановтың «Ғайша

бибі» поэмасын бір ғана қырынан – көне түркілік әдеби жәдігерліктермен сабақтастығы тұрмысынан ғана талдап – таразылауға мүдделі ғылыми жұмыста белгілі бір дәрежеде шектеушіліктің де болуы заңды.

Әдеби туындыны талдаудың сыртқы композиция элементтерін саралаудан басталуы орынды. Жанрын өз тарапынан «поэма» деп белгілеген иуындысына автор «Ғайша бибі» де пат қойыпты. Аты аңызға айналған ғашықтар пірінің ел жадында да, тарих деректерінде де «Айша бибі» есімімен сақталғаны белгілі. Автор түбірі араптық «Айша» есімін ұлттық ұғымға жақындатып, қазақы дыбыстау жүйесіне бейімдеп, «Ғайша бибі» етіп алған секілді. Ертеректегі қазақ әйелдерінде тазка түбірлік күйіндегі «Айша» есімінен гөрі «Қайша», «Ғайша» деген аттар жиірек кездесіп отырған. Әрі «Ғайша» есімінің дыбысталуының өзінде поэтикалық реңк бар. Бұған әдебиетіміздегі «Ғайша» есімімен сомдалған аяулы жарлар бейнесі (С.Көбеев, М.Шаханов шығармашылығын еске алыңыз) арқылы қалыптасқан ассоциацияның да әсер ететіні анық. Екінші жағынан, көркем шығармадағы оқиғалар тарихы дәуір шындығын қаз қалпында бейнелеуі шарт болмағандықтан, автордың Айша бибі есімін көркемдік шешім ретінде өзгертіп алу мүмкін. Қай тұрғыдан келгенде де ақынның ел құлағына сіңісті есімнің дағдылы қолданылысына мақсатты өзгерту енгізіп отырғаны айқын.

Поэма эпиграфы ретінде алынған «Ділім - қанағат, дінім – табиғат» деген ой-түйінді «Түркі мақалы» деп көрсетеді автор. Көне түркілік дүниетаным ерекшеліктерін саралай отырып, автор шығарманың айтар ойын осындай қалыпқа құйып беруді жөн көрген секілді. Өйткені, «Ділім - қанағат» ұғымы түркілердің түп санасына әзелден ұялағанымен, «Ділім – табиғат» тұжырымы тарихи-әдеби мұраларда осы таза күйінде кездесе қоймаса керек. Байырғы бабаларымыз тұтынған Тәңірлік діннің табиғатпен етене жақын екендігі даусыз, дегенмен жоғарыда келтірілген ой қалыбы, сөз саптау мәнері бүгінгі шығармашылық сананың жемісіне көбірек келіңкірейді.

Поэманың кіріспе бөлімін ақын «Тізгін қағар» деп атапты. Автордың бұл ретте көнеден жеткен, ұлттық уыз дарыған ұғымдарға ұйып отырғаны аңғарылады. «Мақал бар: «Түбім – түркі, түлігім жылқы», Ал тарттық сол түркіден көшті бері» деп, шығармада баяндалатын оқиғаның қай кезеңнен бастау аларын ақын «тізгін қағарда» аңдатады. Дегенмен, «Ғайша бибі» поэмасының сюжеті - қағанат тарихының көркем көшірмесі емес, сол дәуірге тән атрибуттарды негізге ала отырып, шартты уақыт пен шартты кеңістікте ұйымдастырылған оқиғалардың - ақынның көркемдік қиялы мен шығармашылық ізденістерінің жемісі. Уақыт аралығы ұзаған сайын тарихи дәуірдің табиғи бейнесін тап басып танытудың қиындай беретіні белгілі. «Түркі кім? Бізге дерек жетпеді нақ» Дей отырып, ақын суреттеген айбыны асып, байлығы тасыған қанағаттың басынан құс ұшпаған, атағынан ат үріккен дүбірлі дәурені өз кезеңіне лайық бояу-нақышымен өрнектелгендіктен, көркем шындық көрінісі ретінде көңілге бірден ұялайды:

*Қағанат тәжі дедік Хантәңірді,*

*Іргеде асау Құлан қаңтарылды.*

*Сүткент, Шаш сүттей ұйып жарлығына.*

*Бала боп Баласағұн аңтарылды.  
Бас ұрып тұрған, басмыл бұл табынды,  
Саудаға Самарқаннан жұрт ағылды.  
Ыңыранып, керуен тартып, Ұрым, Тибет,  
Елпілдеп елі салды Тұрпан, Үнді.*

Бір-бірімен жіксіз жалғасып, үздіксіз ұштасып жататын «Жыландар жыры», «Майхана», «Күлтегін мен қаған», «Ғайша мен Мұхаммед пайғамбар» секілді туынды бөлімдерінде көне дәуір көріністері қайта жаңғыртылып жырланған, сол көне сілемдер астарында бүгінгі күннің шындығы да, заманалармен замандас мәңгілік шындық та көрініс тапқан. Шығармадағы бөліністердің өзін біршама шартты, кейіпкерлер арасындағы диалогтардың мәнін айқындай түсу, сол арқылы әсерлілікті күшейту үшін жасалған әдіс ретінде қабылдауға болады. «Жыландар жыры» деген бөлім аты поэмада үш рет қайталанатын. Сөз арасында «Автордан» деген атпен берілген ақынның ой-шегіністерінің де келесі бөлімдермен ара-жігі ажыратылмай, тұтаса өріліп, жатады. Мұның бәрі поэманың дәстүрлі эпикалық арнаға – батырлар жыры стиліне ойысқанын аңғартады. Ішкі бөлімдер батырлар жырындағы алма-кезек баяндалып жататын оқиғаларды еске түсірсе, автор шегіністері жырдағы «әлқиссалармен» үндеседі. Жекелеген монологтар драмалық туындылардың ерекшеліктерін еске салады.

Поэма композициясында елеулі орын алған детальдардың бірі – айтыс. Айтыс сахнасы алдында автор тарапынан кіріспе сөз беріледі: «Жапон халқы үшін әу баста Фудзиямен тауының маңызы қандай болса, түркілер үшін айтыс сондай еді. Ел кейін «айтыс ұсақтап кетті» десіп жүрді. Ұсақтап кеткен айтыс па, әлде ақындар ма?». Ақын қаламына тән осы тектес жеңіл юмор мен астарлы мысқыл туындының әр тұсынан-ақ көрініс беріп отырады. Поэмада айтыс әрі баяндау бірсарындылығын өзгертіп, сюжет құрылымын жандандыратын көркемдік әдіс ретінде, әрі көне түркі дәуірінен тамыр тартқан далалық дәстүрдің - ақиқатқа апарар сөз сайысының көркем көрінісі ретінде кірістірілген. Ғайша мен Қағанның айтысы дәстүрлі сөз қағыстыруға көбірек ұқсаса, Күлтегін мен Қағанның, Ғайша мен Мұхаммед пайғамбардың диалог-айтыстары – сырласу мәнеріндегі сөз сайысы. Соңғысында монолог іспетті толғаулардың аралас келуі айтыс өлеңінің арнасын кеңейтіп, айтылар ойды алғаусыз ақтару мақсатында автор қолданған өзіндік әдісті аңғартады.

«Сөз қаңтару» деп аталатын эпилогқа ақын «Жыландар жырының» үзіндіні эпиграф етіп алған: «Адамзат ойының нашар дамығаны сонда – олар тек болған соғыстардың ғана тарихын жазады, ал болмай қалған соғыстар қаншама? Олар туралы біз білмейміз». Бұл эпиграфтың да белгілі бір туындыдан алған үздік ой емес, ақын шығармашылығына тән ой-түйін екені анық. «Сөз қаңтарудан» кейін поэманың жазылу мерзімі мен мекеніне қатысты автор тарапынан «Жылан жылы Сарыөзекте, Аралда, Семейде, Қызылордада, Алматыда қағазға түсті» деген сөздер қосылған. Айтылған жайттардан аңғарылатындай, өлең мен қара сөз аралас стилде жазылған туындының сыртқы композициясы тудыратын ассоциациялар түгелдей дерлік түркілік түпнегізге жетелейді.

Ішкі композиция мәселелеріне көшелік. Поэманың басты кейіпкері ретінде ақын таңдаған Ғайша – бибі тұлғасы әдебиетшілердің тарихшылар мен деректанушылардың назарын көптен аударып келеді. Қарахан әулеті билеушілерінің бірі Әулие ата - Қарахан есімімен тікелей байланыстырылатын Айша бибі ғұмырына қатысты бірқатар зерттеулер жарық көрді. Ал бір-бірінен аздаған айырмашылықтары бар Айша бибі жайлы аңыздардың ортақ желісі мынадай:

Самарқандт төңірегін мекендеген Зеңгі ата шайыхтың Айша атты жалғыз қызы болыпты. Ерке сұлу Тараз өңірінің келген билеуші әулеттен шыққан Қарахан есімді батырмен көңіл қосады. Жалғыз қызының таңдауы ойынан шықпаған әке екі жастың махаббатына разы болмайды. Жауынгершілік кезінде, ұлы шайқас алдында тұрған Қарахан Айшаны өзімен бірге алып келе алмаған соң, екі жас келер күзде Тараз жерінде жолығатын болып серттеседі. Айша тәуекел етіп, жігітті өзі іздеп бармақ болады. Уәделі кез жеткенде тілін алмайды, атқа қонған Айшаға наразы болған әкесі: «Алты дариядан өтсең де жетіншісінен өтпе! Көздеген жеріңе жетсең де, тілегіңе жетпе!» деп теріс батасын береді. Қыз бұған да қарайламай, қасына өзін бала күннен тәрбиелеген Бабаджа хатунды ертіп, алыс Таразға жол тартады. Арада талай күндер өтіп, елден ел, жерден жер асып, Тараз қаласына жақындап, соңғы өзенге келгенде жолаушылар жуынып-шайынып алмаққа аттан түседі. Айша арудың өмірін қиған оқыс оқиға осы жерде болады: киімін ауыстырмақ болып, қалыңдық киімін қолға алған қызға сәукеле ішінен шыққан улы жылан атылып, шағып алады. Денесіне жылан уы тарап, әлсірей бастаған қыз Бабаджа хатунды Тараздағы Қараханға хабар беруге аттандырады. Жанына ерткен нөкерлерімен жігіт келіп жеткенде қыз өлім халінде жатады. Қыздың демі үзілуге таянғанын түсінген жігіт ақыреттік жар болуға серттескен сұлмен ақтық сәтте некесін қиып үлгіреді. Пайғамбар әулетінен шыққан Қарахан патшаға некелі жар болған Айша есімімен «бибі» атауы осы кезден бастап қосылған екен. Арманда өткен арудың қабірінің үстіне Қарахан сәулетті күмбез салғызады. Қыздың тәрбиешісі Бабаджа хатун өмірінің соңына дейін Айша қабірінің шырақшысы болған деседі. Бабаджа хатун қайтыс болғаннан кейін оның басына да сағана тұрғызылады. Ал өзіне арналған күмбезді Айша-бибі қабірі көрініп тұратындай тұсқа салуды Қарахан тірісінде аманат еткен екен. Ғасырлар дауылынан аман жеткен үш сағана сыры кетсе, сыны кетпеген күйі қазіргі күні де Тараз жерінде бой түзеп тұр. Ұзақ жылдар ел басқарған патша өмірінің соңғы кезеңінде тақ пен тәжден бас кешіп, тақуалықпен ғұмыр кешіпті. Айша бибі кесенесіне Қарахан өз қолымен жазған делінетін бәйіттің бүгінде: «Күз еді көкті бұлт торлаған» деген жалғыз жолы ғана сақталған...

Ел жадында сақталған аңыз осылай дейді. Аңыздың ендігі бір нұсқаларында «Айша Зеңгі атаның (Айқожа ишан) өгей қызы, яғни оның әйелі Әмбар анаың алғашқы ері Сүлеймен Бақырғаниден туған қыз болатын» делінеді. Ал Қарахан әулеті шежіресінде Айша бибіні Ысқақ бабтың қызы деп көрсетеді. Аңыздағы Қарахан әулиені тарихи тұлғалар – Сатұқ Боғраханмен, Шах Махмұдпен, Ахмед бин Алимен шендестіретін болжамдар бар.

Аңыз түбі ақиқат екеніне зерттеуші ғалымдар да ден қойған тәрізді: Айша бибі аңызынан тыс сенімді тарихи дерек әзіргі ғылыми айналымға түсе қойған жоқ. Дегенмен жекелеген зерттеушілер аңыздағы Зеңгі атаның, Әмбар анамен Айша қыздың іс-әрекетін, мінез-құлығы мұсылман әулиесінің, оның адал жарымен көргенді перзентінің болмысына сай келиейтінін айтып, Айша бибінің Зеңгі атаның қызы екеніне дәлел боларлық аңыздан өзге сенімді дерек жоқтығын, сондықтан екеуінің өмір сүрген кезеңі бір-бірінен алшак болуы мүмкін екендігін алға тартуда. Бұл тақырыпта әлі де зерттелуге тиіс мәселелер едәуір.

Ақын Есенғали Раушанов сомдаған -айша бибі бейнесі – аңыздағыдан өзгеше арнада өрбіген, тың идеяның жүгін көтеріп тұрған ғұмыры – тартысқа, санасы қайшылыққа толы күрескер тұлға. Поэмадағы Ғайшаның күрделі болмысын тап басып танудың оқырман үшін жеңіл жүк болмайтынын ескергендей автор бас кейіпкерінің сана сергелдеңін өз сөзімен тарта түсіндірген.

Күрелі де кең өрісті, бай мазмұнды поэма ақынның ұзақ жылғы іргелі ізденістерінің жемісі екені даусыз. Оқиға ұйымдастыру шеберлігі, баяндау-суреттей ерекшелігі, лирикалық поэмаларға тән сыршыджығы, қайталанбас композициялық құрылымы. Идеялық мазмұнының көнермес құндылықтарға негізделуі жөнінен «Ғайша бибі» поэмасы қазақ поэзиясының үздік үлгідегі бірегей туындысы ретіндегі лайықты орнын алуға тиіс. «Ғайша бибі» драмалық дастаны – жаңа бір ағымды бастап берген құбылыс туынды, - деген белгілі ақын Е.Дүйсенбайұлының анықтамасы осы орайда орынды.

Қазақ әдебиетінде көрнекті орын алатын Е.Раушанов шығармашылығы тек поэзиямен шектелмейді. Соңғы жылдарда мерзімді баспасөзде автордың «Нұрдан жаралған» атты романы жарық көрді. Журналистерге берген сұхбатында ақынның «Прозаны мен қай кезде де жазатынымын. Менің талай әңгіме, повестерім, бір-екі романным жарық көрді. Бірақ олардың бәрін бүркеншік атпен жарияладым» дегені мәлім болғанымен, оқырманға өз атымен таныс болған бірден-бірпрозалық туындысы аталған роман ғана. Өлеңдеріндегітәрізді ақын романында да өзгеше өрнек бар. Қара сөзге тән көркемдік қолданыстарға көп бой ұра қоймаған автор туындыда шаррты образдарды жиі пайдаланып, кейіпкер психологиясын тереңдетешуға бейім. Бір тұтас шығармашылықтың бір-бірімен біте қайнасып жатқан бөліктері болып табылатын ақын өлеңдері мен романның үндес сарында едәуір.

«Бұд жерде топан су болмаған» дейді тұнып тұрған тыныштыққа, сұлулыққа сүйінген «Нұрдан жаралғанның» кейіпкері. «Топан су мұнда болмаған-дейді ол-айнала ұрзада дүние, үр ерін гүлдер үлбегей»- бұл ақынның «Нұх пайғамбардың кемесі» атты өлеңінің. «Көктемде Алматының үстінде тек қана періштелер ұшып жүреді, кейде олар қонатын жер таба алмай қиналатыны рас, бірақ алысқа ұзамайды» деген жолдар бар романында. «Періштелер жүреді ұшып аспанда, Қонатын жер таба алмай» - ақын өлеңдерінде де осындай жолдар кездеседі. Романдағы Еділ-ана аңызы ақынның бір кездері баспасөзде үзінделері жарияланып, аяқталмай қалған «Аспанға көшіп кеткен ел» атты поэмасы еске алады. Аңыздың жекелеген

сарынды ақын өлеңдерінде көрініс тапса, базбір желілері «-айша-бибі» поэмасында таратыла жырланған. «Нұрдан жаралғанның» кейіпкері теңіз жағасында тұрып төмендегіше толғанады: «Құстар мен періштелер биікте жүреді. Алла тағаланың ғәділдігіне мың да бір құлдық. Самға ұшар қанатты адамға бермей, құсқа бергенін айтсайшы. -айыптан тайып маған қос қанат біре қалса ше? Жоқ, мен оны бәрібір құстарға сыйлар едім. Аспан-құстар мен періштелерге ғана лайық мекен».

Өз замандастары тарапынан орынды бағаланған Есенғали Раушановтың кең өрісті, бай мазмұнды шығармашылығы әдебиеттанулық және философиялық тұрғыдағы бірқатар зерттеулердің арқауына айналып үлгерді. Дегенмен қазақ әдебиетінің тарихында елеулі орны бар тұлғаның ақындық әлемі жайлы айтылар негізгі сөз әліде болашақ еншісіне қалып отыр. Ақын шығармашылығына арналған шолу мақаламызды ақын Қадыр Мырзаәлінің төмендегі тұжырымдарымен аяқтау орынды тәрізді: «XX ғасырдың 80 жылдарында бастап, күні бүгінге дейін қазақ өлеңіне толқын – толқын боп жамырай келіп жатқан жас лириктерге толайым қозғау салып, соңынан шәкірт ерткен, өз мектебін ашқан шайырлар бізден көп емес. Қазақ поэзиясының классигі Есенғали Раушанов сол аз шоғырдан – санаулылар санатынан. Бұл орайда оны мәдениеті зор ұлттықақын деуге болады... Ақын Е. Раушанов шығармаларының қай - қайсысы да қазақ поэзиясының шын мәніндегі алтын қазынасы деуге аузым барады».

Ендігі кезекте поэзия жанрында жазылған жинақтардың бірі Әдібай Табылдиевтің «Өнеге өрімдері» мен Арғынбай Бекбосын ақынның «Фәнилік драма» атты жыр жинақтары. Мысалы, Әдібай ақынның қарапайым әдемі шумақтардан кейін ақын өзінің айтар ұғымын ширата алмай қалатын тұстары жетерлік екен. Оның үстіне жеке шумақтары не санмен, не жұлдызшамен белгіленбей, ұзын өресі мың жарым шумақтың шұбалып жатқанын көреміз.

Ал екінші жинақ «Фәнилік драманың» жөні бөлек. Автор бұл жолға өзін-өзі әбден шыңдап, шымырлап алып келген сияқты. Бұл да мың жарым шумақ, үш дәптерден тұрады. Оның үстіне ақын алдымен Омар Хайямның рубаяттарын аударып,, соның ішкі астарына зер сала құпиясын ашқан сияқты. Және онысы өз жемісін толық берген деуге болады.

*Көріп жүріп жүздерді кім қабарған  
Күн шуақты аңсауын - құрғақ арман  
Заман, қоғам, қайсысы?.. әлде екеуі,  
Бір жерлерін, әйтеуір былғап алған!*

\* \* \*

*Бір ғалам ашылып жыл, айында ма,  
Жаңлық боп жатсын ой-пайымда да.  
Бәрібір шегі болмас шексіздіктің,  
Жетсек те біз қиямет-қайымға да!*

\* \* \*

*- Мына өмір аяз болып қақағанда  
Қадірлім қасқая біл. қапаланба.  
Бұ Жалған жұмақ болып көрген емес.*

*Аз ба еді көрген аза пата-анаң да?!*

*\* \* \**

*Асып жүр амалдап шын бағаңнан,  
Нең қалды енді алатын бұл ғаламнан?!  
Шықса мүйіз шығар-ау деп сен сұмға,  
аймандайғғып адалды былғағаннан!*

Бұл шумақтар шынында да нағыз фәниліктің драмасын берудей-ақ беріп тұр. Бірақ осы шумақтардың әлде біреулерге жүгіне айтылуы жұмбақ күйінде қалып қойған.

Поэзия әлеміне алғаш келген албырт ақындар көбінесе аптапта аптыққан күйі суға секіргендей көзін жұмып, ойланбастан қойып кетеді. Кейбіреулер су жұтып, қақалып-шашалып жатады, енді біреулер иірімге батып, кейбіреулер біртіндеп өзінше малтауды үйреніп, құлаштап жүзіп кетеді. Жағаға жандармен қайтадан ытқып шығатындар да аз емес. Ақындардың бәрі де өлеңге солай келген сияқты.

Ал өлең жырдың Жайығына өз мәнерімен, өзіндік ерен жолымен келген азғантай аяулы, ардақты ақынның бірі – Ақұштап Бақтыгереева. Ол басқалар сияқты малтыққан да, шалдыққан да жоқ, өлең айдынында өзін бірден еркін сезінді. Өйткені ол - өлең өлкесінің қанатты ақ шағаласы болатын.

Ақұштап ақынның бүкіл шығармашылығын шолып шыққан адам оның жырларының ең басты екі тірегін байқар еді: ол - ақынның туған ел мен жерге деген ыстық махаббаты және қоғамдағы, өмірдегі қиыншылықтар мен әділетсіздерге, Адам қолымен жасалған қиянаттарға қарсы күрескерлігі. Оның алғашқы жарық көрген жыр жиағында әдеби қауымды елең еткізген «Өрімтал» атты өлеңінен бастап-ақ оқырмандар А.Бақтыгерееваны нәзік лирик ақын деп қабылдаған болатын. Дегенмен, оның осы лиризмiнiң өзегiнде бiр өжет қайсарлық аңғарылатын. Өйткені оның әр өлеңінде боямасызөмір тартысты тағдыр жатқан еді.

*Жұлқыса жер есіріп,  
Майысқанмен сынбадың.  
Сыр айтпадың шешіліп,  
Неше келіп тыңдадым.  
Қысты жеңіп, шуаққа  
Жайраңдаған кезiнде,  
Бойыңдағы қуатқа  
Қайран қалам өзiм де...*

Осы өлеңінде тал-шыбықпен мұңдасқан өзі де өрімтал ақын - қыз шыншыл да сыршыл қалпымен жүректерде бірден ұялап қалды. Ақ бантикті ақынның сол нәзік қайсарлығы келе-келе үлкен күрескерлікке, қайраткерлікке ұласты. Сол балғын шақта жазылған «Даламның қарлығаштары-ай» атты өлеңді де бей-жай оқу мүмкін емес:

*Кеудемді жанап өттіңдер,  
Жүр едім жырды бастамай,  
Азайып неге кеттіңдер,  
Даламның қарлығаштары-ай!*

*...Топтанып ұшқан үйірің  
Достардай еді-ау жаны ізгі  
Адамнан кеткен мейірім,  
Сендерде қалған тәрізді.*

Ақұштап Бақтыгерееваның жырларының өзіне тартар жұмбақ магнетизмі бар. Оның қыр-сырын ашуды әдебиет зерттеушілеріне, маман-сыншыларға қалдыра отырып, мен өз тарапымнан ақынның өлеңдерінің табиғат тамшысындай мөлдір жаратылысын, өзен толқынындай ерке де еркін үйлесімін, жан-жүрегіңе жетіп, жілігіңнің майына дейін жібітетін ақ шуақтай симфониясын, бұлақтың сыңғырындай, жапырақтың сыбдырындай жанға жақын да беймәлім әуенін танып білу қай оқырманға да кәусар сезім сыйлайтынын айтқым келеді.

Ол махаббат мақамын да өзгеге ұқсатпай, өзінше, Ақұштапша жырлайды.

*Махаббат тағы саған қайта оралам,  
Сен болшы тақырыбым қайталаған.  
Өмір жоқ махаббатсыз, бақыт та жоқ.  
Басқадай әңгімем жоқ айтар оған.  
Ақ таңды сүю керек, нұрын күннің,  
Ұната білу керек түрін гүлдің.  
Қыздары ғашықтықтан өліп кеткен,  
Аңызын оқу керек бұрынғының.  
Жазғанмен махаббатты бұдан бұрын,  
Қорғауға соны тағы шығам бүгін.  
Жарын сүйе білмейтін жасықтардың  
Елін сүйетіндігіне күмәндімін.*

«Қыздары ғашықтықтан өліп кеткен!». Екінің бірінің аузына түсе бермес, қаламына орала бермес бейнелі жол. Мұнда қасірет те бар шығар, бірақ ол қалтарыста қалған. Қазақ қызына, оның махаббатына деген құрмет осындай-ақ болар. Айтқан серттен айнымас арда сезімге, ұлттың кешегі ұлы махаббатына жыр жолымен қойылған ескерткіш секілді.

Қазақы әдет-ғұрып пен өнегенің аясында тәрбие алған қыздың өзі сүйген жігіттің алтын басын ардақтап, бағалай білуі бүгінгі фенимистік заманда тосын естіледі.

*Шырағымбысың,  
Шынарымбысың,  
Қыранымбысың,  
Жыр әнімбісің.  
Бәрі де сен бол, мен әйел болам,  
Өзіңе ғана ұнауың үшін!*

Бұл да тек Ақұштапша ғана айтылған айшықты ойлар, айрықша дара шумақтар. Мұндай өлеңдер, жасырып-жабары жоқ, бүгінгі саусақпен снарлық дарынды әйел-ақындардың кейбірінің жігіттерді кілең жігерсіз, жасық, ұсақ, күйкі тірлік иесі етіп көрсететін адуын жырларынан гөрі адам

жанына жағыңқырайды. Жігітті ардақтағаннан ақын қыздың лирикалық кейіпкері аласарып қалған жоқ, қайта өз бейнесі биіктеп, асқақтай түскен.

Француз жазушысы Альфонс Каррдың «Жазушы әйел кітаптың санын көбейткенмен, әйелдің санын азайтады» деген сөзі бар. Бірақ бұл сөз Ақұштап апайға жүрмейді. Өйткені ол ақын да, ана да бола білген асылдардың санатынан.

*Анамын бөбегін сағынған,  
Ақынның жыр болып, ағылған.  
Көңілмін екіге бөлінген,  
Жүректің екіге жарылған.*

Осы өлеңді оқи отырып сүйсінесің, оқи отырып ерисің. Ақындығына тәнті боласың, аналығына басыңды иесің. Бұл да болса өлең - сөздің құдыреті.

Шындығын айтсақ, біздің поэзиямыздың тұтас бір қабырғасын қыздарымыз ұстай бастады десек, оған ешкімнің таласы бола қоймас. Сол топқа тағы бір сөзі мен ойы нық ақындарымыз келіп қосылды. Олардың туындылары 2004 жылы жарық көрді. Атап айтсақ, Ханбибі Есенқараеваның «Ай туады бозарып», Марфуға Айтхожинаның «Аққу жүрек», Фариза Оңғарсынованың үш томдық шығармалар жинағы (Астана, Елорда баспасы, 2004), Маржан Ершуованың «Шырақ» атты жыр жинақтары жарық көрді.

Өлең жолындағы небір ащы да тұщы жолдардан өткен ақын – Ханбибі Есенқараеваның жолы ерекше. Бұл ақынның керек десе өлең-сөз құдіретімен тасты иітем десе иітіп, одан от ойнатам десе оған да барып жүрген ақын. Бірақ көкіреу үнемі айқара ашылып жүрмейтіндей, бұл жолы ақын айдың бозарып туғанына бас қойған сияқты. Өнегейін ақ найзасын арқалаумен күн өткізетін жандар сирек кездесетіні тағы бар. Бір сәт олар да тұнжырап, мүлгіп ой құшағына қонақтау керек қой. Олай болса ақынның «Сексеуіл» деген өлеңінен үзінді көрейік.

*.. Бағынбай балта-іріңе,  
Ұйысып ойға шомғансың.  
Біріңді ұрып біріңе  
Сындырар қолдар болғансың!*

Байқағанға осы өлеңде бүкіл халқымыздың тағдыры жатқандай.

Таласы жоқ көрнекті ақындардың бірі – Күләш Ахметова. Ақынның поэзиясы – үлбіреген дүниенің үйлесімдерін көруден, танудан және көрсетуден, танытудан тұрады десек те болады. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ақын Күләштің даралығы да, ерекшелігі де, ірілігі де - оның осынау болмысында. Көрнекті талантының көркейе түсетіні де, ұлттық өлеңімізді көркейте түсетіні де – үлбіреген дүниенің үйлесімдерін өзі көріп, өзі танып қана қоймайды, соны өзгелерге көрсетуден де, танытудан да әрқашан әдемі көрініс, әрқашан жемісті өріс тауып жататындығынан. Ақын құдіреті - өзінің танығанын өзгелерге қапысыз таныта алғанында. Күләш Ахметованың отыз жылға жуық шығармашылық жолында «Махаббат жылы», «Мейірім», «Бұлақтағы жұлдыздар», «Жасыл жағалау», «Ләйлектер қайтып келгенде», «Арғымақтар даласы», «Сен жанымда жүрсең», «Наурыз нұры» атты жыр

жинақтары мен жыр кітаптарындағы өлеңдер мен поэмалардың, алуан-алуан лирикалық туындылардың баршасы дерлік әртүрлі тұрғыдан әртүрлі өрнектермен, кіршіксіз мөлдір сезімдермен өміршең де қарапайым ойлармен ширақ та шымыр жеткізіледі. Бір өлеңінен үзінді келтірейік:

Менің өлең өмірім –  
Менің үлкен сыбағам.  
ёлы майдан, ұлы алаң.  
Бар әйелдің жеңісімен қуанып,  
Бар әйелдің көз жасымен жылағам.  
Менің өлең өмірім –  
Менің үлкен сыбағам.  
Өкінемін мынаған:  
Түнде оянып, ой жібіне сөз маржан,  
Тізген кезде көмек берді кім оған?..  
Менің өлең өмірім –  
Менің мәңгі үлесім.  
Біресе мұң, біресе үн...  
Қуанышым, махаббатым, қызығым.  
Қылдай үміт, қымбат тілім, күресім,

- деген үш шумақты өлең көрнекті ақынның суеткерлік дара болмысын қаншама драмамен, қаншама трагедиямен, қаншама оптимизммен жеткізіп тұр емес пе?! Әлбетте, солай. Өйткені оның өлеңдерінен осынау болмысты көрмедік, танымадық десек мүлде күпірлік, мүлде менмендік, басырлық болар еді.

Тағы бір тамаша ақынымыздың бірі – **Марфуға Айтхожина**. Жалпы біз ақынның өлең-жырларын оқығанда олардың түп тағдырына үңілмеу астамшылық болар еді. Жинақ біз жоғарыда атап өткендей «Аққу жүрек». Бұл жинақтан менің ұққаным, өзінің әдемі сырбаз үнімен ақырын сөйлеп алға ұмтылып отыратын сақтық, мінездің сарқытындай әсемдік. Және жинақтың өне бойында құс үнімен астасып жатқан бір саз бар сияқты. Әр жырдың басы күнделікті тірліктей қарапайым сызылып басталып, аяғына келгенде Марфуғаның сөз түйініндегі өрнегі жарқ ете қалады. Біз енді осы сөздерімізді дәлелдеу үшін ақынның өзіне жүгінейік.

*..Өсіп едім Тәңірдің күнгейінде.  
Өткен күндер көп болды Күлмей мүлде.  
Туған жерден табаным аумағанда.  
Биігінде еркімше жүрмеймін бе?  
Сәтті күндер аз емес арай күлген,  
Тыныштығын іргемнің қалаймын мен.  
Сағыныштан жаралы жүрегімді  
Жайым бар.  
Жыр жапырақпен жамай білген.*

Бұл жасыл жапырақпен әдемі көмкерілген ақын тағдыры.

Марфуға Айтхожинаның «Абылай ханның даңғылында ақ үй бар», «Ана тілі», «Өзіңнен бақытымды тауып терең», «Жандарға қызығамын анасы бар»,

«Жалғыз қайың», «Көңілді отыр мұң басып», «Мұстафа Өзтүрік», «Қиял билеп еркімді», «Қауымдастық», «Көтеріп көлеңкемді...» атты өлеңдері бар. Ендеше солардан мысалдар келтірейік.

*«Жандарға қызығамын анасы бар» атты өлеңінен үзінді.*

*Жандарға қызығамын Анасы бар,  
Ананың орны дәйім дара тұрар!  
Ерте кеткен Анашым еске түссе,  
Көңілім толқын атып аласұрар.  
..Ой тетік, жүріс ширақ сексенінде,  
Күн түсіп отырған жоқ көп келінге...  
Жүзінен асыл Ана нұр тамады,  
Қандай болды десеңші,  
Көктемінде?!  
Әкеліп дүниеге қанша бала,  
«Жолында осылардың жан садаға..»-  
Деп өсірген кешегі ұл-қыздары.  
Аттанып кетті бүгін,  
Сан-салаға!  
Адамға келмейді зой бақыт тегін,  
Өшпейді, көкейдегі гашық сезім.  
Ананы алақанда аялаған,  
Күң мен құлың секілді  
Уақыт сенің!..*

Осы жырлардың қай-қайсысын алсақ та, осындай жұмсақ ерке наз жолдардың қоршауында қалып отырасың. Сонымен сөзіміздің басында айтқанымыздай, қарапайым лебіздің ыстық құшағына енгендей боласың.

Осы екі ақын қыздың жырларындағы айырмашылықты олардың жырларынан-ақ байқауға болады.

Әрбір шоң таланттың әрқашан ұлттық ырыс, ұлттық қазына болып келетіні ежелден мәлім. Мұнда осынау мәңгілік ақиқаттың теңдесі жоқ формуласын, соның өмірішең бір Шынар-Шырайын көрнекті ақын – **Фариза Оңғарсынованың** әлемі – Поэзиясы өзінше бір шоқтандырып, сәулелендіріп, нұрландырып келеді десек әсте артықтығы жоқ. Ақындық сапарында, яғни күні бүгінге дейін жемісті шығармашылық ғұмырында өзінің поэзиялық болмысын қанжоса жүрегімен, тоғызыншы баллдай буырқанған-шамырқанған сезімдерімен, шарболаттай суарылған ой-пайымдарымен ылғи да толассыз айтумен, жырлаумен келеді:

*Ендеше Фаризаға неге бас имеске!*

*Ендеше Фариза ақынға неге табынбасқа!*

Фариза Оңғарсынованың ірі ақын екендігіне әуелде күмән болғанмен, кейіннен күмән болған емес. Ақынның сонау «Сандуғаш», «Маңғыстау маржандары», «Мазасыз шақ», «Асау толқын», «Сенің махаббатың», «Шілде», «Сұхбат», «Дауа», «Өсиет», «Шашы ағарған қыз» атты кітаптарында көшелі көрініске, дербеа көркемдік әлемге айналған құлын

мүсін лирикалары, парасатқа тұнған поэмалары, принципті көқарастары айқын мақалалары-эсселері толық дәлел болады. Асылы мынадай:

Сезім қолдан ешқашан жасалмайды,  
Жасағандар ұзаққа аса алмайды.  
Не алдасып бір-бірін күн кешеді,  
Мен ондайға көнбесім қашан да әйгі.  
Мен сондаймын.  
Сүйсем егер ғұмырлық сүйіп кетем  
Басқаларға жүрегім тұйық мекен.  
Аласапыран, ешкімге ұқсамайтын  
Сезіміммен көңілді биіктетем,

- деген лирикалық өлеңдері тудырған ақынның дүрбелеңі де, дүмпуі де жетіп артылатын сынау өмірде аңызға айналмауы, сүйіспеншілікке, бөлінбеуі, Поэзия патшайымының тек өзіне бұйырған бәсіре тағына көтерілмеуі мүмкін емес қой. Адам жан-дүниесінің, әсіресе, әйел жан-дүниесінің бүкіл болмысы біз саналы түрде толық келтірген өлеңде қаншама шыншылдықпен, тереңдікпен, осалдықпен, өршілдікпен, қайсар-жігермен, ынтызар-үмітпен, күрескер шабытпен берілген, жырланған десеңші. Ақын Фаризаның қазақ поэзиясына әкелген шынайы да тосын жаңалығы, өзіндік дербес поэтикалық қолтаңбасы – осынау лирикалық туындылардың бүкпесіз атқарыла білу, сендіре білу құдіретінде – талант сиқырында жатыр деп білеміз.

Ақындық шеберлік пен құдіреттің тамыры да, нәрі де, құпиясы да, кілті де – Фариза өлеңдерінің өнбойында өзгеше бір келісіммен көрініс тауып жатуында. Осыдан болса керек, ағылшынның ұлы ақыны Джон Донның: «Мало назвать человека малым миром. Человек состоит из большего числа частей, чем мир» - деуінің көкейге қона кететінін ақын Фариза өлеңдері мейлінше әдемі дәлелдеп бере алады. Ақын Фариза өз өлеңдері арқазақ поэзиясына Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов, Жұмекен Нәжімеденов, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиевтың буыны батыл әкелген драматизм мен трагизмге толы лирикалық әуенді, философияны одан сайын байыта түсті. Ол өлеңдегі өз өлкесін тауып, өз күмбезін тұрғызып, өз көркемдік әлемін оқырмандарына иамаша көрсетті, тамаша мойындатты, табындырды.

2004 жылы Астана қаласында «Елорда» баспасынан ақынның өлеңдері, дастандары үш томдық жинақ болып жарияланды, осылардан бір ғана мысал келтіріп өтейік.

### Ө л е ң

Дара күндерімнің,	өткінші сезімдерді көріп,
нала түндерімнің	кешегі «доспын» дегеннің,
серігі болғаның үшін,	минутта жерінгенін көріп,
сенімі болғаның үшін	кімнен өшімді аларымды білмей,
мен сені аялаймын.	кімдерге кінә тағарымды білмей,
Біреудің пасықтығынан,	алдыңа лапылдап келем,

біреудің жасып мұңынан	жарылуға жақындап келем.
жүрегім сыздаған кезде	Өмірдің өткелдерінен
жаным мұздаған кезде	қиындық көп көргеніммен,
мен сені саялаймын.	өртеңіп от басқаныммен,
Біреудің күлкісін көріп,	өзіңмен қоштаспадым мен.
бақыттының түр-түсін көріп,	Күлкімді, жайлы күнімді,
шаттанып қалған шағымда	азапты қайғы-мұңымды
жеткендей арман-сағымға,	өзіммен бөліскенің Үшін,
қуаныштан дірілдеп денем,	қатем мен жеңістерім Үшін
алдыға күлімдеп келем.	менің мынау қиындау
Ажалмен айқасқан сәтте	тағдырым болып
қыршын жас көз ілгенін көріп,	о баста көріскенің үшін
	Өлең, мен сені аялап өтем!

«Айек» есімді ақын Маржан Ершуованың «Шырақ» атты жыр жинағына дес берейік. Бұл жинақта Маржан өзінің ақын басын тасқа да ұрып тауға да қысқасы шарқ ұрып ізденгеніне куә боламыз. Ендеше, ақынның өлеңдерінен үзінді келтірейік.

**«Ақ бетінің сүті тамып...»**

Керуендей ұзын күн,	Мұхит түбін бойласам
Кешегіден көшеді.	Үміттенем қуыапен:
Шапағындай қызыл тым,	Тасқын жұтып қоймаса.
Арманымды төседім.	Арман өлмей, жоқ күмән,
Ұшқан ұям – орнында,	Пендемін ғой, айыбым.
Кеттім алыс, жырақтап.	Көзім алды көк тұман,
Жүрегіме, жаныма	Кімнен күтем қайырым.
Үміт деген шырақты ап.	Тарғыл, тарғыл,
Жеткізбеген жол шеті,	Тарғыл тас
Мың сүріндім, құладым.	Табанымды қариды.
Дүниенің бөлшегі	Аялайды – көзде жас
Тас кескендей шыдадым.	Анашымның әлдиін.
Күн айналып. Түн келер.	Ернін керген езу – күн
Түксие ме төге мұң.	Еліре ме желменен?!
Аспандағы денеден	Жоқты іздеп, кезуден,
Арманымды енемін.	Кесір таптым көлденең.
Кете ме, - деп әл дәрмен,	Көк Аспан мен Қара жер
Шыңырауға шын ауса.	Қауышса егер не дейді:
Жеткей, - деп ем, жан-кемем,	Бақыт деген - қара тер
Тауға жетіп құлауға.	Қазаныңды жебейді.
Қанатымды жайып мен,	

Поэзиясында өз суреткерлігімен елді ойланта келген ақынның бірі – **Дүйсенбек Қанатбаев**. Соған орай өзі де «Жазушы» баспасынан шыққан жыр жинағын «Арыстардың мен де бір жалғасымын» атты өлеңі ерекше мәнге ие. Қай тақырыпқа барса да, өзінің шама-шарқында дес бермейтін ақынға оң-солы бірдей екендігін тағы бір танытқан сияқты. Онда қазіргі заман шындығының ащы-тұщы жайлары түгел қамтылған деуге әбден

болады. Оның өлеңдерінің ішінен «Қош поэзия» деген өлеңінен үзінді келтірейік.

*Маған сенбе, өлеңім, өзіңе сен.  
Уақыттың төзе біл тезіне сен.  
Еміренсең - елім деп еміреніп,  
Еңіресең - елім деп еңіре сен.  
Еленбедім деп қазір елеңдеме.  
Еленесің. Болсын тек Елің есен –*

деген ақынның поэзиямен қоштассамын деуі көңілге қонбайды.

**Бауыржан Жақып** «Жазушыдан» шыққан жыр жинағының атын «Уақыт ұршығы» деп атаған. Қалай дегенде де ақынның суреткерлігі мол. Мысал үшін «Бұлтты жұбату» деген өлеңінен екі шумақ алайық.

*Осқандай-ақ әлдекімсемсерменен,  
Ойбай салған дауыстан теңселді әлем.  
Жай қамшымен сұр аспан тартып қалып  
Бұлт иегі бұлтиып кемсеңдеген.  
Мөлдірлікті қаншама құйса да анық.  
Құтылмады-ауқамшыдан бишара бұлт.  
Арудай-ақ ұрып ап қатал аспан,  
Сұрамайды кешірім ишара зып.*

Бұл табиғат құбылысы және нақтылай айтсақ, найзағайдан таяқ жеген бұлттың суреті.

Немесе **Кәбір Ғабдуллиннің** «Астана» баспасынан шыққан «Алтын мүйіз ақ құлжа» атты жинағын алайық. Кітаптың аты осы аттас дастанымен берілген екен. Ақын, жалпы жырмен онша шұғылданбағандай. Біреулерге қиналып келетін өлең жолдары бұл ақынға оп-оңай төгіле салатын сияқты. Ойы да, тойы да қоса қабатталып жатқан бұл ақынның екпінінің де саябыр тауып кететін жерлері де аз емес.

Бүгінгі күнде оқырмандарға өзінің жырын ұсынып жүрген ақынның бірі – **Мұратбек Оспанов**. Ақынның шығармашылығы азаматтық лирикадан тұрады. Бұл ретте тәуелсіз жас мемлекетіміздің түйткілді мәселелері сөз болады. Оның «Сандықтас», «Сүмбіле», «Дүние дидар», «Жырұйық» атты жыр жинақтары ақынның қоғамдық шаруаға деген қағылездігі, заман ауысқанда адамның жан-жүйесіндегі өзгерістерді тамыршыдай тап басып, жыр тіліне аударудағы ысылған шеберлігі қызықтырады, жастық жігері сүйсінтеді.

*Кірпігінашып тырысқан шыңның,  
Уыздай таңда уыстап күлдім.  
Тыртығын жамап трактор жыртықан,  
Тың далам жатыр тыныстап, шіркін!*

Бұл шумақта Тәуелсіздіктің шуағына шомылумен бірге кешегі кеңестік дәуірдің келеңсіздігі де қамтылған.

Мұратбек Оспанов жан-жақты толысқан ақын. Еліне деген махаббат сезімі таңғы шықтай таза, тұнық тұмадай мөлдір. Ендеше:

*...Өлеңім жүрегіңе жетер бәлкім,*

**Өткізсең көңіліңнің кеденінен!** – деп өзі жазғанындай, «Жырұйық» жинағын көңіл «кеденінен» өткізіп, «Тәуелсіз елінің кеңістігін Асан қайғыдай кезіп, жыр ұйығын табатындығына сенеміз.

### Өлең деген

Білесіндер, менің сырлас достарым,  
Өмір өтіп бара жатыр қас-қағым.  
Өлең деген жалғыз түйір дән едім,  
Қауызымды енді жара бастадым.  
Күннен жылу, жерден ылғал алдым да,  
Қан жүгірді тарам-тарам тамырға.  
Айналамды ырысыммен асырап,  
Айналармын көкорайлы шалғынға.  
Қарамай-ақ, жалаңаяқ күніме,  
Жалғанамын бұлбұл құстың тіліне.  
Тірегім мың сендер қоршап тұрғанда,  
Жүрегімнің бойласандар түбіне.  
Ат басындай алтын да бар, маржан бар,  
Жайым жоқ қой жайдақ тартып арзандар.  
Сара жол бар соқпағында санамның,  
Салып кеткен ұлы Абай мен Мағжандар.  
Төрт құбылам теңелгендей бүгін де,  
Құлақ түрем поэзия – дүбірге.  
Қадыр менен Тұманбай жүр жанымда,  
Фариза мен Жәркен де бар үнімде.  
Отыз өтті ойын-тойды қуалап,  
Қырық келіп қысып жатыр сұрақ ап.  
Ойларымның күзетіп тұр есігін,  
Ұлықбек пен есенғали тұра қап.

Өзінің әдемі ой-өрнегімен поэзиямызға үзбей ат салысып келе жатқан ақынымыздың бірі – **Төрегелді Тұяқбаев**. Бұл ақынның «Астана» баспасынан «Сүймегендер сағынбайды» деген жинағын айтуымызға болады. Сол жыр жинағынан «Күзгі көрініс» атты өлеңінен үзінді келтірейік.

*Ауада дымқыл сыз бардай,  
Түсердей аспан бір аунап.  
Сабақтан қайтқан қыздардай  
Тырналар қайтты тыраулап.  
Томсарып тұрған салқын бақ,  
Егілді-ай келіп егілді!  
Жапырақ біткен жалтылдап,  
Көз жасы болып төгілді.*

Қандай жарасымды! Енді осы жерде тағы да бір ақынның шығармасына тоқталып өтсек. Ол – Жәркен Бөдешұлының «Бөрінің асығы» атты жинағы. Адал жанды ақынның бір құрсаудан бір құрсауға түскен азабында өзінің атамекен аруағы жебеп, қаншама жыр жазса да өзін үнемі қабыршақ мұздың үстінде жүргендей болады. Қай кезде де балапан жүрегінің қанатын

қаққыштап, көңіл күрсінісіне ем іздегендей жыр жолдары алдымыздан қайта-қайта мен-мұңдалап шығып отырады. Дәл біз айтқан жоғарғыдай табиғаттағы бірегей ақын екендігінде сөз жоқ. Өзінің жеке тағдырына жазылған «Өксік» жырындай аласұрған алапат жәй поэзиясының өн бойына еркінен тыс сіңіп кеткендей. Ендеше оның жыр жолдарына жүгінейік.

*Мұхиттай тулап толқыдым.  
Жарасын жанның елемей.  
Тағдырдың кешкен толқынын  
Жүрегім жүрдек кемедей.  
Шегінбей артқа мен енді,  
Белімді қойдым тас буып.  
Абайлап келем кемемді,  
Алмайын деп те тасқа ұрып.  
Ойланам ауыр жүгіме.  
Шындықты айтпай не етермін.  
Түлейдің түнек түбіне  
Бір күні шөгіп кетермін.  
Етіме балық таласар,  
Түнекті жүрген мекендеп.  
Тебіреніп еске ала сал,  
Тереңдеп кеткен екен деп.*

Осы екі өлеңнен-ақ ақынның қай биікте тұрғанын және жанын қандай сақтық жайлап алғанын сезінбейтін оқырман болмас.

Өзінің жырларынан батылдығы мен парасаты қатар өрілетін екі ақынның жыр жинақтарына келейік. Оның бірі Ертай Ашықбаевтың «Нақыштар мектебі», екіншісі Ғалым Жайлыбайдың «Қаршығымдағы қара өлең» атты жинақтары. Осы екі ақынның жырларынан біздің қазақ халқының өнеріне келген, оның ішінде әдебиетімізге, қала берді поэзиямыздың төріне ұмтылған парасаттылықтың батыл да бекем ойлы белесіне тап боласың. Ертай Ашықбаевтың «Өлең» деген жыры.

*Хан Абылай біз емеспіз түйе баққан құла түзде –  
Құла түзде шөппен, гүлмен,  
Таумен, таспен достаспадық.  
Ақы беріп білім алдық.  
Ақша беріп көш бастадық.  
Көш бастадық.  
Қыр басында алқа-салқа көш келеді,  
Жоқ ішінде Бұқар жырау –  
Автомобиль бос келеді. – дейді ақын.*

Бұл жинақта қазақ халқының ішкі-сыртқы трагедиясының бәрі толық камтылған деуге әбден болады. Былай алып қарағанда айтар жырдың ағыны үстемелеп жатқандай әсер тастайды. Ал ол құр үстемелеу болса, одан ештеңе де ұқпаған болар едік. Бірақ бұл жерде іштегі өкініш пен күйініш, сырттағы ұсқынымызбен ұласып, кешегі қасіретті де қағылездік өмірімізді өзінше өрнектеп берген. Ал бүгінгі ішкі күйзелісті де жан дүниесіндегі қыжылмен

қуаттандыра отырып, байсалды қалыпта жырлайды. Бұл ақында қазымырлық жоқ, қанаттандыру бар. Кектену жоқ, келеге келтіретін даралық жолы бар. Әр-бірден соң ақынның ешкімге ұқсамайтын батылдық әрекетінің соны соқпағы жатыр. Бұл мінез бүгінгі таңдағы байсалдылыққа бет бұрғызған қасиет деп білсек жарасар.

Ақын Ғалым Жайлыбайдың «Қарашығымдағы қара өлең» жинағына келер болсақ, мұндағы байсалдылық біз ойламаған тұстан өзінің қанатын жаяды. Бір ғажабы мақтан даңғазадан іргесін аулақ салып жырлауы. -алым ақында бүкіл қасіретінді де, қуанышыңды да асығып, аптықпай ақырын ғана өрнектеп, саналық өрене өріс ашқандай жеткізетін тәсіл бар. Барынша нақты айтуға, жинақы айтуға тырысатындығы ғажап. Және әрбір өлең шумақтарының өзінің арқалаған жүгін ақтап шығатындығы сонша, емі-еркін жекелеп ала беруге болатындығы. Ал тұтастай оқығанда бір-біріне жымдасыпкеткен шумақтар ақын межелеген жырдың күдері жалын көтеріп шығатыны тағы бар. Міне солардан бір үзінді мысал келтірейік.

*..Жаны асыл мұрам,  
дара шұғылам.  
Арымның арын аршыдым.  
Қара өлеңімнің қарашығынан  
Ыршып бір кеткен тамшымын...  
Немесе  
.. Жалғанда жалғыз келемін,  
Жанымда жарық жалқындар.  
Су емес ақын дегенің -  
Сүмбіле туса салқындар...*

Осы шумақтардағы соны теңеулер кімді болса да тебіrentпей қоймас және байсалды да парасатты жырдың маңызындай орнықты ойлар өз өресінен шыққан.

Сонымен бірге бүгінгі күнде жас ақындардың да шығармашылығына көңіл бөлсек. Қазіргі жас ақындарды ынталандыруға ықылас та ұшар кеңістік те көп. Компьютердің арқасындатопан судай жайлаған толассыз басылымдар да толымды шығармаға зар. Кезінде жазғаныңды жақындатуға жасқанатын «Қазақ әдебиеті» газетінің «Жас қалам» қосымшасы арқылы да жастар үшін жиі көрінуге мүмкіндік бар. Олардың жыр мүшәйралары «Шабьт» фестивалі, «Жас ақындар антологиясы» басқа да мүмкіншіліктер арқылы кейінгі жастар алдыңғыларға қарағанда көп кеңшілікке ие. Мұндай қошемет жастарды өсіре ме, өшіре ме, ол жағы ертеңгінің еншісінде.

Сол жас ақындардың бірі – Анар Шамшадинованың «Жоқсың сен...» жыр жинағы. Бас жағы босаңдау басталған бұл кітапты оқыған сайын бірте-бірте жанды суреттерге көзің түсіп, жаның ризашылық табады. Мысалы, «Жапырақтар өліп жаты қабірсіз», «Кілттеніп ап отырам ойларыммен» немесе:

*...Өлеңімнің әр жолы әрбір жақтан  
Тауып жатыр бір-бірін өздері кеп... -*

дейді. Кітаптың әр жерінен осындай сәтті жыр жолдары оқырманын елең еткізгенімен көлемі он үш баспа табақ шығарма үшін оның аздығы да байқалады. Техникалық жағына келсек, «қалыпты» деген сөзге «ардақтым» дегенді, «мидай ғаламға»«сиған қалай» деген тіркестерді ұйқастырған ішінара кемшіліктер аңдаусыздан кеткен болуы мүмкін. Өлең техникасын ойдағыдай меңгерген Анардың бұл жыр жинағы көркемдік жағынан да сапалы шығармалармен жалғасын табатындығын аңғартты.

Енді Алмас Темірбайдың «Аллажар» жыр жинағына тоқталсақ, әу баста жырларынан аңғаратынымыз да – кітаптың атына сай бір Аллаға деген сенімі мен құлшылығы. Оны құран хадистерінің шағын өлеңге айналдырған жыр жолдары да дәлелдейді. Жырды шарифатпен жазу Әбубәкір Кердері, Шәкәрім тағы басқа да ақындарымыздан жалғасқан дәстүр. Бұрын да жыр мүшәйралары мен баспасөз беттерінен жалт етіп көрініп жүрген оның:

*...Өлеңдерің жүрекке жас үйілер*

*Өзегінен өмір исі бұрқырап,* - деген суретті жыр жолдарынан кейін.

*...Арам шөптер арасында күн кешкен*

*Сортаң жердің соры қалың шөбі едің,* - деген жолдарды оқығанда философиялық таразылаудың тағы бір олқы тұсын аңғарасың. Мұнда қажетсіздеу өсімдіктер бізге арам шөп болып көрінгенімен, қанша қаптаса да өзінің текті топырағында тыныш өсуге мүмкіндік ала алмай, сонда да тірлікті оттегімен жарылқап жатқандығы ескерілмейді. Мүмкін ол қарсылықтар заңдылығына сәйкес болашақ поэзияның көтерер тақырыбы болар. Сол сияқты аллитерацияға құрылып, кілең «Қ» әрпінен басталған Кенесары жайлы ассонансқа құрылып, кілең «А» әрпінен басталған Махамбет жайлы жырлары да өзіндік құрылымдық ізденістен туған.

Десек те:

*...Қытшақ, Керей, Арғын да,*

*Қозған, Найман, Уақ та,*

*Қабақ, Шекті, Табын да,*

*Қоқпақ, Жаппас, Дулат та,* - деген шумақтардың ұйқастары дыбыстық жағынан әлсіреп тұрғандығын ескеру керек. Жалпы А.Темірбай кейінгі толқынның бел ортасындағы ысылған ақын.

Бүгінгі күнде жас ақындарымыздың шығармашылығында да талай ұйқасты сөздерді байқауға болады. Мәселен, Айдос Имантаевтың :

*«Тонына жырдың оранған*

*Тоңбайды жүрек тек қана»,* -

сияқты Ұлан Сағадиевтың:

*«Шіркін мен де есейген соң ақын боп*

*Ажар берем мына өмірдің түсіне»,* -

сияқты Бақытжан Байболовтың:

*«Өзге қойға телімесе қозыны*

*Асыраймын жырдың сауған сүтімен»,* - сияқты өлең жолдарындағы кейбір жалт еткен тұстары ғана болмаса, жастардың кітап шығаруға көбірек дайындық, ізденістерімен келгені абзал еді.

Өзбекстан Жазушылар одағының мүшесі, «Қазақ әдебиеті» газеті мен Алматыдағы халықаралық айтыстардың жүлдегері - **Мекембай Омарұлы** поэзия жанрында да қалам тартқан ерекше тұлғалардың бірі. Поэзия - ақынның жан сыры. өмір жыры болып табылады. Поэзияны ақынның қай дәрежедегі арыны, дарынын өлең жолдарына құйып, сыртқа шығаратын жан тебіреністері деп ойлаймын. Жыр – сапырылысқан сезімдермен іліп тҮсер ұшқыр ойлардың да ұшқыны.

Мекембай ақынның «Махаббат» атты бұл жинағына Отан, адамгершілік, махаббат жайында шынайы сыр толғайтын және балалар өмірін жүрегімен көре білетін өлеңдері енген. «Ойы бардың - оты бар» дейді халық мәтелі. Сол айтпақшы, өлеңге де мінез керек. Ал, қан тамырыңды шарпып, от өткендей ете білетін мінезді жырлар ақынның өлеңдерінде мол кездеседі. Ақынның «Түркістан» поэмасы мен «Маржан», «Төле би толғауы», «Беташар термесі» атты өлеңдері бар. Солардың бірі ретінде «Қоғалы көл», «Қылтанақ», «Меннің Отаным», «Бостандық Қаңтар», «Ақындар», «Біздің ел» сияқты жырларындағы бір ерекшелік сол - мұнда азаттық тұлға тұтас көрінеді.

Айтқандай бір шүкіршілік,  
Күн де бүгін аса қызды.  
Пияз кесем, сүті шығып,  
Көздерінен жас ағызды.  
Сөзімді кім құптар екен?  
Ташкент деген - құт-берекем.  
Біздің елдің сиыр түгіл,  
Пиязында да сүт бар екен.

Бұл жолдар ақынның «Біздің ел», деп аталатын өлеңінен. Осы сегіз жолдың өзінен айтайын деген жақсы ойын Мекембай Омарұлы ақындық сезімтал жүрегімен жеткізіп отыр.

«Түркістан» атты поэмасында ақын:

Тілек пен жүректегі сан армансың,  
Содан ба, сен киелі саналғансың.  
Бішкексің, Бұхарасың, Самарқансың.  
Ұл-қызың асқақ арман жетелеген.  
Қазығұрт, Қараспанмен сарыарқамысың.  
Тұрса да күтіп өзін алдан үш сын,  
Аспаныңда қаоықтап арман ұшсын.  
Әйтеуір тегін Отан емессің сен,  
Манассың, Қобыланды, Алпамыссың.  
Күн деген көңілге нұр құя тұрсын.  
Сен Қанқамсың, Отырар, Қиятымсың.  
Арымсың, Ожданымсың жүректегі.  
Жүзімдегі иба мен ұятымсың.  
Гүл - тағдырың айналған дерексізге.  
Ұлы десе, ұлы-ақ ел ек біз де.  
Ананың жүрегіндей бөлінбейтін.

Бір Түркістан бәрібір керек бізге, - дегенді айтады. Тарихтың, қоғамның алдындағы үлкен жауапкершілікті сезінген көзі қырағы, жүрегі нәзік ақын ғана осындай поэтикалық қорытынды жасай білсе керек.

Он сегіз мың ғаламның ішінен бөліп алып, туған жердің суретін салу - төрт тұяғы болаттай дүлдүл жүрісті ақындардың ғана қолынан келеді. «Қараманас» деген өлеңінде:

Қызығар-ай,  
Қызыл арай дала суып,  
Жұдырыққа бет алды бала суыт.  
Қараманас.  
Қарасы батпас білем,

Бетті қарып барады қара суық, - деген жолдар – жүйрік көңілдің шалқып кетіп барып, әдемі сурет болып көрініс тапқаны.

Ақынның шабыты шалқыса, айтпайтын және айтылмайтын сыры қала ма? Туған жерді тіліне тиек етпеген ақын ақын ба? «Шәукеншек. Ақпан» өлеңінде өзінше және өзгеше де ой айта біліпті:

Мүлгіп тұр Сіңлім бабам бір шуақты,  
Ақ адал іс қылған жер.  
Дүниені оятып жүр сияқты  
Желкеден ысқырған жел.

Сергек сезімділік, тапқырлық және байқағыштықпен өмірлік өлең жазу деген, сірә, осы болса керек.

Бәрінің жабыла жазып жүргені - өмір, өмір шындығы. Ал, Мекембай ақын сол өмір туралы не деп тебіренеді?

Көктемімдей көк жұлын өңірге мен  
Келгелі көп сүрінді көңіл - дөнен.  
Қайтып қана, айтсаңшы, көңілденем?  
Күшік күйеу болып та қап кететін  
Қайын жұртым емес қой өмір деген.

Жалтақсыз шындықты айту дегеніміз – осы. Көңілге көп түйгені болмаса, ақын бұлай деп сірә да айтпаған болар еді.

Ақынның «Махаббат» деген өлеңі бар. Бұл жыр азды-кемді ұйқасқан сөздердің тіркесі емес, Мекембай туындыларының озық үлгісі сияқты:

Өмір деген шырын ғой бал жақпай да,  
Бірлігі мен тірлігі бар жақ қайда?  
Қу шаштық ағарғаны түк те емес,  
Басында биік таудың қар жаппай ма?

Өмір деген ұлы дүниенің тамырының соғуын – жан лүпілін кейде тамыршыдай тап баса білетін ақында:

Өнеріме қол соғып, күліп елі,  
Қуантқан тәңірімнің күні мені.  
Ақынға айта алмайтын жылы бір сөз,

Досым-ау, дүниенің құны ма еді? – дейтін жолдардың да барлығын айта кетсек, теріс болмас.

Ендеше, Мекембай Омарұлының «Махаббат» жинағы бүгінгі өскелең поэзиямызға өзіндік жаңа өрнегімен қосылған дүние деп білеміз. Ақынның өлеңдерінде шынар жайы да тілге тиек болар екен. Халық ұғымында шынар – биіктік пен адалдықтың белгісі. Дәмді сөз бен әсем әуен, азаматтық үн, ырғақ – бәрі ақынның жырларында өз жарасымын тапқан. Ақынның 1996 жылы жазылған мына бір өлеңіне көңіл аударалық:

### Менің Отаным

Ташкент – текті-түпті жер, Қызылнұра – іні тау.  
Қамысы да түкті жер. Еңке бабам ізі бар  
Дәуірі мен сәуірі, Ақ тастай қайда ұлы тау?!  
Гәуілі де мықты жер. Ақсақ, Бозсу – сайлы өзен,  
Ата-бабам туған соң, Шақ-шақ Шыршық – жайлы өзен.  
Қайда мұнда құтты жер?! Сақ-сақ Саңырау – сайлы өзен.  
Әбілқасқа - тірі тау, Жанында қалқам жүрген соң,  
Көкқия- жаны сірі тау. Қарасудай қайда өзен?!  
Ал Бесіктау – ірі тау,

Мұнда ақын өзінің туып-өскен жері туралы айта келіп, ол өзендер мен тауларды жырлаған.

Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығына арналып, Алматыда өткен ақындар мүшәйрасының жүлдегері - **Мұрат Бекей**.

Қашан да зұлымдықпен бетпе-бет келіп жататын, түнектен де нұр іздейтін, бойынан ізгілікті Тургеневтің торғайынша қорғайтын тосын күш таба алатын ұлы мейірімнің қайнар көзі – Поэзия. «Адам жаны» деп аталатын құдіретті симфонияның сиқырлы әуеніндей боп естілетін осынау сөзде ақындықтың ақсақ мұраты жатыр. Осы ақсақ мұратқа жетуде сұлулықты сезінудің орны мүлде бөлек.

Сұлулыққа табыну...Мұрат жырларын оқығанда, ақынның бүкін талпынысының негізінде осы қасиет жататыны аңғарылады. Ол тектен-текке алғашқы жинағын «Сұлулық сыры» деп атамаған. Бұл жинақ жайлы «алғашқы» деген сөзді айтудың өзінде де шарттылық бар сияқты.

*Әуенімен арманның сазын аңғар,  
Әз-ағаға інілік базынам бар:  
Қап кетпесін қапыда қалтарыста  
Жан нұрынан жинаған қазынамды ал.*

Газеттерде көрінген алғашқы топтама өлеңдерінде алдыңғы толқын ағаларға назын айта, базына айта келген Мұрат ақынның мұнысы - өмір бойы өзі үшін өлең жазып, белгілі бір кезеңге жеткенде, жазған дүниелерін жұрт көзінен жасырудың қиянат екендігін сезінген ақынды шырт ұйқыдан шымшып оятқан серпіліс секілді. Ақынның «Арман сапары», «Найман ана», «Абай - Мұхтар» атты поэмалары мен «Жыр әлемі», «Армандарым бар», «Туған жерге күз келді», «Өмірде қаншама сырлы із бар», «Төлеген Айбергенвты еске алу», «Сұлулық», «Сүйем сені поэзия», «Әнді сүйсең менше сүй», «Қайран өлең», «Жаңа таң», «Жастық шаққа барайық» сияқты өлеңдері бар. Солардың бірі – «Армандарым бар» атты өлеңі.

Көлдерге қанат көктемде жайғанда қулар,  
Махаббат әнін шалқыта салғанда арулар,  
Кірпіктеріне ілініп қалғанда мұндар,  
Күйініш пенен сүйініш, бал үміттерден,  
Сағыныштардан – мен мәңгі табынып келген,  
От сезімдерден тұратын армандарым бар.

Үкілі басын паң ырғап тұрады шындар,  
Құлағын содан кеудемде нұр-ағысым бар.  
Сұлу сезімдер жанымда сыланысыңдар –  
Ізгілік күйі тартылып жырымда мәңгі  
Сүйетін бәрін жақсыға ырымдағанды  
Армандарымның серігі-қуанышым бар.

Нұр алып содан бақтарым ашты гүлін бар,  
Еркелететін гүлдерін шатты үнім бар.  
Сағыныштарым, кеудемнен ақтарылыңдар, -  
Аруларымның аяулы махаббаттарын,  
Аялай-тұғын менде ұлы шапағат барын  
Әйгілер айдай әлемге отты жырым бар.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Қазақ поэзиясының бүгінгі таңдағы орны дегенде нені түсінесің?
2. Бүгінгі тақырыпта жазылған қандай поэзиялық туындыларды білесің?
3. Тәуелсіздік жылдардағы ақындар шығармашылығының қандай өзіндік ерекшелігі бар?
4. Оразақын Асқардың қандай поэзиялық туындыларын білесің, мысалдар келтір.
5. Ақұштап Бақтыгереева поэзиясының тақырыбы мен идеясы.
6. Фариза Оңғарсынова поэзиясының өзіндік ерекшелігі неде?
7. Марфуға Айтхожина шуғармаларының тақырыбы мен идеясы.
8. Есенғали Раушанов өлеңдеріндегі кейіптеу мәселесі.
9. Мұратбек Оспановтың «Жырұйық» атты жинағының мазмұны мен мәні неде? Өлеңдерінен мысалдар келтір.
10. Бүгінгі күндегі халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы жазылған қандай поэзиялық туындыларды білесің?
11. Соңғы уақытта жарияланған поэзиялық жинақтарды атап бер.

### **Қазіргі қазақ поэмасындағы жанр, түр ізденістер және басты мәселелер**

#### **Жоспар**

1. Поэма туралы түсінік.
2. Поэманың жанрлық, түр, форма жағынан баюы.

3. Қазіргі қазақ поэмасындағы тақырыптық, идеялық-көркемдік құбылыстар.
4. Қазіргі қазақ поэмасының әдеби процестен алатын орны.
5. Қорытынды.

Тірек сөздер: Философиялық поэма, публицистикалық поэма, лирикалық поэма, сюжетсіз поэмалар, эпикалық поэмалардың азаюы, ертегілік, фантастикалық, аңыздық сюжеттер, эпистолярлық поэма. М.Шаханов, О.Сүлейменов, Ф.Оңғарсынова поэмалары, стиль, ізденістер.

Бүгінгі өркен жайып, қарышты қадаммен алға басып келе жатқан қазақ әдебиетінің іргелі жанрының бірі – поэма. Соңғы кездерде жарық көрген поэмаларға тұтастай шола қарасақ, олардағы басты тенденция - өз замандастарымыздың қазіргі өмірінің эпикалық көркем шежіресін жасау екендігін көру қиын емес. Бұларға бүгінгі замандас өмірін уақыт талабына сай суреттеген Ғ.Қайырбековтың, Т.Бердияровтың, Қ.Мырзалиевтың т.б. поэмалары толық дәлел бола алады.

Қазіргі замандас туралы жазылған қазақ поэмасының бірі – ақын **Мұхтар Шахановтың** «Танакөз» поэмасы., оның басты идеялық түйіні – адамдар арасындағы достық сезімді ардақтау, құрметтеу проблемасы. Ақынның бұл шығармасын бір сөзбен достық, махаббат туралы асқақ жыр деуімізге болады. Поэманың алғашқы жолынан соңғы нүктесіне дейінгі барлық көркемдік компоненттері біздің дәуір адамдарының бойын биікке көтеріп келе жатқан достық атты қасиетті сезімнің күш-қуатын танытуға бағытталғаны көрініп тұр.

«Танакөз» поэмасында ақын шағын шегініспен жас кейіпкерлер әкелерінің кешегі II дүниежүзілік соғыстың дауылды жылдарындағы қасиетті ұлы достығын тебірене толғайды. Сол әкелер достығын лайықты түрде жалғастырушы екі жастың – лирикалық кейіпкер мен Мұраттың достығы поэмада бастан аяқ әдемі де әсерлі бейнеленген. Майдан жылдары қан қақсап, жесір қалған аналардың екі баланы егіз қозыдай етіп әлпештеп тәрбиелеуі де өмір шындығын танытады.

Адам тіршілігінде достыққа, ынтымаққа кедергі де, сын да көп. Сол ауыр сындардан, қатерлі өткелдерден сүрінбей өткендер, адамгершілігі мықтылар ғана достық атты қасиетті сезімге дақ түсірмеуге тиіс. М.Шаханов поэмасының кейіпкерлері де өмірдегі сол қатал сындарға мойымай, майыспай төтеп беріп отырады. Әсіресе, шығармадағы лирикалық кейіпкер мен Мұрат арасындағы сезім қақтығыстары өте нәзік бейнеленген. Қайғылы апатқа ұшырап мүгедек болып қалған Мұрат пен Танакөздің табысуы, достарының аса қиын сәттерінде ұшып жеткен лирикалық кейіпкердің үлкен адамгершілігі поэмада әрі қарапайым, әрі суретті жолдармен келісті өрнектелген. Ақын кейіпкерлерін өмірдегідей шынайы қалыпта көрсетуге ұмтылады. Поэманың құнын көтеріп тұрған жағдай – жастар өмірінен алып, шын мәніндегі адамгершіліктің нәтижесінде тууы мүмкін сыйластықты өнеге етуі. Автор еш бүкпесіз ағынан жарыла сыр шертумен бірге, төтеннен,

күтпеген жерден қисынды детальдар енгізіп отырады. Мәселен, Мұраттың аяғы сынып, мүшкіл халде болады деп ешкім ойлай қоймайды. Бірақ мұны кірістіргеннен автор ұтылмаған, қайта жігіт жігерінің қандай қиындық үстінде де мұқалмайтынын дәлелдейтін фактор ретінде көрінеді.

Лирикалық геройдың іштей Танакөзге деген қызғанышы болуға тиіс: ол да арманшыл жас. Дегенмен, көзіне оттай басылатын сол қыздың өз досы – Мұратқа жар болғанына қуануы – жарасымды. Басқа біреу Мұраттың әлгіндей аянышты күйін, алғашқы әйелімен сәнді тұрмыс құра алмай, қайын енесі үйіне алып кеткен келіншегінен кейінгі тіршілігін мүсіркеуі әбден мүмкін. Бұл арада өзінің қара басыңның қамынан шын досыңның қамын ілгері қой деген идеяны ұсынады ақын. Поэма осынысымен және мұны сендіре өрнектеуімен қымбат. Поэманың соңғы жағында:

Сендер өшпей жаныңдаршы,

Сендер бақыт табыңдаршы.

Онсыз өмір мәнді ме?

Екеуіңнен бұл бақытты егер титтей қызғансам,

Соқыр болып қалсын көзім мәңгіге , - деген жолдар бар.

Мұның жадағай ұран еместігі түсінікті. Бұл шын махаббатын енді тапқан достарға айтылған риясыз тілек.

Шығарманың лирикалық қаһарманы Мұрат, Танакөз – қазіргі жас ұрпақты үлкен адамгершілікке, адамдыққа қанаттандырып, биіктететін берік достыққа баулитын өнегелі кейіпкерлер

Ақынның бұл поэмасында аталған ұнамды кейіпкерлермен қатар, арамызда ұшырап тұратын ойы жеңілтек, көңілі тар, мейірімсіз, тілі ащы, тамыр-таныстықты сағалап күн кешетін Зеркүлдің шешесі сияқтыларды өте батыл әшкерелеген. Абзал қасиетті, асыл мінезді замандастарымызға кедергі болып, кесірін тигізетін ондай жексұрын пенделерді автор жеңіл юмормен қатты әжуалап отырады.

**«Сейхұндария» поэмасында** автор бұрынғы ұстанған концепциясын одан әрі тереңдете түскен. Поэманың негізгі идеясы – таза махаббатты шынайы сүйіспеншілікті мадақтау. Шығарма желісі аңызға құрылғанымен, біздің заманымызға сабақтастырыла, бүгінгі күн биігінен бағалануға лайық туынды.

Ақжәми – қай тұрғыдан алғанда да сұлу, өзінің сүйгені Гауһарайға деген сезімі әрі нәзік, әрі мөп-мөлдір; патриоттық бейнесіне риза боласың. Тегінде, жігіттің жар сүйе білуі мен ел үшін қам жеп, жақсылық жасауға жанын салатын қасиеттерін өзара салыстырғанда, қайсысының басым екенін айыру оңайға соқпайды. Шынында, батылдық пен батырлық дегеніңіз Гауһарайға деген ыстық сезімнен туып жатыр.

Шөл далада тіршілік етіп жатқан Гауһарайдың ата-анасын, ауыл-аймағын ауыз сумен ғана емес, дариямен қамтамасыз етуі жігіттің қызға өмірлік серік болу жайындағы арманының негізгі себебі емес. Істің әділіне барсақ, бұл әлгі кіршіксіз сезімнің салдары, нәтижесі. Осы жағымен Ақжәмидің тұлғасы еңселі тартып, биіктей береді. Ақжәмидің Гауһарайға қосылмаса да, мұндай жаны ашырлық, әрі ердің ерлігін танытарлық қимыл

көрсететіне шүбәңіз қалмайды. Шындығында да солай болады: поэма тамамдалғанда екі жас бір бірімен қол ұстасып, бақытқа кенеле қойған жоқ. Соған қарамастан, Ақжәми нағыз жігіттік бейнесімен өзіне тартып отырады. Ақжәми өзінің жеке мүддесінен көпшіліктің мүддесін көп жоғары қоятын азамат. Ең бастысы – осындай асыл қасиеттерімен жаныңа жақын көрініп тұрады.

Гауһарай бейнесінде өткен заманда еңіреп өткен апа-сіңілілері түгілі, қазіргі өмірді арзан бағалап, келешегін жеңіл түсінетін аз да болса кейбір жастарға сабақ боларлық жайлар баршылық.

Бұл жайлы көп мұндаудың не орны бар.

Жандар да бар пәк сезімді қор қылар.

Махаббатты үйлену деп ойлайды,

Құдыреттің құнын білмес сорлылар,- дейді бірде ол. Жігіт алдындағы анты да оқырманды толғандырмай қоймайды:

Мейлі тілім ұғыспасын ғаламмен,

Тек сені аңсап сарғаярмын санаммен.

Мейлі, денем, отқа түссін, өртенсін.

Сені сүйген жүрекпенен қалам мен.

Бұдан артық жігіт сенер сөз табудың өзі қиын. Сондықтан да оның қызға құмарлығы арта түседі. Қолдан келер қайран жоқ. Бүйі ханның тырнағынан құтқару – Ақжәми сияқты қарапайым жігітке арман болып қана бұлдырайды.

Ақтық демің таусылғанша, құлама,

Құламасын біздер сенген мұнара.

Ең соңғы ауыр қоштасудың сәтінде

Жыламаймын,

Айнама, сен де жылама?

Ақжәми де, Гауһарай да – аңыздың ізімен алынған кейіпкерлер болғанымен, ертегілердегідей ерекше жандар емес, Демек, отқа күймейтін, суға батпайтын, қанат бітіп, қалаған сәтте ұша жөнелетін қаһармандар емес. Бұлар жер басып жүрген екі аяқты пенделер тәрізді. Қуана да, қорқа да біледі. Автор мұндай табиғилықты нанымды бере алған. Айталық, Гауһарайдың сүйген жігітімен сырласуы қай кездің жастарына да ортақ жай сияқты. Гауһарайды - қолынан ұшып кеткен бақытын- іздеуі де барынша шындығымен берілген. Бір ескерте кететін жай – дәл осы ретте Ақжәмидің Бүйі хан еліне сапарға аттанар кезеңін суреттеуде ақын поэзияның мол мүмкіндігін еркін пайдаланған. Жігіт жол үстінде, жат жұртта талай қауіп-қатерге ұшырауы мүмкін екенін алдын ала сезеді. Көп ойланып, көп толғануы сондықтан.

Оның Махаббатпен, Енжарлықпен, Өжеттікпен, Намыспен, Төзіммен, Күншілдікпен сұхбаттасып ақыл қосуы да орынды. Әлбетте, аттарына сай олардың не айтары да белгілі. Ақжәмидің алыс жолға шығуына, ең болмаса, сүйгенінің түрін көріп қайтуға құштар етіп, дем бергендер – махаббат, намыс, өжеттік, төзім.

Шаханов поэмаларында көсіле сөйлейді. Ұзынды-қысқалы өлеңдері мен балладаларында ұшырасып отыратын сан түрлі шумақтар аралас келіп отырады. Қайсыбір сыншылардың пікірлерінде бір шығарма (ол мейлі өлең болсын, баллада, толғау болсын, мейлі поэма болсын) басынан аяғына дейін бірдей ырғақ, бірыңғай ұйқаспен жазылуға тиіс деген ұғым ұшқын береді. Біздіңше, ондай шек қою әділдікке жатпайды. Әсіресе, поэмада кейіпкерлердің ойлауы мен сөйлеуінің әр алуандығын ескерсек, авторлық суреттеудегі кең серпілісті қажет ететін жағдайлар мен «ат басын тарта» сөйлеуге тура келетін реттерді ұғынсақ, буын саны мен жол санында алуандық бола беруін тек қуаттау керек. Міне, сырт болмысының өзімен-ақ Мұхтар көп ретте поэма жазу дәстүріндегі стандартты, канонды бұзып, оқиғаға орай әр қилылықты орнымен пайдаланып отырады.

Поэзия есігін алғаш қаққанда, Мұхтар Шаханов әлі ешкім бастамаған жол іздеуге өз ішінен ант етіп, мақсат ұстанды. Бұл күнде оның өз жолы бар. Оқырман қауым сол жолдың әлі де болса кеңі түсіп, ақынның алда талай татымды дүниелер беретініне сенім білдіреді.

Ақын Мұхтар Шахановтың «Нарынқұм трагедиясы»-шағын поэма. Ол шағын да болса, шымыр. Бас-аяғы жинақы, ешбір басы артық сөзі жоқ, жұп-жұмыр бұл туындыны поэзияда жарқ етіп көрінген жаңалық десе де болғандай. Өйткені, оның композициялық бітімінің өзі-назар аударарлықтай, соны. Поэмада екі бөлім бар. «Махамбеттің соңғы монологы» деп аталатын бірінші бөлімде бас кейіпкерді сөйлете отырып, автор сол кейіпкер сөзі арқылы-ақ оның көркемдік тұлғасын жете танытады. Ал, «Әке үкімі» атты екінші бөлім сол бірінші бөлімді заңды түрде толықтырып, бас кейіпкер тұлғасын биіктете түседі. Шағын штрихтармен-ақ қою сюжеттің шиеленіскен желісін тартудың шеберлігі де бар мұнда. Кейіпкер сөзі-поэманың да көркемдік бір компоненті дейтін болсақ, сол компонентті ұштай түсудің жақсы үлгісі бар осында. Автор кейіпкер сөзі арқылы оның бейнесін танытудың бар мүмкіндігін сарқа пайдалана отырып, өзінің үлкен дарын күшін жарқыратып жайып салады. Махамбет сияқты үлкен ақынның аузына сөз салып, оны өз шығармасында сөйлету қай суреткерге болмасын, оңай емес. Себебі, шығармадағы кейіпкер сөзі өмірде болған Махамбеттің өзі туралы айтқан өз толғауларындағы асыл сөздерінен кем түспеуі керек қой. Ал кем түссе, оның ешкімге де әсері болмас еді. Ал «Нарынқұм трагедиясындағы» Махамбеттің монологы оның өз шығармаларындағы әйгілі сөздермен терезесі тең түскендей. Бұл автордың көп ізденуінің, толғануының, дарын күшінің буырқануының мейірім қандыраарлықтай нәтижесі, жемісі. Сондықтан да монолог арқылы автор бас кейіпкер-Махамбеттің ұмытылмас көркем бейнесін сомдап берген. Поэмадағы Махамбет-өр, биік, ақылды, ел дегенде ет жүрегі елжірейтін азамат, сөздері мірдің оғындай өткір де мағыналы, аса мықты дүлдүл ақын. Поэмадағы Махамбет аузынан шығатын сөздер шетінен сап алтындай асыл, Өнегелі де шешен. Мәселен:

Батырлығы жоқ адамнан

Үлкен ақын шыққан емес ешқашан.

...Ақындықтың басты шарты-  
Басты алса да шындықты айту емес пе?  
...Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын

Оның тартар азабы да соншама,-

сияқты поэмадағы Махамбет сөздері нақыл, мәтел боларлық терең мағыналы сөздер. Поэмадағы екінші бір кейіпкер-халық өкілі-адал азаматтың сөздері де бас кейіпкер Махамбет сөздерінен кем түспейді.

М.Шаханов «Нарынкұм трагедиясында» асыл ер, абзал ақын Махамбетке деген бүкіл халық махаббатының күшін, құдіретін ұнамсыз кейіпкердің де күрделі өмірі, іс-қимылы арқылы сенімді түрде шебер бейнелеп берген. Өткен ғасырдағы халық өмірінің тарихи кезеңін оның тарихи ұлы перзентінің сом әдеби тұлғасы арқылы айқын суреттеп берген «Нарынкұм трагедиясы» поэмасы әрі жаңашыл туынды, әрі эпикалық поэзияның еңсесін көтере түскен көркемдік ірі жетістік.

Қазіргі эпикалық поэзиядағы халқымыздың соғысқа қарсы, бейбітшілік үшін күресіне арналған туындылардың елеулісі-ақын **Тоқаш Бердияровтың** «Есіктің алды көк терек» атты поэмасы. Ақын поэмасы лирико-публицистикалық сипатымен дараланатын шығармалардың санатына қосылады. Поэмадағы ақынның мұраты, тілегі, ойы, сезімі, халықтың рухани тіршілігімен тікелей қатысып, табиғи жарасым тауып үндесіп тұр. Бейбітшілікке үндеген қуатты пафос, жігерлі өлең шумақтары-шығарманың саяси идеялық мазмұнын салмақтандыра түскен.

Поэмада ақын кешегі өткен тарихқа да көз жүгіртіп, шолып өтеді. Гитлершіл фашистердің адамзатқа қарсы қанды қырғынын, Американың империализмінің Хиросимадағы жыртқыштық ойранын ашына еске алады. Қазіргі империалистердің ядролық, нейтрон қаруларына қарсы халықтың шексіз ашу-ызасын төге отырып, бейбітшілік үшін жан аямай күресуге шақырады. Ақын поэмасында аз сөзге көп мағына беруге ұмтылған. Ракеталарды тот бассын, даланың гүлдері жайқалып, көк теректер көбейіп, ну орман көкке өрлей өссін деп тебіренгендігі, ақынның асыл ойлары апанық. Ол – қарапайым, бірақ мағыналы, терең ой түйе отырып, халық, ел арманын табиғат суреттері арқылы әсем өрнектеу.

Жалпы, Тоқаш Бердияров поэзияда бар ескі сүрлеулерден бойын барынша аулақ ұстап, жырдың жаңа өрнектерін табуға еңбектенетін ақын. Осы поэмасында да ақынның өзіндік жаңа теңеу, эпитеттері бірден көзге жарқырап түсе кетеді. Мәселен, бүгінгі қанатты ракеталар-тоңмойын дүлей піл тектес, Хиросимаға түскен бомба-атомдық әліппе, нейтрон бомбасы- у сәуле, адамзатты мәңгілік арқалап жүрсе де, жер-ана шаршамас, деген сияқты т.б. метафора, теңеу, образды бейнелер ұлттық поэзиядағы Тоқаш Бердияров әкелген соны өрнектер.

«Есіктің алды көк терек» - қазіргі халық өмірінің көкейкесті мәселесін тебірене де төгіле толғаған поэма. Дүниежүзілік апатқа қарсы, бейбітшілік үшін күреске үндейтін жалынды пафоспен суарылған жігерлі шығарма. Ол поэзияның бүгінгі өмірмен тығыз бірлігін, өміршеңдігін, әлеуметтік тынысын, саяси актуалдығын дәлдейтін поэмалардың бірі.

Экология проблемасы-қазіргі адамзат қауымын қатты толғандырып отырған дүниежүзілік ірі проблемаға айналғаны баршаға аян. Айналадағы табиғатты анамыздай аялап, оны сақтау, қорғауға бар күш-жігерді жұмсап, қолда бар мүмкіндікті сарқа пайдалануға ұмтылу-біздің еліміздегі бүгінгі күннің түбегейлі міндеті болып отыр. Қазақстанды мекендейтін жұртты алаңдатып, күн тәртібінде шұғыл шешуін күтіп отырған күрделі де қиын проблемалар да аз емес. Атақты Арал теңізі, Балқаш көлі, Сырдарияның бүгінгі аянышты халі кім-кімнің де жүрегін сыздатып, қабырғасына қатты батып отырғаны аян. Міне, осындай табиғат пен адам арасындағы проблемалық қайшылықтарға айрықша назар аударып отырған ақындар өздерінің үлкенді-кішілі шығармаларында азаматтық позициясын жақсы танытып келеді. Бүгінгі таңдағы халық өміріндегі өзекжарды, аса маңызды мәселені толғаған қазіргі қазақ поэмаларының көрнектісі де көріктісі- ақын **Қадыр Мырзалиевтың «Қызыл кітап»** поэмасы.

Немқұрайды қарау ма, әлде тоғышарлық, тайыздық па,-себебі көп, әйтеуір, әр түрлі жағдай, әрқилы әрекеттердің салдарынан айналадағы табиғат әлемінің шеккен зардабы ұшан-теңіз. Міне, сол ащы шындықты ақын Қ.Мырзалиев поэмасында әрі нақтылы, әрі жинақтай топшылай отырып толғайды.

Хайуанатқа жасаған қиянатың-  
Бауырыңа жасаған опасыздық!-  
деп ашына тебіренеді ақын.

Бәрі-бәрі олардың қырылыпты,  
Біздер мына-бүгінде тірі, мықты.  
Мамонттарды жоқтауға тиісті адам,  
Жоқтар болса түбінде ірілікті,-  
деп қадым заманда із-түссіз құрып кеткен аңдарды елжірей еске алады. Талай-талай аңдарды аяусыз апатқа ұшыратқан адамзат қауымының қатыгездігіне, қателігіне талдау жасайды. Сол ауыр-ауыр қателіктерден түйінді сабақ алып, оны енді қайталамауға бір дауыспен жар салады.

Табиғатты аямау, оны бүлдіру адамдарға жасаған опасыздықпен бірдей екені де поэмада айқын көрініс беріп отырады. Әсіресе, гитлершіл фашистердің, немесе қазіргі ақшақұмар тоғышарлардың табиғатқа қарсы тағылық, жыртқыштық, әрекеттерін әшкерелеген поэма жолдары өткір, мірдің оғындай атылып, нысанасына дәл тиіп жатыр.

Отаршыл жыртқыштардың әлсіз аз ұлттарды жаншып, құртып жіберетінін ақын айбарлы ашу-ызамен, ашына айыптайды. Поэманың:

Кімде, кінә, бауырым,  
Кімдерде айып?!  
Кімдер одан сорлады,  
Кімдер байып?!  
Хайуанаттар түгілі  
Дүниеде  
Ұлттар ғайып болыпты,  
Тілдер ғайып!-

деген жолдары тек өткеннің ғана емес, қазір де аз ұлттарды жұтып қоюға дап-дайын боп, аранын ашып отырған шовинист- империалистерге айтылған қарғыс даусындай, азаттыққа ұмтылған ұлттардың жауынгерлік жігерлі ұранындай естіледі.

«Қызыл кітап» поэмасының идеялық мазмұны терең. Ол адалдықты жоғалтпай сақтап, ізгі гуманистік қасиетке ұмтылдыратын туынды. Зорлыққа, зомбылыққа, әділетсіздікке, теңсіздікке қарсы, әсіресе, халықаралық империализмнің отаршылдық жауыз саясатына қарсы әрбір адал ниетті азаматты белсенді күреске шақыратын дастан. Бұндай шығармалардың жалын атқан идеясы көкірегі ояу әр адамның жүрегіне жол тауып, күрескерлікке, биік гуманизмге, патриоттыққа, ешбір ұлтты алаламайтын интернационализм рухында тәрбиелейтініне шүбә жоқ. «Қызыл кітап» поэмасының идеялық, саяси мәнінің құндылығы да осында.

Соңғы жылдарда қазақ поэмаларының идеялық мазмұны тереңдеп, көркемдік сапасы жақсара түсті... Ақырында поэма жанрының дәстүрлі мүмкіндіктерін молынан пайдаланумен қатар, соны, көркем ізденістер жасау жолында да батыл барлау жасалды.

Кейінгі жылдардағы қазақ ақындары поэмаларының басым көпшілігін өз замандастарының өмірін бейнелеуге арналды. Бұл эпикалық поэзиядағы заңды құбылыс.

Қазіргі тақырыпқа жазылған поэмалар арасында жұртшылық назарын аударған Қ.Бекхожиннің «Тұрлаулы тағдыр», Т.Жароковтың «Тасқынға тосқын», М.Әлімбаевтың «Құрыш қазақ», А.Шамкеновтың «Жайлау таңы», Ғ.Қайырбековтың «Жер астындағы жұлдыздар», Қ.Мұқышевтың «Өкініш», З.Шүкіровтың «Аня», Қ.Ыдырысовтың «Әке жолы», т.б. поэмаларда соны сюжет, жаңа көркемдік бояулармен ұлттық поэзияның бейнелеу арсеналы молыға түсті. Бұл тұста қазақтың эпик ақындары өз замандастарының кең тынысты жарқын өмірін жырлау жолында поэма жанрының мүмкіншіліктерін мейлінше толықтырып, өздерінің ақындық шеберліктерін жетілдіре түсуге күш жұмсады.

Замандастар туралы жазылған елеулі туындының бірі – **Аманжол Шамкеновтың** «Жайлау таңы» поэмасы. Поэманың сюжеттік желісі жалындаған жігерлі жас қауымның өкілі-Алмат деген жас жігіттің алғашқы өмір жолын суреттейді. Ақынның суреттеуінде Алмат -өз міндетіне жауапты да, ұқыпты қарайтын жан, ары таза, рухани дүниесі бай, романтикашыл-арманшыл, өршіл, жігерлі жас. Алматқа қарама-қарсы алынған ұнамсыз кейіпкер Жарғақ Жолтаев. Оқиғалар осы Жарғақ пен Алматтың тартысы негізінде өрбіп отырады.

Ақынның ашына суреттеп, мансұқ ететін адамы-Жарғақ ескі қоғамның қырсықты сарқыншықтарын бойына жинаған. Оқушыға ұсынылып отырған терең идеяны, еңбек адамының үлгі-өнегесін поэмада суреткерлік шеберлікпен жырлауға ұмтылған ақынның творчестволық қадамы нәтижесіз емес. Алматтың, оның сүйген қызы Айжанның портреттері поэманың әр тұсында нақышты бояумен суреттелген.

Замандастарымыздың аяулы сезімі-махаббатын, асыл арманын, ішкі дүниесінің күрделі сырларын терең толғап суреттелген, жұртшылықтың рухани серігі боларлықтай аса көрнекті шығармалар әзір туа қойған жоқ. Махаббат тақырыбына, жастардың сезім күйлерін бейнелеуге арналған Т.Молдағалиевтың «Камила», «Мазасыз махаббат», «Алатау қызы», «Мен адасқаным жоқ», Ш.Мұхамеджановтың «Қошалақ», «Сөнбес махаббат» поэмалары ойдағыдай шықпады.

Еркеш Ибрагимов «Өмір өлмейді» поэмасында бір семьяның өмірінде түскен соғыс ауыртпалығын нақты түрде көрсету арқылы, сол қаһарлы жылдардың қатаң шындығын бейнелеген. Жаумен ерлік шайқас үстінде зағип болып қалған Жарастың, оның әкесі Бекен қарттың, жары Толғанайдың дараланған бейнелері, әр қилы тағдырлары поэмада сол тұстың өмір шындығына сәйкес нанымды суреттелген.

Енді бір топ поэмалар халықтың аяулы ұлдары, белгілі тарихи қайраткерлердің өміріне арналады. Оларда қазақ елінің белгілі ағартушысы Ы.Алтынсариннің (Ғ.Қайырбековтың «Дала қоңырауы») ұлы композитор Құрмағазының (Х.Ерғалиевтың «Құрманғазы»), әнші-ақын Біржан Қожағұлұлының т.б.өмір жолдарына арналған поэмаларды жатқызуға болады. Тұтастай алғанда, халықтың сүйікті перзенттерінің көркем бейнесін жасау жолындағы ақындардың творчестволық ізденістері жақсы болды.

Хамит Ерғалиевтың жаңа туындылары «Үлкен жолдың үстінде», «Біздің ауылдың қызы», «Сенің өзенің» поэмаларында еңбек адамының жарқын көріністері жасалған. Ал «Құрманғазы» поэмасы идеялық мазмұн тереңдігі, көркемдік қуатының молдығы жағынан ақын творчествосының кең құлашын, зор тынысын танытатын кезеңді туынды. Еңбекші халықтың жалынды күреске ұмтылған дабылды жырындай естілетін Құрмағазының дауылды күйлері де әр оқиғаның тұсында асқақ шабытпен естіліп тұрады. Құрманғазының тау суындай тасқындаған жігерлі күйлерінің «қысқа күнде қырық мәрте» шалқитыны, өнерлі елін ерекше құрметтейтін туған елінің «жүрегі оның жүрегімен жалғас ұрып келе жатқаны рас». Ұлы өнерпаздардың өткен дәуірдегі өнегелі өмірін бүгінгі шындыққа ұштастыра жырлау шығарманың көркемдік ажарына мән беріп тұр. «Құрманғазы» поэмасының тіл образдылығының қызықтырар сәттері көп. Қашан да тынымсыз, ізденгіш Ерғалиев қазақ поэзиясындағы өзіндік ерекшелігі бар эпик ақын екендігін осы поэмасында айрықша танытады. Көне сүрлеуге жоламай, тың образдар, соны ұйкастар, ұтқыр бейнелеу амалдарын, өлең өрнектерін, сөз кестелерін жасауға зор күш салған. Сонымен «Құрманғазы» поэмасы өзінің сюжеттік арнасында, тілдік образдық жүйесінде кейбір кемшіліктеріне қарамастан ұлттық поэзия тарихында елеулі орны бар шығарма.

Ғафур Қайырбеков эпикалық поэзияда Ыбырай Алтынсариннің образын, қайраткердің ағартушы-демократиялық көзқарас, озық ой, зор еңбегін үлкен талас-тартысымен бейнеленген.

«Дала қоңырауында» алдымен Ы.Алтынсариннің азаматтық еңбегін поэмаға арқау еткен. Поэмада Ы.Алтынсариннің барлық өмірі емес, белгілі бір тарихи кезеңдер ғана алынған.

Ыбырайдың поэтикалық образын жасау үшін ақын көбіне көп оның үлгі-өнегелік қадір-қасиетін ашуға зер салған. Ол - бұқара халық үшін жан қиярлық еңбек етуі, еңбекші бұқараның тағдыры, жарқын болашағы үшін еңбек сіңіруі

«Дала қоңырауы» поэмасы, ондағы үлкен ақындық қуатпен жырланған Ыбырай бейнесі- қазақ поэзиясының соңғы кездердегі аса ірі табысы.

Кейінгі жылдары қазақ поэмаларының ішкі жанрлық түрлері де әр алуан. Бір топ поэмаларда негізгі сюжеттер, тартыстар мен қайшылықтар, кейіпкерлердің қарым-қатынасы, көзқарас, идеал-мұраты, өмір жолдары арқылы көрініп, шығарманың сюжеттік желісіне айналып айналып отырады. Сонымен бірқатарда кейінгі жылдарда бірнеше сюжетсіз лирикалық-философиялық поэмалар да пайда болды. Олар Қ.Бекхожиннің «Сұңқар туралы жыр», Х.Ерғалиевтың «Аңыз ата», Ж.Молдағалиевтың «Мен қазақпын», «Дала дастарханы», Ә.Тәжібаевтың «Портреттер», О.Сүлейменовтың «Адамға табын, жер енді», М.Әлімбаевтың «Менің Қазақстаным», Т.Есімжановтың «Құлагер» т.б. поэмалары. Бұл шығармаларда автордың лирикалық ой-толғанысы анық танылады да, белгілі бір сюжетке құрылмайды. Көбінесе, лирикалық кейіпкер орталық образдың міндетін атқарады.

Лирикалық поэмалардың ішінде жалпылама айтумен нақтылыққа ойысып кететіндері де бар. Поэмадағы ең басты көркем тұлға-ақынның лирикалық кейіпкері. Поэмадағы барлық әңгіме сол лирикалық кейіпкердің төңірегінде өрбиді.

Ж.Молдағалиевтың «Мен қазақпын» поэмасы қазақ халқының ұзақ тарихына көркемдік шолу жасап, сол халықтың жинақталған мүсінін жасайды. Ел тарихындағы кезеңді-кезеңді оқиғаларды айта отырып, қазақ халқының қанаушыларға, отаршыларға, басқыншыларға қарсы мың өліп, мың тіріле» күрескенін суреттейді. Әрі көне дәуірдегі, әрі қазіргі замандағы туған халқының өмірін жырлай отырып, оның жинақталған образын жасауда Жұбан Молдағалиев сюжетсіз лирикалық-философиялық поэманың жанрлық мүмкіншіліктерін творчестволық қуатпен молынан пайдаланған. Қазақтың эпикалық поэзиясының өрісін кеңейтіп, елеулі көркемдік қосқан.

Тұтастай алғанда бұл жылдары қазақ поэмалары сан жағынан да, сапа жағынан да недәуір ілгеріледі. Поэмалардың тақырыптық ауқымы кеңіп, мазмұны байыды. Поэтикалық ірі-ірі туындылардың әлеуметтік өмірмен байланысы күшейе түсті. Поэма жанрын жетілдіруде, шеберлікті ұштауда ақындар творчестволық ізденістер жасады.

Сөйтіп, бұл жылдары эпик ақындарымыз поэма жанрын жетілдіріп, оны байыту жолында үздіксіз ізденуде, тәжірибе молайтуда екенін анық танытты. Осы жылдардың сәтті-сәтсіз ізденістері қазақ поэмаларының өсу перспективасы зор екенін көрсетті.

Қазіргі қоғам өміріндегі егемендік дәуірінде, жариялылық бел алған кезде біз де поэма жанрындағы келеңсіздіктерді, сұрқайлықтарды жасырмай батыра айтып отырамыз. Өйткені, жанрдың алға басу тұсындағы кемшіліктерден тезірек арылып, идеялық-көркемдік арсеналын молықтыра беруіне үздіксіз де айрықша назар аударып отыру-әдеби сынның ешқашан күн тәртібінен түспейтін бірінші міндеті.

Әрине, даму өрісін, өсу перспективасын жыл сайын туындап, басылып шығып жатқан сұрқай поэмалар белгілемейді. Қазақ поэмасының бүгінгі дәрежесін, өркендеу деңгейін, оқушының эстетикалық талғамын ұштап, мейірін қандыратын, рухани жағынан байытатын оның көркемдік табыстары ғана анықтайды. Ал ондай елеулі, қомақты эпикалық туындылар қазіргі қазақ әдебиетінде бар. Бірақ онша көп деп айта алмаймыз. Өз шығармаларының идеялық мазмұнын тереңдетіп, көркемдік сапасын әлі де жетілдіре, арттыра түсуде қазақ ақындарының алдында таудай міндеттер, алынбаған биік асулар бар.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. XX ғасыр 80-90 жылдардағы поэмалардың даму бағдары.
2. Поэма жанрындағы көркемдік ізденістер, олардың өрінісі
3. Публицистикалық поэма жанры. О.Сүлейменов, М.Шаханов поэмаларынан мысал келтір.
4. Сюжетсіз поэмалар, олардың қазіргі әдебиеттегі көрінісі.
5. Соңғы жылдардағы тарихи поэмаларды ата, мысал келтір.

## Бүгінгі қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының өзіне тән ерекшелігі және даму жайы

### Жоспар

1. Әңгіме туралы түсінік.
2. Қазіргі әңгімелердің тақырыптық байлығы.
3. Қазіргі әңгіме және идеялық көркемдік.
4. Әңгіме жанрының қазіргі әдеби процестегі орны.
5. Қорытынды.

Тірек сөздер: Ықшам жанр, кіші проза, новелла мен әңгіме, қаз-қалпында, мөлтек сыр. Әңгімедегі дәстүр мен жаңашылдық, лиризм мен психологизм, тақырыптың баюы, жанрлық ізденіс, кейіпкердің ішкі сезімі, жан дүниесі.

Проза қазақ әдебиетінде кеш туған жанр. Ал әңгіме кіші проза ретінде кейінірек пайда болды. Қазақ әңгімелерінің тарихын Ыбырай Алтынсариннен бастаса кейін Б.Майлин, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсіреповтер арқылы дами түсті. **С.Шәймерденов, Н.Ғабдуллиннің, Д.Исабековтың, Ш.Мұртаза, Ә.Кекілбаев, Т.Нұрмағамбетов, С.Мұратбеков, О.Сәрсенбаев, А.Сейдімбеков, Б.Нұржекеев,**

Бүгінгі қазақ әдебиетінің даму қарқыны мен бағыт-бағдарының әңгіме жанрындағы беталысынан да, қол жеткізген табысынан да айқын көрінеді. Қазақ прозасындағы әңгіме жанрының өзі бүгінде сан жағынан да, сапа жағынан да кемелдене, толыса түскені айқын.

Қазіргі әңгімелерді шартты түрде тақырыбына қарай топтайтын болсақ, дені ауыл өмірінен алып жазылған шығармалар екені көрінеді. Бір қуаныштысы - әңгіме авторлары бүгінгі ауылдың рухани дүниесінде болып жатқан өзгерістерді нақты характер шындығы арқылды бейнелей отырып ашуға ұмтылады.

Қазіргі әдеби процесте әңгіме жанрының алатын орны мен атқаратын қызметі де күшті.

Қазақ жазушыларының үлкен бір ұрпағы плеядасы түгел дерлік әңгіме жанрында көрінді. Өткен ғасырдың 20-30-жылдарындағы қазақ прозасының дені әңгіме болатын, прозадағы ұнамды кейіпкерлер де сол әңгімелерден басталған. Қазіргі әңгімеде қысқа да болса қызық шиыр тарих бар.

Мынаны ескерген жөн. Әңгіме жайын сөз еткенде біз талдау мен талғаудың критерийлерін біліп алғанымыз мақұл.

- Әңгіме не үшін жазылады?

- Әңгіме бір шындықты таныту үшін жазылады. Ал әңгіме шындықты танытады деу жеткіліксіз. Әңгіме шындықты қалай танытады? Сөз сонда.

Мәселен, жазушы **Сафуан Шәймерденов «Бала арманы»** атты әңгімесінде екі-ақ кейіпкер бар. Жәния ана мен Сәния бала. Мысал үшін Жания Ғ.Мүсірепов әңгімелеріндегі Қапия да, Нағима да емес, Саян «Қос шалқардағы» жидек теретін балаларға ұқсамайды. Бұл ана-бүгінгі ана, бала-бүгінгі бала. Бұлардағы сыр мен сезім де, іс пен әрекет те бұрынғылардан бөлек жатыр. Соңғы жылдардағы қазақ әңгімелерінен аңғарылатын бір нышан-нақтылық.. Зейнелғаби Иманбаевтың әңгімелерін түгел оқып шыққанымызда оның өзі тұрған ауылдың тұрмыс-тіршілігін, кешегі халі мен бүгінгі жайын толық біліп шыққандай боласың.

Соңғы жылдардағы қазақ әңгімелерінен аңғарылатын келесі бір жақсылық-бірыңғай жылтырақтықтан, қызғылт бояудан аулақ, өміріміздің кейбір көлеңкелі құбылыстары қалам ұшына түйілетіндігі. Кәрім Баялиевтің әңгімелерінде арамыздағы әртүрлі адамдардың ісі мен мінезіндегімін-мүлтіктер әшкерелене көрсетілетіндігі.

Сонымен қатар қазіргі әдеби процесте қазақ әңгімелерінен көрінетін тағы бір жақсы нишан-идеялық-көркемдік қасиетінің жоғарылығы.

**Нығмет Ғабдуллиннің «Гүл»** деген әңгімесінде көз тоқтатып, көңіл аударып көрелік. Әңгімеде тракторшы Шәріп пен кітапханашы Сараның арасындағы таза махаббаттың тұңғыш тұтануы суреттеледі. Махаббат, сөз жоқ, аса әдемі сезім. Герой ойларының сезім иірімдері іс-әрекеттері мен өрлей өрістеген. Сонымен қатар «Гүлде» өзіміз кешелі бүгін оқып жүрген көп әңгімелерде кездесе бермейтін екі түрлі ерекшелік бар. Бірінші ерекшелік-байыпты интеллект, екінші ерекшелік-нәзік лиризм. Авторлық баяндаудан да, суреттеуден де осы екі қасиет аңғарылады. Бір мысал қызғаныш деген не? Әңгімеде, міне осы сұраққа жауап бар. Қызғаныштың

кайдан туатынын Сар мен Шәріп өзара байыптау арқасында шын сүгендіктен туатын шығар деп ойлап «Жоқ, қызғаныш сенбеулен туады. Адал махаббат иелері біріне-бірі шын сенеді, бірін-бірі құрметтейді, сыйлайды. Мұндай асыл достар арасында ешқандай қызғаныш болу қисыны жоқ.»-деп түйеді Шәріп.

Соңғы жылдардағы әңгімелер Тахауи Ахтановты жақсы бір қырынан танытты. Жазушы әңгімелерінен танылатын жақсы бір қасиет-жазушының мәдениеті. Бүгінгі жазушы- халық ақылшысы-биік мәдениетті кісі болуы шарт. Сонда ғана ол қазіргі білімдар қауымға ғана енгізе алады. Тахауи әңгімелерінің тақырыбы мен идеясын, оны өрбітудегі өнері мен өрісінен интеллект- парасат мәдениеті аңғарылатынын көреміз.

Т.Ахтанов әңгімелерінен аңғарылатын тағы бір сипат- нәрлі, нәзік психологизм. Ол адам бейнесін жасауда бірден адамның ішкі психологиялық иіріміне сүңгіп, характерді сол ішкі сыр мен сезім тұрғысынан келіп ашады, көркем тұлға жасау, мүсіндеу биігіне геройдың жан диалектикасының бойымен өрлемек болады. Жазушының «Алғашқы ән» атты әңгімесінде мынадай бір пейзаж бар. «Ертеңгі күннің қиғаш сәулесі өзеннің арғы бетіндегі бозды адырды қызғылт-сарғыш ұғыласына малып, балғын жұмсақ реңк беріп тұр...» Жанды табиғат пен жансыз табиғат бұл тұста да әсем аstatқан.

Шағын проза туралы сөз еткенілгенде Тәкен Әлімқұловтың есімі аталмай қалмайды. Жазушы әңгімелері түгелдей дерлік жол үстіндегі қақпақыл әзілмен, негізгі кейіпкердің шабыт үстіндегі ойлану сәтімен басталады да келесі жайлармен заңды жалғасып отырады. Мәселен кімде-кім Махамбет өліміне енжар қарамайтыны рас. «Қараой» әңгімесінде сол заман шындығын көз алдымызға әкеледі. Әрине, Махамбет өлімі тарихтан да жақсы мәлім. Жазушы ұлы адам бейнесін бар шындығымен бейнелейді. Әдетте, ақын аңғырт, албырт аңқау келеді. Сол сияқты жаумен жағаласқан батыр көбінесе қапылыста қаза табады. Ел қадірлейтін адамдардың бұл екі түрінің өзара ұқсастығы –ақкөңілділігі, бала мінезділігі.

Т.Әлімқұлов әңгімелерінде салыстыру, теңеудің, метафораның сан алуан түрлері бар. Суреткер сөз арасында өз оқушысы тарихи адамдардың жақсы қасиеттерінен хабардар етіп отырады.

Әңгіме жанрында өзіндік өрнегі бар жазушының бірі - **Шерхан Мұртаза**. Автор өз әңгімелерінде өмірдің болмашы ғана үзік көрінісінен көл-көсір өмір шындығын көз алдыңнан елестетіп өткізеді. Біз сөз еткелі отырған «Шекшек шырылдайды» атты шағын әңгіме осының дәлелі. Титтей ғана өмір көрінісінен жазушы Хадиша секілді асыл жанның образын тап басып мүсіндейді. Оның соғыстан кейінгі от басылоық күйкі тірлігін, ескі мінезден бірте-бірте өзгергенін, күйеуінің суретін өзінікімен қоса үлкейттіріп алуын суреттей отырып, автор ұлттық характерге тән белгілерді ашып қана қоймай, майданнан оралмай қалған жарға деген Хадиша сияқты мыңдаған келіншектің бойындағы адалдықты, сүйіспеншілікті ерекше шындықпен бейнелеп береді.

Ендігі бір әңгіме – «**Ақсай мен Көксай**» мұнда да соғыс жылдарындағы ауыл өмірінің хал-жағдайы сөз болады. Ежелден ауылы іргелес, қойы қоралас отыратын, құда-жекжат болып араласып кеткен қырғыздар мен қазхақтардың қиын-қыстау жылдары бір біріне сүйеу болып, қол ұшын беруі әңгіменің ерекше атап өтер қасиеттерінің бірі. Қазақ Арзы ана мен қырғыз Нұралы сияқты қарттардың екі елдің бірлігін сақтап, ауылға бас-көз болуы мейлінше табиғи қалпымен суреттелген. Әңгімеде сол бір ауыр кезеңдегі ауыл адамдарының тағдыры арқылы соғыс кезінің типтік өмір шындықтары реалистік көркем шындыққа айналған. Мұндағы кейіпкерлерді сыртқы іс-әрекеттерімен, дара характертерімен ғана емес, ішкі бейнесі – жан дүниесі арқылы да санаңда сақтап қаласың. Әсіресе, Арзы ана осындай сом образ дәрежесіне көтерілген. Осы бір қарапайым қарт ананың қимыл-қарекетінен, ішкі жан-дүниесінен ұлттық сипат қана емес, ел қамын ойлайтын абзал аналарға тән қасиеттер көрінеді. Ананың соғысқа кеткен Орха мен Ноха сияқты балаларын ойлап мазасыздануы, оларға деген сағынышы мен жүрегінде маздаған махаббат оты барлық аналарға ортақ нәрселер. Жоқтан бар жасап, жалғыз сиырының майын жинап, базарға апарып, содан түскен тиын-тебенге астық сатып алып, тағы басқа заттарын айырбастап, тапқандарын талшық етіп күн көріп жатады Арзы аналар.. Сонымен қатар, қырғыз Нұралы қарт та қашан да қажып жүрген жүдеу елге қамқор. Қазақ, қырғыз балаларының барлығы да өз балаларындай. Арзы анамен қырғыз аулына барған Барысханда Нұралы қарт алдына алып отырып, емірене елжіреп, бауырына басып өз баласындай басынан сипайды. Осындай көріністердің бәрінен қатар жатқан Ақсай мен Көксайдай ағайындас екі елдің арасындағы сондай бір жылы достық, шынайы бауырмалдық, қарым-қатынас сезіліп тұрады.

Шерхан әңгімелерінің қай қайсысын алсақ та салиқалы, салмақты ойға құрылған, өзіндік ерекшелігі айқын, оқырман жүрегіне жылы ұялайтын дүниелер. Жазушының қандай тақырыпқа жазылған әңгімесін алсақ та, өмірде боллатын жағдайлардың, көпшіліктің көкейінде жүрген шындықтардың шын шеберлікпен, нәзік дәлдікпен суреттелгенін айтар едік.

Кейіпкер жан-дүниесіне жіті үңіле білетін психолог жазушы **Дулат Исабековтың «Ақырамаштан наурызға дейін»** атты әңгімесі ауыл өмірін, ондағы әр түрлі Адам характерін шынайы көрсете білуімен әсерлі. Әңгіменің езу тарттырарлық юмормен жазылуы да оның әсер-күшін арттырып тұр. Бұл - жәй бір жеңіл күлкі сияқты көрінгенімен, сол арқылы автор әр түрлі мінездер қақтығысын, адам ой-санасындағы қайшылықтарды ашып көрсетуге ұмтылады.

Оқудағы жалғыз баласын медеу тұтып, адал еңбегімен тұрмыс кешіріп жүрген аңқау шал Кемпірбай жан-дүниесі бюарынша табиғи қалпында көрініс береді. Күні бойы сиырмен алысып, титықтап жүрсе де, оқудағы баласынан посылка алдырып, төңірегіндегілерін шайға шақырып қонақ етіп жібермек. Мұнысы, біріншіден, өзін менсінбей жүрген кейбіреулерге көрсеткен қыры, екіншіден, оқудағы баласына, ол жіберген тәтті дәмге мақтаныш ету. Бәрі орынды, бәрі табиғи.

Сондай-ақ, жәбір көрсеткен Отардың иттігіне ыза болып, оған дәп бір баласы кінәлідей ренжіп хат жаздыруын да қисынсыз дей алмаймыз. Өйткені мұндай Кемпірбайларды кез келген ауылдан кездестіретініміз сөзсіз.

Қолдарына сәл билік тисе, әлдеқандай болып бәлсініп, кісімсініп, жалған белсенділік көрсетіп, ұсақ-түйек нәрседен үлкен дау туғызып түймедейді түйедей етіп жүрген Отар, Мүсір, Молдабай сияқтылардың мінез-құлықтары да әңгімеде барынша нанымды суреттеледі. Бұл характерлер-бірінде жоқ қасиетін екіншісі толықтырып отыратын негіздес, тамырлас ұнамсыз типтер. Мінеки, аталған әңгіме осындай шыншылдығымен баурап алады. Көз алдымыздан өзімізге таныс ауыл бейнесі, әр түрлі мінездегі адамдар көпке дейін кетпей қояды. Мұның өзі, айналып келгенде, жазушы шеберлігін танытса керек. Әңгіменің тілі де нәрлі, айшықты. Әр кейіпкердің өзіне ғана тән сөйлеу ерекшелігі сақталған.

Жазушы творчествосының жақсы бір қырын көрсететін әңгіменің әттеген-ай дегізетін бір міні-кей тұстарының таза сықақ әңгімелерге ұқсап кететіндігі дейміз. Ол тұстар жеңіл күлкі үшін ғана қызмет атқарып тұр.

Әңгіменің құндылығы, әсерлілігі оқиға қызықтылығында емес, адам іс-әрекетінің шынайылығында, сол шынайылықты көрсету үшін сәтті тауып алған деталь, штрихта болса керек. Бұл ретте **Әбіш Кекілбаевтың «Тасбақаның шөбі»** атты әңгімесінде осы тасбақаның аузындағы шөп-кейіпкер характерін ашып, болмысын таныту үшін орнымен тауып қолданылған ұтымды деталь. Әңгіме кейіпкері-Қарабала өзінің адал еңбегіне ғана сенген, анау-мынау пысықай шаруамен жұмысы жоқ жуас адам. Өзі еңбек ететін ұста дүкенінен қарыс жерге шығып көрмеген Қарабаланың ат сабылтып аудан орталығына баратын жөні де жоқ еді. Өтірік-шынды әңгімені судай сапырып жүретін орақ ауыз пысық досы Оңбайдың өзі бітіре алмаған шаруаны екі сөздің басын құрап айта алмайтын, қой аузынан шөп алмас момын Қарабала қайтіп тындырмақ! Әйтеуір, қиналса да, кісі көңілін қалдырып көрмеген Қарабала, «ағайын едің, ең болмаса атыңның бір ащы терін қимадың» деп өкпесі қара қазандай бола ма деген оймен амалсыз жолға шыққан.

Оңбайдың кейбір қылығына қынжылғанымен де, оның мүгедек қалпын ойлағанда іші қимайды, жүрегі езіліп жүре береді.

Оңбайдың айтуынша, «ішінде бір оңған адамы жоқ» аудан басшыларымен қалай тілі табысып, жолы болғанына Қарабаланың өзі таң қалады. Мұны аңғал да адал, ырымшыл Қарабала «тасбақаның шөбінің» қасиеті деп ұғады. Ол жолы болып, өзіне көрсетілген құрметтің сол адамдарға бір кезде өзі тигізген көмегінің, адал еңбегінің нәтижесі, қарымы екенін де аңғармайды. Әңгімедегі осы іс-әрекеттің барлығы да кейіпкер табиғатын танытуға қызмет атқарып тұр. Әншейінде көптің көлеңкесінде байқалмай жүрсе де, еңбек адамының әр кезде құрметке ие болатындығын, еңбегі ескерілетіндігін аңғартады әңгіме идеясы. Адам адал еңбегімен, қулық-сұмдықсыз түзу тұрмысымен беделді, сонысымен жолы болып, ойға алғаны орындалады деген ой бар.

Автор өмірдегі осындай кейбір елеусіз болып көрінетін әрекеттерді терең түйсініп, көркемдік шындыққа айналдырып, кейіпкерлер болмысының табиғи қалыптасуын пайымдатады.

Сөйтіп, әңгіме сюжеті байсалды дамиды да, Оңбай Қарабала сияқты кейіпкерлер характері біртіндеп ашыла береді. Бірімен-бірі сабақтасқан жүрек шымырлатар шынайы көріністер еріксіз иландырады, мақұлдатады. Кейіпкер қимыл-қарекетінің шынайылығын психологиялық дәлел-дәйек нанымды да тартымды жеткізіп тұр.

Сонымен автор бұл әңгімесінде ақ адал жанымен, адамдық, азаматтық зор қасиетімен көрінген қарапайым еңбек адамының тұлғасын мүсіндеген.

Туған жер туралы ерекше бір толғаныспен оқылатын әңгіме – **Тынымбай Нұрмағамбетовтың «Ата қонысы».**

Жоғалған сиырын іздеп Мұқа шал атақонысына барып қайтты. Дұрыс-ақ. Бірақ әншейінде мезгілмен қырынып, мұнтаздай киініп, қарттығын жасыра, бойын да тік ұстап жүретін Мұқа бұл жолы-осы бір-екі күннің ішінде неғып сонша Адам танығысыз боп, қартайып шыға келді?

Мінеки, осының сырын ойлағанда, әңгімедегі суреттелген жағдайлар санаңда қайта жаңғырып, жан-дүниенің бірде алай-түлей күйге енсе, бірде жүрегіңді сыздатқан сағыныш па, мұң ба, әйтеуір, сол сияқты бір нәрсе бойыңды билеп бара жатады.

Бұл-кейіпкердің нәзік сезімдерін сыршылдықпен жеткізе білген жазушы шеберлігін танытса керек.

Автор Аймүйіз сиырдың атақонысына-үйренген жеріне келіп бұзаулауын, оны іздеп келген Мұқа шалдың іс-әрекеттерін суреттеу арқылы туған жердің жанға да, малға да ерекше ыстықтығын көрсетеді. Әңгіме желісін нақты өмір шындығымен өрнектей отырып, автор қилы-қилы тағдырларды, алуан түрлі мінез-құлықтарды көз алдымызға әкелді.

Шығармадағы Мұқа, Шынаркүл, Торғын – үшеуінің әрқайсысы тек өздеріне тән ой-көзқараспен, сенім-наныммен жеке-жеке танылған. Бұлардың іс-әрекеттерінен қадау-қадау ой тұжырымдар түйіндеп, шығарма идеясының тарамдалып жатқан нәзік арналарын ажыратып байқауға болар еді.

Бір ғана өрікке байланысты сәтті табылған детальдың өзі қаншалықты дәрежеде кейіпкер характерін жыға танытып тұр десенізіші!

«Шынаркүл өріктің біреуін аузына салды.

- Дәмі де сол күйі. Бал татиды. Мұқа-ау, жеп көрдің бе өзің?...

Шынаркүл өрікті қуана, тоймас құмарлықпен шайнады. Мұқа өрікті аузына салып еді. Анау айтқан дәмі байқалған жоқ. Аузы су татып кеткендей болды. Бірақ Шынаркүлге сыр Берген жоқ.

- Дәмді екен,-дей салды»

Осы екі түрлі сурет көп жайды аңғартады. Қарап отырсақ, екеуі де өмірлеріндегі көп қызығы, көп қиындығы өткен Талтоғанды аңсап отыр. Бірақ әр түрлі. Мұқаға қарағанда, Шынаркүлдің сағынышы, мұңы ауырлау, аяныштылау. Неге?! Мәселе-дәл осы сәттегі екеуінің хал-ахуал, тұрмыс-жағдайындағы айырмашылықта. Мұқа болса-балаларының бәрі ержетіп, өзі төсек жаңғыртып жас әйел алып, жасаңғырап тұрған тоқ көңіл шағы.

Шынаркүл-жалғыз ұлы Қайыпбегінен айрылып, жапан таудың бауырында жалғыз үй қалып, Алыпсоқтан басқа ес қылар ешкімі жоқ қамкөңіл жан.

Шығарма бұдан әрі тіпті тереңдей түседі. Мәселен, Шынаркүлдің жылап отырып айтқан әңгімесінен біздің де көңіліміз босап, жүрегіміз езіле түседі. Сөйтіп отырып, көп сырға қанық боламыз. Шынаркүлдің Мұқаға кіршіксіз матаға өрік түйіп беруі-оның оған деген аппақ көңілін білдірсе керек. Тіпті, Оның Аймүйізді сипап, бұзауына нөқта есіп беруі де шымырлатар суреттер.

Шынаркүлдің әңгімесін тыңдап отырып, Мұқа өзінің пендешілігіне қатты қынжылды, қатты қысылды. Талтоғаннан алғаш көшкенде: «Бауыр басқан атамекенді қия алмай қайта-қайта барып тұрармын», - деп ойлайтын. Солайын солай да сияқты еді. Бірақ жаңа орта, жас әйел, қоршағанды, қошамет-құрмет өзіне бейімдеп, басқаша жағдайға қалыптастырып жіберді, Мұқтажсыз тіршілік, тоқ көңіл көп нәрсені ұмыттырады екен.

Мұқа мен Шынаркүлге қарағанда, әңгімедегі Торғын бейнесі мүлде басқа кейіпте. Оған салсаң, Аймүйіз жоғалып кетсе де бәрібір. Атақонысың да, өрігің де оған бір тиын. Байлыққа, барлыққа қызыққан, соның арқасында былқылдап өскен Торғын шығармада аз көрінсе де, өзіндік болмыс-бітімімен, өзіне тән мінез-құлқымен жеке-дара. Оның бейнесі өз алдына басқа пайым-қорытынды түйгізеді.

Сайын Мұратбеков - әдебиетімізге өзіндік тақырыбымен, өзіндік стилімен, образ өрнектеу еркешеліктерімен келегін жазушыларымыздың бірі. С.Мұратбеков өзгелерден алған өнегесі, басқаға берер үлгісі де көп. «Менің қарындасым» атты тырнақалды әңгімесінен бастап «Жабайы алма» повесінің аралығындағы жазушылық жолында ол бір сәт прозадан ауытқып көрген емес. «Алғашқы қар» әңгімесінде екі-ақ кейіпкер бар: трактористжігіт Сұлтан мен Күлипа қыз. Алғашында, оқиғаның басында өзі отырған трактордың иісін де, оны жүргізіп келе жатқан Сұлтанды да онша жақтыра қоймайды. Қызға жігіттің қимылындағы сылбырлық, оның «өгіздей» үндемей отыратындығы ұнамайды. «Адамның тұлғасы да осындай рабайсыз болады екен-ау» дейтін. Сенесіз. Күлипаның Сұлтанды бірінші рет емес, күнде көріп жүргенін және жігіт әкесінің ұлына қалыңдық таба алмай әуре сарсаңға түскенін білсеңіз, оның үстіне Күлипаның осы маңдағы мақтаулы қыздың бірі екенін ұмытпаған болсаңыз қыздың жігітті сүймейтініне сеніміңіз арта түседі. Ал, шығарма қалай аяқталады? Екі жастың бірін-бірі ұнатуымен аяқталады. Ауылдан аулақта адасып кетіп, мидай далаға түнегенде «рабайсыз» жігіт дәрекілік жасап, қызды құшақтамады да, сүйдім-күйдім деп ант-су ішпеді де. Шүп тарту, ауып кеткен шананы түзеу төңірегінен тысқары сөз де болған жоқ. Абайласақ, жігіттің салмақтылығы, тапсырылған іске тындырымдылығы, жанындағы ғызға деген мөп-мөлдір сезімі, оны жеткізуге батылы бармай (таза махаббат солай болса керек-ті) тек жанарымен түсіндіру Күлипаны еріксіз баурап алады да, осы сәтке дейінгі қыздың жігітке деген теріс көзқарасын ұшты-күйлі ұмыттырады.

Сайын Мұратбековтың өз әріптестерінен және бір өзгешелігі-жастар бейнесін жасаудан таймай келе жатқандығы. Ілгеріде айтылғандай Сайын

ауыл прозасының белсенді де табанды шебері болса, сол ауыл өмірінің ішінде көбіне-көп жастардың әрекеті, солардың ой санасындағы жаңашылдық қызықтырады жазушыны.

Шығармадағы тартыс дегеніміз кейіпкердің әр қимылы, әр сөзі арқылы көзге ұрып тұруға тиіс емес. Жазушы өзінің ойы мен пайымын жеткізу үшін оқиғаға қатысушыларды төбелестірмеді деу қате. С.Мұратбековтың «Менің құрдастарым» әңгімесінде мынадай диалог бар: «Нұрлан оқуға кетті-деді әлден уақытта қапаланған көңілмен.

- Оқығаны дұрыс қой...»

Бұл жолы да апам менің жауабымды ұнатпады. Көп уақыт үнсіз отырды. Бір кезде терезе алдынан жүгіре басып қарындасым өтті де, екі иінінен алқына дем алып үстімізге кірді. Тіптен біз күткендей емес. Балғын жүзінде қуаныш ойнап тұр. Келген бойда апамды қапсыра құшақтап, бір айналдырып билеп шықты...

Апам ыңғайланып әлдене айтпақ болып еді, бірақ Әлима ырық бермеді.

- Апа, апатай, керегі жоқ ештеңе айтпаңызшы... Сіз қалай десеңіз де мен оған сенемін...

Ауылға қазірге үйленбеген жас жігіт күйеуінен ажырасқан келіншек Әсилаға іңкәр. (Қысқы кеш).

...- Әсила мен сені ғана сүйемін ғой.

- Енді қайт дейсің, сүйе бер...

- Әсила, менің табысым Жүністен кем болмайды.

- Әй, Жолбай, осы сөздерді мен сенен естіп тұрмын ба,- деп Әсила кейіс үнмен осы тыя тастайтды. –Жоқ, Жолбай олай демеші. Оның пысықтығы менің жаныма тиетін. Енді түсіндің бе?

Әңгіме жанрының көркемдік дамуына елеулі үлес қосқан Сайын Мұратбеков-өмір құбылыстарын бейнелей де суреткерлік шеберлігін танытқан қаламгер. Бүгінгі ауыл өмірі, қарапайым еңбек адамдарының тұрмыс-тіршілігі, қуаныш-реніші Сайын әңгімелерінің өзекті арқауы. Автор қарапайым кейіпкердің басында болатын әр қилы психологиялық сезім сипаттарын, тебіреністерін аса бір дәлдікпен нәзік суреттеп береді. Оның «Қылау», «Үскірік», «Күсен-Күсеке», «Отау үй», «Ұлтуған», т.б. әңгімелері бұл айтқандарымызға толық дәлел бола алады.

**С.Мұратбековтың «Жусан исі»** әңгімесі бізді сонау соғыс кезіндегі ауыл өміріне Аян деген баланың басынан өткен қиыншылықтарды көрсету арқылы автор соғыс кезіндегі ауыл өмірінің шынайы болмысын көз алдымызға келтіреді. Шешесі қайтыс болып, әкесі майданға кеткен Аяның бар сүйеніші әжесі ғана еді. Ал, мол әжесі қайтыс болғанда, онсыз да жасқаншақтау, қас-көңіл баланың тағдыры тіпті қиындып, таза жетімдік хал кешкенін көреміз.

Сұм соғыс қаршадай балаға да өз дегенін істетіп, бірте-бірте тауқыметін ауырлата бастап еді. Ол Аяның қарапайым әрекетінен-ақ байқалып жаты. Өз құрбылары күні бойы сырғанақ Ойнаса, ол кісі үйінің малын жайғап, суын әкеліп, сырғанаққа жападан-жалғыз түнде ғана суреттелген тұс өте бір нәзік, психологиялық тебіреніспен оқылады. Бұзаудан құлап, тобығын шығарып

алып азап тартып жүрген осы бір қиялшыл, арманшыл баланың ендігі көңіл жұбатары өзінің жанынан шығарған қызықты ертегілері... Одан кейін, жағасынан жусан исі бұрқыраған ағасының ескі пальтосы...

Аян өзінің көрген жәбіріне, Тұржан сияқты қатыгез адамдардың иттігіне деген қарғыспен сол ертегілермен айтушы еді. Ол өзі аңсаған дүниедегі жақсылық атаулының бір-бәрі: ерлік те, ізгілік те, сұлулық пен ақылдылық та, әйтеуір, адамға тән небір асыл қасиеттің барлығы да сол ертегілерінде болушы еді.

Айта кететін нәрсе-әңгімеде басынан аяғына дейін Аян тағдыры суреттелетін әр эпизодтың бірінен-біріне жалғасқан сайын бояуы қалыңдай, әсерлілігі күшейе түсетіндігі. Мысалға бірнеше үзіндіні алып көрелік.

«Жарғақ Сары тон киген Аян күлімдеп тұратын қара көзі шарасынан шыға үрейге толып жаутаңдап, өңі боп-боз, есігінің алдында тұр екен».

«Онан соң Сары тонының омырауына тұмсығын тығып, суық сорған өңі өкпеңбек боп бозарып біздің ойнымызға қарап, шетте үнсіз состиятын да тұратын.

«Бас демей, көз демей былшылдатып тебе берді. Әуелде құлындағы даусы шығып шырқырап:»Ағатайлап» шыңғырған Аянның біраздан кейін мүлдем үні өшті. Кирзі етіктің астында жансыз заттай илектеніп жата берді».

«Аян есік жақтағы темір пештің түбіне төселген қара құрым киіздің үстінде, кір-кір жұқа құрақ көрпе жамылып жатыр екен».

«Лауылдап жатқан сабанның арасы бытыр-бытыр ете қалғанда, Аян арық қолын отқа тығып жіберіп, шала пісіп қалған күйелеш масақты лып дегізіп суырып алатын.»

«Аян қараңғы бұрышта бір уыс боп бүрісіп, екі алақанымен бетін басып солқылдап жылап отыр екен. Ұзақ жылады. Онан соң көзін сүртті де, қорадан шықты. Сыртқа шыққан соң көрдім, көзі қып-қызыл боп кетіпті».

Мінеки, бұл суреттердің бәрі де шығарманың көркемдік мазмұнын қоюлатып, тұтастығын сомдай түскен.

Соңғы бірыңғай әңгіме жанрында еңбектеніп жүрген жазушы **Оразбек Сәрсенбаевтың** бұл саладағы өзіндік ізденісі көз қуантып, көңіл толтырарлықтай. Автор әңгімелерінің нақты өмір шындығын салмақтай отырып, қилы-қилы тағдырларды, әр алуан пиғыл-ниеттерді ашып-айқындау арқылы әлеуметтік мәселелерді қозғау, көтеру басым жатады. Қаламгер творчествосының өзіне тән ерекшелігі де осындай сипаттардын туындап жатса керек. Автор көбіне ауыл өмірі жайлы жазады. Оның «Жиде гүлдегенде», «Жақсының көзі» жинақтарындағы әңгімелерден бүгінгі ауыл адамдарының тіршілігін, түйсік-сезімін, қайшылық-қақтығыстарын көруге болады. Автордың «Қосқұлақтың басында» атты әңгімесінен де осы айтқанымыздай жақсы нышандар байқалады.

Облыстық газет редакторы Бәкір Жарылқасынов бастаған бір топ шаруашылық басшыларының, мал мамандарының шопандар аулын аралауын сөз ете отырып, автор олардың әрқайсысының мінез-құлқынан, характерінен хабардар етеді.

Қора-қопсысы сайланбаған, жағдайы мәз емес шопан үйіне тосыннан келген облыстық газет редакторының алдында жергілікті басшылар қатты қысылады. Бұдан олардың малшы жағдайына қырсыздығы көрініп қалады. Бірақ бұл әрекеттерін бүркелемек болып, олар кінәнің бір ұшын шопан Көбентайдың өзіне әкеп тірейді. Әңгіменің алғашқы беттеріндегі осы бір көріністерден кімнің кім екені шаң беріп қалады. Шопан жағдайымен бажайлап танысқан Бәкір «бұл қалай» демесе де, «сезікті секіретін» дегендейін, шаруашылық басшылары өздерін өздері әшкерелейді. Колхоз председателінің маңғаз көлгірлігі, ферма менгерушісінің таяз да жалтақ жарамсақтығы байқалып қалады. Осылайша характерлер қақтығысы басталып келе жатқан әңгіменің негізгі арқауы шегініс арқылы Тасмағамбет тағдыры суреттелетін тұста тарқатылып, тіпті, үзіліп қалғандай әсер етеді. Бұл шегініс тым ұзақтау ма деп ойлаймыз. Шегініс Бәкірдің өмір жолын танытуда, оның бала кезін еске түсіріп, өскен жерін көріп толқуын, тебіренуін көрсетуде белгілі дәрежеде жүк арқалап тұрғанымен, әйтеуір, әңгіменің негізгі идеясына қабыспайтын сияқты болады да тұрады.

Сондай-ақ, автор шегіністе сырттай баяндауларға көбірек жол беріп алған секілді. Жоғарыда біздің тым ұзақтау, шұбалаңқылау көрінеді дегеніміз осыдан болса керек.

**Ақселеу Сейдімбековтың «Күзеуде» әңгімесі.** Шығарма бастан-аяқ осы махаббат деген құдіретті сезімнің тосын хикаясына құрылған. Тосын дейтініміз-осынау күрделі өмірден аларын алып, берерін берген, асарын асап, жасарын жасап дегендей, ата сақалы аузына шығып, алпыстан асқан шағында Ршыманның махаббат шарпуына ілінуі. Осы бір кешігіп келген асыл сезім ақсақалдың жан-дүниесін аласапыран етіп кетті. Тіпті, көзінен әлдеқашан бұлбұл ұшқан жігіттігі қайта айналып соққандай күй кешті. Ршыманның бұл уақытқа дейінгі көрген қызық қуанышы түкке тұрмай, әшейін бір далбаса нәрсе, тек өмір-тіршіліктің қамы ғана болып қалды. Автор «махаббатсыз дүние бос» деген қағиданы өзінше бір дәлелдеп, түйіндеуге ұмтылады. Бұл тұрғыдан келгенде, автор көз жетіп, көңіл иланатын біршама шынайы суреттеулерге барып, шеберлік танытады.

Әңгімедегі кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы, көңіл-күй, қимыл-әрекеттері бірте-бірте күрделеніп, пәлендей бір ірі ситуацияға бармаса да, ширыққан сезімдер қақтығысы, ішкі жан-дүние арпалысы шегіне жетіп бедерленген. Көз алдымызға бар қайғы-мұңы, қуаныш-ренішімен елестеген адам тағдырлары толғандырады, күрсінтеді, ойландырады.

Автор шеберлігі дегенде, ендігі бір айта кететін нәрсе-әңгімедегі кейіпкерлер характерінің табиғат құбылыстарымен астастырыла, сабақтастырыла суреттелгендігінде дейміз. Шығарма жанға жайлы, тамылжыған қоңыр күзді суреттеуден басталады. Күздің арты-қыраулы қыс деген сөз. Ол да ертең-ақ жетіп келеді. Май тоңғысыз маужыраған қоңыр күз жоғалады. Ршыманның да Торғынмен өткізген аз күнгі қызық-қуанышының ғұмыры қысқа болды. Бұлай болады деп ойламаған Ршыман аһ ұрып қала берді. Күрт бүгіліп, опырылып құлай түсті.

Біз, бұл әңгімені шынайы көркем шығарма ретінде талдағанда, осындай ой-пайымдауларға барамыз. Ал, жалпы, мәселенің қойылуында көңілге түйткіл түсіретін бір нәрсе-Рышман мен Торғынның бір-біріне ғашықтығында. Әрине, мұндай жағдай өмірде болмайды деп айта алмаймыз.

Талаптан Ахметжанның «Мұң» кітабындағы хикаяттар мен әңгімелерде естілер тіршілік-тұрмыс кедергілеріне ұшырап жәбірленген есуас есер, топас желбуаздар құрметтеліп, жоғарыға екпіндеп өрлеп әлпештелген безбүйрек, әділетсіз, рақымсыз жалған дүниенің көріксіз суреттері мен қайшылықтары аяусыз әшкереленеді. Бұған «Нобель сыйлығы» хикаятындағы ар-ұят періштесінің «Мен пенделердің ұйықтап кеткен ар-ұятын оятуға әзірмін» деген лебіз айғақ.

Жазушы Талаптан Ахметжан лирикалық прозаның майталманы екендігін, оның шығармаларына сыршылдық, күйшілік, нәзіктік, көркемдік тән екендігін байқауға болады.

Дидахмет Әшімхановтың «Әңгіме емес әңгімелер» үш бөлімнен тұрады. Мейлі көркемсөз туралы сөз қозғасын, мейлі замандастар туралы ой толғасын, мейлі ұлт жайлы көкейдегі ойын ортаға салсын, қалайда кісі оқитындай етіп шегелеп жазған.

Соңғы уақытта әңгіме, новелла жазумен айналысып отырған жазушылардың бірі – Бексұлтан Нұржекеұлы. Оның «Бейтаныс әйелдің құпиясы» атты әңгімелер жинағында ол қандай тақырыпты қамтиды, нені көрсетеді, мазмұны қандай, қандай мәселені көтереді деген сияқты сұрақтар туындайды.

«Махаббат мәңгілік тақырып», ол өзінің жазушылық ғұмырында осынау мәңгілік тақырып – махаббатты жырлап келе жатқан Бексұлтанның 2002 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген бұл жинағандағы әңгімелердің негізгі өзегі де әйел мен еркек арасындағы сезім сырлары. Кітаптың атына таңдап алынған «Бейтаныс әйелдің құпиясы» да оқырманның көз алдына бейтаныс әйелдің құпиясын айқара ашып салатын психологиялық шығарма. Жазушы аты-жөні белгісіз келіншектің күнделігін ойда-жоқта қолына түсіреді де, үйіне алып келіп, бастан-аяқ оқып шығады. Бар әңгіме осы. Күнделікті жазбалар ғашықтық дертіне ұшырап, не істерін өзі де білмей, екіұдай күй кешкен бейтаныс әйелдің бүкіл құпиясын, яғни жан дүниесіндегі толқыма толқыныстарын, құбылмалы құбылыстарын, сезім сергелдендерін толық ашып берген:

«Жаным! Әр күнім әр түнім сізді ғана ойлауға арналатын болды. Қайда жүрсем де, не істесем де сіз миымда, көз алдымда тұрасыз да қоясыз. Тұтқыныңызға мықтап түсірген екенсіз. Торыңызға қалай, қай уақытта шырмалып қалғанымды да білмеймін. Осынша естен айрылуға болады деп кім ойлаған?! Әсіресе менің жағдайымда жалғыз ғана үмітім – сіздің маған деген көңіліңіз. Сіз суып кетсеңіз, ол соққыны көтере алмайтын шығармын. Суымаңызшы!» деген әйел күнделігіндегі жазулардан сыр суыртпақтан автор оған өз ойын тіркеп, көзқарасын білдіріп отырады. «Сөз сыңайынан әйелдің жас, еркектің егде екендігі бірден аңғарылады. Оның үстіне әйелдің күйеуі,

еректің әйелі бар болу керек. Әсіресе, менің жағдайымда,» - деуі, сірә, сондықтан.

Әңгіме бастан-аяқ осындай тәсілмен жазылған. Алдымен күнделіктен үзінді келтіріледі де, соңынан автордың да соған деген ой-топшылаулары қосарланады.

Көркем әдебиетте бір адамның өзінен басқа ешкім білмейтін, білуге тиісті де емес жан сырын қойма қопарғандай ашып көрсететін ең оңтайлы көркемдік тәсілдердің бірі болып табылады. Осылай басталған бейтаныс әйелдің құпия сезіміне автормен бірге оның оқырманы да қызыға түседі, құныға оқиды.

Кеудесінде жаны бар тірі пенде секілді сезімнің де туатын, өмір сүретін, өлетін-өшетін мезгілі болатыны айдай анық. Оны осы әңгімеден де анық аңғаруға болады. Бірақ бейтаныс әйелдің оған окініш-күйініші жоқ сияқты, қайта өзін бақытты санайды. «Мен бәрібір бақыттымын, өйткені шын сүю дегеннің не екенін аз уақыт болса да бастан кештім, рахатын да таттым, азабын да таттым. Сол үшін сізге ризамын. Қалғанын келешек көрсетер».

Құпия күнделік осындай көңіл-күйде аяқталады. Бұл автордың тәжірбиелілігі. Өйткені күнделіктегі жазбаларды бұдан әрі соза берудің еш мән-мағынасы жоқ. Бәрі түсінікті.

Шығарманың соңына дейін әйелдің кім екенін білмесек те, түр-түсін, кескін-келбетін ажырата алмасақ та, жазбалары арқылы оның қандай адам екенін жазбай танимыз. Ішкі ойлары, сезім сырлары, санасындағы сан алуан толқыныс-бұлқыныстары арқылы жанының нәзіктігін, жүрегінің нұрлылығын, табиғи болмысының мөлдірлігін, сезімге адалдығын айтпай-ақ білеміз. Көз алдыңызға өзі де, жаны да сұлу әйелдің бейнесі елестейді... Күнделік, сөз жоқ, бейтаныс әйелдің сырт көзге көрінбейтін ішкі сырын көрсету мен оның образын ашуда маңызды рөл атқара алған.

«Қандай өнердің болса да ең биік қасиеті – оның шынайылығы» (С.Рахманинов). Бұл әңгіме де шынайы жазылған. Шындыққа суарылған. Жалғандыққа ұрындыратын, жасандылыққа бой алдыратын, сенімсіздік тудырар тұстары жоқ. Өмірдің өзінен ойып алғандай шынайы.

Адам жүрегінің мәңгілік күйі-махаббат туралы өзінге толғап, сонны ой-пікірлер түйіндейтін шығарманың бірі – **Бексұлтан Нұржекеевтің «Бір ғана махаббат» әңгімесі**. Мұнда автор махаббат, сүйіспеншілік секілді нәзік те пәк сезімнің тұтастығын айта отырып, оны уақыт шындығымен үйлестіре бейнелеуге ұмтылады. Жазушы осы арқылы махаббат атты жұмбақтың жеке адамдық құбылыс, жүрек әміріне байланысты іс екенін баса көрсеткен. Сөйтіп, махаббат туралы толғанысқ түсіп отырған кейіпкер жан-дүниесінің қозғалыс-эволюциясын, нәзік иірімдерін, психологиясын шынайы суреттей алған. Жақыптың сонау естияр бала кезінен бастап жақсылыққа, пәктікке, сұлулыққа ұмтылуының кейін жігіттік шақта махаббатқа ұласуын, сөйтіп, «бір адамның ғұмыры-бір махаббаттың тарихы» екенін, адам бойындағы осы ізгі сезімнің бастамасы, тәй-тәй басқан тұңғыш қадамы, толысуы сияқты сатылары болатынын пайымдатады автор. Қысқасы, «бір адам өмірінің

балалығы, жігіттігі, қарттығы, сәттігі мен сәтсіздігі болатыны сияқты, бір махаббаттың да бірнеше өмір жасы, ессею кезеңі бар».

Біз де ойға қаламыз. Адам өмірі махаббатпен, бір-біріне деген кіршіксіз сүйіспеншілікпен, пәктікпен нұрлы екен. Адам осы асыл сезімдердің аясында тербеліп өседі екен. Бұларсыз өмір мағынасыз, сәулесіз қалады екен.

Осы әңгіменің бір олқы тұсы-автордың аракідік әңгіме тұтастығын босаңсытып алатыны, негізгі айтпақ идеясын қорытып, түйіндеуді оқырманның еншісіне қалдырудың орнына, кейіпкер ойымен тәптіштеп, тиянақтап кетуі дейміз. Өйткені шығарма сюжеттің дамуы, шарықтауы кейіпкер характері оқырманды Жақып түйген ой-пікірге онсыз да алып келетіні даусыз.

Қазіргі қазақ әдебиетінің ауыр жүгін шама-шарқынша нық та қайыспай, құмбыл да келісті көтеріп жүргендердің қуатты бір буынын пайғамбар жасына жеткен немесе соларға тетелес қаламгерлер легі құрайды. Сындарлы суреткер, Қазақстан Жазушылар Одағының халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты – Мархабат Байғұтов. Оның есімі мен кітаптары әдеби жұртшылық пен қалың оқырманнан қағыс қалмағынаны белгілі. Қаламгердің соңғы жиырма жылда халқына ұсынған «Шілде» (1973), «Сырбұлақ» (1980), «Интернаттың баласы» (1985), «Нәуірзек» (1988), «Дауыстың түсі» (1993), «Машаттағы махаббат»(1995) атты әңгімелері мен повестер жинақтарын айтар едік. Ал бұл кітаптарда негізінен оның әдебиетке келу, өсу, толысу, орнығу, төселу, кемелдену тәрізді заңды кезеңдерден сүрінбей, шалдықпай, шабысынан жаңылмай заңды өтуі тайға таңба басқандай сайрап тұр. Сондықтан шығар мұның баршасы ең алдымен әдебиетке абырой болды.

Мархабат Байғұтовтың сындарлы да сыпа суреткерлігінің құдіретін бір сөзбен түйіп айтар болсақ, онда оның бірталай дүниелері ұдайы мәңгілік махаббат құдіретіне құрылатын әрі қарапайым, әрі жұмбақ иірімдерінде жатады. Соны нақтылы сөз етіп көрейік.

Мархабат Байғұтов ұлттық төл әдебиетіміздің тума бастауынан – ауыз әдебиетінің тендессіз үлгілерінен күні бүгінге дейін арнасынан профессионалдық парасатынан мол нәр алған. «Шілде» мен «Сырбұлақ» жинақтарындағы әңгімелердің бірталайы осының дәлелі. Заманның, өмірдің әралуан кемшіліктері мен дерттері Мархабат Байғұтовтың өз қаламынан тыс қалған емес. Оның «Интернаттың баласы», «Нәуірзек», «Дауыстың түсі», «Қорғансыз жүрек», «Машаттағы махаббат» атты кітаптарындағы дүниелерінің басым дені 1965-1995 жылдар аралығында қоғам картинасын мейлінше өркем, мейлінше шыншыл жеткізген, суреттеген қомақты да кесек туындылар болып табылады.

«Дауыстың түсі», «Айып», «Жалбыздының жағасында», «Доланай шахтасы», «Ақ орамалды қыз», «Жанымайдың жотасы», «Машина мәселесі», «Кандидат» және тағы басқа әңгімелерінде соцреализмнің эстетикасынан әлі де қол үзе қоймағанмен, әсіресе әлеуметтік колта - өмірге шындыққа мейлінше сыншыл қарау, шыншыл қарау, көркемдік шифрлардың мол байлығын жемісті пайдалану, діттеген мақсатқа шырғалаңсыз шынайы жету

жүзеге асқан. Ысылған машықтың кәнігі суреткерлікке батыл қол артқан нышаны ерекше сүйсінтеді.

Мәселен, бір ғана мысал «Дауыстың түсі» әңгімесінің әлеуметтік-рухани аясы белгілі бір кезеңде белгілі бір адамдардың азып-тозуға ұшырайтынын әдемі суреттейді. Қара бастың ғана құлы болу, қара бастың ғана артықшылығын көздеу, қара бастың ғана мансабын биіктете түсу бүкіл жұлын-жүйкенді, жан дүниенді, жүрегінді өрмекшінің торындай торлап алғанда көзі сау бола тұра айналаны, ешкімді көрмейтін басыр болу оп-оңай-ақ екен. Еңсебектің трагедиясы міне, осындай трагедия. есмақан мен Еңсебек екеуі дос. Бұл – Есмахан пікірі, шыны. Арада жылдар өтті. Есмаханның қызметі өрлей түсті. Бірақ ол өзгерген жоқ...

«Дауыстың түсі» атты әңгіменің көркемдік қуаты да, көркемдік мазмұны да омындырмайтын іс-әрекетке жетелейтін мақсатшыл нысананы мегзейтіндігінде деп қараған жөн.

Мархабат Байғұтовтың сындарлы да сыпа суреткерлігін, әсіресе, мәңгілік махаббат құдіретіне – Квант генераторына, мәңгілік тіршілік талқысына - Тағдырлар геммасына құрылатын шығармалары тым жоталандырып, тым асқақтатып көрсетеді. Бұған оның «Патефон» повесіндегі – Есқали мен Камиланың, Айсұлу мен Есқалидың, «Дос пейілі» повесіндегі – Иван мен Марияның, Наурыз бен Назипаның, Сұлтан мен Талшынның, «Ақ шымылдық» повесіндегі Бағдат пен Зылиханың, «Машаттағы махаббат» повесіндегі – Санжар мен Саяның мөлдір махаббаттары поэзиядағы прозалық пен қамтудың, прозадағы тұтастықты поэзиялық ырғақпен суреттеудің өзара кемел қабысып, өзара ажырамас тұтастыққа айналып кеткендігінің толық көрінісі дер едік.

Қазіргі қазақ әңгімесінің ең таланты шебері – Оралхан Бөкеев еді. Алдымен Оралханның суреткерлік даралығы сол – ол өмірдің әлдебір әсерлі деталын, жүрегінді шымырлатар құбылысын дәл байқап, оқырманның алдына жайып салады. Қалада оқып ғылым жолын қуған қыздың алыстағы ауылдағы механизатор жігітке ғашық болуы (Аспирант қыздың тракторшы жігіті) бәлкім таңдандыра қоймас, бірақ Қалқаштың шынайы ғашық сезіміне иланамыз. Ол қаза тапқан жігітінің арманын да, суреттегі бет-бейнесін де өмір бойы аялап өтетініне еш күмән туғызбайды.

Осындай жайдан туындап жататын тағы бір ерекшелігі-Оралхан әңгімелерінің нәзік лиризмге толы болып келетіндігі. Әсіресе, «Ауыл хикаялары» цикліндегі новеллалары мұның айқын дәлелі. Айталық «Апамның астауы» әңгімесінде тумаған баланың анаға, ананың балаға деген үлкен жүректі махаббатын келістіре суреттеумен бірге сол әженің он саусағынан өнері тамғанын көрсету арқылы да ұлттық этнографияға қатысты салихалы ой толғайды.

Тағы бір айта кететін жай-автордың шығармалары өлеңмен жазылғанда жеңіл оқылады, соның өзінде орынсыз асып-төгілу жоқ, салмақтылығымен, ойлылығымен қымбат.

Мұның бәрі сайып келгенде, шағын келгенде, шағын болса да қойылар міндеті үлкен жанрдың тақырыптық, стильдік тұрғыдан жетіле түскенін

аңғартады. Жанрдың үлкен-кішісіне қарамастан, әдебиетке жүктелер міндеттің әрдайым ауыр да абыройлы екені баршаға мәлім.

Бұл тұрғыда әңгіме ұшқыр да ұтымды, белсенді жанр. Мұның өзіндік проблемалары, шешімін күткен мәселелері көп-ақ. Әдебиеттен бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерін көтере алатын, өмірдегі сан алуан сауалдар мен оқиғалар төңірегінде тебірене толғанатын терең сезімді, парасатты қаһармандарды іздейміз. Ал, қазіргі қазақ әңгімелерінен де күтеріміз осындай алдыңғы қатарлы замандасымыздың толыққанды тұлғасы, бедерлі бейнесі болмақ.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері туралы айт.
2. Қазіргі қазақ әңгімесінің беталысы.
3. Әңгіме жанрының шебер жкімдер, олардың шығармашылығы?
4. О.Бөкеев, С.Мұратбеков, Т.Нұрмағамбетов әңгімелері туралы айтып бер.
5. Қазақ әңгімесінің келешегі кімдер деп білесің?
6. Әңгімеге деген сұраныс, оқырман талабы қандай?

### **Әдебиеттер**

1. Р.Рүстембекова. Қазіргі қазақ әңгімесі.
2. З.Қабдолов. Жебе.
3. А.Егеубаев. Сөз жүйесі.
4. С.Қирабаев. Талантқа құрмет.

Бүгінгі қазақ романындағы дәуір, тарих және заман мәселесі  
Жоспар:

1. Бүгінгі қазақ романшылығы
2. Прозаның тақырыптық, идеялық-көркемдік жағынан баюы
3. Қазіргі қазақ прозасындағы жаңа құбылыстар
4. Бүгінгі таңдағы қазақ прозасы.
5. Қорытынды.

**Тірек сөздер:** Т.Тілеухановтың «Базарлы дәурен балғын шақ», Б.Тоғысбайұлының «Әкеден ұл туса», Ж.Ахмадидің «Есенгелді би», Ж.Сәмитұлының «Сергелден», Е.Тұрысовтың «Шығыстың шың ұлдары», Ұ.Доспанбетовтың «Абылайдың ақ туы», «Аяз бен аптап», С.Досановтың «Жүрегімде жүз сәуле», Т.Қаупынбайұлының «Қыран тағдыр», Т.Ахметжанның «Мұң», Жұмагүл Солтиеваның «Көз ілмейді көңілім», Қ.Жиебаевтың «Қателесесің, қымбаттым..», Х.Есенқараеваның «Күн шығады қызарып», С.Әбдікәрімовтың «Мазасыз түн», Қ.Түменбай «Қой мен қойшы» Н. Исабаевтың «Өмірге құштарлық».

Қазақтың ұлттық прозасы ғаламдық даңққа ие екендігі баршаға аян. Шеберлік мектебі көркемдік дәстүрлер жүйесі, тіл мәдениеті, рухани құндылықтар әлемі жоғары деңгейде қалыптасып, қарышты өсіп өркендегенді. Ұлттық көркем сөз өнері қандай жағдайда болмасын даму үстінде болатыны, кара ормандай елі бар жерде жоғалмайтыны аян. Белгілі бір қоғамдық өзгерістер, қайшылықты құбылыстар қол байлау болуы мүмкін. Солай десек те «Өлең деген тулайды қайшылықта» деген Мұқағали пікірінің жаны бар.

Бүгінгі күнде прозалық шығармалар қоржынына мынадай туындылар қосылды: Төлен Тілеухановтың «Базарлы дәурен балғын шақ», Бек Тоғысбайұлының «Әкеден ұл туса», Жанат Ахмадидің «Есенгелді би», Жақсылық Сәмитұлының «Сергелден», Еркінбек Тұрысовтың «Шығыстың шың ұлдары», Ұзақбай Доспанбетовтың «Абылайдың ақ туы», «Аяз бен аптап», Сәбит Досановтың «Жүрегімде жүз сәуле», Төлен Қаупынбайұлының «Қыран тағдыр», Талаптан Ахметжанның «Мұң», Жұмагүл Солтиеваның «Көз ілмейді көңілім», Қуаныш Жиебаевтың «Қателесесің, қымбаттым..», Ханбибі Есенқараеваның «Күн шығады қызарып», Сейілғазы Әбдікәрімовтың «Мазасыз түн», Қуандық Түменбай «Қой мен қойшы» Нұртас Исабаевтың «Өмірге құштарлық».

Бұлардың ішінде романдар да, повестер де, әңгімелер де, деректі эсселер де бар.

Иә, осынау қаламгерлердің шығармашылық қабілеті, суреткерлік зердесі, көркемдік ойлау жүйесі, ұлттық дүниетанымы, сөз саптауы қалай дейтін сауалдар туындайтыны сөзсіз.

Жанат Ахмадидің «Есенгелді би» романында ұлт тарихындағы ұлы тұлғалар бейнесі сомдалады. Атап айтар болсақ, абылай хан, Төле, Қаз

дауысты Қазыбек, Бөгенбай батыр, Керей, Жәнібек батыр және т.с.с. Ел мен жер туралы ұлы билеріміздің толғаныстары да жүрек толқытарлық.

Жанат Ахмади шығармасының тілі мейлінше жатық, көркем. Мақал-мәтелдерді нөпірлете қолданады. Романның құлақ күйі тоты құстай сайраған төрт бидің сөзімен басталуы да қызықты берілген.

Ұзақбай Доспанбетов «Абылайдың ақ туы» атты романында таңсық емес тақырыпты өзіндік ұғым-түсініктермен өрнектейді. Сөйтіп тарихи және көркемдік танымынды тереңдетеді, ғасырлар мен бабалар даусын жаңғыртып жеткізеді.

Жақсылық Сәмитұлының «Сергелдең» атты драмалық сипаты бөлек романында ұлт-азаттық көтерілістің көсем атақты Оспан батыр бастаған батырлардың орасан ерлік-қаһармандық қимылдары мен қандас бауырларымыздың қиямет-қайым қасіретті тағдыры жан толқытарлық, сүйек сырқыратарлық сезіммен бедерленеді.

Бек Тоғысбайұлының «Әкеден ұл туса» атты романында қазақ зиялыларының тағдыры ашаршылық, кәмпеске жаналғыштар мен жұлынқұрттардың зұлымдық істері патша отаршыларының жыртқыштық әрекеттері. Қазақ жерінің оңтүстік өлкесін Ресей империясының зорлықпен бағындыруы келімсектердің қорлығы шынайы суреттеледі. Шығарманың басты кейіпкері - Әбубәкір қажының баласы Әлидің бастан кешкен шырғаландары арқылы баян етіледі. Әли бүркіт баптаған құмай тазы ерткен сері жігіт. Аңға шығып олжалы қайтып келе жатқанда Метрейдің Шодыры және 8 солдат ұшырасады. Солардың ішіндегі Сидоров Әлидің ықтиярынсыз олжасын ішігін қағып алады. Намысты Әли кейіннен Сидоровты Қайыптың үйінен шығарып алып, қапияда атып өлтіреді.

Романда Мұхаметжан Тынышбаевтың, Ораз Жандосовтың, Жәлменде әулие мен оның әнші, гармоншы, атбегі, құсбегі, сері, батыр болыс Тышанның тұлғасы, өміртарихы суреттеледі.

Қуандық Түменбайдың «Қой мен қойшы» кітабына «Бекеттегі бейкүнәлар» дейтін романы мен «Қой мен қойшы», «Түрмедегі торғай» және бірнеше әңгімелері топтастырылған. Қай-қайсысы болмасын терең толғаныстан көркемдік тәжірибеден туған деуге болады.

«Қой мен қойшы» хикаятында нарық қыспағына қамалып тұншыққан ауыл тірлігі, үрерге иті, сығарға биті жоқ сіңірі шыққан жанұялар, қаңыраған кітапханалар, араны ашылған билік басындағы төрелер, қырылған қой тізбек-тізбегімен суреттеледі.

Басты кейіпкер Жұмабек сонау Қызылордадан Алматыға поезға салып бір қой әкеледі. Әрине, базарға сойып сату үшін «Көңілімді жұбатқан бір отар қара қойды жоқ қылды мына заман» дейді ол.

Немесе «Алматы базарында небір семіз қойлар бар. Қап боп сіңіп кеткен. Олардың бақайынан насоспен жел үреді де, тігіп тастайды» деген сөйлемдерден өтпелі кезеңнің ыңғайсыз, ретсіз, жөнсіз әрекеттерін, сұм-сұрқиялардың көзбояушылықтарын көруге болады. Ал «Түрмедегі торғай» хикаятында жас дәрігер нейрохирург Есенбай Қойбағарұлының талқын тәлкегіне ұшыраған өмірі арқау болған. Оның ары да, жаны да, қолы да таза.

Өз ісіне жетік. Бір апта бұрын ғана Күнімайға қосылған. Некесін мешітте қидырған. Сырқат Барболсын Әйтушов арамдық жасап, ұстаттырып жібереді. Түрме азабын тартады. Оның жан дүниесіндегі көңіл-күйі, сыр толқындарын жазушы түрменің терезесіне ұя салған торғайдың іс-қимылдарымен жарыстыра, салыстыра отырып сипаттап сөйлетеді. Туындының көркемдік логикасы тастүйін.

Қ.Түменбайдың «Бекеттегі бейкүнәлар» романында басты кейіпкер Халел Мұңайтпасовтың бастан кешкен қилы-қилы оқиғалары арқылы кеңестік қоғамның ішек-қарнын ақтарып көрсетеді.

Проза жанрының бір қыры деректі проза.

Деректі проза жанрының атын жамылған кітапты талдап, қоғамды ілгері бастыруға ой салатын немесе ұлт жігерін жануға түрткі болатын құндысын көпшілікке ұсынып отыру зиялы топтың, соның ішінде жауынгер жанрға ден қойған таланты сыншылардың басты міндеті екенін әлемдік тәжірибе соқырға таяқ ұстатқандай етіп көрсетіп отырғаны ақиқат. Бұл әсіресе, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезде жазылған көсемсөзді жанрлық тұрғыдан іріктеп, сөйтіп қалың оқушыға ұсынылатын кітапты анықтау үшін өте қажет талап.

Бұлай деуімізге еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бірсыпыра жазушыларлардың бұрынғы жазып жатқан көркем шығармаларын доғарып қойып, көсемсөз жанрына бет бұрғаны себепші. Мұның өзі жаңа қоғамдық құрылымның талабына сай бұрынғы идеологиялық кеңістікте эстетикалық қажеттілікті өтеп келген көркемсөз ықпалының бәсеңсіп, есесіне жас мемлекетте кетіп жатқан кемшілікті тез аңғарып, жөндеуге себеі тиетін көсемсөздің қоғамдағы үстемдік бел алғандығының айғағы болатын.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін де сондай көп мәселені мойынға алу қажеттігін қазақ азаматтарының алдына өмірдің өзі көлденең тартқан болатын. Міне, осы тұста сөз өнерін кәсіп еткен біршама азаматтың кеңес өкіметі кезінде тиым салынған тақырыпқа қалам тартуы көп кісі күтпеген тосын оқиға болатын. Әсіресе, тәуелсіздіктің алғашқы кезінде халық ескі орысшылдық ниеттен арыла алмай бүкіл ұлттың абдыраулы кезінде бұрынғы қалың оқырманның көзі қанығып, құлағы үйренген, сөз бен іске енді кереғар пікір білдіріп, мүлде бөтен сарында ой толғаған. Қалтай Мұхамеджанов, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев батылдығы мен ішкі дайындығы, бабалар арманымен ой сабақтастығы әлемдік ірі тұлғалармен үндестігі кісі қызығарлықтай еді. Айтар болсақ, Қ.Смайылов, Ш.Мұртаза, Ф.Оңғарсынова, Ә.Тарази, Қ.Жұмаділов, Қ.Ысқақов, Т.Әбдіков, Д.Исабеков, С.Елубаев, Б.Нұржекеев, Т.Медетбеков, М.Құлкеновтар тәуелсіздікті баянды ету жолында өз ойларын ортаға салып, ел пікірінің жаңаруына зор үлес қоса алды. Ел ішіне жайылған осы бір рухани алапат сілкіністің билік тізгінін ұстаған азаматтардың да бойынан көрініс табуы – бұл енді талай ғасыр бойы отаршылдар езгісінде жүріп тәуелсіздік үшін басын үнемі қатерге тігіп өмір сүрген бабалардың көп арманының бірінің жүзеге асқанының көрінісі деуге келетін. Мысалы, Төлен Әбдіковтің «Жанна-д Арк феномені» мақаласы Сауытбек Әбдірахмановтың «Әлемге әйгілі тұлға» айдарымен жарияланған

мақалалар циклі. Әлібек Асқаровтың «Мұзтау» қолжазбасы, Мұхтар Құлмұхамедтің әлем әдебиетінің озықтарын сөз ете отырып, өз әдебиетіміздің арғы-бергісіне байсалды талдау жасаған.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін деректі прозаға, яғни көсемсөзге деген талаптың өзгергенін, сөйтіп бұрынғы отаршылдық кездегідей ылғи еңбек, өнер адамын немесе жеке тұлғаны жалаң мадақтап жазуға деген халық сұранысының азайып, енді күн өткен сайын тарихи-философиялық мәндегі деректі шығарманың көшбасына шыққанын, өйткені сол арқылы ұлт санасын жаңа бағытта қалыптастырып, өркениетке жетудің шаралары қарастырылғанын қайталап ескерту ғана.

Бұл бірақ бұрынғы үрдісте жазылатын шығарма атаулы мүлде қажетсіз сөзіміз емес, мәселенің бәрі нені жазуда емес, қалай жазуда. Оған Ахат Жақсыбаевтың қаһарман ағамыз Қасым Қайсенов өмірінен жазған роман-эссесі толық дәлел. Жазушы материалды шебер игеру арқылы көздеген мақсатына жете алған. Оқиғаның шымыр суреттелетіні соншалықты, тіпті кез келген тарауды ойып алып кино жасауға болады. Сондықтан да мұндай туындылар өз оқушысын табатыны ақиқат.

Жазушы Ғаббас Қабышұлы «Сағыныш сазы» кітабының жанрын «Сырсандық» деп көрсеткен. Шынында да айтса айтқандай көбісі бұл дүниеден өткен сыйлас-сырлас, аға-інілері мен құрбы-құрдастары жайлы жазушының сыры болып шығады. Қарасөздің қай түріне қалам тартпасын алып та, шалып та жығатын жазушы бұл жолы да сол биіктен көріне білген. Ал осыған ұқсас, бірақ ой-толғамдары көбіне сын жанрының биігінен көрінеді.

Оқушыларды көбіне қызықтыратыны ауылдағы ақын-жазушылардың ізденгіштігі. Өйткені олар үнемі өзін-өзі еңбекке жегуге уақыт табады. Еркінбек Тұрысовтың повестер, хикаялар, эссе-естеліктерден құралған «Шығыстың шың ұлдары» атты кітабы соның айғағы. Жазушы бүгінгі күннің оқиғасын суреттеумен шектелмей, шығыстан шыққан ұлы тұлғалардың тағдырына үңілген.

Серік Байқонов «Бетпақ дала шөл емес» жинағының жанрын «Табиғат кітабы» деп атаған. Бұл кітап жазушының көп жылғы зерттеуінің, сабылып дала кезіп, сарылып тарихты ақтаруының жемісі екенін және оның шығармашылық басты табысы екенін бәріміз де білеміз. Айтары мол, қызық та жақсы кітап.

Ендігі бір жазушы – Шаяхмет Құсайынұлы. Оның «Жолбарыс жүрек» роман дилогиясы деректі шығармадан гөрі көркем туындыға көбірек келіп тұр. Жазушының басты табысы композиция құра білетін дер едік. Егер орнымен қолдана білсе, тіл байлығы жеткілікті.

Мақсат Тәж-Мұраттың Төлен Қаупынбаевтың, Нұрдәулет Ақыштың, Сәрсен Бек Сахабаттың кітабы және бір тұлғаның өмір тарихына арналған дүниелер екен. Мысалы, Нұрдәулет белгілі әнші сазгер Алтынбек Қоразбаевтың өмірі мен шығармашылық өнерінің кейбір кезеңін мейлінше әсерлі сұлу сезімге толтыра келісті суреттесе, Сәрсен өзінің Төреғұлдың Нәзірі атты кітабының жанрын «Ғұмырнамалық дастан» деп атап, көрнекті

мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-ағартушы, тұңғыш кәсіби дипломат өмірінің түрлі бұраланды кезеңін Жан-жақты сөз етеді.

Ал Төлен Қаупынбаевтың «Қыран тағдыр» атты «Жарық жұлдыз туралы жырына» ғалым Шоқан Уәлихановтың Жетісу өңіріндегі ізденістері ұшырасып, араласқан адамдардың өмірі әңгіме арқауына айналған. Жазушының көп ізденгені көрініп тұр.

Сондай-ақ, Серік Әбдірайымұлының «Бес мүшел белесінде» атты шығармасы арнайы сөз етуді қажет ететін салмақты кітаптың бірі.

Жоғарыда деректі прозаға деген талап мүлде өзгергендігін ескердік. Бұл шарт әсіресе, алдымен тарихи танымға өзінің тереңдігімен ықпал ете алатын, сол арқылы қоғамның дамуына себі тиетін философиялық категория негізінде ұлттық тәуелсіздіктің қамын жейтін ерекше мәндегі шығармаға ғана тән талап. Ондай шығарма әп дегеннен қалың бұқараға түсінікті бола да қоймас, тіпті оны кез келген оқушының оқып, пайдаға жаратуы да екіталай шығар, бірақ ұлттың өзін зиялы санайтын кез келген кісісі ондай шығарманы бір емес, бірнеше қайтара оқуы міндетті.

Бүгінгі күнде прозалық шығармалар қоржынына мынадай туындылар қосылды: Мұхтар Шахановтың «Жазагер жады космоформуласы» атты романы, Төлен Тілеухановтың «Базарлы дәурен балғын шақ», Бек Тоғысбайұлының «Әкеден ұл туса», Жанат Ахмадидің «Есенгелді би», Мархабат Байғұтовтың «Дауыстың түсі», «Қорғансыз жүрек», «Машаттағы махаббат», «Нәуірзек», Жақсылық Сәмитұлының «Сергелден», Еркінбек Тұрысовтың «Шығыстың шың ұлдары», Ұзақбай Доспанбетовтың «Абылайдың ақ туы», «Аяз бен атап», Сәбит Досановтың «Жүрегімде жүз сәуле», Төлен Қаупынбайұлының «Қыран тағдыр», Талаптан Ахметжанның «Мұң», Жұмагүл Солтиеваның «Көз ілмейді көңілім», Тұрсын Жұртбайдың «Болашақтың бәйтерегі», Қуаныш Жиенбаевтың «Қателесесің, қымбаттым», Ханбибі Есенқараеваның «Күн шығады қызарып», Сейілғазы Әбдікәрімовтің «Мазасыз түн», Қуандық Түменбай «Қой мен қойшы», Нұртас Исабаевтың «Өмірге құштарлық».

Бұлардың ішінде романдар да, повестер де, әңгімелер де, деректі эсселер де бар. Иә, осынау қаламгерлердің шығармашылық қабілеті, суреткерлік зердесі, көркемдік ойлау жүйесі, ұлттық дүниетанымы, сөз саптауы қалай дейтін сауалдар туындайтыны сөзсіз.

Жанат Ахмадидің «Есенгелді би» романында ұлт тарихындағы ұлы тұлғалар бейнесі сомдалады. Атап айтар болсақ, абылай хан, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Бөгенбай батыр, Керей, Жәнібек батыр және т.с.с. Ел мен жер туралы ұлы билеріміздің толғаныстары да жүрек толқытарлық.

Жанат Ахмади шығармасының тілі мейлінше жатық, көркем. Мақал-мәтелдерді нөпірлете қолданады. Романның құлақ күйі тоты құстай сайраған төрт бидің сөзімен басталуы да қызықты берілген.

Ұзақбай Доспанбетов «Абылайдың ақ туы» атты романында таңсық емес тақырыпты өзіндік ұғым-түсініктермен өрнектейді. Сөйтіп тарихи және көркемдік танымды тереңдетеді, ғасырлар мен бабалар даусын жаңғыртып жеткізеді.

Жақсылық Сәмитұлының «Сергелдең» атты дәуірнамалық сипаты бөлек романында ұлт-азаттық көтерілістің көсемі атақты Оспан батыр бастаған батырлардың орасан ерлік-қаһармандық қимылдары мен қандас бауырларымыздың қиямет-қайым қасіретті тағдыры жан толқытарлық, сүйек сырқыратарлық сезіммен бедерленеді.

Бек Тоғысбайұлының «Әкеден ұл туса» атты романында қазақ зиялыларының тағдыры ашаршылық, кәмпеске жаналғыштар мен жұлынқұрттардың зұлымдық істері патша отаршыларының жыртқыштық әрекеттері. Қазақ жерінің оңтүстік өлкесін Ресей империясының зорлықпен бағындыруы келімсектердің қорлығы шынайы суреттеледі. Шығарманың басты кейіпкері - Әбубәкір қажының баласы Әлидің бастан кешкен шырғаландары арқылы баян етіледі. Әли бүркіт баптаған құмай тазы ерткен сері жігіт. Аңға шығып олжалы қайтып келе жатқанда Метрейдің Шодыры және 8 солдат ұшырасады. Солардың ішіндегі Сидоров Әлидің ықтиярынсыз олжасын ішігін қағып алады. Намысты Әли кейіннен Сидоровты Қайыптың үйінен шығарып алып, қапияда атып өлтіреді.

Романда Мұхаметжан Тынышбаевтың, Ораз Жандосовтың, Жәлменде әулие мен оның әнші, гармоншы, атбегі, құсбегі, сері, батыр болыс Тышанның тұлғасы, өміртарихы суреттеледі.

Қуандық Түменбайдың «Қой мен қойшы» кітабына «Бекеттегі бейкүнәлар» дейтін романы мен «Қой мен қойшы», «Түрмедегі торғай» және бірнеше әңгімелері топтастырылған. Қай-қайсысы болмасын терең толғаныстан көркемдік тәжірибеден туған деуге болады.

«Қой мен қойшы» хикаятында нарық қыспағына қамалып тұншыққан ауыл тірлігі, үрерге иті, сығарға биті жоқ сіңірі шыққан жанұялар, қаңыраған кітапханалар, араны ашылған билік басындағы төрелер, қырылған қой тізбек-тізбегімен суреттеледі.

Басты кейіпкер Жұмабек сонау Қызылордадан Алматыға поезға салып бір қой әкеледі. Әрине, базарға сойып сату үшін «Көңілімді жұбатқан бір отар қара қойды жоқ қылды мына заман» дейді ол. Немесе «Алматы базарында небір семіз қойлар бар. Қап боп сіңіп кеткен. Олардың бақайынан насоспен жел үреді де, тігіп тастайды» деген сөйлемдерден өтпелі кезеңнің ыңғайсыз, ретсіз, жөнсіз әрекеттерін, сұм-сұрқиялардың көзбояушылықтарын көруге болады. Ал «Түрмедегі торғай» хикаятында жас дәрігер нейрохирург Есенбай Қойбағарұлының талқын тәлкегіне ұшыраған өмірі арқау болған. Оның ары да, жаны да, қолы да таза. Өз ісіне жетік. Бір апта бұрын ғана Күнімайға қосылған. Некесін мешітке қидырған. Сырқат Барболсын Әйтушов арамдық жасап, ұстаттырып жібереді. Түрме азабын тартады. Оның жан дүниесіндегі көңіл-күйі, сыр толқындарын жазушы түрменің терезесіне ұя салған торғайдың іс-қимылдарымен жарыстыра, салыстыра отырып сипаттап сөйлетеді. Туындының көркемдік логикасы тастүйін.

Қ.Түменбайдың «Бекеттегі бейкүнәлар» романында басты кейіпкер Халел Мұңайтпасовтың бастан кешкен қилы-қилы оқиғалары арқылы кеңестік қоғамның ішек-қарнын ақтарып көрсетеді.

Проза жанрының бір қыры деректі проза. Деректі проза жанрының атын жамылған кітапты талдап, қоғамды ілгері бастыруға ой салатын немесе ұлт жігерін жануға түрткі болатын құндысын көпшілікке ұсынып отыру зиялы топтың, соның ішінде жауынгер жанрға ден қойған таланты сыншылардың басты міндеті екенін әлемдік тәжірибе соқырға таяқ ұстатқандай етіп көрсетіп отырғаны ақиқат. Бұл әсіресе, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезде жазылған көсемсөзді жанрлық тұрғыдан іріктеп, сөйтіп қалың оқушыға ұсынылатын кітапты анықтау үшін өте қажет талап.

Бұлай деуімізге еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бірсыпыра жазушыларлардың бұрынғы жазып жатқан көркем шығармаларын доғарып қойып, көсемсөз жанрына бет бұрғаны себепші. Мұның өзі жаңа қоғамдық құрылымның талабына сай бұрынғы идеологиялық кеңістікте эстетикалық қажеттілікті өтеп келген көркемсөз ықпалының бәсеңсіп, есесіне жас мемлекетте кетіп жатқан кемшілікті тез аңғарып, жөндеуге себі тиетін көсемсөздің қоғамдағы үстемдік бел алғандығының айғағы болатын.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін де сондай көп мәселені мойынға алу қажеттігін қазақ азаматтарының алдына өмірдің өзі көлденең тартқан болатын. Міне, осы тұста сөз өнерін кәсіп еткен біршама азаматтың кеңес өкіметі кезінде тиым салынған тақырыпқа қалам тартуы көп кісі күтпеген тосын оқиға болатын. Әсіресе, тәуелсіздіктің алғашқы кезінде халық ескі орысшылдық ниеттен арыла алмай бүкіл ұлттың абдыраулы кезінде бұрынғы қалың оқырманның көзі қанығып, құлағы үйренген, сөз бен іске енді кереғар пікір білдіріп, мүлде бөтен сарында ой толғаған. Қалтай Мұхамеджанов, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев батылдығы мен ішкі дайындығы, бабалар арманымен ой сабақтастығы әлемдік ірі тұлғалармен үндестігі кісі қызығарлықтай еді. Айтар болсақ, Қ.Смайылов, Ш.Мұртаза, Ф.Оңғарсынова, Ә.Тарази, Қ.Жұмаділов, Қ.Ысқақов, Т.Әбдіков, Д.Исабеков, С.Елубаев, Б.Нұржекеев, Т.Медетбеков, М.Құлкеновтар тәуелсіздікті баянды ету жолында өз ойларын ортаға салып, ел пікірінің жаңаруына зор үлес қоса алды. Ел ішіне жайылған осы бір рухани алапат сілкіністің билік тізгінін ұстаған азаматтардың да бойынан көрініс табуы – бұл енді талай ғасыр бойы отаршылдар езгісінде жүріп тәуелсіздік үшін басын үнемі қатерге тігіп өмір сүрген бабалардың көп арманының бірінің жүзеге асқанының көрінісі деуге келетін. Мысалы, Төлен Әбдіковтің «Жанна-д Арк феномені» мақаласы Сауытбек Әбдірахмановтың «Әлемге әйгілі тұлға» айдарымен жарияланған мақалалар циклі. Әлібек Асқаровтың «Мұзтау» қолжазбасы, Мұхтар Құлмұхамедтің әлем әдебиетінің озықтарын сөз ете отырып, өз әдебиетіміздің арғы-бергісіне байсалды талдау жасаған.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін деректі прозаға, яғни көсемсөзге деген талаптың өзгергенін, сөйтіп бұрынғы отаршылдық кездегідей ылғи еңбек, өнер адамын немесе жеке тұлғаны жалаң мадақтап жазуға деген халық сұранысының азайып, енді күн өткен сайын тарихи-философиялық мәндегі деректі шығарманың көшбасына шыққанын, өйткені сол арқылы ұлт санасын жаңа бағытта қалыптастырып, өркениетке жетудің шаралары қарастырылғанын қайталап ескерту ғана.

Бұл бірақ бұрынғы үрдісте жазылатын шығарма атаулы мүлде қажетсіз сөзіміз емес, мәселенің бәрі нені жазуда емес, қалай жазуда. Оған Ахат Жақсыбаевтың қаһарман ағамыз Қасым Қайсенов өмірінен жазған роман-эссесі толық дәлел. Жазушы материалды шебер игеру арқылы көздеген мақсатына жете алған. Оқиғаның шымыр суреттелетіні соншалықты, тіпті кез келген тарауды ойып алып кино жасауға болады. Сондықтан да мұндай туындылар өз оқушысын табатыны ақиқат.

Жазушы Ғаббас Қабышұлы «Сағыныш сазы» кітабының жанрын «Сырсандық» деп көрсеткен. Шынында да айтса айтқандай көбісі бұл дүниеден өткен сыйлас-сырлас, аға-інілері мен құрбы-құрдастары жайлы жазушының сыры болып шығады. Қарасөздің қай түріне қалам тартпасын алып та, шалып та жығатын жазушы бұл жолы да сол биіктен көріне білген. Ал осыған ұқсас, бірақ ой-толғамдары көбіне сын жанрының биігінен көрінеді.

Оқушыларды көбіне қызықтыратыны ауылдағы ақын-жазушылардың ізденгіштігі. Өйткені олар үнемі өзін-өзі еңбекке жегуге уақыт табады. Еркінбек Тұрысовтың повестер, хикаялар, эссе-естеліктерден құралған «Шығыстың шың ұлдары» атты кітабы соның айғағы. Жазушы бүгінгі күннің оқиғасын суреттеумен шектелмей, шығыстан шыққан ұлы тұлғалардың тағдырына үңілген.

Серік Байқоңов «Бетпақ дала шөл емес» жинағының жанрын «Табиғат кітабы» деп атаған. Бұл кітап жазушының көп жылғы зерттеуінің, сабылып дала кезіп, сарылып тарихты ақтаруының жемісі екенін және оның шығармашылық басты табысы екенін бәріміз де білеміз. Айтары мол, қызық та жақсы кітап.

Жазушы Жақсылық Рахматулланың «Меңсұлу» романы: «Әр көңілдің ешкімге еш уақытта айтуға қимайтын жүрек сыры бар. Кейде оны өзі түгіл өзіңнен де қызғанатын сәтің болады», - деп лирикалық леппен ынтықтыра басталады да, іле кідірмей: «Әр көңілдің өзіне ғана аян қуанышы мен қайғысы бар. Кейде оны ақындарша ақтарылыпжырлағың келеді», - деп ақ жаңбырдай төгіле жөнеледі.

«Меңсұлу» романын қазіргі заманның махаббат дастаны десе де болады. Олай дейтініміз, романның жарыққа шыққан бұл бірінші кітабында басты кейіпкер Меңсұлу мен Тұмардың бозбала дәуіріндегі алғашқы махаббатынан бастап, автор одан әрі ешкімге «айтуға қимайтын жүрек сырын» біртіндеп жібек жіптей тарқатып беріп отырады.

Жазушы бұл шығармасын оқыс оқиғадан ұтымды бастайды. Таңертең қонақ үйден шыққан Тұмар аэропорт вокзалы сыртында құйып тұрған жаңбырдан тасаланып, ықтасында ұшақтың ұшуын күтіп, үйіндегі әйелі Бәкені мен кішкентай қызын ойлап тұрғанда, асфальт бетімен ағып жатқан жаңбыр суын шашырата, сонадай жерге тоқтай қалған таксидің алдыңғы есігінен шыққан көк көйлекті, сұңғақ бойлы, қара шашын иығына төгілдіріп қидырған аққұба әдемі келіншекке бірден назары ауды. Бірақ сұлу келіншек ішіп алған күйеуін таксиден түсіре алмай өзі вокзалға кіріп кетеді. Мас жігіт такси есігінен шығамын деп ұмтылып барып, етпетінен құлаған кезде жаны

ашыған Тұмар оны орнынан тұрғызып, сүйемелдеп вокзалға қарай алып келе жатқанда, ту сыртынан «Бәкір!» деп шошына айқайлаған әйелдің ащы даусы естіледі. Жалт қараған Тұмар - баяғы алғашқы махаббаты Меңсұлуды, жаңағы қолшатыр көтерген көк көйлекті сұлу келіншекті көреді. Тұмардың жүрегі солқ ете қалады, қаны шапшып төбесіне шығады... Көз алдында сол Меңсұлу!

Міне... Күтпеген кездесу! Ол тұмарды таныды ма? Әрине, таныды. Бірақ, Тұмармен сөйлесуге жасқанып, күйеуін қолтықтай қараңғыға сіңе береді. Меңсұлудың қараңғыға сіңуі - оның қазіргі тыныс-тіршілігі қараңғылық басқан өмір дегенді меңзейді. тамшы сорғалап, тепкішектің ернеуінде қалған қолшатыр Меңсұлудың көз жасымен шыланғандай әсер береді. Әйел күйеуімен алысып жүріп қолшатырын ала алмай кетті ме, әлде Тұмарға алғашқы махаббаттың ескерткіші ретінде қалдырып кетті ме? Бұл шешімді автор оқырманның өзіне қалдырады.

.. Меңсұлу екеуміз бір ауылда өстік, бір сыныпта оқыдық», - деп автор одан әрі жетелей жөнөйді. Оқыс оқиғадан кейін кейіпкерін балдәурен махаббат шымылдығына орап әкетуі - жазушының бұдан кейінгі бастау шеберлігі. Ендігі оқиға Тұмар мен Меңсұлудың бозбала дәуіріндегі алғашқы қызғалдақ қызығына батуы мен студенттік, кейін естияр балғын шақтарда да сөнбеген үміт шоғын үрлейді. Осы тұста Меңсұлудың Тұмарға жазған өлең шумақтарына көңіл жүгіртейік:

*Үмітімді білмеймін неге үзбеймін,  
Аласұрған тынымсыз теңіздеймін.  
Жым-жырт. сұрғылт күндерден жабыққанда,  
Сәулелердің ішінен сені іздеймін.*

Бұл шумақтан әйел жанының нәзік тебіренісін сезінесің. Меңсұлудың жыр жолдарынан сүйіспеншіліктің ыстық демі соғып, болашаққа бұйырмаған бақыттың ащы лебі еседі.

Романды тұтас оқып шыққанда жазушының шеберлік талантына, ой тереңдігіне сүйсінуге болады. Романда адамның қуанышы мен мұңы, шаттығы мен өкініші жатыр. Шығармадағы оқиға желісі шиыршық ата тартысқа жетелей келіп, шешімін өзіне қалдырады. Бұл да шебер жазушының қолдана білетін әдемі тәсілі. Қаламгердің тіліде шұрайлы. Қоғам, өмір, табиғат құбылыстарын адам тағдырымен сабақтастыра суреттей біледі. Шығарма сонысымен де құнды.

Жазушы – Шаяхмет Құсайынұлының «Жолбарыс жүрек» роман дилогиясы деректі шығармадан гөрі көркем туындыға көбірек келіп тұр. Жазушының басты табысы композиция құра білетін дер едік. Егер орнымен қолдана білсе, тіл байлығы жеткілікті.

Мақсат Тәж-Мұраттың Төлен Қаупынбаевтың, Нұрдәулет Ақыштың, Сәрсен Бек Сахабаттың кітабы және бір тұлғаның өмір тарихына арналған дүниелер екен. Мысалы, Нұрдәулет белгілі әнші сазгер Алтынбек Қоразбаевтың өмірі мен шығармашылық өнерінің кейбір кезеңін мейлінше әсерлі сұлу сезімге толтыра келісті суреттесе, Сәрсен өзінің Төреғұлдың Нәзірі атты кітабының жанрын «Ғұмырнамалық дастан» деп атап, көрнекті

мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-ағартушы, тұңғыш кәсіби дипломат өмірінің түрлі бұраланды кезеңін Жан-жақты сөз етеді.

Ал Төлен Қауыпбаевтың «Қыран тағдыр» атты «Жарық жұлдыз туралы жырына» ғалым Шоқан Уәлихановтың Жетісу өңіріндегі ізденістері ұшырасып, араласқан адамдардың өмірі әңгіме арқауына айналған. Жазушының п ізденгені көрініп тұр.

Сондай-ақ, Серік Әбдірайымұлының «Бес мүшел белесінде» атты шығармасы арнайы сөз етуді қажет ететін салмақты кітаптың бірі.

Жоғарыда деректі прозаға деген талап мүлде өзгергендігін ескердік. Бұл шарт әсіресе, алдымен тарихи танымға өзінің тереңдігімен ықпал ете алатын, сол арқылы қоғамның дамуына себі тиетін философиялық категория негізінде ұлттық тәуелсіздіктің қамын жейтін ерекше мәндегі шығармаға ғана тән талап. Ондай шығарма әп дегеннен қалың бұқараға түсінікті бола да қоймас, тіпті оны кез келген оқушының оқып, пайдаға жаратуы да екіталай шығар, бірақ ұлттың өзін зиялы санайтын кез келген кісісі ондай шығарманы бір емес, бірнеше қайтара оқуы міндетті.

**Жазушы Жұматай Шаштайұлының 2004 жылы «Жалын» баспасынан «Жаңғырық» атты жаңа романы жарық көрді.** Жазушының аз жазса да саз жазатын сырбаздығы, сірә, сөз өнеріне өнер құдыретіне деген үлкен жауапкершіліктен, адал да таза махаббаттан өрбіп жатса керек.

Ең бастысы, жазушының оқушысына танытар өзіндік әлемі бар, айтар ойы бар, көрсетер көркемдік уақыты мен кеңістігі бар. Ешкімге ұқсамайтын кесек кейіпкерлері бар, олардың әркімді ойға салар, тұңғыық мұңға батырар тосын тағдыры бар.

Қаламгердің әдебиет әлеміндегі өзіндік өрнегі, дара қолтаңбасы, стильдік ерекшелігі біздіңше – кейіпкердің ішкі әлеміне сырттай бақылау арқылы барлау жасауы, яғни «мен» де емес, «сен» де емес, кәдімгі дәстүрлі «олды», (үшінші жақты) – классикалық стильді пір тұтынуы дер едік. Көркемдік уақыт пен кеңістікті, ондағы өмір кешкен адам тағдырын еркін игеруге мүмкіндігі мол үшінші жақпен айтылатын ойлар.

Белгілі жазушының «Жаңғырық» деген романында да осы ақиқат, кәдімгі бәріміз көріп, куә болып жүрген қарапайым өмірдегі шынайы шындық тағы алдымыздан шығады. Бүкіл қоғамымыз, қазақ елі тоталитарлық кезеңде бастан кешкен тарихи оқиғалар, бастан өткерген өмір белестері өзінің бар бояуымен, табиғи болмыс-бітімімен көрінеді. Бір шаңырақ астындағы үш Адам тағдыры бейне бір қазіргі қазақ қоғамындағы үш тап өкілінің өмір тарихын көркем кстелейтіндей. Мәселен, жас журналист Бегімбет тоталитарлық сана ықпалынан жаңа арыла бастаған қазақ зиялыларының жаңа өкілі болса, Мәскеудің кинорежиссерлік оқуын тауысқан әпкесі Нұрғаныш өз өзегінен жеріген, өз ұлтын менсінбейтін, оның тек кемшілігін көргіш маргиналдың нақ өзі. Қалада туып-өссе де қазақы мінез, тектілігінен айрылмаған мінезді де тұлғасы кесек шешесі – Назбүбі оқымаса да өзіндік ойы бар, таза табиғи болмысты ту етіп ұстаған кешегі ұрпақтың бүгінгі жұрнағы. Осы үш кейіпкердің тағдыры, санасы, танымы, көзқарасы т.б. арасындағы қайшылық, кереғар пікір, мінез-болмыс, бүгінгі

қазақ ұлтының бастан кешіп отырған тағдырын бедерлейді. Қазақ халқының тұрмыс-салты, қадір-қасиеті, далалық пен қалалықтар арасындағы психологиялық түзілістер, олар бастан кешіп отырған ұлттық фактор шығарманың сюжетін шиеленістіріп, оқиғаның мазмұн-мәнін, рухани құндылығын арттырып отырғандық. Шығармадағы оқиға композициясының тосынқурылуы, дала мен қала тіршідігінің параллелді түрде қосамжарласа бейнеленуі арқылы қазіргі қазақтардың жан әлеміндегі екіұдай сезімді, қас жарылған қос құндылықты мансұқтаған, жаратылыс бір болғанымен, мақсаты екі түрлі сезімдік құбылыстарды суреттейді. Қалалықтардың өмірі қызық, білімі жоғары болғанымен, олар далалықтарда сақталған ата дәстүр, тектік белгі кесек мінез, тарихи болмыстың мәңгілік маңызын, ұлттық рухтың биіктігін мансұқтайды. Қазақты ұлт ретінде сақтайтын алтын оқ әлі де болса ауыл, ондағы қаймағы бұзылмаған ана тек ата дәстүр екендігін автор ата кәсіптің ауыр бейнетін кешсе де, өзін табиғи болмысынан ажырай қоймаған адамдар тағдыры, олардың азапты қасіреті, тұрмысы арқылы суреттейді. Кейіпкерлер тағдыры екі сюжеттік желімен – алма-кезекбаяндалып отырады. Бұл әдебиеттану ғылымында «жарыспалы композиция» деп аталады. Романдағы дала өмірі, ата кәсіпті мұрат тұтқан ауыл адамдарының ауыр бейнеті тұрмысы, қандай қиыншылықтан да мойымайтын қайсарлығы эпикалық дәстүрді ұстанған авторлық психологиялық баяндау барысында берілсе, қалалықтардың рухани әлеміндегі және іс-әрекеттердегі қайшылықтары көбінде ой қақтығыстары, ішкі диалогтар негізінде жүзеге асырылады. Екі сюжеттік желі де адам тағдыры, оның тарихы, оның рухани әлеміндегі кескілескен күрес үстінде көрініп, әр таптың, яғни дала мен қала тұрғындарының қайшылыққа толы өмір тағдыры өздерінше шешіліп жатады. Әрбір кейіпкердің тағдыры шығарманың соңына дейін күрделене дамып, ішкі жандүниесінің қатпарлары қалыңдап, көркем бораздар ерекшелене, сомдала түседі.

Қаламгердің дара қолтаңбасы – сөз өнерінің көркемдік сапасына ден қойып, сонны шеберлікпен меңгергенінен, авторлық психологиялық баяндаудың, яғни кейіпкердің рухани әлемін сыртқы симптомдар арқылы ажарлай бейнелеуден айқын көрінеді. Адам тағдырының тылсым сырларына, кейіпкерінің ішкі жан әлеміндегі неше алуан сезімдік-эмоциялық құбылыстарды айнытпай беретін сыртқы ишара белгілерді бейнелеуге, жеке санадағы психологиялық процестерді көрсетуге ерекше мән береді. Кейіпкерлерінің рухани-психологиялық өмірін өзіне тән көркем бейнелеу құралдарымен баяндау жазушының дербес қаламгерлік жүйесінің жүрек демін байқатады. Оның үстіне сол авторлық психологиялық талдау көркем характердің ерекше сомдалуына шешуші рөл атқарады. Жазушы жеке адам тағдыры арқылы бүкіл бір ұлттың мәселесін қозғайды.

Қаламгер бұл романында бұрындары ашық айтыла бермейтін, айтсақ та астарлай жеткізетін тоталитарлық жүйенің зардабын жете зерделеуге, оның ұрпақтар санасына салған зіл-заласын, жетпіс жыл бойы жүрекке салған салмағын тәуелсіздікті ту ете отырып, салиқалы түрде айтуға тырысып баққан. Романның өзі «Қиыр жайлап, шет қонған қазақтарды Америка

үндістерінен, Австралия аборигендерінен айырмасы жоқ деп санайтындар әлі жазаға тартылады», - деген жолдардан басталуының өзі бұл туындының өзге шығармалардан өзгеше екені байқалады. Автор Сансызбай арқылы ауылда ата кәсіптің ауыр бейнетін белшесінен кешсе де, өзінің табиғи тектілігінен, қайсарлығынан, ар-намысын арзан қылыққа айырбастай қоймайтын өрлігінің өміршеңдігін өнеге етеді. Нағыз қазақ мінез, тектілік, рухтың мықтылығы романда осы Сансызбай бейнесі арқылы сомдалған. Романда соңына дейін өмірде әлі де кездесетін солақай көзқарас айтылып отырады. Бұл қазіргі тәуелсіздік жылдарында елдігіміздің, еркіндігіміздің нәтижесінде осындай шығармаға ой талқы боларлық тақырыпқа айналғандығын көрсетсе керек.

Жазушы Баққожа Мұқаевтың «Өмірзая» (1998) романы мен «Мазасыз маусым» жинағына қазіргі ауыл мен қаланың әралуан тіршілік-тынысы, сондағы адамдардың яғни өзіміз бүгінгі өмірде, еңбек пен тұрмыста, сан алуан ситуацияларда күнбе-күн көріп біліп, қоян-қолтық араласып, кездестіріп, ұштастырып жүретін замандастарымыздың морльдық-әлеуметтік бітім-болмыстарындағы, іс-әрекеттеріндегі, мінез-құлықтарындағы, ой-пиғылдарындағы бірге сүйсінерлік биік азаматтық пен бірде жиренерлік күйкі пендешілік иірісдер сыншыл суреттелген повесть енген. Ең бастысы, кітаптың осындай өзектес тұтастығы қилы-қилы тағдырлардың шынайы бейнелегендігінде, қаламгерлік позиция мен темпераменттің ұдайы айқындығында, өмірлік және көркемдік шындығы бір өрім күйде ұласып, лүпілдеп соққан дүниелерден тұратындығында деуге болады. Енді повесть жайындағы ой-пікірімізді төрт ауыз сөзбен таратып айтуға тырысып көрейік.

«Тірлікте сыйласпаған ағайын...» атты повеске кезінде баллар үйінде тәрбиеленген, содан бергі он шақты жыл беделінде өмір ағысымен әр қиырда, сан тарау соқпақта жүрген, әрқайсысының өзіне бұйырған тіршілігі бар үш достың аянышты тағдыры арқау болған. Олардың бірі – шахтер -ани, Қарағандыда еңбек етеді; екіншісі - ғылым докторы Нияз, астаналық бір институттың басшысы; үшіншісі – мезгілсіз қайтыс болған Ғұсман. ортақ достың осынау жанға батар ауыр қазасы үстінде кімнің-кім екендігі яғни Ғани мен Нияздың бүкіл бітім-болмысы нақты реалистік-психологиялық арнада көрініс табады. Повесті оқып отырып, француздың ұлы жазушысы Виктор Гюгоның: «Бетперде ғана, шын адам оның аржағында» - деген қанатты сөзінің тереңдігі мен дәлдігіне тағы да бір ден қоямыз.

Повесть туристік жолдамамен шет елдік сапарға жиналып жатқан Ғанидың аяқ астынан суық хабарлы телеграмма алуымен басталады да, одан әрі Ғұсманның қазасы үстінде екі достың іс-әрекетімен өрбіп, ақырында шахтер Ғанидың досының сүйегін Қарағандыға жеткізуімен аяқталады. туындының осындай оқиға желісі мерзімі жағынан екі-үш күнді ғана қамтығанымен, мұндағы кейіпкерлердің - үш достың - Ғани, Ғұсман, Нияздардың бұған дейінгі өмір жолын солармен бірге жүріп, өткендей боламыз.

Балалар үйінің шәкірттері - Ғұсман, Нияз, Ғанилардың «бір атаның балаларындай» болған достығы мен татулығы жұрттың көбін сүйсіндірген. Тіпті, Сағын ұстазы бұларды «үш ноян» деп атап кеткен. Үш достың үшеуі де

«үш ноян» қалпымыздан танбаймыз деп талай серттер де берген және соларының үдесінен талай рет абыроймен шығып та келген. Бірақ, мұның бәрі Ғұсман түрмеге отырғанға дейінгі жәйттер еді.

Ғұсман – жан-дүниесі мөп-мөлдір жан. Балалар үйінде осылай болған ол, кейіннен де осы қалпынан өзгермеген. Оның мейірімділігі, ақындық табиғаты елеусіз нәрселерден-ақ аңғарыла беретін. Нияз бен Ғани үшін өзін құрбандыққа шалған ер көңілді азамат. Қысқа жіп күрмеуге келмей тұрса да, ер жігітке лайық мәрттігін көрсете білген ірі жан. Жоқтық жомарттың қолын байлайды деген рас. Бірақ тұрмыс тауқыметін қайткенде жеңемін деген Ғұсман, жаңсақ бір басқан қадамынан опық жеп тынады. Міне, өзінің басына іс түскен, көлеңкелі сәтте қасында бір ғана досы - Ғани ғана қалса, екінші досы Нияз - құрдымға сіңген судай, ізім-ғайым жоғалып кетті. Ғұсманның арқасында оқып қалғанымен жұмысы жоқ. Түрмеден оралған Ғұсманды, ішімдікке үйір Ғұсманды танығысы келмеді. Мұндай адамдарды өз мансабына кесірін тигізеді деп есептеп, безіп кетуге бар. Ал, Ғұсман болса Нияздың осындай күйкі пендешілігін қабылдай алмайды. Адамның адамшылығын жұтып қоятын обыр мансап екендігін түсінген Ғұсманның Нияздан айрылмасқа шарасы жоқ еді.

Ғани - Нияхдың және сол сияқтылардың антиподы. Ол «балалар үйінің бір жапырақ қара наны мен бір уыс қара талқанын» ұмытпаған жан. Оның ірілігі мен кісілігі барынша табиғи. Ғани жоқшылықта табысқан достары Ғұсман мен Нияз үшін неге болсын даяр. Қолынан келген жәрдемі мен азаматтығын еш пұлдаған емес. Оның бірінші трагедиясы - Ғұсманның мезгілсіз қайтыс болуы, ал екінші трагедиясы – Нияздан тірідей айрылуы. Міне, достық деген қастерлі де қасиетті принцип ар-ожданның, азаматтықтың, бірден-бір өлшемі болған тұста, оған сөз жоқ ендігі мезетте Ниязбен достығынан бас тартуына тура келеді. Ол бұл шешімге қаншалықты қиындықпен, ішкі тайталаспен келді дейсің?! Бірақ, соның барлығы да Ғанидың сол кесек мінез-құлқынан, тұла бойы тұнған адалдықтың табиғатынан, іс-әрекетінен туындап жататын әрі көркемдік, әрі өмірлік заңдылық.

Ал адамның өзгеруіне, құбылуына әсер ететін жоғарыдағыдай көптеген жәйттердің қай-қайсысына болсын қарсы тұрар иммунитет бар. Оның аты - нағыз азаматтық бітім-болмыс. Міне, осындай иммунитет Нияздың бойындағы мансаптың оқпанына тұншығып жоқ болса, керісінше Ғанидың тұлғасындағы абзал кісіліктің арқасында ірілене түскен. Жазушы өз кейіпкерлерінің бойындағы осындай сипаттарды әдемі жеткізе білген.

«Аппақ шымылдык» повесінде көркемдік шарттылық басым. Хан мен Гүлжайна тәрізді. кейіпкерлердің табиғат Берген аңқаулығы, көңіл аққылдақтығы юморлық сипат алып, езу тартқызып отырады. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге құштар Күләш пен Бикен – тәрізді келіншектердің Хан мен Гүлжайнаны өздерінің сайқымазақ торына түсіргісі келген әрекеттері сәтсіз аяқталады, сөйтіп өздерін-өздері әшкерелейді. Повестегі ситуациялардың шарттылығына, автордың қадам қуатына

иланасыз. Хан мен Гүлжайна сияқты типтер болмаса, өмірдің қызығы мен сиқыры, жұмбағы мен құпиясы әлдеқайда аз болар еді.

«Аққұс» повесінде ырың-жырың болған жанұя мүшелерінің қарым-қатынасы Ермек атты баланың көзімен беріледі. Өмірлік шындық екені және рас. Оспан тәрізді адамдардың ең соңында өзін-өзі жеңе білгеніне нанасың. Өзі туралы шындықты біліп қойған Ермектің туып-өскен ауылына қашатынын, әжесінің мейір-шуағын өмірден ұдайы іздеп жүретінін түсінгендей боласың.

Жинақтағы ең сүбелі, ең шырайлы дүние – «Ақпанның ақырғы күні» атты повесть. Мұнда Ұлан, Ләйла, Айдар тәрізді үш сыныптастың, кейіннен еңбек долы бір колхозда тұйыскен заманы бір құрдастардың тыныс-тіршілігі шынайы түрде бейнеленеді. Адамдар бойындағы ізгі әрі қаскөй қасиеттердің тамыр жайған мәйегі сын сағаттарда қандай тұрғыда өріс табады немесе мүлдем өшіп тынады? Повесть былай қарағанда дәстүрлі үштік арасындағы тартысқа құрылғандай көрінуі мүмкін. Сөйте тұра, тосын жағдайда - ақпанның ақырғы күнінде адамдар бойындағы қаскөй нышандар, іс-әрекеттер ізгілік алдында жер болып жығылады.

Ұлан – қайтпас, қайсар жан. Жетімдіктің тақсіретін тартқан адамның тек өз күшіне ғана сенетіндігі өмірлік шындық. Өйткені, оның сүйенері жоқ. Бар тірегі - өзін-өзі жігерлендіру, өзін-өзі шыңдау. Айдар – кекшіл, өлермен, «бит ішіне қан құяр ебі бар» пысық, ферма меңгерушісі. Жасында өлең жазған. Бірақ ол сезімді өшіріп алған. Әсершілдіктің арты әлемішке, жеңіл табысқа жетуге қызығуға ұмтылумен бірге тұншығып та қалған. Сұлулыққа іңкәрлік беті қызылдың соңына түсумен, сонны қанағат тұтумен аяқталған. Айдардың мықтылығы – дәулетінде, осалдығы - өмірден опық жеп адасқандығында. Бала кезіндегі махаббаты – Ләйладан айрылуы осының дәлелі. Өмір күрделі, өмір шындығы да – күрделі. Ұланды көзіне ілмейтін, Айдар десе ішкен асын жерге қоятын Ләйланың тағдыры да күрделі. Алғашқы махаббатын да қимайды, оған деген көңілі де суымаған. Бірақ, өзі тауып қосылған Ұланның көзіне де шөп салғысы келмейді. Баққожа Мұқаев осының бәрін шиыршық арттыра отырып суреттейді, бірақ шектен аспайды. автор өз кейіпкерлері жанының нәзік иірімдеріне зорлық жасамайды. Адамдардың ситуацияны немесе ситуациялардың адамды билеген тұстағы психологиялық реңктерге, иірімдерге зер салады. Бұған «Ақпанның ақырғы күні» повесі айғақ. Адалдық, адамгершілік, азаматтық жауапкершілік сыны олардың өзін де, өзгелерді де қатал сыннан өткізеді.

Ұлан, Айдар, Ләйла, Баубек болмыстарындағы қарама-қайшылықтар өзара сабақтас жәйттер, тамырлас нышандар. Біржақты, біртекті әсірелеу немесе қаралау жоқ. Бұлардың қай-қайсысы болмасын «адамға тән нәрсенің бәрі де маған жат емес» дейтін, күрделілігі басым кейіпкерлер.

Жалпы алғанда Баққожа Мұқаев күні бүгінге дейін жиырмаға жуық прозалық кітаптар мен оннан астам драмалардың авторы. Бұлардың баршасы әдебиет пен театр сынының назарынан тыс қалмаған, өз бағаларын алған.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Бүгінгі күндегі қазақ прозасының тақырыбы мен идеясы.
2. Бүгінгі күнде жарияланып жатқан қандай прозалық туындыларды білесің?
3. Т.Тілеуханов прозасының өзіндік ерекшелігі.
4. Ж.Ахмадидің «Есенгелді би» туындысының тақырыбы мен идеясы.
5. Е.Тұрысов прозасындағы көтерілген мәселелер.
6. Х.Есенқараеваның «Күн шығады қызарып» атты туындысының көтерген мәселесі.
7. Ж.Солтиеваның «Көз ілмейді көңілім» атты туындысының тақырыбы мен идеясы қандай?
8. Соңғы уақытта жарияланып жатқан қандай романдарды білесің?
9. Бүгінгі күндегі әңгіме жанрының тақырыбы мен идеясы.
10. Қазіргі кездегі повестердің өзіндік ерекшелігі неде?
11. Бүгінгі таңдағы романдардың өзіндік ерекшелігі.
12. Тұрсын Жұртбайдың «Болашақтың бәйтерегі» романының тақырыбы мен идеясы.

## **Жаңа басқыштағы қазақ драматургиясы**

Жоспар:

1. Бүгінгі қазақ драмасы
2. Драманың жанрлық жағынан толысуы
3. Қазіргі қазақ драматургиясындағы жаңа қойылымдар
4. Бүгінгі күндегі қазақ драматургтері

**Тірек сөздер:** Бүгінгі әдебиетімізде драматургияның алар орны ерекше. Дулат Исабековтің сөзімен айтсақ: «Әдебиеттің басқа салаларына қарағанда ұрысты көп еститін де, таяқты көп жейтін де – драматургия жанры».

Ана тіліміздің ауған жүгі толық түзелмей, ұлттық санамыз отарлау саясаты кезінде жұққан дерттен әлі де айыға алмай тұрған қазіргі кезеңде халықтың намысын оятып, жігерін қайрайтын тәуелсіз еліміздің іргетасын біржола бекемдеу үшін бүкіл жұртшылықты ортақ мақсатқа жұмылдыратын драмалық шығармалар қажет. Осы талап тұрғысынан келгенде қазақ драматургиясының қазіргі жағдайы қандай?

«Пьеса – драма, комедия - әдебиеттің ең қиын формасы» - дейді Горький. Қиын болатын себебі бар. Проза мен лирикада автор кейіпкерлердің әрекеттерін, олардың жан-дүниесіндегі құбылыстарды, жүректегі сезімдерін өз тарапынан еркін түсіндіріп отыра алады. Ал, драматургияда авторға мұндай мүмкіншіліктер жоқ және кейіпкерлердің іс-әрекетіне де, шығарманың көлеміне де қатаң шек қойылады. Пьесада бүкіл іс-әрекет, бар оқиға біздің көз алдымызда дәл қазір өтіп жатқандай боп көрінуге керек. Сол оқиғалар сипатынан кейіпкерлердің өткен өмірін де, келешегін де білеміз. Автор пьесада драматургияның қатаң талабына оқиғаны бағындырады, бірақ, бас кейіпкердің іс-әрекетінің даму заңдылығын берік ұстауға тиіс. Өйткені,

Лессинг айтқандай, «характерлерді бейнелеуде сәл қате жіберілсе, оның төлеуін, ереже қанша қатал сақталса да өтей алмайды». Сонымен бірге ұлы сыншы Белинский іс-әрекет бірлігі - драманың ең басты шарттарының бірі екендігін көрсете келіп, «драмада бәрі де бір мақсатқа, бір ниетке бағытталуға керек<sup>2</sup>» - деп жазған еді. Міне, драматургияның осындай қатаң шарты драматургтен зор шеберлікті талап етеді.

Драмалық шығарма адам жанының терең сырларын ашуға тиіс. Әрине, роман мен повесте де, сондай-ақ әңгімеде де адам тағдырлары суреттеледі, бірақ, прозалық шығармаларда бас кейіпкердің ой-сезімін, арман-мақсатын, ниет-пиғылын көрсету үшін автор оның жан-дүниесінің құбылысын, толқынын өз атынан да баяндап, сипаттап отырады. Ал, драмалық шығарманың кейіпкері бҮкіл ішкі сырын өзінің іс-әрекетімен өзі бейнелейді, әр әрекет үстінде оның жан дүниесінде нендей өзгеріс болғанын автор өз тарапынан баяндап суреттей алмайды, драмалық бас кейіпкер өзі қалаған белгілі жағдайда әрекет етеді. Драмалық шығармада «адам оқиғаны, өз қалауынша, бірде олай, бірде былай етіп, бірде олай, бірде былай аяқтап, оқиғаға үстемдік жүргізеді», - дейді Белинский.

Драма кейіпкері, Белинский сөзімен айтсақ, - өзіне ғана тән ерекшелік сипаты бар жеке адам. Ұлы сыншы бұл пікірді ірі характерге байланысты айтады. Адам өмірінің кез келген жағдайы драмалық шығармаға өзек бола алмайды. Бұл жөнінде ұлы Дидроның - драмада адам өміріндегі ең маңызды, өнегелі, дүйім жұртқа қызықты жағдай ғана бейнеленуі керек деген сөзі бүгінде де зор мәнге ие.

Бүгінгі күнде драматургияның осындай шарттарына сай түрде жазылған мынадай туындыларды атауға болады: Дулат Исабековтың «Актриса», «Тор», Иран Ғайыптың «Мен келемін», Бек Тоғысбаевтың «Жан сая», Әкім Таразидің «Ақын, періште, махаббат», Тынымбай Нұрмағамбетовтың «Ескі үймен қоштасу», Өмірбек Боранбаевтың «Әңгүдік» пьесаларын атауға болады. Бұлардан тыс драматургия саласында 2004 жылы жарық көрген «Тарту» атты екі томдық пьесалар жинағын драматургияны дамыту, драматургияда ынталандыру жолындағы жақсы қадам деп есептейміз.

Қазіргі қазақ драматургиясы десек, ең алдымен ауызға алатынымыз да, сонан соң бірінсіз-бірінің таңы атып, күні батпайтынын өзара сабақтас салалардағы әралуан профессионалдық ортақ ділгірліктер мен көкейкесті міндеттердің мейлінше ұтымды жолдары, байсалды шешімдері жөнінде қажетті төрелікке әрқашан төбе би ретінде жүгінетініміз де дарабоз драматургтің - Қалтай Мұхаметжанның бір өзі екендігі ісі қазаққа, әсіресе, әдебиет пен театр қауымына кеңінен белгілі талассыз ақиқат.

Бұл арада әрине, оның алдындағы Мұхтар Әуезов пен Ғабит МҮсірепов сияқты ұлы алыптардың, сондай-ақ ілгері қанаттас туыстастарының ішінде Т.Ахтанов, тәрізді хас монолит суреткердің, ал өкшелес шыққан тетелес драматургтердің ортасында Шерхан Мұртаза, Сәкен Жүнісов, Әкім Тарази, Қалихан Ысқақов, Асқар Сүлейменов, Оралхан Бөкеев, Дулат Исабеков,

<sup>2</sup> «Белинский о драме и театре». Искусство. 1948 стр 89.

Төлен Әбдіков сияқты тегеурінді қаламгерлердің; кенже буын інілерінің ішінде Нұрлан Оразалин, Баққожа Мұқай, Әділбек Тауасаров, Сұлтанәлі Балғабай, Иран-Ғайып сияқты сарбаз драматургтердің бар екендігін ескермегендіктен не ұмытқандықтан емес. Иә болмаса, солардың тиесілі сыбаға-үлесін жоққа шығарғандықтан емес. Сонда біз неге сүйеніп, неге табан тіреп, үзілді-кесілді айтып отырмыз деген заңды сауалдар да туады.

Бұл арада біз, сөз жоқ, саналы түрде қазіргі қазақ драматургиясы мен театрының 1958-1998 жылдар межесіндегі елеулі де жарқын табыстарының басым дені Қалтай Мұхаметжанов шығармашылығымен тығыз әрі тікелей байланысты екендігіне мейлінше көз жеткізгендіктен ғана жоғарыдағыдай берік байламға, нақты пікірге келіп отырмыз. Өйткені, біріншіден, қазіргі уақытта биігінен қарағанда Қалтай Мұхаметжанның сахналық шығармалары - ұлттық драматургиямыздағы озық дәстүрлер жалғастығының шынайы айнасы бола білген туындылар еді. Осы арада оның Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов қаламынан шыққан драмалық дүниелердің тума бастауына тәлім алғаны күмәнсіз. Оның үстіне екіншіден, кәусәр көркемдікке іңкәр, тұрлаулы өнер иесіне-титан талантқа көтерілген автордың орыс және әлемдік драматургияның көп үнді, көп қырлы, көп мазмұнды салқар айдынынан мейлінше мол қаныққанын, сөйте тұра, өзінің суреткерлік ішкі болмысын сақтағанын, яғни шеберлік ұстарту мектебінен мүдіріссіз өткендігін ескерсек, бұлай демеске дәтің жетпейді, шараң да қалмайды. Шын сүйсіну шектен аспаса, соның өзі де бір ғанибет деп және сабыр сақтайтының бар...

Сондықтан шығар, аса көрнекті драматург Қалтай Мұхаметжанның барша комедиялары да, барша драмалары да – қазақ драматургиясына тән жанр эволюциясын белгілі бір мөлшерде әр қырынан, әр деңгейінен көрсететін, тлықтыратын, айқындайтын әралуан көркемдік жетістіктердің бір шоғыр квинтэссенциясы болып табылады.

Міне, осыдан туатын әрі өрістейтін болу керек, қазіргі қазақ драматургиясы мен театрының 1958-1998 жылдардағы бүкіл гаммасын, параметрін қамтып, жинақтап, ірілендіріп не көрсеткіміз келген сәтте бәріміз, сөз жоқ, айналып келіп Қалтай Мұхаметжанның бірегей көркем шығармашылығына ат басын тірейтініміз анық. 1958 жылдан бастап «Бөлтірік бөрі астында» атты комедиясы мен 1988 жылы қойылған «Біз періште емеспіз» атты философиялық-әлеуметтік драмасына дейінгі туындыларда жалданып-жоталанып, шоғырланып-үйірлесіп көрінген кемел драматург талантының жалқы болмысы ғана дегеніміз абзал!..

Әлем әдебиетінің алтын қорынан оырн алатын арабтың «Мың бір түн» атты сегіз томдығын түгелдей аударып шығуы суреткерлік ерліктің шынайы бір көрінісі.

Қалтай Мұхаметжан әр жылдары әдебиет пен өнердегі қоғамдық-әлеуметтік әралуан саладағы өзгерістерге үнемі-ұдайы қаламгерлік көзқарастары мен азаматтық поэзияларын айқын танытумен келеді. Әсіресе, жариялылық пен тәуесіздік жылдары кезеңінде мерзімді баспа сөз беттеріндегі, бұқаралық ақпарат құралдарындағы публицистикалық-

проблемалық өткір ой-толғаныстары, сұхбаттары, қоғамның, ортаның, адамдардың зәру де ділгір мәселелеріне деген суреткерлік ат салысу белсенділігімен айрықша зор рөл атқарғаны даусыз. Бұған дін мен қоғам, ар мен иман, азаматтық жауапкершілік пен бейбітшілік мәселелері төңірегіндегі өткен халықаралық ислам конгрестерінде, симпозиумдарында жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздерін қоссаңыз белгілі қоғам қайраткерінің көшелі тұлғасы көз алдыңызға қаз-қалпында әдемі келе қалады.

Ал, аса көрнекті драматург Қалтай Мұхаметжанның өзіне-өзі сын көзбен қатал қарайтынына шығармашылық столының тарпасында жатқан, әлденеше нұсқалары бар «Шыңғыс хан» атты тарихи-философиялық драманы айтар едік. Асылы, оның қаламынан туған комедиялар мен драмалардың қай-қайсысы болмасын нағыз профессионал драматургтің сымбат-кескінін бұлтартпай көрсететін жұп-жұмыр, келісті дүниелер екендігі ешқандай дау мен күдік тудырмайды.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Бүгінгі күндегі драмалық шығармалардың тақырыбы мен идеясы?
2. Қандай драмалық туындыларды білесің?
3. Драмалық туындылардың өзіндік ерекшеліктері.
4. Белгілі драматургтердің шығармаларына талдау жаса.

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДРАМАТУРГИЯ**

Қазіргі қазақ драматургиясы – қазақтың ХХ ғасырдағы классикалық әдебиеті дамуының заңды жалғасы. Драматургия – көркем әдеби тек (драма, трагедия, комедия) жанрларының өнернамалық жүйесі. Қазақ сөз өнеріндегі дәстүрлі негізі әдебиет шығармалары мен фольклор мұраларында (би-шешендер сайыстары, ақындар айтыстары, жар-жар, беташар, алтыбақан, т.б.) негізі қаланған ұлттық сөз өнерінің бұл саласы қазақтың рухани мәдениетінің әлем өркениетіндегі көрнекті орнын да танытты. Драматургия шығармалары қаламгерлердің тарихи кезеңдердегі халық тағдырын көркем шындық поэтикасы заңдылықтары аясында бейнелеуімен ерекшеленеді. Драматургия туындылары (пьесалар, спектакльдер, либреттолар) арқылы әдеби тек саласы драма жанрларының (драма, трагедия, комедия) теориялық ерекшеліктері саралана айқындалады. Драматургия ұғымының аясында театр сахналарындағы туындылар мен деректі, ғылыми-фантастикалық, көркем фильмдердің де қойылымдық-режиссуралық көркемдік шешім ерекшеліктері айқындалады. Драматургиядағы шығармалар – әдебиет оқырмандары мен театр, кино көрермендеріне арналған өрнек өнері (көркемөнер) рухани құндылықтары. Қазақ топырағында драматургияны дамытқандар қатарында Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Жұмат Шанин пьесалары ұлттық классикалық дәстүр жолын қалыптастырды және т.б. кейінгі толқын драматург-қаламгерлер шығармашылығы арқылы жалғасты.

Драматургия саласындағы әдебиеттану мен театртану, өнертану тұрғысындағы егізделе, теориялық-тәжірибелік тұтастықпен өрілген зерттеулер, танымдық бағалаулар да үздіксіз жазылумен келеді. Аристотельдің «Поэтика», Никола Буалонның (1636-1711), «Поэтикалық өнер» (1674), Дени Дидроның «Актер туралы парадокс» (1773-1778 жылы жазылып, 1830 ж. жарық көрген), «Драмалық поэзия туралы», Гаттохольд Эфраим Лессингтің «Гамбургтік драматургия» (1767-1769) атты еңбектерінде классикалық драматургияның поэтикалық табиғаты туралы бағалаулар жазылды. Георг Вильгельм Фридрих Гегельдің (1770-1831), В.Г.Белинскийдің (1811-1848) еңбектерінде де драматургия мәселелеріне байланысты пікірлері бар. Әдебиеттану, театртану-өнертану тұрғысында жазылған қазақ зерттеушілерінің (С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ж.Шанин, А.Тоқпанов, Ә.Тәжібаев, С.Ордалиев, Б.Құндақбаев, Р.Нұрғалиев, Р.Рүстембекова, Ә.Сығаев, Ә.Бөпежанова және т.б.) еңбектері осы саладағы зерттеулер жүйесін құрайды. ХХ ғасырдағы әдеби үдерістегі ұлттық әдебиет алыптарының драматургияны құрайтын шығармашылығы көрнек өнері туындыларына тән ортақ көркемдік-эстетикалық дүниетаным болмысын дәлелдеді. Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) кітабында «Айтыс-тартыс» тақырыбымен берілген драматургияға байланысты айтылған бағалау да сахналық қойылымның көру, қабылдау аясындағы танымдық-эстетикалық табиғатын түсінуге бағдарлайды: «Уақиға көз алдымызда болып, адамдардың тіршілік жүзінде айтысып-тартысып өмір шеккенін көреміз. Тіршілік майданында адамдардың ақылы жеткенше амалдап, қайратына қарай қару қылып, алысқаны, арбағаны, қуанғаны, жылағаны, ойнағаны, күлгені, сүйінгені, күйінгені, жауласқаны, дауласқаны, бітискені, жарасқаны өмір жүзіндегідей көрініп, көз алдыңнан өтеді» (Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.; 175-бет). Қазіргі заманғы анықтама бойынша: «Драматургия (грек. *Dramaturgia* – 1. драмалық шығарманы құрудың теориясы; 2. белгілі бір халықтың я автордың драмалық шығармаларының жиынтығы)» (Орысша-қазақша сөздік: 70 000 сөз / Н.Т.Сауранбаев, Г.Г.Мұсабаев, Ш.Ш.Сарыбаевтың редакциялық басшылығымен, қайта өңдеген және толықтырылған үшінші басылымы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1152 б.; 227-б.). Қазақ драматургиясы – әлем өркениетіндегі классикалық жанрлар үлгілерімен үндес туындыларымен өзіндік даму белестерінен өтіп келеді. ХХ ғасырдың басындағы қазақ драматургиясы К.Тоғысовтың «Надандық құрбаны» (1915), Ж.Аймауытовтың «Рәбиға», «Ескерту», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар», «Қанапия мен Шәрбану», «Шернияз», Қошмұхаммед (Қошке) Кемеңгеровтің «Алтын сақина», «Парашылдар», «Ескі оқу», Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Ел ағасы», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз», «Абай», «Хан Кене», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Айман-Шолпан», «Тас түлек», «Шекарада», «Түнгі сарын», «Сын сағатта», «Намыс гвардиясы» (Ә. Әбішевпен бірігіп жазған), Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», «Бақыт жолына», Бейімбет Майлиннің «Шаншар молда», «Ел мектебі», «Неке қияр», «Айша», «Сәлде», «Көзілдірік», «Майдан», «Аманкелді» (Ғ. Мүсіреповпен

бірігіп жазған), Ілияс Жансүгіровтің «Кек», «Түркісіб», «Біздің жігіттер», «Исатай-Махамбет», Сәбит Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», «Күрес күндерінде», Ғабит Мүсіреповтің «Аманкелді» (Б. Майлинмен бірігіп жазған), «Ақан сері – Ақтоқты», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» операсының либреттосы т.б. көрнекті драматург-қаламгерлердің (Ж.Шанин, Ә.Тәжібаев, Ә.Әбішев, М.Ақынжанов, т.б.) пьесалары-спектакльдері ұлттық әдебиет пен театр өнерін дамытуға мол үлес қосты. Қазақ драматургиясының жаңа толқын қаламгерлермен толығу кезеңі – ХХ ғасырдың 60-70 жылдары. Бұл кезеңдегі қазақ драматургиясына қосылған қаламгерлер (Қалтай Мұхамеджанов, Қанабек Байсейітов, Қуандық Шаңғытбаев, Тахауи Ахтанов, Сәкен Жүнісов, Әкім Тарази (Әкім Әшімов), бұлармен ілесе Әбіш Кекілбаев, Оралхан Бөкеев, Қалихан Ысқақов, Баққожа Мұқаев, Оразбек Бодықов, Дулат Исабеков, Асқар Сүлейменов, Софы Сматаев, Төлен Әбдіков, Нұрлан Оразалин, Иранбек Оразбаев, Сұлтанәлі Балғабаев, Жолтай Әлмашұлы, Роза Мұқанова, т.б. қаламгерлер қазақ драматургиясының көркемдік-эстетикалық қазынасын байыта түсті. Қазіргі қазақ драматургиясы әлемдік классикалық дәстүрді шығармашылықпен қабылдай отырып, ұлттық топырақтағы осы өнердің өркендеуіне жаңашылдықпен үлес қосып келеді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі салтанат құрған жылдары жазылып, бірқатары театр сахналарында қойылып келе жатқан әртүрлі тақырыптардағы пьесалар классикалық драматургия жанрларының уақыт пен кеңістіктегі еміршен, ұлағатын айғақтайды. Қалихан Ысқақовтың «Қараша қаздар қайтқанда», «Таңғы жаңғырық», «Есеней – Ұлпан», «Жан қимақ», «Сабатаж!», «Қылкөпір», «Мазар», «Ерліктің екі сағаты», «Апатай», «Жәке-Жәкетай», «Сайқының тұқымдары», «Қазақтар» (Шахимарденмен бірлесіп жазған) барлығы жиырмаға жуық пьесасы бар. Дулат Исабековтің пьесалары да әралуан тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерімен әдебиетіміздің драматургия саласының дамуы қорын молайтты. Драматургтің «Ректордың қабылдау күндері» (1975), «Әпке» (1982), «Ертеңді күту» (1979), «Мұрагерлер» (1982), «Алыстан келген ананас» (1984), «Кішкентай ауыл» (1986), «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Алтын тордағы топты» («Актриса»), «Ескі үйдегі екі кездесу», «Тор» пьесалары театрлар сахналарында үздіксіз қойылуда. Қаламгердің «Жеті желкен» (1987) атты таңдаулы пьесалар жинағы жарық көрген.

Иранбек Оразбаевтың (Иранғайып) «Хайуандық комедия», «Алтын адам», «Естайдың Қорланы», «Қорқыттың көрі», «Махамбет», «Мауглидің оралуы», «Шоқан», «Мен ішпеген у бар ма?..», «Былыққа батқан қала» пьесалары бар. Нұрлан Оразалиннің «Шырақ жанған түн», «Тас киіктер», «Ақ құс туралы аңыз», «Қара қазан ғасыры» пьесалары оның ақындық сыршылдығы ықпалындағы лирикалық, психологиялық сарындылығымен ерекшеленеді. Сұлтанәлі Балғабаев – қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті драматург-қаламгер. Жазушының «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», «Қазақша күрес», «Жамбала, Мико және қасқыр», «Біз де ғашық болғанбыз», «Ғашықсыз ғасыр», «Әйелдер әлемі» пьесаларында өмір шындығының сан түрлі

мәселелері қамтылған. Жазушының пьесаларында қазіргі заманғы отбасылық-тұрмыстық өзекті мәселелер драмалық, трагедиялық, комедиялық сипаттар тұтастығымен бейнеленген. Мысалы, «Ең әдемі келіншек» лирикалық-психологиялық әуенді пьесасындағы кейіпкерлер тағдыры қайшылықты тіршілік келбетін, әралуан адамдар тағдырларын романтикалық және реалистік болмысымен көз алдымызға әкеледі. Пьесаның басты кейіпкері – Гүлбаршын. Осыдан он жыл бұрын Алматыдағы жоғары оқу орнын бітіргендер сол айтулы күнді атап өту үшін жиналып, тойлап жатқан қауышулар сәттеріндегі сезім өрнектері, тағдырлар тоғысуы – сахналық қойылым жағдайына орайластырыла берілген. Басты кейіпкер Гүлбаршын мен жанама кейіпкерлердің (Абдолла, Алтай, Жиенбай, Мадина, Зухра) монологтары мен диалогтары арқылы – әйелдер мен еркектер арасындағы шынайы махаббат пен тағдыр ықпалындағы қарапайым жұбайлық ғұмырға көнетін тұрмыстық психология қайшылығы көрсетілген. Студенттік жылдарының алғашқы курсына он алты жастағы Гүлбаршын бірге оқитын Алтайға ғашық болған екен. Алтайға деген алғашқы махаббат сезімін ұмытпаған Гүлбаршынды аласапыран көңіл-күйдегі хал-ахуалымен көреміз. Өзі сүйген адамы Алтайға қосыла алмағандықтан, күйінішті болып жүрсе де, өлердегі сөзін айтып соңынан қалмай қойған Жиенбайға тұрмысқа шыққан, бірақ оның қызғаншақтығынан, ақыры сотталып кетуінен кейін жалғыз жүрген Гүлбаршын тектес тағдырларды елестетеді. Пьесаның сюжеттік-композициялық құрылысындағы Гүлбаршынның сырт сұлулығына, мінез тартымдылығына еліккен Абдолланың да, бұрынғы өзіне ғашық қыздың ықыласына қайта ие болғысы келген Алтайдың далбаса – екіұдай көңіл-күйі де сенімді өрілген. Пьесаның көркемдік түйіні – ғұмырдың сұлулығы өзіңді жақсы көретін адамның сезімі екендігін бағалау. Пьесаның көркемдік шешімін танытатын кейіпкер Жиенбайдың диалогтары мен монологтары әйелді жан-тәнімен сүйген еркектердің орынсыз қызғанышқа ерік беретініне де, маскүнемдікке салынатынына да, қызғанған адамдарымен төбелесетініне де, содан сотталатынына да кейіпкер тағдыры сендіреді. Бірақ, өзі ғашық болып қосылған әйелден ешқашан ажырағысы келмейтін, жылдар өтсе де қайта қосылудан күдер үзбейтін еркек махаббаты Жиенбай тағдыры арқылы жинақталып берілген (Балғабаяев С. Ең әдемі келіншек: Әңгімелер мен пьесалар. — Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2006. – 272 б.; 84-85-бб.). Пьеса сюжетінің шешімінде адамдардың алып-ұшқан асау сезім құрсауына қанша түссе де, бәрібір тұрмыс заңдылығына бағынатындығы дәлелденеді. Өзіне өліп-өше ұмтылған Абдоллаға да, бір сәттік қайта оянған сезімін білдірген Алтайға да берілмей, қанша алабұртып толқыса да, өзіндік өмірлік тұрағына мәңгілікке оралған Гүлбаршын тұлғасы арқылы тиянақты шешімді тектес адамдардың мінез-құлық психологиясы көркем шындықпен жинақтала көрсетілген.

Жазушының «Біз де ғашық болғанбыз», «Қыз жиырмаға толғанда», «Ғашықсыз ғасыр», «Әйелдер әлемі немесе ең жақсы еркек» атты пьесаларында да еркек пен әйел арасындағы сан алуан қайшылықтар егізделген тұрмыстық-әлеуметтік хал-ахуал мәселелері қамтылған.

«Біз де ғашық болғанбыз» пьесасының сюжеттік-композициялық желісінде заманымыздың ең өзекті мәселесі – отбасы бірлігінің сақталуы нысанға алынған. Қыз бен жігіт кезінде бірін-бірі ұнаттып қосылған көп жұбайлардың отбасын құрып бірге тұру сынағына төтеп бере алмай, о бастағы тұтанған, шын сүю сезімін, махаббатты қорғай алмай ажырасып кететінін, бірақ екеуі де тап сондай қайталанбас ғажайып шынайы сезімді өмір бойы аңсап өтетінін, ажырасқандарына өкінетіндерін автор пьеса кейіпкерлері Дәукен (Дәуітрахымбай) мен Зияда тағдырлары арқылы дәлелдеген. «Қыз жиырмаға толғанда» пьесасы адамның жүрек қалауы мен жұбайлық ғұмырдағы сыйластық, адамгершілік ар алдындағы жауапкершілік мәселесіне арналған. Басты кейіпкерлердің бірі Ғайыпберген – тұрлаулы сезімі жоқ, өзіндік күнделікті ұсақ-түйек тұрмыстың мәселелерін шашу үшін өзін шын ұнатқан қыздармен, әйелдермен көңілде болудан ләззат алатын, тіршілік қозғалысындағы адамдарда шынайы махаббат, шын беріле сүю сезімінің болуын мойындамайтын адамдардың жинақталған бейнесі. Асыл, адал сезім иесі Тәукенмен диалогы да өмір шындығын көз алдымызға әкеледі: «Әй, жігіт! Білесің бе, дүниенің бәрін бүлдіретін, болмайтын нәрсені ойлап тауып жұрттың басын қатыратын мына сендер сияқты адамдар! Әр нәрсенің шегі болуға тиіс. Ғашықтық та, махаббат та солай! Біреуді сүй, ұнат, бірақ соншалықты фанатик болуға бола ма екен?! Өмірдің қарапайым логикасы бар емес пе?! Екеуі де бірін-бірі жақсы көретін және екеуінің де тал бойына бір міні жоқ керемет адамдардың қосылуы неғайбыл. Және қосылған күнде де өмір бойы махаббаттары жалындап, бір-бірінің бетіне карап, Қозы Көрпеш-Баяндай болып өтеді деп пе едің?!» (Жазушының аталған кітабы, 190-бет). Ғайыпберген тектес адамдардың осындай жан ділі психологиясының ықпалымен тұрмыстық-әлеуметтік ортадағы азғындаудың, тұрлаусыздықтың, селқостықтың, салғырттықтың адамдар қарым-қатынастарындағы опасыздықтың, екіжүзділіктің, т.б. жағымсыз қасиеттердің мол орын алып келе жатқаны анық. Жазушы осындай адамдарды тани білу керектігін ұғындырғысы келген. Пьесада Жібекті шын сүйетін, аруы өзіне бұйырмаса да тек оған жақсылық тілеумен ғана өмірін өткізуге пейілді. Пьесаның негізгі басты кейіпкер, Жібек пен оның жанындағы жанама кейіпкерлер (Жібектің анасы, Ғайни, тежілеулес достары Есімсейіт, Тәукен) – өмірдің, адалдыққа, пәктікке, шынайы сезімге толы болмысын дәлелдейтін тағылымын дәлелдейді. Басты кейіпкер Жібек – анасы Ғайни айтқандай: «Ақылы бар өзінің! Тек аздап қиялшылдау. Бала сияқты! Тауды, тоғайды, даланы жақсы көреді. Әкесі де сондай еді... Соған тартқан», – сипатымен танылады. Пьеса – адамгершілік-имандылықтың, махаббаттың, ғашықтықтың адамзат ұрпақтарына тән басты ұстаным екендігін дәлелдеуге құрылған туынды. Шығарма арқауындағы негізгі қайшылық – шынайы махаббат сезімі бар адамдар мен тұрлаусыздық, жеңіл ойлылық, көрсеқызарлық құрсауындағылар арасындағы үйлесімсіздік. Шығарманың алтын желісі – адамгершілік-имандылық қасиеттерінің мәңгілік үзілмейтін ұстанымының беріктігін, қуаттылығын таныту көзқарасы. Пьесаның композициясындағы

идеялық желіні адамдарды өмір бойы ар, адамгершілік сотының алдында жауап беріп жүргендей мағынада алуы да дәйекті. Ал, пьесадағы бұрынғы ата-бабалардың алдыңғы буын өкілдерінің отбасылық ұйытқыны, ерлі-зайыптылар татулығын, еркек пен әйел махаббатының беріктігін кіршіксіз сақтаған қасиетті дәстүрін бүгінгі ұрпаққа жеткізушілер, болашаққа ұластырушылар тұрпатын Жібектің анасы Ғайни бейнесі айқын елестетеді. Пьесаның сонында өзі ұнатқан адамның сұрықсыз, мағынасыз болып шыққан сықпытынан түңілген Жібектің екінші сөздеріне анасы Ғайнидың айтқан жауабы рухани қуат беретіндей сенімді естіледі. Пьеса соңында анасының сөздерінен қуаттанған кейіпкер Жібектің тілеулес досы Есімсейітке өзіне деген сенімін, жақсылық, сұлулық тұғырында болуға деген құштарлығын білдіріп тұрған толғаныстары да шығарманың идеялық тұжырымындай көрінеді. Қаламгердің «Ғашықсыз ғасыр» пьесасының тақырыбы – отбасылық, ерлі-зайыптылық тұрмыс, идеясы – тіршілік қақтығыстарына төтеп бере алатын еркек пен әйел арасындағы шынайы махаббат сезімінің қуаттылығын таныту. Пьесадағы ең басты өзекті мәселе – өмірге келген, енді келетін жаңа ұрпақ тағдыры. Басты кейіпкерлері – біздің замандастарымыз. 47 жастағы ғылым докторы, профессор Қайырбай мен 43 жастағы ғылым кандидаты Фарида жастай бірін-бірі сүйіп қосылған, төрт перзенттері бар, кенжесі Жұлдыз – мектептегі жоғары сынып оқушысы. Тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы жақсы отбасы үшін пьеса сюжетіндегі шиеленісті жағдайы – Қайырбайдың ұлды болу мұратымен Нәзікеш есімді қызбен көңіл қосып, оның екіқабат болып үйге өзі іздеп келгені. Қазіргі үйінен амалсыз кетіп, бірақ ұл емес, қыз туған Нәзікешпен бірге тұрған кезі Қайырбай үшін жайлы болмады. Оқиғаның шиеленісті, шарықтау кездерінде Фарида мен Қайырбайдың қайта қауышуын, Қайырбайдың жүрек ықыласына ие бола алмаған Нәзікештің бөбекті Фаридаға әкелгенін, өзінің басқа жаққа кеткенін, Жұлдыздың сәби-сіңлісін жұбатып, жылы жүрекпен қабылдағанын көреміз. XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы жиырма жылдық кезең Қазақстанның қоғамдық-әлеуметтік, тұрмыстық қарым-қатынастарында көптеген өзгерістер болуымен ерекшеленді. Бірнеше ғасыр бойы басқа дінді жатжұрттың отарлық құрсауында болған қазақ халқының әлеуметтік жағдайында, адамдардың қарым-қатынастар жүйесінде өзгерістер, құбылыстар орын алды. Хакім Абай шығармаларында өткір сыншыл тілмен сыналған халық ортасындағы жағымсыз қасиеттер, дағдылар қазіргі заманның қайраткер қаламгерлері тарапынан да өткір сыналды. Демократия ұғымын бетперде етіп, қалай да биік мансапқа, билік қызметтеріне қол жеткізу үшін маңына жинап алған жандайшаптарымен, жағымпаздарымен сыбайласып, елдің қамын жегенсіп, көпірме, көбік сөздерімен қарапайым халықтың мазасын, уақытын алғаннан басқа түк бітірмей, босқа далақтап жүрген дарынсыз, қабілетсіз, қуыс кеуде сұмпайылардың әртүрлі билік орындарында жүргендері де тәлім. Жазушы Сұлтанәлі Балғабаевтың «Тойдан қайтқан қазақтар» атты екі бөлімді комедиясы – қазіргі кезеңдегі осындай келеңсіздікті бейнелеген сатиралық туынды. Комедияның барлық кейіпкерлері қазіргі кезеңдегі адамдардың іс-әрекеттері, мінез-құлық

дағдылары жинақталған сипаттарымен көрсетілген. Қазақ тарихын жазуда өздерінің руының адамдарын, «... батыр бабамыз ... бес жасында шешен, он жасында қол бастаған көсем болды...» (124-бет) деп, өтірікті шындай, шынды Құдай ұрғандай етіп жазып жүрген суайт «тарихшы-ғалымдар» Асай Мүсеевич бейнесіне жинақталған: Жергілікті билік орындарындағы билік иелері пьесадағы кейіпкер Қошқарбай секілділер ондай алаяқ «зерттеушілерді»:

«Ұлы ғалым... Бұл кісінің ашқан жаңалықтары!.. Әсіресе, біздің батыр бабамыздың бес жасында шешен... он жасында қол бастаған көсем болған дейтін жаңалығы сұмдық!.. Ұлы ғалым!» (140-бет) деп жар салып жарнамалауы – қазіргі кезеңдегі келеңсіздіктердің нақты көрінісі. Пьесадағы кейіпкер Мәлис Әлібаевич – жоғары мемлекеттік билік қызметіндегі лауазымын ауылдастарын, туыстарын, жағымпаздарын-жандайшаптарын маңына жинауға пайдаланған, сол арқылы өзін-өзі насихаттаумен қызмет істеп жүрген билік аппараттарындағы қуыс кеуде шенеуніктердің жинақталған бейнесі. Ол жағымпаздарының жандайшаптарының қолдауымен билік аппаратындағы жауапты қызметкер, одан әрі министр, премьер-министр, тіпті Президент болуға да ұмтылып жүрген қазіргі мансапқорлар тағдырын айқын елестетеді. Пьеса кейіпкерлерінің өзара диалогтары уақыт шындығын сыншыл реализм көркемдік әдісімен айқын елестетеді: «Асай Мүсеевич. ... Айтпақшы дейім, Мәлис Әлібаевич, сіз алдағы сайлауда президенттікке өз кандидатураңызды ұсынуыңыз керек! Мәлис Әлібаевич: Жо-жоқ, оған әлі ертелеу!.. Ертелеу!.. Ең алдымен (даусын ақырын шығарып). Сізден несін жасырайын, осы жақында министр болатындай мүмкіндігім болып тұр!» (Жазушының аталған кітабы, 129-б.). Қоғамдағы билік жүйесінде орын алып отырған сыбайластықтың, жемқорлықтың негізі – бірін-бірі жалған көтермелеумен жауапты қызмет орындарына қойып жүрген жағымпаздық, жандайшаптық, алаяқтық жайлаған түрлі деңгейлердегі билік иелерінің сықпыттары осы пьеса кейіпкерлерінің диалогтарынан айқын аңғарылады. Министр болуды ойлап жүргені аузынан шығуы мұң екен, жандайшаптар (Асай Мүсеевич, Қошқарбай) оның, тіпті премьер-министр болуы тиістігін айтып даурығады. Пьесадағы басқа да кейіпкерлер (Саудагер, әйел, билетсіз жолаушы) кез келген мәселеде екіжүзділікпен өмір сүретін қазіргі тұрмыс қайшылықтарын да уақыт шындығына сәйкес іс-әрекеттерімен бейнелеген. Жолаушыларға, халыққа мінсіз, адал қызмет етушілер болып сырттарымен сыпайы көрінетін, бірақ билетсіз жолаушыларға, саудагерлерге және т.б. өздеріне пайдасы тиетіндерге ғана «қызмет» істейтіндердің келбеттерін танимыз. Пьесаның идеялық-композициялық желісінен мынадай өзекті мәселелердің поэтикалық мағыналық саралануы байқалады: біріншісі – қазіргі билік жүйесіндегі білімсіз, біліксіз мансапқорлардың қоғамның басым бөлігіне жайлап алғандығы; екіншісі – тұрмыстық-материалдық және рухани мәдениет салаларындағы халыққа қызмет етудің тек ғана тамыр-таныстықпен, рушылдық көзқарасқа негізделген сыбайлас жемқорлықпен бытысқан,

сұрқиялық, екіжүзділік жайлаған сипаты. Пьесадағы кейіпкерлердің мінез-құлық ерекшеліктері, тұрмыстық көзқарас деңгейі арқылы автор қазіргі қазақ ұлтының мүшкіл әлеуметтік хал-ахуалын аңғартады. Пьесада тойдан қайтып келе жатқан, шала мас күйінде кері бағыттағы пойызға мініп кеткен кез келген ортада саясатшы», «мемлекетшіл», «ұлтшыл», «отаншыл» боп көрінгісі келетін көпірмелі көбік сөзді білімсіз, біліксіз даңғой «ғалымсымақтар», жемқорлар ұсақ саудагерлікпен ғана жан сақтап жүрген қарапайым халық, т.б. – адамдар бейнелері уақыт шындығы тұрғысында ұсынылған. Пьесаның соңындағы Билетсіз жолаушы атауымен шығарма құрылысында поэтикалық мағыналы орын алған кейіпкердің сөзі – жазушының қазіргі ұлт тағдырына алаңдаған ойын айқын аңғартады: «Ай, қазақтар-ай! Қайран, қазақтар-ай! Барар жерлеріңе аман-есен жетер ме екенсіңдер?! Тағы бір пәлеге ұшырап қалмай, аман жетер ме екенсіңдер?!» (Жазушының аталған кітабы, 161-б.). Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті дамуының үдерісінде қазақ драматургиясы игерген өзекті мәселелердің бірі – ұлттық тарихымыздағы ақтандақ болып келген тақырыптарды көркем шындықпен жазу. Қазақтың ұлттық тарихындағы дербес мемлекеттік құрылыммен қалыптасуымызға, халық болып танылып, сақталуымызға қайраткерлікпен-көсемдікпен өмірін арнап, еңбек еткен хандарымыздың (Керей, Жәнібек, Абылай, Кенесары), би-шешендеріміздің (Төле, Қазыбек, Әйтеке, т.б.), ақын-жырауларымыздың (Асан Қайғы, Бұқар, Махамбет, т.б.), батырларымыздың (Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Сырым, Исатай, Жанқожа, т.б.), ғұлама-ағартушыларымыздың, қоғам қайраткерлерінің (Әбунасыр әл-Фараби, хакім Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов), т.б. ондаған тарихи тұлғаларымыздың сөз өнері туындыларындағы көркем бейнеленуі жаңаша серпінмен өркендеді. Әсіресе, ХХ ғасырдың 80-жылдарының ортасынан басталған ұлт тарихының бұрын әдейі назарға алынбай келген тұстары асқақ рухты романтизм мен сыншыл реализм көркемдік әдістері тұрғысынан мол қамтыла жазыла бастады. Әдеби тек түрлері (эпос, лирика, драма) жанрларының барлық салаларында елеулі туындылар жазылып, оқырмандарға ұсынылды. Драматургия саласында да халық ықыласпен қабылдаған тың туындылар жазылып, республика театрларының сахналарында қойылумен келеді. Сәкен Жүнісовтің «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» (Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов бейнелеріне арналған), Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан», М. Байсеркеұлының «Абылайханның ақырғы күндері», «Кек қылышы Кенесары», Жолтай Әлмашұлының «Сана дерті», «Абақты-ғұмыр», «Фрустракция» (Нәзір Төреқұлов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанбек Қожанов, Сәкен Сейфуллин туралы) пьесалары – қазақ тарихының ақтандақ беттерін көркем шындықпен өрнектеген туындылар. Жолтай Әлмашұлының пьесаларындағы қазақ тарихының қайраткер тұлғаларының бейнеленуі – әдебиетіміздің өзекті тақырыпты игерудегі жаңашылдық. ХХ ғасырдың басындағы қазақ сөз өнеріндегі

шығармашылықты мемлекеттік жауапты қызметтерімен сабақтастыра еңбек еткен қайраткерлердің саяси қуғын-сүргін жазалауларына ұшыраған – Ұлттық трагедиямыз. Табиғи қабілеттерін туған халқына, ұлтына қызмет етуге арнаған дарынды тұлғалардың жазықсыз жазаланғаны – қазақ ұлтын әлсіретуге, тарих сахнасынан біржолата жоюға арналған зұлым саясаттың жеңдеттік ұстанымының нәтижелері. Ж. Әлмашұлының «Сана дерті» (драма-элегия) пьесасындағы басты кейіпкер Төрешұлов Нәзір (1892-1937) – ғалым-ағартушы, мемлекет және қоғам қайраткері, публицист. XX ғасырдың басындағы қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік тұрмысындағы саясатқа, баспасөзге, мемлекетті басқару істеріне үлес қосқаны – тарихымыздың шындығы. Ислам дініне оң баға беру, түркі халықтарының әрқайсының мемлекеттік тілі қолданысын жүзеге асыру, түркі тілдес халықтарға ортақ әліпбиін жасау ұсынысын қолдау, қазақ баспасөзінің қалыптасуына («Қазақ мұңы», «Халық газетасы» газеттерін, «Инқилоб» («Революция»), «Темірқазық» журналдарын шығаруға ат салысқан) үлес қосқаны – ұлттық мәдениет тарихындағы елеулі істер. Нәзір Төрешұлов – 1920-1922 жылдары Түркістан Республикасы Орталық атқару комитетінің төрағасы, 1922-1928 жылдары КСРО ОАК жанындағы орталық баспа басқармасының төрағасы болған, Мәскеудегі Күншығыс баспасын басқарған, түрік халықтарының және араб, парсы, ағылшын, француз, неміс, орыс тілдерін жетік білген, әлем халықтарының рухани мәдениетін зерделеген ғалым. 1936 жылы КСРО-ның Ұлттар Кеңесінің жанындағы Орталық тіл және жазу ғылыми-зерттеу институтында қызмет істеген. Ол КСРО-ның 1928-1932 жылдары Арабстанның Хиджаз қаласындағы консулы, 1932-1936 жылдар Сауд Аравиясындағы өкілетті елшісі болған. «1937 жылы шілдеде «халық жауы» ретінде айыпталып, ату жазасына кесілді. 1958 жылы 28 қаңтарда КСРО Жоғарғы сотының шешімімен ақталды». **(Қазақстан. Ұлттық энциклопедия /Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы. 2006. – 8-том. – 704 б.; 475-476-беттер).** Жазушы осы қайраткердің Сауд Аравиясындағы елші болып тұрған кезіндегі бір сәтін ғана пьесаға арқау еткен. Төрт көрісті драма-элегияның сюжеттік-композициялық желісіндегі басты кейіпкер Нәзірдің монологтары, диалогтары арқылы тарихи тұлғаның жан ділі әлемі дүниетаным кеңістігі, қызметін қазақ ұлтының және жалпы адамзаттың ортақ игілігіне арнаған гуманистік ойлары саралана танылады. Жазушы тарихи шындық деректерін негізге ала отырып, Нәзірдің көптеген тілдерді меңгерген қабілеттілігін, Алаш көсемдерімен (Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов, т.б.) ниеттес болғанын, пьесаның идеялық желісінде айқындаған. Мәскеуден келген шақырудың ажалға апаратын суық лебін сезінген Нәзірдің бұған дейінгі мағыналы өмір жолын шолып өткені, ғашығы Еңліктің елес-бейнесімен, басмашылар қолынан қаза тапқан әкесі Төрешұл-рухымен сырласуы, орынбасары болып жүріп Нәзір туралы жалалы мәліметтерді Мәскеуге жіберіп отырған жалақор-бәлекор Сыпкинмен бет ашысуы, сенімді серік қызметкері, әдебиет пен өнерге тілеулес жас жігіт Сабыржанмен сұхбаттары – бәрі де шығармадағы көркем шындық поэтикасы

заңдылықтарының шеберлікпен орындалғанын таныта алады. Халықтың қызметшісі болып еңбек етіп, барлық іс-әрекеттерімен, мінез-құлық дағдыларымен адамгершілік-имандылық ұстанымымен жүрген Нәзірдің монологтары оның табиғи-тарихи жан ділі болмысын айқын елестетеді. Жазушы басты кейіпкердің монологтарынан Кеңес мемлекетіне адал көз қарасын баяндалған. Маңындағы адамдардың әсер-ықпалынан, заманының қысылтаяңы-қыспағы салдарынан туындаған басты кейіпкердің психологиялық хал-ахуалын жазушы өмір шындығына сәйкес өрнектеген. 1937-1938-жылдардағы саяси-қуғын сүргінге ұшырағандар – Кеңес өкіметін орнату, нығайту жолында аянбай еңбек еткендер. Сондықтан да, олар қуғын-сүргін басталғанда, қамауға түскенде, өздерінің не себепті айыпталғандарына түсінбеді. Түрмедегі тергеулер кезіндегі жалған жалаларды мойындату үшін жасалған жөндеттік азаптаулардан кейін, әрине, олардың ақыл-естерінен де айрылып қалғаны анық. Сондықтан, пьесадағы басты кейіпкер Нәзірдің қуғын-сүргін дүрбелені басталып жатқанда, өзін орталыққа шақырған хабарды естіп, аттанар сәттегі көңіл-күйі де шындыққа кәміл сенген аңғал, әрі батыр мінез иесін танытады: «... Ойпырмай, осынша үрейленгенім қалай? Күннен күнге қорқақ, жасқаншақ болып барам ба? Ал, менің ағаларым ... Бөкейханов, Байтұрсынов, Дулатовтар қандай жүректі жандар? Мұстафа Шоқай ше? Дүние-дүрмекке басын иіп, бордай үгілген жоқ, өз принципінде қалды. Тіпті өз ойы мен идеясы жолында елін, жерін тастап, шетелге кетті. Сонда да мойыған жоқ. Өз тұтастарымнан ... Тұрар Рысқұлов қазақ жеріндегі ашаршылық халықты баудай түсіріп, қырып бара жатқан шақта ұлты үшін шамырқанып, түп-тұра Сталинге хат жазды. Арты не болар екен деп ойламады. Қорқып-қалтырамады. Менікі не? Кінәм болса екен! Халыққа қиянат жасасам екен! Онда қорқып-үркуге болар-ақ. Бұл не деген үрей?..» (Әлмашұлы Ж. Тірі жан: үш бөлімді драма-дастан. – Алматы: Өлке, 2008. – 288 б.; 25-бет). Жазушының бұл пьесасындағы тарихи шындық пен көркем шындық тұтасуымен өрілген поэтикалық мағыналы мегзеумен қуғын-сүргін құрбандарына кінәлі адамдар ортасындағы қызғаншақтық, көре алмаушылық, күншілдік зардаптары даралана айқындалады. Билік жүйесіндегі көсемсінгендердің мансаптарын сақтау үшін ақылды, дана, нағыз қайраткерлерді қызғанышпен, қараулықпен қудалайтын, қуғын-сүргінге ұшыратып, көздерін жойып тынатын зұлымдық әрекеттерінің мәңгілік үзілмейтіндігі де пьеса соңындағы Дауыс-әзәзіл монологымен дәйектеле түскен: «Мұңға бат! Қапалан! Қайғыр, сорлы пенде! Бәрін де жасайтын өз қолың, өз басың, өз ақылың... Жау сыртта емес, өз ішінде. Өзіңе-өзің жаусың. Сені жазалайтын да бөтен емес, ол да өзің. Ендеше өзіне-өзі көр қазып жатқан пенделер әлемінен сен де сырғып барасың, Нәзір жолдас! Бұл көшті ешкім де тоқтата алмайды. Ол мүмкін емес. Ха-а-ха!» (Жазушының аталған кітабы, 32-бет). Жазушының үш актілі «Абақты-ғұмыр» атты поэтикалық драма-сұхбаты да жазықсыз жазаланған халқымыздың дарынды перзенттері Мағжан Жұмабаевтың, Нәзір Төреқұловтың, Сұлтанбек Қожановтың тарихи-көркем бейнелерін танытуға арналған. Пьесаның тақырыбы – қазақ халқының көрнекті қайраткерлерінің, дарынды

перзенттерінің тарихи тұлғаларын таныту, идеясы – асыл адамдарын сақтай, қорғай алмайтын адамзат ұрпақтарына ортақ қасіретті қасиет сипатын әшкерелеу. Пьесаның үш актісіндегі көріністер Мағжанның түрмедегі, фәнидегі соңғы түніндегі толғаныстары және Ташкентте Сұлтанбек Қожановтың, Мәскеуде Нәзір Төреқұловтың кабинеттеріндегі сұхбат сәттері бойынша бейнеленген. Алаштың үш қайраткері сұхбаттарының желісінде олардың қазақ халқының қазіргі және болашақ тағдыры, сөз өнері шығармаларының ұрпақ тәрбиелеудегі Алаш ұранды қазақ даласын, атамекенді, ұлттық ділді, тілді, дінді сақтаудағы эстетикалық ықпалды қызметі қамтылған. Тарихи деректер үйлесімді пайдаланылған.

Пьесаның психологиялық сипатын танытып тұрған поэтикалық тәсіл – тарихи кейіпкерлердің елес-келбеттерінің де шығарма құрылысын қолданылуы. Адамдар тағдарларының, жалпы тіршілік қозғалыстарының қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресіне құрылған қозғалыс әлемін таныту үшін Ақ Елес және Қара Елес келбеттерін де кейіпкерлік бейнелеулермен берген. Екеуін қайшылықтардың, қақтығыстардың шартты бейнеленуі келбеттерімен ала отырып, автор оларды кейде өзара, кейде Мағжанмен пікір таластырған қалыпты да көрсеткен. Сахналық шығармада осындай шартты психологиялық бейнелеулерді ала отырып, тарихтың барлық кезеңдерінде де адамдардың асылдарын ардақтайтындығы мен қорлайтындығы қатар жүретін қайшылықты жан ділі әлемі назарға алынған. Пьесаның «Пролог», «Прологтың жалғасы», «Эпилог» атты бөлімдеріндегі кейіпкерлер Ақ Елес, Қара Елестің монологтары мен диалогтары шығарма арқауындағы қайшылықтардың, қақтығыстардың әлеуметтік-тұрмыстық бағдарларын, сырларын ашу, саралау қызметін атқарып тұр. Бұл арада жазушы жалпы адамзат ұрпақтарының тіршіліктегі кезеңінің өзін пьесадағы Ақ Елес кейіпкердің бағалауымен мегзей ұғындырғысы келеді. Пьесаның идеялық-композициялық тұтастығына арқау болған желі – Мағжан айтқан саналы адамдар үшін абақты-ғұмырдың келер ұрпақтар сабақтастығындағы жақсылық пен жамандық жағаласуындағы қайшылықтардың да, қақтығыстардың да ешқашан тоқталмайтындығын мегзеу. Пьесаның соңында берілген Ақ Елес монологында арыстарын ардақтаған қазақ халқының жан ділі әлемнің ұлылығы да дәріптелген: «Мағжан ақын ... жас кетсе де артында өшпес жырын қалдырды. Оны бүгінгі ұрпақ жаттап айтып жүр. Демек, Мағжан өлген жоқ. Міржақып, Ахмет, Тұрар, Нәзір, Сұлтанбек секілді қайраткерлер де қайта тіріліп жатыр. Еңбектері ауызға алынып жүр. Мектептерде еңбектері оқытыла бастады. Бұл деген мәңгі өмірдің басы ғой. ... Ең қорқыныштысы – адамдардың, елдің, жердің тып-типыл болуы. Құдай содан сақтасын. Ендеше жер бетінде ең соңғы қазақ қалғанша біздің арыстарымыздың аты өшпейді. Ал, Мағжан ақын болса бүгінгі күні де бізді өткенге жетелейді» (Жазушының аталған кітабы, 62-бет). Ж. Әлмашұлының «Фрустракция» атты драма-элегиясында қазақ тарихындағы көрнекті ақын, прозашы, драматург, мемлекет қайраткері, ағартушы-ұстаз, ғалым Сәкен Сейфуллиннің жазықсыз қамауға алынар алдындағы алаңжар көңіл-күйдегі хал-ахуалы бейнеленген. Тақырыбы –

Қазақ халқының ұлттық мәдениетіне зор үлес қосқан С. Сейфуллиннің тарихи тұлғасын даралай бағалау, идеясы – адамгершілік-имандылық жолындағы адал қызметтің бағаланбауына күйзелген адам жан ділі әлемінің қасірет шеккен жағдайын таныту. Психология ғылымының анықтамасы бойынша: «Фрустрация (от лат. frustratio – обман, расстройство, разрушение планов) – психическое состояние человека, вызываемое объективно непреодолимыми (или субъективно так воспринимаемыми) трудностями, возникающими на пути к достижению цели или к решению задачи; переживание неудачи. Фрустрацию можно рассматривать как одну из форм психологического стресса». (Психология: Словарь / Под общ. ред. А. В. Петровского, М. Г. Ярошевского. 2-е изд., испр. и доп. – М.: Политиздат, 1990. – 494 с; С. 433-434).

Аталған пьесаға осы психологиялық анықтама-атаудың тақырып болып қойылып, туынды кейіпкері С. Сейфуллиннің, онымен тағдырлас қазақ зиялыларының жан әлемін аңғартқандай мағынаны байқатады. Қаламгерлік (ақын, прозашы, драматург, әдебиет зерттеушісі) және қоғамдық-әлеуметтік қайраткерлік-басшылық қызметтерімен халқына аянбай еңбек еткен адамдардың адал жолы арамдық, жаулық ретінде бағаланса, солар және жалпы халық қалай дағдармайды, қалай күйзелмейді?! Екі көріністі пьесаның Сәкеннен басқа кейіпкерлері (Садықбек Сапарбеков – обком хатшысы, партиялық және мемлекеттік басшылық қызметтегі зиялы адам, Тасжан – партиялық кеңес аппарат қызметкері, солақай саясат идеологы, мінезі тік жігіт; Ұланбек – партиялық кеңсе аппаратының идеологиялық қызметкері, мінезі жұмсақ жігіт) де өмір шындығына сай бейнеленген. Әсіресе, Сәкенді айрықша құрметтейтін Садықбек – қоғамды, мемлекетті басқарып отырған Коммунистік партияның ең озық ойлы өкілдерінің көркем шындықпен жинақтала бейнеленуі. Ол пьесадағы монологтарымен де, Сәкенмен және аталған екі кейіпкермен диалогтарында да шыншыл ойлы, дарынды С. Сейфуллинді әділ бағалаушы халық ойын танытады. Онын диалогтарындағы Сәкен туралы бағалаулар – халық ықыласының көрінісі. .

Пьесадағы С. Сейфуллиннің әдеби-драмалық тұрғыда бейнеленуі – туындының тақырыптық атауына орай психологиялық сипатымен көрінеді. Оның диалогтарынан арман еткен жақсы тұрмысты қоғамның қайшылықтарына күйінген, бюрократтардан, опасыздардан беті қайта бастаған айтқан сөздері – оның ұлтын сүйген қайраткер, ойшыл тұлғасын даралай түскен. Пьесаның нысанына алынған кең ойлы кеменгер жанның Алаш зиялылары (Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқай, Сұлтанбек Қожанов, Тұрар Рысқұлов, т.б.), болашақ Қазақ Елінің болашақ Ел ордасы – Астанасы болатын атамекен, өзінің шығармашылығы және саналуан мәселелер туралы толғаныстары оның туындыларындағы ойларының негізінде берілген. Пьесаның көркемдік шешімі – психологиялық дағдарыс көңіл-күйіндегі Сәкеннің жан әлемін ұрпақтарға аңғарту. Өзі және басқа да көрнекті қазақ қайраткерлерінің жазықсыз жазаланатынын түйсінумен, түс көрумен сезінген жай-күйін автор өмір шындығы сипатына сай аңдатқан. Пьесаның идеялық, көркемдік шешімі – жақсылық, әділдік

салтанат құратын қоғам, мемлекет болатынына сөнгендердің үміттері үзіліп, керісінше зұлымдық, жендеттік жазалаулар, тәркілеу, аштық, қуғын-сүргін орын алған кезеңге дұшар болғаны Сәкеннің пьесадағы монологымен де айқындала түскен: «Фрустракция!.. Фрустракция!.. Қоғам, қазақ жұртының көңілі құлазып тұрған шақта біз қалай серпіліп, желпіліп кете аламыз, бауырларым-ау!.. Елді, жерді тастап, қайда, қай жаққа барамыз, туғандар-ау! (күрсінеді)». Жазушы қазақ халқы үшін жан-тәнімен қызмет еткен дарынды, күрескер қайраткерлердің сергелдеңге түскен тағдырларын пьесаларының тақырып нысанына ала отырып, оқырмандарды-көрермендерді азаматтық-отаншылдық парызды сезіну, адалдықты сақтау ұлағатымен тәрбиелеу мұратын бағдарлаған. Жазушы-драматургтің бұлардан басқа пьесаларында да уақыт пен кеңістіктегі адамтану тұрғысындағы өзекті тақырыптар арқау етілген. Қорыта айтқанда, тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиетіндегі драматургия саласы әлем өркениетіндегі классикалық үрдістерді жаңғырта жалғастырған сипатымен байқалады. Көркем әдебиеттің байырғы салаларының бірі болып саналатын қазіргі қазақ драматургиясындағы туындыларды уақыт талабына орай ғылыми-теориялық зерттеулер аясында жаңаша зерделеп, жан-жақты қамтып қарастыру – өзекті мәселе. Уақыт еншісіндегі осы өзекті мәселенің зерделеуіндегі жаңа ізденістеріміз жалғаса береді.

**Қазақ әдебиетінің проза жанрында Қаратаудың шертпесіндей майда қоңыр нақыштармен із қалдырған кәнігі сөз зергері Дулат Исабеков тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде осы салада өндіре жазды деп те айта аламыз. ХХІ ғасырда Дулат Исабековтың құрыш қаламы әдебиеттің басқа жанрларында да өрнек салып, алаштың мерейін өсірді, мәртебесін асқақтатты. Шынында, Дулат Исабеков оқырманның емес, ендігіде көрерменнің көзқуанышына бөленді, ежелден өзіне үйреншікті сала болғанымен кез келген дарынды жазушының өзі бағындыра алмайтын құпиясы мол күрделі драматургия саласында дүркін-дүркін олжа салды. Нәтижесінде оның қызу тартыстардан тұратын ширыққан драмалары өз отанында ғана емес алыс-жақын шетелдердің аты шулы театрларында қойылды. Бұл – жазушының ғана емес, қазақ драматургиясының кезеңдік табысы ретінде тарихта таңбаланатыны сөзсіз.**

Дулат Исабековтың шетелдік көрермендер ықыласына бөленген бүгінгі күн тақырыбындағы пьесаларының бірі – «Ескі үйдегі екі кездесу». Ұлттық сахна төрінде сәтті қойылып жүрген бұл пьесасы 2008 жылы Омбы мемлекеттік драма театрында «Транзитный пассажир» деген атпен ресейлік көрермендердің назарына ұсынылды. Пьесада небәрі үш-төрт кейіпкер ғана бар. Олар: зейнеткер жасындағы Зейнеп ана мен өмірі сәтсіздіктерге толы баласы Ертай, жолаушы Айтөре мен оның анасының аруағы. Екі бөлімнен тұратын

пьесаның негізгі идеясы да бір пәтердің әр уақыттардағы иелері Зейнеп пен Айтөренің екеуара сырласуы арқылы ашылады. Зейнеп те, Айтөре де – өз ғұмырларының бақытты күндерімен бірге тұрмыс тауқыметін, қоғамның қиянатын көп көрген жаны жаралы адамдар. Пьесадағы адам тағдырлары әр алуан, бірақ солардың өзара ұқсастығы да жоқ емес. Бір кезде өзіне баспана болған, қазір мүлде басқа жандардың шаңырағына айналған ескі пәтерді бір көріп, өткенін сағынышпен еске алып, мауқын басқысы келген Айтөренің мүлде бейтаныс адамдардың есігін беймезгіл қағуы, бір қарағанда, пьесаға арқау боларлық маңызды оқиға болмасы анық. Бұл қарапайым оқиғаға лирикалық сипат дарытып, драмалық мінез беріп тұрған бірқатар сәтті детальдар бар. Әлбетте, мұндай қарапайым оқиғадан адам жанының алапат буырқанысын көрсететін шындықты өрбіту Дулат Исабеков қаламына тән қуатты білдіреді. Алдымен, Айтөре мен Зейнепке бірдей қымбат дүние – оқиға орын алған Зейнептің бұрынғы пәтері (кезінде бұл пәтерде Айтөре әулетімен тұрған). Осы ортақ кеңістік пьесадағы сюжеттік оқиғаның дамуына қозғаушы күш ретінде себепкер болып отырады. Екі кейіпкер де өмірлеріндегі аса қайғылы сәттерді дәл осы ортақ шаңырақта бастарынан өткерген. Кейіннен жолаушылап жүрген Айтөрені көне пәтеріне қайта оралуға итермелейтін пьесадағы содан кейінгі бір себепкер жағдай – ұшақ рейсінің шегерілуі. Ал драмадағы оқиғаның лирикалық лепте өрбуіне жол ашатын негізгі көркем фон жаңбыр екені сөзсіз. Ұзаққа созылған жауын мүлде бейтаныс жандардың бір-бірін жатырқамай қабылдауына, ескі таныстардай сыр ақтарысуына, тіпті Айтөре мінетін ұшақ рейсінің бөгелуіне де объективті түрде түрткі болады. Өмірдің тұщысынан гөрі ащысын көбірек татқан Айтөре мен Зейнеп бейнелері әрі ұқсас та жақын, әрі бірін-бірі толықтырар кереғарлығымен үйлесім тапқандай. Зейнеп жүрек жылуын кісікіік қала тіршілігіне тонатпаған, тағдыр тауқыметінен мұқалмаған, кеңпейіл, жаны шуақты, жайдары әйел болса, Айтөре керісінше – өмірдің таусылмас мұңынан көңілі тоңазыған, жаны жылу мен жарыққа зәру, мейірімге мұқтаж әйел. Атамекенінен жырақта, жат елде жүрген Айтөренің туған еліне деген сағынышы мен мұң-наласы басым. Айтөре араға жылдар салып, ат басын туған қаласына әйтеуір бір бұрып еді. Сондағы барар жер, басар тауының жоқтығынан қапаланған әйел үшін Зейнептің аядай ғана пәтері мына жалғандағы мейірім атаулының жалғыз мекеніндей. Толассыз жауған жаңбыр кейіпкерлердің һәм қоғамдық ортаның тазаруы қажеттігінің лебін сездіргендей.

Пьесаның өн бойына желі болып тартылған мұң бар. Шығармаға үңілейікші: ...босағасын күзеткен ана аруағы, ағайынға ренжіп кеткен бала, қаланың тас көшелерінің астында сүйегі сырқырап, көмусіз қалған ұл, қайғыдан құса боп, Сібірдің сары аязынан қаза тапқан, сөйтіп маза тапқан жар... «Шыныңды айтатын адам тапсаң да, сырынды айтатын кісі жоқ», – дейтін Айтөре сөзі жалғыздықтан жаны жараланған кейуана кейпін аңғартады. Зейнеп ше? Қызғалдақтай қызы қыршыннан қиылған, қос ұлының өз қызықтары өздерінде боп, қартайған шағында төрт бұрышқа қамалып, жападан жалғыз

қалған жесірді бақытты жандардың қатарына қоса алмайсыз. Тек ана өмірден күдер үзбейді, қанша зәбір көрсе де, қоғамнан теріс айналмайды. Керісінше, жүрек жылуын бөлісуге даяр. Ал Айтөренің жаратылыс-мінезі бөлек. Ол басқа түскен қиыншылықпен арпалысып та көрген. Бірақ былыққа батып бара жатқан қоғаммен арада ақиқатты даулау бітпейтін тірлік екеніне көзі жетті. Ұлының қайғылы өлімі оны бұл жерде қала алмайтын жағдайға жеткізген. Арыстай азаматтың ағайынмен ат құйрығын кесісіп, атамекеннен жыраққа кетуі шарасыздықтан.

Белгілі театр сыншысы Ә.Сығайдың Д.Исабеков шығармашылығы туралы: «Дулат драматургиясына тән жақсы қасиет – оның халықтық колоритке, ұлттық мінез тегершіктеріне молынан назар аударатындығы. Диалогтарының оралымдығымен, юморға жомарт тапқыр тілімен дараланып жатады. Үлкен әлеуметтік сыр-сипатқа ұласар соқпалы да ойлы, тұлғалы, тұрлаулы қаһармандардың күрделі жан дүниесін жарқырата жайып салуға лайық шоқтықты драмалар тудыруға құмбыл. Қай пьесасын алып қарамаңыз – өзегі бүгінгі замандастарымыздың моральдық-этикалық кескін-келбеті», – деген пайымының шынайы екендігіне көз жеткіземіз.

«Ескі үйдегі екі кездесу» драмасында қаламгер ұлттық таным-тәрбие, ұлт болашағы мәселелеріне айрықша назар аударады. «...Әжем қызық кісі еді. Ол кісі әулеттегі бірде-бір әйелді үйден тысқары жерде босандырмаушы еді. Екіқабат әйелді ешқашан жолға шығармайтын. Егер олардың біреуі ілуде төркіндеріне кете қалса, екі жақты у-шу, азан-қазақ ғып өзі барып ертіп келуші еді. «Үйде босанбаған әйелдің баласы мейірімсіз болады» деп айтып отыратын-ды», – дейтін Зейнеп сөздері, бір жағынан, көркемдік тұрғыда оқшау тұрған ой оралымы болғанмен, Айтөремен арадағы өскелең ұрпақ жайлы диалогқа сәтті енгізілген. Бүгінгі жас ұрпақтың беталысы, ұлттық тәлім-тәрбиедегі келеңсіздіктер, халықтың ғасырлар бойғы қалыптасқан тағылымдық өнегелерінің заманауи тәрбие ісінен тысқары, ұмыт қалып жатқандығын ана сөзімен осылай түйіндеген. Кейіпкерлер қазіргі заман келбеті, жастардың ата-ана, қоғам, Отан алдындағы парызы туралы ой қозғап, үлкенге деген құрметтің, бауырмалдықтың ізі суып бара жатқандығын зор өкінішпен тілге тиек етеді. Айтөре баласының жазықсыз қудаланғаны туралы: «Сатқындар! Адалдықты аттап, тазалықпен аяқ сүртіп күн көргендер! Ертеңгі күні анасын да, Отанын да сататын осылар. Өттең олардың арамдығын ешқашан дәлелдей алмайсың! О-о, мынау өмірде ондайлардың қаншасы жүр десеңші! Оған қапа бола-бола үйренгеміз, қарындас...», – деген сөздері бір ғана Айтөренің дұшпандарына қатысты айтылған сөз емес. Кейіпкер ел келешегі жайлы толғанады. Біреуді оп-оңай темір торға түсіре салатын, жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүретін опасыз жандардың жең ұшынан жалғасып, ымдасып-жымдасып кеткеніне екі ана алаңдаушылық білдіріп, лағнет айтады.

Дулат Исабековтың тағы бір жемісті шығармасы «Алтын тордағы тоты» (Актриса) атты драмасы. Мұнда Айгүл Асанова есімді актрисаның бейнесі сомдалған. Расында өнер жұлдыздарының сахнадағы өмірі елдің көз алдында өтеді. Ал, оның ойыншы актриса емес шынайы адам, кәдімгі замандас ретіндегі тағдыр-талайы қалай? Өнер адамы халықтың, көрерменнің жанына үңіледі, оған шуақ шашады, ал көрермен оның өмірінің, жан әлемінің қалтарысына бір сәт зер салып көрді ме? Міне, бұл шығарма осындай сауалдарға жауап береді.

Драмада ұлттық сахнада қойылып жүрген отандық және шетелдік драматургтердің үздік пьесаларында басты рөлдерді сомдап жүрген актриса өз ғұмырының асулары мен белестерін көрерменге әңгімелейді. Айгүл өнер мен жеке өмір арасындағы қайшылықтарын, осыған байланысты сахнадағы және отбасында кездесетін қиын сәттерді бүкпесіз баяндайды. Шынайы талантпен қоса, мол ізденісті талап ететін азапты шығармашылық еңбегі жайлы сыр шерткенде актрисаның өнерді шын сүйетіндігі мейлінше шынайы: «Театр – менің екінші үйім. Әлде бірінші үйім десем бе екен? Мен түнде ғана мұнда түнемеймін, қалған өмірімнің бәрі осында өтіп келеді», – дейді актриса.

Дүйім жұрт алдында өмірбаянын ашық жария етуге бел буған актрисаның репликаларында жасандылық жоқ. Бірінші орынға я театрды, я шаңырағын қоярын білмей, толғанып сөйлейтін актриса өз кәсібін айрықша қадірлейді. Әйел ретінде жеке басының тіршілігін өнер жолына тәркі еткен актрисаға қарап, түрлі ойларға шомасың. Ол, бір жағынан, өнердің жанкешті құлы тәрізді. Сахна құдіретіне бас иеді. Ал сәтті ойыннан кейінгі толассыз қол шапалақтаулар, құшақ-құшақ гүлдер, табынушы-көрермендер ілтипаты актриса тұлғасын біршама өзгеше ракурста танытады. Тәкаппарлық бар бойында. Дегенмен мұның өнер адамына жарасымды табиғи қасиет екені де рас. «Театр, репетиция, үй. Гастрольдер. Он төрт фильмге түстім. Оның тоғызы басты рөл, бесеуі қосалқы. Театр репертуарының көпшілігінде орталық кейіпкерді орындаймын», – деп тізбелейтін кейбір мәліметтер өз атағына, қабілетіне, тіпті сұлулығына сенімді Айгүл Асанованың кәсіби шеберлігімен қоса, шалқып сөйлейтін, айналасына жоғарыдан көз тастайтын актерге тән мінез-қылықтарының қия-қалтарыстарын да шарлап өтеді. Актриса театр үшін кей кездері адам ретінде отбасылық бақытыңнан бас тартуға тура келетінін өкінішпен мойындайды. Ағынан жарыла ақтарылып отырып: «Мұның бәрі айтуға жеңіл-ау!.. ал, күнделікті өмірде!.. Айтыс, тартыс, бақталастық, қызғаныш, көре алмаушылық... Ой, несін айтасыздар, кейде бәріне қолды бірақ сілтеп, қарапайым, жай ғана әйел болғың келеді», – дейді Айгүл. Бақталастардың күңкіл сөзінен, әділетсіздіктен қажыған Асанова «бәріне бірақ қолды бір сілтеп», театрсыз өмір сүріп те көреді. Бірақ: «Театрсыз өткен сол бір жарым жылдың ішінде жынданып кете жаздадым. ...Мен театрсыз өмір сүре алмайды екем. ...Тіпті есік күзетуші болсам да театрдың ішінде жүрсем екен деп армандадым», – дейді кейіпкер. Сахна ғұмырын өмірлік мұратына айналдырған әйел театрды құдды бір

касиетті храмнан кем көрмейді. Бірде көрерменін сұлулығымен, талантымен, өнерімен сүйіндірген актриса тәкаппар да асқақ кейіпте биіктен көрінеді, бірде өмір ауыртпашылығы оның еңсесін жаздырмай, тығырыққа тіреп, тықсырады, сынайды. Осылайша Айгүл Асанова драма барысында күйлі сезім құшағында бейнеленеді. Әлде түс, әлде қиял екені беймәлім жағдайда айтылған келесі сөздер, шын мәнінде, бүгінгі ұлттық өнердің хал-ахуалынан сыр шертері анық: «Сіз кедей елдің актерісіз. Сіз жасаушы емессіз, сіз – орындаушысыз. Ал, орындаушыға бәрібір, сізден не талап етсе, сөз соны орындауға үйренгенсіз. «Өнер адамы мұқтаждықта өмір сүруі керек» деген қағида Сіздің санаңызға әбден сіңіп қалған. ...Сіз патриотизм рухында тәрбиеленген адамсыз. Жоқшылық пен мұқтаждық құрсауында биік өнеріңізді өлермендікпен өрге сүйрей беріңіз, жасай беріңіз...». Ирониямен аяқталатын ішкі толғаныс сахна өнерпаздарының бүгінгі таңда жалаң патриотизмнің арқасында ғана «өнерлерін өрге сүйреп» келе жатқандығын аңғартып, бір салмақты ойға қозғау салады. Шығармаға арқау болған идеяның бір ұшын қашан да ұлт мәселесімен сабақтастыратын драматургтың қазақ ұлттық театрының бүгінгі мен келешегі жайлы толғамды пікірлері Айгүл мен режиссер Самат диалогтарында біршама өрбіген. «Бұл жерде не қызық қалды? «Ел үшін, ұлт үшін, халық үшін!» Бәрі жалған сөз, жалаң ұран! Ел үшін егіліп жүрген ешкім жоқ. Шетелде еден сыпырушы болсаң да бұл жердегіден он есе артық өмір сүресің», – дейді Самат. Өнерге коммерциялық көзқараспен қараудың белең алғандығы туралы өкінішті жайттар – бүгінгі мәдениет пен өнердің басындағы ахуал. «Мен қазақ театрының қазақ тілінде сөйлейтін актрисасымын. Тіл – виолончель емес, ол экспортқа шыға алмайды. Мен қазақ сахнасында туылдым, қазақ сахнасында көз жұмам». Намысшыл актриса өнерін саудаға салғысы келмейді. Елде етек жайып бара жатқан кедейлік, тапшылық, нарық заманының қоғамдық санаға салқын әсерін тілге тиек ете отырып, актриса өнер саңлақтарының ақша, атақ, бедел мен абырой үшін шетелге кетіп жатқандары жөнінде ызаға булығып, тебірене сөйлейді. Режиссері әрі күйеуі Саматтың «Ертең қазақ театрының ешкімге керегі болмай қалса қайтесің?» тәрізді қыңыр сауалына жауабы әзір. Бұдан әлдеқайда ертеректе келісім жасасып, Италияға аттанғалы отырғанын «қойнындағы жарынан» жасырған Саматтың арамдығына қайран қала отырып, Айгүл ашына тіл қатады: «Онда ең соңғы қазақ көрерменіне ең соңғы ойын көрсететін актриса мен боламын!». Жоғары пафоста айтылған сөздер Асанованың жасандылықтан ада, шынайы отаншыл тұлғасын алға тартады.

2011 жылдың сәуір айында қазақтың М.О.Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасында премьерасы болып, тұсауы кесілген жазушы Дулат Исабековтың жаңа туындысы авторлық нұсқада «Шың басындағы шындық» деп аталыпты. Сахна төрінен «Жаужүрек» деген атпен өнерсүйер қауымға ұсынылған драма – осы. С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесінің желісі бойынша жазылған драмада Д.Исабеков атақты Балуанның өнерпаздығымен бірге ірі қайраткерлік тұлғасын да айшықты бейнелеуге күш салыпты. Оқиға Қызылжар қаласындағы жыл сайын өтетін әйгілі жәрмеңкенің нағыз

қызған шағын суреттеуден басталады. Ел аузындағы соңғы жаңалық: жауырыны жерге тимеген атақты Қордабай палуанды бір емес екі рет жыққан Баймырзаұлы Нұрмағамбеттің жеңімпаз атануы.

– Көрікті екен! Келісті екен!

– Өзі ән айтып, ән шығарады екен!

– Оны айтасың, бәйге аты бар, құс алып, аң да аулайды екен.

– Ойбай-ау, он төрт жасында көкжал қасқырмен айқасып, қақаған суықта терісін сыпырамын деп жүріп төрт саусағын үсітіп алған жігіт қой бұл! – деп жарыса сөйлеген базаршылардың полидиалогы көп жайдан хабардар етеді. Жәрменке алаңында жүргендердің тамсаныс, таңғалыс сезімдерімен берілген репликалары Нұрмағамбет тұлғасын айқындай түсіп, бірқатар биографиялық, характерологиялық, портреттік мәліметтермен үстейді. «Өнерім мен өмірім халқымдікі. Бәйгеден бір сабақ жіп те алмаймын!» дейтін сом тұлғалы, дархан мінезді, кеңпейіл жігіт бірден-ақ көрерменнің сүйіспеншілігіне бөленеді.

Қым-қуыт тартысқа құрылған драманың бел-белестерінде Балуанның нар тұлғасы ұтымды детальдармен толықтырылып, ірілене түседі. Жалпы көлемді шығармадағы ірі-ұсақты ситуациялардың баршасы тікелей кейіпкердің айтулы өнерпаздық қырларын, елі үшін басын қатерге тіккен азаматтық тұлғасын ашуға қызмет етеді. Ғалия сұлуға бір көріп, ғашық болуы, сүйіп қосылған жары Балқаштың қызғаныш сезімі, атамекені Қайрақтыға Сыздық болыстың қиямпұрыс әрекетімен переселендердің көшіп келуі, ояз қызы Тәнейжан-Татьянаны тұтқынға (кепілдікке) алуы тәрізді жеке басының шырғаландары драмада халық мүддесімен астарласып, тамырлас өрбіп отырады. Драмада махаббат, күрескерлік тартыстар, адал достық тақырыптары күрделі логикалық формада көркем көрініс тапқан. Ең бастысы, сахнаға сұранып тұрған драмалық шымыр тартыс орын алған. «Шың басындағы шындықтың» басты кейіпкері Балуан болғанымен, бұдан өзге кейіпкерлердің де бейнелері бедерлі шыққан. Әсем әнін сала келіп, дүйім жұрттың алдында балуанның иығына шапан жауып кететін Ғалия – батыл әйел. Ел сөзінен именбей, жігіттің сұлтанына теңеуге лайық азаматқа құрметін, ризашылық сезімін, көңіл хошын қысылмай келіп, әдемі қалыппен жеткізген Ғалия Балуанды я қиял, я өң екені беймәлім, ерекше көңіл-күйге бөлеп, ғайып болады. Хор қызындай көрікті, батыл, тосын мінезі келіншектің жанарындағы ынтызарлығы Балуанды да бейжай қалдырмайды. Балқаш болса – Балуанның осыдан бір жыл бұрын ұзатылғалы отырған жерінен алып қашып, өзі сүйіп қосылған жары. Жақында сәбилі болмақ, бірақ әлі некелері қиылмаған. Балқаш соған назданады. Балқаш – азаматына лайық қайсар, ашық мінезді, ақылды әйел. «Сыздық болыс Қайрақтыға переселендерді қаптатып әкеле жатыр» деген хабар жеткенде, Балқаш: «Ел дүрлігіп жатқанда Балуан Шолақтың әйелі жан сауғалап жата алмас», – деп, күйеуімен бірге атқа қонады. Балуанның бұдан кейінгі басына қара бұлттай үйірілген қиын шақтарында Балқаш жан жарының мұң-зарын бірге бөліседі.

Драматургтың отаршылықта өткен жылдар жайлы авторлық пайымы айқын. Ұлттың тағдыр-талайы бақай есепшіл Сыздық секілді болыстардың, күйсеуі мен жусауын әйелдері ғана дөңгелете шешетін орыс ояздарының қолында болғаны драмада ашық суреттелген. «Зарлаған ел мен жылаған бала-шағаның атынан» арызданып, әділет іздеп келген Балуюнды Долгоноссов цирк оқуына Омбыға жібергелі отырғандығын айтады. Долгоноссовтың әйелі Елизавета мен Тройцкийдың қазақтарды «жабайы халық», «түз тағысы» деп, шімірікпей балағаттауы Балуюнның ызасын үдете түседі. Сөзі далада қалған Балуюн енді басқаша амал-әрекеттерге көшеді. Аяулы бойжеткен Татьяна – Долгоноссовтардың жалғыз перзенттері, көздерінің ағы да, қарасы да сол қыз. Демек, буынсыз жерге пышақ ұрып, тығырыққа тіреудің, сөйтіп дегенін орындатудың жалғыз амалы да сол қызға байланысты. Талайлардың жауырынын жер иіскеткен Балуюн мен оның досы Ақылбайға Татьянаны алып қашу қиынға соқпайды. Осыдан кейін шың басындағы оқиғалар орын алады. Оязға жазған хатына жауап күтумен өткен ұйқысыз түндер, «қарақшы» боп көрінген қазақ балуаны мен үркек балапан сияқты бейкүнә, жаны таза Татьянаның бір-бірін жақын тануларына мүмкіндік береді. Драманың айрықша лирикалық сипаттағы эпизоды осы шың басында суреттелген. Оқиға орын алған көркем кеңістік пен сюжеттік-композициялық ыңғайдағы шарықтау шегі, яғни әрекет динамикасының ең жоғарғы нүктесі логикалық тұрғыда сәйкес келген. Осының өзі шығарманың айтар ойын асқақтата түседі. Балуюнның: «Менің өз оқуым бар, сенің өз оқуың бар. Мен арабша жазам, сен орысша жазасың... Әр адам, өз ұлтының үрдісінде ер жетуі керек»; «Сенің жолың шіркеуге апарады, менің жолым мешітке апарады», – деп, Татьянаға қарата айтқан сөздері автордың этномәдени таным-түсініктерге екпін түсіре сөз кестелегендігін айқын аңғартады.

Жалпы соңғы жылдардағы драмалары Дулат Исабековтың ұлттық таным-тәрбие мәселелері төңірегінде көп толғанатындығын байқатады. Қандай тақырыпта қалам сілтесе де, халқының келешегін көкейден шығармайтын қаламгердің әр туындысы келелі ой-толғамдарымен, кесек бітімімен, көркемдігімен бағалы. Драматург жазушының соңғы кезде жазған «Бақыт құсы», «Мұңлық-Зарлық», «Мұрагерлер» секілді туындылары коммерциялық бағыттағы арзанқол өнерсымаққа үйірсектеп сырт айналған қауымды қасиетті театрға қайта қауышуға жол ашып, эстетикалық нәрімен көрерменнің көзайымына айналды. Оның таңдаулы драмаларының отанымызда ғана емес Ресей, Башқұртстан, Татарстан, Корей театрларында қойылуы алаш асыл сөзінің мерейін үстем етті.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

**Бүгінгі күнде қазақ әдебиетінің әлем деңгейіндегі орны жайлы.**

**Қазақ әдебиеті және модернизм**

**Жоспар**

1. Постмодернизм туралы түсінік
2. Постмодернистік шығармалардың ерекшелігі

### 3. Постмодернизм үлгісіндегі қазақ туындылары

**Тірек түсінік:** Қазіргі әлем әдебиетіндегі негізгі әдеби үрдіс постмодернистік деп аталады. Модернизм ХХ ғасырдың басында қалыптасқан. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін модернистік бағыт «ревизиялауға» ұшырап, соның әсерінен заман талабына сай жаңа әдеби-мәдени, философиялық, эстетикалық жаңа ағым пайда болды.

Постмодернизм – көп мағыналылықты ішіне қамтыған және әрқашанда өзгеріске бейім тұратын, құбылмалы тіршілікті бейнелеу түрінің жаңаша тәсілі. Бұл ағымның тарихи контекстік және жалпы халықтық, ұлттық түрлері де болуы мүмкін. Постмодернизмді белгілі бір шартқа жүйелендіру қиын, бұл әлемдік мәдениеттегі тарихи, көркемдік бейнелеу жүйесінің осы заманға сай бейнелеу формасы. Әр түрлі ұлттар әдебиеті мен мәдениетінде өзінің көрінісін тапқанымен, ғаламдық деңгейдегі өзіне ғана тән қағидалары мен көркемдік шарттары бар.

Бұл әдеби ағым өзінің бастауын конструктивизм мен деканструктивизмнен алған. Оның өзіне тән сөздері мен терминдері бар.

Постмодернистер әлемді адам санасына бағынбайтын «хаос», маңайымыздағы әлем тек мәтіндерден ғана тұрады деп есептейді. Бұны – «дискустық мәтіндер» деп атайды.

Постмодернизм белгілі бір тарихи кезенді немесе шектеулі нәрселерді ғана сипаттайды. Бұл көркем мәтіндердің авторы болуы да мүмкін, болмауы да ықтимал. Сол мәтіндерді жазып отырған адам «мен» деп жазбайды, жазушы маска киіп жазуы (авторская маска) мүмкін. Өзінің кейіпкерін мазаққа, күлкіге ұшыратып, өзі сырттан аңдушы ретінде қадағалайды және өздерінің кейіпкерлеріне әсте жаны ашымайды.

Постмодернистердің туындыларында астыртын ойы (двойной код) маңызға ие. Қазіргі көркем мәтіннің негізгі шарттарының бірі – постструктурализмге тіреледі (породиный модус повествования). Автор кейіпкерін шығарманың жеке меншігі деп емес, кейіпкердің санасы тек көркем мәтінде ғана деп ойлайды. Мәтін таусылған тұста кейіпкердің санасы бітті деп қарау басым. Ал ары қарай не болатынына автор жауап бермейді.

Постмодернизмнің келесі бір түсінігі – интертекстуалдылық (интертекстуальность). Мәселен, Абай, Қасым Аманжолов, Мағжан Жұмабаев немесе жыраулар толғауларындағы оқырманның есінде қалған бір шумақ өлеңдерін кейіпкерлердің аузына салып береді. А.П.Чеховтың «Вишнёвый сад» шығармасындағы кейіпкерді Акунин өз туындыларында сауық-сайран орындарында жүрген адамдар ретінде сипаттайтыны – соның дәлелі. Ресейдің сыншылары бұны: «Чеховты сыйламау» деп бағалап жүр. Немесе бүгінгі жазылған романда Толстойдың «Анна Каренина» шығармасындағы сюжеттер қайталанып жүрсе, бұған таңқалудың қажеті жоқ. Олардың негізгі қағидасы: «Өзіне дейінгі әдебиетті сынға алу, қазіргі әдеби процесті жаңа өмірге бейімдеу».

Бұл ағымдардың белді өкілдері Хассан, Джеймсон, Лоч, Батлер, Факкем, Дан. Батыс еуропалық постмодернистер: «Бүгінгі күнге дейін жазылып

келген классикалық үлгідегі әлем әдебиетінің таңдаулы өкілдерінің дүниелері адам санасына жеткіліксіз, осы дүниелер біздің көркемдік түсінігімізге қажет емес. Автордың жазғаны қысқа әрі нақты болуы қажет. Классиктер кезінде оқылды, бірақ олар жаңа заман ағымында өмір кешіп жатқан біз үшін (авторитет) бола алмайды және оларды сынау – түбегейлі жоққа шығару емес» деп есептейді. Бұны «тұлғалардың тоқырауы» деп те атайды.

Постмодернизмнің келесі бір шарты дискреттілік және фрагментальдык (дискретность и фрагментность). Мысалы, кейіпкер бір нәрсені ойлап отырып, көңілі басқа бір дүниеге ауып кетеді. Дәлізге шығып келеді де, үйіне кірген соң қайтадан әуелгі ой ағымына беріледі.

Постмодернизм – қазіргі зымырап бара жатқан заманның көркем жүйесі. Мәтіндегі фрагменттік дегеніміз, қарапайым айтқанда, бір талды төртке бөліп бейнелеу. Талдың өзін, тамыры, топырағы, жапырағына бөліп қарастыру. Бұл ағымның бізге дейінгі классикалық әдебиеттен негізгі айырмашылықтары осындай.

Постмодернизмнің теориялық түсініктерін АҚШ-тың Йел университетінің әдебиеттанушы мамандары қалыптастырған. Мәселен; ренессанс дәуірінде «адам ғаламның ортасы (центр вселенной) адамның қолынан келмейтін нәрсе жоқ» деп пайымдаса, қазіргі кезде постмодернистер: «адам ғаламның кішкентай ғана бөлшегі, элементі. Сондықтан да адамның санасы ғаламды тануға жеткіліксіз» деп түсіндіріледі.

Қазіргі постмодернистердің кейіпкерлері дискустық, санасы шектеулі шеңберден шыға алмайтын адам ретінде сипатталуда. Ағым өкілдерінің шығармаларын оқып отырсаң кейіпкерлері қырықаяқ, космостан келген гуманоид ретінде өмір сүреді. Құдайға шүкір, қазіргі қазақ әдебиетінде ондай кейіпкерлер жоқ. Мысалы; Асылан Жақсылықовтың «Сын окаянның» деген төрт томдық шығармалары бар. Кейіпкер жасадам ба, кәрі адам ба- түсініксіз. Ол кейіпкер өзімен-өзі тіршілік етіп жатады. Өз ойларымен өзі алысып, сандырақтап жүреді. Бір жерге кіреді, бір жерден шығады. Арман-аңсары, сезімі жоқ. Әйтеуір тіршіліктің адамы, пенде. Біздің қазаққа ортаның ондай романдарды қабылдай қоймасы анық. Оның себебі, біріншіден, қазақ оқырманы оған дайын емес, екіншіден – біз классикалық әдебиетпен тәрбиеленбегенбіз. А.Байтұрсынов айтпақшы: «Біз әдебиетімізде жыраулардан келе жатқан асыл сөздің» мағынасы болуы қажет. Қазақ бос сөзді ешқашан айтпаған. Әдебиетіміздегі қисса-дастандарда, батырлар жырында, қиял-ғажайып ертегілерінде үлкен ғибратты ойлар бар. Біз мәдениеттанушы, әдебиеттанушы ретінде талдап, ерекшеліктерін көрсетіп береміз. Қазір оқырманның құлаш-құлаш томдарды оқып отыруға уақыты жоқ. Жас жазушылар қысқа жазуға машықтануы қажет, бірақ, мағынасыз, құдайсыз әдебиеттен қашып, өзінің түпкі идеясын көрсете білуі керек. Постмодернистік үлгіні алғанымен де бос сөзге ұрынып қалмағаны дұрыс. Жас жазушыларымыз шетелден үйренейік деп мақсатты түрде жазып отырған жоқ, заман талабы сондай. Біздің жастарымыз 10 ғасырлық асыл поэзиямыздың асылын теріп алса, өздеріне керегін алып отырса, құба-құп.

Бүгінгі жастар шығармаларындағы стилистиканы осыдан 10 жыл бұрын жорыққа шыққан әдеби зерттеулер мен өлшей алмайсың. Жаңа ағымдағы жазушыны зерттейтін жаңа зерттеуші дүниеге келуі шарт. Маған: «Дидар Амантайдың кейіпкерлері дұрыс сөйлемейді» деп жатады. Нег ол кейіпкер дұрыс сөйлеу керек. Егер сол кейіпкер әдеби тілмен сөйлесе, бұл нанымсыз болады ғой. Қазіргі қазақ қоғамындағы кейіпкер бүгінгі тілмен сөйлеуі шарт. Қалай болғанымен де әдебиетімізде жақсы құбылыстар орын алып жатыр.

Тұрсынжан Шапайдың «Қазақтың жаны» атты кітабы постмодернистік ағымның талаптарына сай келеді. Бұл кітапта тек қана автордың емес, өзінің замандастарының мысқылы да бар.

Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм ағымының бастауы – Тұрсынжан Шапай. Оның әңгімелерін уақыты тапшы оқырманға оқып беруге де ыңғайлы. Одан кейін осы ағымға бейімделген шоғырлы топ деп мына авторларды атауға болады: Жүсіпбек Қорғасбек, Гүлзат Шойбек, Дидар Амантай, Асылан Жақсылықов, Нұрғали Ораз, Мадина Оралова, Мәди Алжанбай, Мақсат Мәлік т.б. Мысалы: Нұрғали Ораздың кейіпкерлері әлемдік мәдениетті меңгерген парасатты адам ретінде сипатталады. М.Мағауиннің «Қыпшақ аруы» шығармасы – осы ағымның сарынымен жазылған туынды. М.Мағауин бұрынғы классикалық әдебиетті қорытып, мақсатты түрде осылай жазуға бекіген. Ал, Тұрсынжан шапай алдына ондай белгілі бір мақсат қоймай – заман сұранысына сай көркем бейнелеу тәсілі мен түрін тапқан. Сонымен қатар, Тынымбай Нұрмағамбетовтың жарық көрген соңғы дүниелері де осы ағым үлгісінде жазылып жүр. Бұл да көңіл қуантарлық нәрсе.

Постмодернистерде өз қоғамына көңілі толмаушылық жиі кездеседі. Жас қаламгерлер шығармаларынан осы дүниенің іздері байқалады.

Батыс еуропа постмодернистерінің шығыстық үлгіде жазылған жазушылар шығармалары мойындалмай жатқан себебі, олар тудырған әдебиетте құдай жоқ, ал ондай шығармалар бір күні оқырманды таң қалдырса, екінші күні ұмыт болады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Постмодернизм үлгісіндегі туындыларға көзқарасың қандай
2. Әдебиеттегі еркіндік дегенде нені түсінесің
3. Постмодернизм үлгісіндегі шығармаларды талдау

## КІРІСПЕ

Көркем сөздің құдыреті – шексіз. Мәнерлеп оқу өнерінің үлкен әлеуметтік мәнге ие болғандығының негізгі себебі оның рухани және эстетик күшке ие болуында. Бүгінгі күнде мәнерлеп оқу курсы республикамыз көлеміндегі білім беру жүйесінің әр сатысында мемлекеттік стандартқа сәйкес белгіленген бағдарламалар негізінде оқытылып келеді. Жоғары оқу орындарының қазақ тілі және әдебиеті бөлімдерінің студенттері мәнерлеп оқудың теориялық және практикалық негіздерін, сөйлеу, оқу техникасын меңгерген болуы керек.

Мәнерлеп оқу курсы көркем шығармалардың идеясы мен мазмұнын терең үйренуден және көркемдік ерекшеліктерін ашуда үлкен мәнге ие. Барлық жанрдағы шығармалар бірдей оқылмайды, сол сияқты студенттер де бірдей мәнерлеп оқу қабілетіне ие емес. Әсіресе, жоғары оқу орындарында көпшілік студенттер диалект сөздерді көп қолданады. Бұл әрине өз жергілікті сөзінде мәнерлеп оқу шығарманың мазмұнына кері әсерін тигізеді. Соның үшін де болашақ мұғалімдерді бұл жағдайдан сақтау үшін оларды мәнерлеп оқуға үйретудің тәрбиелік маңызы ерекше. Мәнерлеп оқығанда оның көркемдік маңызын ашуда оған жәрдем етеді.

Міне, осындай жәйттерді ескере отырып, құрастырушы ретінде бұл оқу құралында мәнерлеп оқудың характері, мазмұны, мақсат-міндеттері, мәнерлеп оқудың техникалық негіздері мен оған жаттығудың жолдары, интонация және кідіріс түрлері, поэз иялық, прозалық және драмалық шығармаларды мәнерлеп оқу, келістіріп оқу, ақын-жазушылардың шығармаларынан үлгілер берілген.

Біздің пайымдауымызша, көркем шығарманы мұқият (сіңіре) оқып шығу аз, сонымен қатар сол шығарманың мәнін талдай түсініп, мейлінше терең игеру керек. Сонда ғана адамның көркемдік талғампаздығы арта түседі.

Оқу құралы тәуелсіз Өзбекстан Республикасында тұңғыш рет жоғары оқу орындары студенттеріне жазылып отырғаны үшін онда келтірілген ой-пікірлер мен теориялық білімдер Н.Нұрмаханова, С.Тілешова, Қ.Орипов, М.Обидова, С.Иномхожаева, А.Зуннунов, С.Матчанов, Т.Қалдыбаев сияқты ғалымдардың еңбектеріне негізделген. Сонымен бірге ондағы берілген әдеби туындылар қазақтың көрнекті ақын-жазушыларының мазмұнды да мағыналы шығармаларынан алынған.

Соның бірі деп, мәселен, Абай Құнанбаевтың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», М.Мақатаевтың «Отан туралы», Қ.Мырзалиевтің «Домбыра» т.б.

Жалпы алғанда, оқу құралы студенттерді көркем туындыларды мәнерлеп оқуға, әрі поэзиялық шығармаларды жатқа мәнерлеп айтуға дағдыландырады, үйретеді деген үміттемін.

Әрине, мәнерлеп оқу курсы бұл еңбекпен шектеліп қалмайды. Халқымыздың рухани байлығы өсу нәтижесінде бұдан да ауқымды, мазмұнды оқу құралдары жарыққа шығуы күмәнсіз.

Соңғы жылдары мәнерлеп оқу курсы бойынша С.Тілешова, М.Қожахметова, Қ.Орипов, М.Обидова, С.Матчанов, Т.Қалдыбаев сияқты ғалымдардың еңбектері жарық көрген. Мұның бәрі мәнерлеп оқуға қосқан сүбелі үлестері еді. Бүгінде бұл оқу құралының осы аты аталған ғалымдардың еңбектері қатарынан орын алуы еңбегіміздің жемісі деп ойлаймын.

Жоғары оқу орнында оқитын студенттер үшін келістіріп оқудың мәселелерін меңгерту мақсатында 3-курста «Мәнерлеп оқу» пәні көркем әдебиеттің сыры мен сипаты, мәні мен маңызы жайында жалпы білім беруге бағытталады. Мәнерлеп оқу пәні «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Қазақ халық ауыз әдебиеті», «Қазақ әдебиеті тарихы». «Әдеби процесс» атты пәндермен тікелей байланысты.

Оқу құралы өзіндік тәжірибеге сүйене отырып, көркем әдеби шығармаларды мәнерлеп оқу мәселелерін қызықтыратын педагогика институттары мен

университеттерінің филология факультеттері студенттері мен қазақ тілі және әдебиеті мамандарына арнап жазылған.

## **МӘНЕРЛЕП ОҚУДЫҢ ХАРАКТЕРІ МЕН МАЗМҰНЫ ЖАЙЫНДА**

Сөйлеу - мұғалімнің негізгі құралы. Мұғалім өзінің мазмұнды, анық, түсінікті сөзімен студенттеріне әсер етеді. Мұғалімнің сөзін ешбір оқулықпен теңестіруге немесе басқа нәрсемен айырбастауға болмайтындығы белгілі. Өйткені мұғалім қандай пән болса да өз атынан сөйлеп түсіндіреді. Сондықтан мұғалім ойын мазмұнды етіп құрумен қатар, әрбір сөйлемді өз әуенімен түрлендіріп, сазына келтіріп айта білуі қажет. Студент мұғалімнің не сөйлегенінен гөрі қалай сөйлегеніне көңіл аударады.

Демек, мәнерлеп, тиісті дауыс ырғағымен сөйлеу, оқу - мұғалімнің негізгі құралы. Ол тек тіл мен әдебиет сабағының мұғаліміне керекті жағдай деп қарауға болмайды., бұл барлық мұғалім атаулыға тән қасиет болуы керек. Онсыз қандай пәнді болса да оқыту да, түсіндіру қиын, өйткені мұғалімнің ойын студенттер толық қабылдай алмайды.

Студент мұғалімнің сөйлеу мәнеріне қарай оның ойын толық түсінеді. Сондықтан А.М.Пешковский: «Біз өз сезімімізді сөзден не интонация арқылы түсіндіреміз», - десе, В.Н.Всеволодский-Гернгросс та «адамның жан-дүниесінің қанша құбылысы болса, соның бәрін интонация арқылы беруге болады», - деп көрсетеді. Демек, мұғалім сөзі мәнерлі дауыс ырғағымен айтылғанда ғана студенттің құлағына жағымды тиіп, оның сол сабаққа деген ынтасын оятып, қабілетін күшейте түсетіндігі белгілі нәрсе.

Профессор құдайберген Жұбанов – қазақ тіліндегі сөйлем сазына тоқтай отырып, адам көңілінің түрлі күйіне сөздің түрлі әні сәйкес келеді. «Адам көңілінің қобалжуының түрі көп, ұшы-қиыры жоқ десек те болады. Бұларды білдіруге арналған амалдың - дауыс сазының да түрі көп», - деген болатын.

Мәнерлеп оқитын кісінің даусы ашық, дикциясы анық, әрбір сөзді өз әуенімен айтатын, әдеби тілде дұрыс сөйлей білетін болуы керек. Бұған қосымша оқитын материалды жақсы түсініп, оның идеясын, мазмұнын толық меңгерумен қатар, оны мұғалім барлық жан-дүниесімен, сезімімен (қуанып та, қиналып та, тебіреніп те, қобалжып та) айта алатын болуы керек. Қазіргі кезде сөзге талап күшейді, өйткені мәдениетті сөйлеу бұрынғыдай бірлі-жарым кісінің ғана құралы болып қалмай, жалпы қалың бұқараның күшті құралына айналды.

Қазақ халқы қай заманда да терең ойлы, көркем тілді, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін дүлдүл шешендердің есімін көздің қарашығындай қастерлеп, біздің дәуірімізге жеткізген. қазақ халқы табиғатынан әнді, әсерлі, сұлу сөзді қадірлеумен қатар оны майын тамызып айта да білген.

Сұлтанмахмұт Торайғыров «Өнерлі тілдің үлгісін бізге Абай берді. Абайдан үйренейік. Онан соң сынаптай таза, күмістей кіршіксіз қазақтың ауыз әдебиетінен , бұрынғы сөз тапқыр шешен сөздерден үйренейік», - деп орынды айтқан. Сұлтанмахмұттың «Өнерлі тіл» деп отырғаны тілдің сан қырлы функциясы. Ол көркем сөзді қастерлей білумен қатар, оның айтылуына да аса көп көңіл аударған.

Мәнерлеп, ырғағына түсіріп айтып немесе оқып берудегі негізгі шарттың бірі - оның мазмұны. Мұғалім немесе дауыстап оқушы кісі сөйленетін мәтіннің мазмұнын егжей-тегжейіне дейін толық меңгерген болуы керек. Сол тақырыпқа байланысты қосымша деректермен де танысып, өзінің ойын студентке терең, толық, сенімді етіп түсіндіруді мықты ойластырғаны жөн. Мұғалімнің көп білетіндігі, әсерлі, мағыналы, мазмұнды сөйлеуі студентке күшті әсер етеді.

Мәнерлеп оқу үшін, сол тақырыпты жақсы білу, түсіну керек. Олай болмаса, жалаң құрғақ-сылдыр сөз қанша ырғағымен айтылса да, ешкімге әсер етпейді. Өйткені оны түйіп алар түгі жоқ, құлаққа қонбайды. Ал, көркем әдебиеттен өтілетін материалдарды түсіндіре келіп, кейбір әсер етерліктей жерлерін оқып беруге тура келеді. Бұндай материал алдын

ала дайындалып, ырғағына түсіріліп, оқылып шыққан болу керек. Өйткені таңдалып алынған үзінді өзінің мазмұны, көркемдігі жағынан тыңдаушысының сезіміне дәл тиіп, түсіндірген ойының дәлелі сияқты болып көрінеді. Әлбетте, бұндай жағдайда мәнерлеп оқу мазмұнды тереңдете түседі, оның экспрессивтігін арттыра түседі.

Сөйлемдегі сөздердің дұрыс қолданылуы өз орнымен орналасуының да маңызы күшті. қазақ тіліндегі қара сөз жүйесінің белгілі орын тәртібі бар. Олардың орнын ретсіз өзгертсең, буынсыз жерге пышақ ұрғандай үйлесімсіз болып шыға келеді. Ондай сөйлемнің айтылуы да құлаққа қонымды болмайды.

Ең алдымен мұғалімнің тілі бай болсын, ол студенттен де соны талап етуі керек.

## **МӘНЕРЛЕП ОҚУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Сөз өнерінің, әсіресе көркем сөздің құдіреті шексіз. Адамзаттың сөйлеуіне нәр келтіретін көркем сөз көркем әдебиетте әсерлі әрі эстетикалық әсер ету күшін арттырады. Мәнерлеп оқу – ауызша тіл дамыту жұмысын жетілдірудің кепілі. Мәнерлеп оқуға соңғы жылдары жан-жақты көңіл бөліне бастағаны сезіліп келеді. Себебі, әдебиетті оқытуда бүгінгі таңда мақамдап, келістіріп оқу әдісі тиімді әрі сапалы болып отыр.

Бұл арада мәнерлеп оқуды келістіріп оқу деп те атап жүргендігін айтқанымыз жөн. Алайда бұлардың бәрі де бір-біріне жат емес...

Сонымен мәнерлеп оқудың анықтамасы қалай болмақ? Бұл жөнінде С.Тілешова: «Мәнерлеп оқу дегеніміз - көркем шығарманы әдеби тілдің орфоэпиялық ережесін, шығарманың тақырыбын, идеялық мазмұнын түсініп, белгілі бір жылдамдықпен дауыс үнділігін, ырғағын сақтай отырып оқу», - дейді. Демек, бұл ең алдымен, көркем сөз мәтінін дұрыс оқу, түсініп оқу және белгілі дәрежеде жылдам оқу шарттарын сақтап оқу деген сөз.

«Оқи білу дегеніміз – оқушыны шығармаға сүйсіндіру, оның көркемділік ойын тереңдету, шығарманы тану, бағалау деген сөз», - деп Т.Ақшолақов өте дұрыс айтады.

Ал, мәнерлеп оқудың мақсаты - дұрыс, тез, көркем оқуға үйрету, сөйлеу тілінің мәдениетін көтеру, оқушының тіліндегі әр түрлі кемшіліктерді болдырмау, дем алу аппаратын, дауысын жолға қою, дұрыс, анық сөйлеуге үйрету.

Студент мәнерлеп оқу арқылы ғана әдеби шығарманың нәріне бойлай алады. Сонымен бірге көркем туынды туралы тұжырым жасап, талғамын танытады. Сондықтан да студенттің ауызша тілін дамытуда мәнерлеп оқу өзекті әдіс саналады.

Осындай мақсатқа жету үшін мәнерлеп оқуды меңгерту қазіргі оқытудың басты міндеті болып отыр. Ол үшін студенттерге келістіріп оқудың шарттарын үйретіп, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастырған жөн.

Студенттің сабаққа ықыласы мен қызығушылығын арттыру үшін мұғалім мәтін талдау жұмысын көбіне көркем шығарманы сәнді үн, әсерлі дауыс ырғағымен оқудан бастайды. Студенттің назарын жаңа мәтінге аударады, оның шығарманы меңгеру құштарлығын оятады.

Студенттерге эстетикалық қабылдау, эстетикалық сезім, эстетикалық баға, көркемдік талғам немесе интонация, логикалық екпін, дауыс кідірісі (пауза), жылдамдық, ырғақ т.б. туралы түсінік бермей тұрып мәнерлеп оқу талаптарын жүзеге асыру қиынға соғады. Сондықтан мәнерлеп оқудың мән-мазмұнын жай оқудан ерекшелігін, оның көркемдік компоненттерін студенттер біршама танып білуі керек. Ол үшін әдебиеттің кіріспе сабақтарында тағы басқа жоғарыда айтылған мәселелерді мәнерлеп оқудың техникалық элементтерін, көркемдік компоненттерін кеңінен талдап, одан студенттерге белгілі дәрежеде білім дағдысын үйретуіміз керек.

Көркем әдеби шығармалардағы эстетикалық қабылдауды шығарманың мазмұн-идеясын, көркемдік қасиетін тану, сезіну деп түсінсе болады. Эстетикалық қабылдаудың маңызды ерекшелігі - оның адамның сезім күйін, әсерленуін туғызуында. Сезім күйі, әсерлену болмаса эстетикалық қабылдау да болмайды. Студенттер көркем шығарманы біліп, танып, оқып қана қоймай, оқу не тыңдау үстінде ондағы кейіпкерлердің тағдырымен ойша ортақтасатындай, оның тағдыр-талабын бастан кешісіп, онымен бірге қайғырып, бірге жылап, толқып, бірге қуанатындай күйге келсін.

Міне, сонда ғана көркем шығарманың шын бағасы танылады, әрі шын мәніндегі эстетикалық қабылдау туады.

Эстетикалық қабылдау эстетикалық сезіммен тікелей байланысты. Эстетикалық сезім деп көркемдік сұлулық әлемін сезім күйі арқылы қабылдап, өзгеше әсер, ләззат алу деп таниды. Өнер, оның ішінде көркем әдеби шығарма эстетикалық сезім күйін тудыру арқылы адамдардың жан сарайын байытады, олардың рухани және идеялық жағынан өсуіне пәрменді ықпал етеді. Біздің көркем шығарманың қандай түрін болмасын талдауға, түсінуге, тануға селқос қарай алмайтынымыз да осыдан.

Көркем шығарманы эмоциялық қабылдаудан соң, соның заңды нәтижесі ретінде студенттерде эстетикалық пікір мен баға пайда болады. Студенттердің көркем шығармаға деген пікірі мен бағасы неғұрлым терең, әрі мазмұнды болу үшін оларды шығарманың сапасын, көркемдігін танып білуге, түсіне білуге тәрбиелеу қажет. Эстетикалық тәрбиенің мұрат-мақсаты да сонда.

Белгілі мақсатты көздей дамытылған эстетикалық пікір мен баға–студенттердің көркемдік талғамын қалыптастырады, ұштайды. Қалыптасқан көркемдік талғам шын-шынайы көркемдік пен жабайы, жасанды көркемдіктен ажырата алады. Адам жанының сұлулығы, нәзіктілігі көркемдік талғам күшінің жетілгені осыдан аңғарылып сезіледі.

Мәнерлеп оқудың екі түрі бар. Бірі – дауыстап мәнерлеп оқу, екіншісі, іштен оқу. Дауыстап оқу барысында студент әр сөзді, әр сөйлемді саналы түсініп оқуға дағдыланады, мәтіндегі оқығанын көру және есту арқылы жадында ұзақ уақыт сақтауға бейімделеді, оқығанын дұрыс айтып беруге жаттығады.

Мәтінді іштен оқудың да практикалық мәні күшті. Өйткені іштен оқу арқылы аудиторияда және үйде бірнеше тапсырмалар орындалады. Мәселен, аудиторияда өтіліп отырған теориялық материалдарды іштен тыңдау нәтижесінде мазмұнын ұғады және оны жете түсінеді. Сонымен бірге өтілген тақырыпты оқулықтан іштен оқу арқылы дұрыс түсінеді.

Сөз, оның мағынасы дыбысталу (естілу бейнесі) арқылы жанданады. Қандай сөзді болсын терең мағына, мән беріп, белгілі мазмұнда айрықша мәнермен айтуға болады. Соның бір көрінісі студенттерге өлеңді жатқа айтқызу, баяндама жасату, кездесу кештерінде ақын-жазушыларға өздерінің шығармаларын оқытып тыңдату, театр, радио, кино, теледидар арқылы артистердің, көркем сөз шеберлерінің, дикторлардың оқуына зер салып, қадағалап отыруға әдеттендіру - бұлардың бәрі студенттердің сөз мәнерін, сөйлеу тілін жетілдіре түсетін факторлар болып табылады.

Мәнерлеп оқу дауысты жай ғана құбылту емес, мәтіннің идеялық мазмұнын сапалы меңгеруден туған дыбыс үйлесімі мен мағыналық екпін, дауыстың әсері, мәнді ырғағы. Мәтінді алдымен мұғалім өзі оқиды, студенттің ішінен оқуына, шығарма мазмұнын, идеясын, негізгі бөлімдерін аңғартуға мүмкіндік береді, содан кейін оны мазмұндап айтқызады. Осындай жұмыстардан соң –ана студенттерге мәнерлеп оқудың сыр-сипаты мен техникасы туралы түсінік беріліп, жаттығу жұмыстары жүргізіледі.

Мәнерлеп оқу әдебиеттік оқу сабағының үлесі. Оны студенттердің қазақ тілі мен әдебиетінен алған білімдерін ұштастыра жүргізген дұрыс.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Мәнерлеп оқу дегеніміз не?
2. Эстетикалық қабылдау дегеніміз не?

3. Эстетикалық сезім дегенде нені түсінесің?
4. Мәнерлеп оқу пәнінің мақсаты мен міндеттері не?
5. Белгілі бір мәтінді немесе өлеңді мәнерлеп оқуға жаттығу.

### **МӘНЕРЛЕП ОҚУДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ОҒАН ЖАТТЫҒУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

Мәнерлеп оқуға қажетті элементтер мен сөйлеу техникасы жайлы мәселелерді қарастырған жөн.

Сөйлеу техникасы, өз объекті және фонукциясына қарай дауыс, тыныс алу, артикуляция және дикция деген топтарға бөлінеді. Мәнерлеп оқитын студенттің сөйлеу техникасы сөз орындаушылық өнері дәрежесінде болуы керек.

Мәнерлеп оқуға керекті шарттардың бірі – тыныс пен дауыс. Белгілі мәтінді оқығанда дауыс тұншығып, міңгірлеп, болмаса шаңқылдап шықса, не оқып тұрғанда орынсыз жерде жиі-жиі тыныс алса, не басынан аяғына дейін бірыңғай тонмен оқылса, ондай оқудан әсер алу былай тұрсын, оны тыңдаудың өзі ауыр. Ондай оқу тыңдаушыны мезі қылып зеріктіреді, шаршатады. Мәнерлеп оқуда тыныс пен дауысты жетілдіруге ерекше көңіл бөлінетіндігі осыдан.

Ендеше тыныс алу мен дауыстың пайда болу жолдарына тоқтап кетсек, тіл дыбыстарының өкпедегі ауыз қуысы арқылы сыртқа шығуынан пайда болып, құлаққа естілетіні белгілі. Дыбыстар сөйлеу аппараты: өкпе, тамақ, көмей, дауыс шымылдығы, тамақ қуысы, ауыз қуысы, тіл, таңдай, ерін тағы басқалардың қатысуымен жасалады. Оларды тіл білімінде дыбыстау мүшелері деп атаймыз.

Өкпе көрік секілді бірде ауаны сыртқа теуіп, бірде ауаны ішке тартып тұрады. Екінші сөзбен айтқанда, ондай физиологиялық процестің бірі – дем шығару, екіншісі – дем алу деп аталады. Дем алғанда кеуденің аумағы кеңейеді, дем шығарғанда ішке жұтқан ауаның бір бөлігі сыртқа шығады да, содан өкпе тартылады. Оқығанда, сөйлеп тұрғанда дем алу мен дем шығару мөлшері үндемей тұрғандағымен бірдей болмайды. Сөйлеп тұрғанда өкпедегі ауа сыртқа біртіндеп шығады да, дем алғанда сырттағы ауа ішке тез енеді. Ал жайшылықта дем алу мен дем шығаруға жұмсалған ауаның мөлшері бірдей болады.

Артикуляция деп, сөйлеу мүшелерінің әрекетіне байланысты айтылады.

Сонымен, оқу, сөйлеу техникасы деп дұрыс тыныс алуды, дыбыстың, үннің құлаққа жағымдылығы мен сөздің, буынның құлаққа ашық, анық айқын тұтас естілуін айтамыз.

Мәнерлеп оқу үшін дауыс пен тыныс қандай болса, сөз мақамы да (дикция) сондай қажет. Дикция латынша *distio* деген сөзінен алынған болып, сөйлемдегі сөздің, сөздегі буынның ашық, айқын оқылуын айтамыз. Көркем шығарманы мәнерлеп оқығанда тыныс алу мен дауыстың орны сияқты дикцияның да орны өзгеше. Егер әрбір дыбыс ашық, анық айтылмаса, бірыңғай тыныс пен дауыстың да атқарар рөлі шамалы. Бұл әрине дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты.

Дикция орфоэпиямен де тікелей байланысты. Орфоэпиялық заңдылықтар сөйлеудің табиғи, анық және айқын, барлығына түсінікті болуын талап етеді.

Тіліміздегі дыбыстардың дұрыс айтылуы оқылған сөздің құлаққа анық, айқын естілуі деп біз дыбыстау мүшелерінің ақаусыз қызметін, дыбыстардың жасалу заңдылықтарының дұрыс сақталуын, сөзді тыңдаушылардың тосырқамай қабылдауын айтамыз. Тәжірибеде тіл дыбыстарының анық естілмеуі салдарынан сөздерді қайта айту, сөйлегенде, оқығанда сөз аяғында, сөз ортасында тұтас буынды жұтып қою тәрізді кемшіліктер жиі ұшырайды. Сонымен бірге студенттердің сөзінде, оқуында ширақтық пен шымырлықтан гөрі баяулық пен болбырлық басым келеді.

Көркем оқу – әдеби шығарманы мәнерлеп оқу өнері болып табылады. Шығарманы оқыған уақытта оны келістіріп оқу қажет. Келістіріп оқу дегеніміз – әдеби мәтінді сазына

келтіріп, мәнерлеп оқу. Бұл ең алдымен, көркем сөз мәтінін дұрыс оқу, түсініп оқу және белгілі дәрежеде жылдам оқу шарттарын сақтап оқуды талап етеді. Студенттер осы шарттарды толық орындап, оқу техникасын меңгергенде ғана әдебиеттік шығарманы келістіріп оқи алатын болады.

Келістіріп оқу әдебиет сабақтарында аса маңызды орын алады. Келістіріп оқу қарсаңында жүргізілетін дайындық жұмыстарда шығарманың идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін дұрыс түсінуге айрықша көңіл бөлінеді. Шығарманы мәнерлеп оқи білу студенттердің оқығанын дұрыс ұғуға, шығарманың қайшылықта байқалмай қалатын өзгешеліктерін танып оқуға жаттықтырады. Студент оқу дағдысына төселе, жаттыға отырып, мәтінді аңғарып оқуға, оқығаннан әсер ала білуге үйренеді, тілін дамытады. Студенттердің мәтінді келістіріп оқу кезінде алған білім дағдылары олардың тіл мәдениетін арттырып, сөзін мазмұнды, мәнерлі етіп сөйлеуге көмек етеді.

Кейбір студенттер арасында көркем шығарма мәтінін келістіріп оқи алмаушылық бар. Мысалы, мәтіннің идеялық-көркемдік өзгешеліктерін ескермей, үнемі бір сарынмен оқушылық немесе үзіп-бөліп, жаңылыс оқушылық кездеседі. Студенттерді келістіріп оқудың техникасына төселдіру үшін мәтінді дұрыс оқудың бастауыш түрдегі қағидаларымен таныстыру керек. Ол үшін әдебиет сабағы мен грамматиканы керекті жерінде өзара байланыстыруға болады. Мәселен, бірінші курс студенттері грамматикадан фонетиканы өткенде, олар сөйлеу мүшелерінің атқаратын қызметін жақсы ұғынумен қатар, содан алған білімдерін мәтінді дұрыс оқуға жарата білуге тиіс.

Студенттер осымен дұрыс дем алудың ережесімен танысады. Жайшылықты адам демінің сыртқа шығару ұзақтығы мен ішке алуының ұзақтығы бірдей болады. Ал кітап оқыған уақытта дем алу шұғыл өзгереді, яғни демді ішке алу өте жиі болса, сыртқа шығару онан сирегірек болады. Мұғалім студенттерді дем алудың кеудемен және диафрагмамен (көк етпен) таныстырады. Сөйтіп оларды дұрыс дем алып үйренуге дағдыландырып, тиісті жаттығулар жүргізеді.

Студенттерге фонетика сабақтарында дыбыстардың жіктелуімен қатар әр дыбыстың жасалатын орны мен жолы түсіндіріледі, оны дәл етіп айтуға үйретіп, олардың тіл мүкістігі сияқты кемшіліктерін жайып отырады. Ал грамматикалық екпінді өткенде, студенттердің сөзді есіту қабілетіне көңіл бөлінеді, ондай екпіндерді айрықша үнмен, өзгеше рең бере оқуға жаттықтырылады. Студенттердің сөз екпіні жөнінде жіберетін қателері де осыған байланысты түзетіледі. Жай және құрмалас сөйлем тақырыптары өтілгенде, студенттерге логикалық екпін, кідіріс туралы түсінік беріледі. Сабақтың алғашқы күнінен бастап-ақ мұғалім көркем сөз мәтінін оқыған уақытта студенттерді демін дұрыс алуға, дыбысты айқын, анық айтуға, сөзге дұрыс екпін қоя білуге, сөйлемді сазына келтіріп айта білуге әдеттендіреді.

Студенттер келістіріп оқудың техникасына жаттықтырудың негізгі бір жолы мәтіннің мазмұны, ой-сезімінің әр түрлі болып келу өзгешелігіне қарай дауыс сазын құбылта білуге үйрету болып есептеледі. Ол үшін дауысты ретті жерінде көтере де, баяулата да күшейте де білуге үйрету қажет. Ал бұларды көркем сөз мәтінін оқыған уақытта қисынын тауып қолдану, іске асыру жақтары әрбір әдеби шығарманың өзіне тән идеялық-көркемдік мазмұнына байланысты.

Студенттерді келістіріп оқуға үйрету үшін бағдарламаға енген шығарманың қай жанрын алса да болады. Бірақ алынатын шығарманың көлемі шағын болуы керек. Егер көлемді шығарма болса, оның аяқталып біткен үзіндісі алынады. Ең алдымен студенттер шығарманы іштерінен оқып шығып, мазмұнын ұғады. Одан кейін мәтіннің мазмұн ерекшелігіне байланысты студенттерге сұрақтар қойылады. Бұдан соң бұл шығарманы қандай дауыспен оқу керектігі қарастырылады. қай мәтінді қандай дауыс сазымен оқу – әр шығармада әр түрлі. Баяндау түрінде жазылған проза мен ертегілерді, мәселен, «Күн астындағы Күнекей қыз» (ертегі), «Аяз би» (ертегі), «Кітап оқуға құмарлық», «Он бес үй» сияқты шығармаларды әңгімелеу түріндегі дауыс сазымен оқылады. Лирикалық шығарманы ақынның көңіл-күйін, ой-сезімін білдірерлік сазбен оқуға болады. Әрине

шығарманың қандай дауыспен оқылу керектігін оның жанрлық өзгешелігі (белгілері) үзілді-кесілді шешіп бере алмайды. Өйткені бір жанрға жататын шығармалардың әрқайсысы өзінің идеялық-көркемдік өзгешелігіне сәйкес сөзбен оқылады. Сондықтан қай шығарманың қандай дауыспен оқылатынын сол шығарманы идеясына, мазмұнына, көркемдік ерекшелігіне байланысты алып қарастырған жөн.

Мәтінді өту жұмысының алғашқы кезеңінің өзінде-ақ шығарманың қандай дауыс сазымен оқылатынын алдын ала белгілеп қойған жөн. Бұл сол шығарманы қалай талдауға, онда қандай мәселелерді қарастыруға болатынын анықтап, шығарманың мазмұнын тереңірек түсінуге жәрдем етеді.

Шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұнымен байланысты қандай дауыспен оқылатыны шешілгеннен кейін, оның құрылысы қандай бөлім, жіктерден тұрғаны қарастырылады: қай бөлімі қалай оқылатыны, қай жерде қандай дауыс кідірісі болу керектігі анықталады. қажет болған жерде кідірісті сақтап оқу – келістіріп оқу шарттарын орындаудың белгісі. Әрине, кідірісті сақтап оқу оңай емес. Өйткені ол – мәтіннің қай жерінде қалай болатындығын бірден тауып алу қиын, мәтіннің қай жерінде кідіріс қалай болатыны белгілі болғанның өзінде де кідіріс сақталмай оқылуы ықтимал. Ол кідіріс дағдысының берік қалыптана алмағандығынан да, топ тыныштығын бөлетін кейбір себептерден де болуы мүмкін.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Оқу техникасы дегеніміз не?
2. Көркем шығарманы келістіріп оқуда негізінен қандай элементтерге көңіл бөлінеді?
3. Көркем шығармалардан үзінділер оқуға жаттығу.

## **ИНТОНАЦИЯ ЖӘНЕ ДАУЫС КІДІРІСТЕРІ**

Мәнерлеп оқу үшін дем алудың дұрыс болуымен қатар дауыстың естілуі, үнділігі мен жуан-жіңішкелігі, әуені, екпіні, дауыс кідірісі, әрі ырғағына көңіл бөлу өте қажет.

Мұғалім сөзінің тартымды, әсерлі болуы оның үнінің тазалығына, ойының саралылығына және дауыс ырғағына – интонациясына байланысты.

Сөздің айтылу мәнеріне А.П.Чехов та көп көңіл бөлгендігін айта келіп, профессор З.Қабдолов: «Әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар», - дейді. Бұл салада әр сөзге ажар беріп, оның мағынасын толықтыратын ең қарапайым тәсілі – интонация (латынша *ip̄terage* - дауыс ырғағы) яки әр сөздің айтылу мәнері.

Ғалым Ф.Мұсабекова: «Пунктуацияны дұрыс қолдана білудің үшінші критерийі – интонация. Интонациясыз сөйлеу болмайды. Пунктуация жазба тіліміздің құралы болса, интонация ауызекі тіліміздің құралы. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты», - деп жазады.

Егер ғалымдардың пікіріне сүйенер болсақ, Зәки Ахметов өзінің «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» атты еңбегінде интонация жайлы мынадай пікірді ілгері сүрген: «Интонация – дауыс толқыны, сөйлегенде сөз мағынасын әсерлі жеткізу үшін дауыстың құбылып, жоғарылап, төмендеп өзгеріп отыруы, сөздің мәнерімен, әр түрлі сезіммен айтылуын айтамыз. Сөздің көтеріңкі леппен, салтанатты түрде, не терең ойға шомып, сабырмен, байсалды қалыпта немесе нәзік сыршыл сезіммен айтылуға орай дауыс толқыны да бірде биіктеп, өршеленіп, бірде төмендеп, бәсеңдеп, сөздердің үнділігін, саздылығын ұдайы өзгертіп отырады. Дауыс толқынының өзгешелігі дауыстың көтеріліп төмендеу қалпынан, сөздің, сөз тіркестерінің қандай сазбен, қандай жылдамдықпен айтылуынан, дауыстың өзіндік бояу-реңкімен, құбылмалы әсерлігінен тағы сол сияқты белгілерден айқын аңғарылады. Мәселен, көтеріңкі лепті интонация бір түрлі де, сұрақ қою интонациясы мен одан басқа түрде де болатыны белгілі.

Әдеби шығармадағы сөздің интонациялық байлығы мәтінді мәнерлеп оқығанда әсіресе айқын танылады. Көркем шығарманы мәнерлеп оқу шеберлігі өз алдына үлкен өнер болып саналады. Поэзияда интонация, дауыс толқыны өлеңнің ырғағымен тығыз

байланысты болады, өлең сөздің ырғағын түрлендіруге үлкен әсер етеді. Оқылатын, сөйлеп, тақпақтап айтылатын өлеңдерде интонацияның, дауыс толқынының неғұрлым құбылмалы келіп, түрленіп отыруы айрықша қажет».

Мәнерлеп оқуда сөздің дұрыс айтылуына, дұрысырақ айтқанда әдеби айтылу нормасына ерекше мән беріледі. Әсіресе, тіліміздің орфоэпиялық заңдылығының қатаң сақталуына назар аударған жөн.

Ал, Н.Нұрмаханованың «Мәнерлеп оқу практикумының программасы» атты еңбегінде мынадай пікірлер айтылады: «Интонацияның ауқымы кең, мүмкіндігі мол. Интонация құрамына: дауыс екпіні, оның фразалық және логикалық түрлері, дауыс кідірісі (пауза), оның логикалық және психологиялық, грамматикалық түрлері, дауыс мөлшері (темп), сөздердің бірде көтеріңкі, бірде бәсең, бірде баяу, бірде жылдам оқылуы, сөз ырғағы (ритм), үннің мелодиясы мен дыбыс саздылығы жатады». Ал, методист-ғалымдар интонацияны тыныс белгілеріне байланысты жинақтау интонациясы, санамалау интонациясы, сұраулық интонациясы, леп белгісіне байланысты интонациялар деп жіктеп жүр.

Дауыс айтылуына, құлаққа естілуіне қарай: дауыс күші, биіктігі, қарқыны, әуені деп бөлінеді. Дауыс күші дегенде, оқығанда дауыстың құлаққа қатты не жай, көтеріңкілігін не бәсеңдігін дауыс қарқыны деп, не жылдам не баяулығын, дауыс әуені дегенде не қатқыл, не жұмсақтығын ұғамыз.

Сөйлем жеке сөзден де, сөз тіркестерінің өзара бір-бірімен байланысып келуі арқылы жасалады. Сөйлемдегі сөздің белгілі буынында дауыстың көтеріңкі айтылуы «екпін» деп аталады. Екпін түскен буын өзгелерден көтеріңкі дауыспен айтылады. Ондай екпінді буынды екпінді буын дейміз.

Сөз бен сөздің шегін бөліп, жігін ажыратып қоймай, дауыс екпіні бір сөз табы мен екінші сөз тіркестерінің арасын бөліп тұратын дауыс екпіні фразалық екпін деп аталады.

Оқығанда сөйлем ішіндегі бір сөзге айрықша назар аударыла оқылады. Ол сөз өзгелерден ерекше екпінмен дараланып оқылады, айрықша әуенмен айтылады. Оны логикалық екпін дейді. Ал көтеріңкі дауыспен оқылатын сөзді логикалық екпінге ие сөз деп атайды. Логикалық екпін мәтінде жасырын келеді. Көркем шығармаларды мәнерлеп оқудан алдын жасырынған логикалық екпінді анықтау үшін мәтінді алдымен бірнеше рет оқып, автордың мақсатын түсінгеннен кейін логикалық екпінді анықтауға болады. Әдетте, логикалық екпіннен кейін қысқа кідіріс (пауза) жасалады.

Тілдің құрылыс материалы сөз болса, сөздер белгілі бір тиянақты ойды білдіру үшін бірімен-бірі жалғасып сөйлем құрайды. Сөйлем бір немесе бірнеше мағыналы сөз табынан не сөз тіркесінен тұрады.

Студенттер көркем шығарманы оқығанда оның мазмұнын меңгеріп қана қоймайды. Сол мазмұнды беру қызмет етіп тұрған сөздер тобын, олардың мағыналы тұтастығын игереді. Сөйлемдегі сөздердің ондай жігі, мағыналық тобы – синтагма деп аталады.

Шығарманың әуен-сазы, ырғақ-ұйқасы, барлық интонациялық құрылымы сөйлегенде ғана көрінеді.

Мәнерлеп оқуда темп пен ритмге де көңіл бөлген жөн. Темп латынша «темпус» сөзінен алынған болып, «дәреже», «уақыт» деген мағынаны білдіреді. Темп дегенде мәнерлеп оқудың ішкі сезімі, оның тебірене тыныс алуды айтамыз. Әдеби шығармаларда кейіпкерлердің ішкі сезімдері, оқиғалар дамуының қайшылығына байланысты өзгеріп отырады. Мәнерлеп оқуда темпті көтеру, әсірелеу дегенді емес, керісінше жандандыру дегенді білдіреді. Сонымен бірге мәнерлеп оқуда темпке көңіл бөлінбесе сөз жансыз болып, әсер ету күші төмендейді. Ал, ритм гректің «ритмос» сөзінен алынған болып, «дыбыстас, дауысы бірдей» деген мағынаны білдіреді. Мәнерлеп оқуда ритмнің орны ерекше мәнге ие.

Осында ырғаққа аса көңіл бөлген жөн. Өйткені ауызша сөйлеуде де, мәнерлеп оқуда да ырғақтың орны бөлек.

*Ырғақ дегеніміз* - өлең сөз бен қара сөздің сөйлемдерінде дауыс толқынының бірде бәсең, бірде көтеріңкі келіп отыруы. Бұған мысал ретінде Абайдың И.А.Крыловтан аударған «Шегіртке мен құмырсқа» атты мысал өлеңін алайық. Мысал өлең автордың, шегірткенің және құмырсқаның сөздеріне қарай бірнеше бөлімдерге бөлінеді. Сонда бұлардың сөйлеген сөздері әрқайсысының өздеріне тән көңіл-күйі, ой-сезіміне сәйкес дауыс ырғағымен оқылуы керек. Мәселен, автордың сөзі баяу, салмақты дауыс реңкімен оқылады:

*Шырылдауық шегіртке,  
Біршып жүріп ән салған.  
Көгалды қуып гөлайттап  
Қызықпен жүріп жазды алған...*

Ал шегірткенің:

*- Қарағым, жылыт, тамақ бер,  
Жаз шыққанша асыра,*

- деген сөзі жалбарыну реңкінде бәсең оқылса,

*-Мұның, жаным, сөз емес.*

*Жаз өтерін білмеп пе ең?*

*Жаның үшін еш шаруа*

*Ала жаздай қылмап па ең?*

– деп өзіне-өзі сенген шаруа иесі құмырсқаның сөздері шегірткенің қылығын жақтырмаған реңкпен көтеріңкі оқылады.

Идеялық-тақырыптық мазмұнына байланысты көркем шығарма қандай дауыс сазымен оқытылатыны белгіленгеннен соң, мәтіннің құрылысы қандай бөлім-жіктерден тұрғаны қарастырылады. Соған орай қай бөлімі қалай оқылатындығы, қай жерде дауыс кідірісі болу керектігі анықталады.

Пауза сөйлемдегі дауыс кідірісін білдіреді, ол жеке әріптерді жалғастырады, сөз құрайды, ол сөздерден мағыналық топ құрайды, әрі ол сөздерді оқшаулайды, даралайды. қажет болған жерде кідірісті сақтап оқу – мәнерлеп оқу шарттарын орындаудың бір белгісі.

Дауыс кідірістері грамматикалық, логикалық және психологиялық болып үшке бөлінетіндігі белгілі. Бұлардың жеке-жеке анықтамаларын беріп, мысал келтіре кетейік.

*Грамматикалық кідіріс деп* – көркем шығармаларды мәнерлеп оқығанда тыныс белгілеріне аздап кідіріс жасап оқуды айтамыз.

Қазақ тілінде төмендегідей тыныс белгілері қолданылады: үтір (,) нүкте (.), қос нүкте (:), сұрау белгі (?), леп белгі (!), көп нүкте (...), сызықша (-), тырнақша («») т.б.

Мәселен: Нүкте мен үтірге қойлатын кідіріс.

*Сұр бұлт, // түсі суық // қаптайды аспан, //*

*Күз болып, // дымқыл тұман жерді басқан. //*

*Білмеймін, // тойғаны ма, // тоңғаны ма, //*

*Жылқы ойнап, // бие қашқан, тай жарысқан. // (Абай)*

Бұл үзіндіде тыныс белгілеріне кідіріс «//» екі таяқша қою арқылы көрсетілген. Әрине, тыныс белгілері тұрған жерлердің бәріне кідіріс жасалмайтын реттер де болады.

Мәселен:

*Мен, мен едім, мен едім.*

*Мен Нарында жүргенде,*

*Еңіреп жүрген ер едім...*

*(Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны)*

дегенде алдыңғы тармақтағы бірінші сөзден кейін (мен) үтір қойылған. Бірақ оқыған уақытта оған кідіріс жасалмайды. Немесе:

Нүктеге кідіріс жасау.

*Жүйткіді поезд, жүйткіді.*

*Жүйткіді, желді тұлтардай.*

(Н.Байганин «Ер туралы жыр»)

дегенде екінші тармақтағы «жүйткіді» мен «желді» деген сөздердің арасындағы үтірге кідіріс жасалмайды.

*Меңіреу, мылқау, қимылсыз.*

*Мүлгіген мәңгі даланың.*

*Адыр-белес, биік құз.*

*Саңғалтау сай-саланың. (С.Мұқанов)*

Бұл үзіндіде тыныс белгілеріне кідірмей, аттап өте алмайсың.

Леп белгісіне жасалатын кідіріске Қ.Аманжоловтың «Ұшқыш болғым келеді» атты өлеңінен мына үзіндіні алайық.

*Ұшқыш болмай немене!*

*Қуат бітті денеме!*

*Қанатым бар қайыспас,*

*Ұшқыш болғым келеді!*

Ал сұрау белгіге кідіріс жасау Мағжан Жұмабаевтың «Мен кім?» атты өлеңінен мынадай үзіндіні алуға болады:

*Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?*

*Жолбарысып, маған қарсы кім тұрар?*

*Көкте - бұлт, жерде – желмін гүлеген,*

*Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?*

Қ.Бекхожиннің «Ақсақ Темір мен ақын» атты балладасынан мысал:

*Тақсыр-ау, қалап сізді кім алады?*

*Кездескен шеңгеліне шырмалады?*

*Жүрегін жұттың ба сен айдаһардың?*

*Қылышын Әзірейілдің қайрап алдың.*

Көп нүктелі кідіріске Ыбырай Алтынсариннің «Өзен» атты өлеңінен үзінді келтірейік.

*Ел қыстап күн көреді жанабында,*

*Дәм болар, алуан-алуан балығында...*

*Тас-таста, алтын таста сынамаққа,*

*Сонда да аққан өзен қалыбында...*

көс нүктеге жасалатын кідіріс:

*Арыстан айға шапты: аяқ сынды,*

*Жемқорлар жолда қалды: қара түнді*

*Ел көз жасы тиеді тұқымына,*

*Әділ ұлық қуалар оңды-солды.*

(Жаяу Мұса)

Сызықшада қолданылатын кідіріс:

*Бабамыздың басқан табанымен*

*Бірдей екен жақсысы жаманымен:*

*Бір жаманы – тынымсыз көше берген,*

*Бір жақсысы – қимаған даланы кең.*

*Бір жаманы – жел сөзге ерген екен,*

*Бір жақсысы – тілге ерік берген екен.*

*Бір жаманы – кетпенге орашолақ,*

*Бір жақсысы – найзагер, мерген екен. (қ.Мырзалиев)*

Әр жолға, тіпті жеке сөздерге, сөз тіркестеріне әдейі тоқтап, тыныс алып оқу керек. Сұрау, леп белгілерінің де өзіне сай оқу ырғағы, шылау, одағай, қаратпа, қыстырма сөздердің де оқылуы, сөйлем мүшелерінің жігі әрқайсысы өзгеше, арасы ашық болады. Кейде өзі де бөлінуі мүмкін. Мәселен, жоғарғы үзіндідегі меңіреу, мылқау, қимылсыз,

даланың саңғалтау, саланың т.б. көптеген сөздер буынға бөлініп оқылуы мүмкін. Ме-ңі-реу, мыл-қау, қи-мыл-сыз...

Грамматикалық кідіріс, сөйтіп шумаққа, ұйқасқа, сөйлемге, тармаққа, кейде бунаққа түссе, кейде тіпті сөзге, буынға түседі.

*Логикалық кідіріс деп* – сөйлемнің мағынасына бірден, тез түсіне алу үшін, ондағы кейбір жеке сөздерді немесе белгілі сөз тізбегін өзге сөздерден бөліңкіреп, нығырақ, ой екпінінің сазын бере кідіріс жасап оқуды айтады. Мұндай ретте логикалық кідірістерге тыныс белгілері қойылмайды.

Былайша айтқанда, кідірістің бұл түрі көбіне аяқталған, тиянақталған ойды білдіреді, сөйлемдердің арасын, тіпті мәтін бөлімдерін жалғастырады, яғни тиянақты ойдан кейін, сөйлем соңындағы тыныстау. Дұрыс жасалмаған логикалық кідіріс мәтіндегі ой пікірді бұзады, тыңдаушының эстетикалық әсерін кемітеді.

Мысалы, *Жөкей көлінің солтүстік жақ қабағында Аюлы деген бір кішкене таусымақ бар. Сол таусымақ пен көлдің арасынан өткенде, // біразға шейін жолдың екі жақ шетінде сирегірек өскен қарағай жарысып отырып барып бітеді.*

*Осы қарағайға кіргенде, // Асқардың үрейі тіпті ұшты. Оған қарағай атаулының бәрі // аңдып тұрған жаудай елестеді. (С.Мұқанов «Итбайдың сазайы»).* Бұл үзіндідегі қос сызық қойылған жерлердің бәріне логикалық кідіріс жасап оқылады. Ал олардың ұзақтығы, әрине барлық жерде бірдей емес.

Логикалық кідіріс – табиғи кідіріс. Шығарманың бойындағы терең сыр мен философияға, өкініш пен үмітке, жирену мен сүйінуге, талап пен талғамға сай мағыналы, түсінікті етіп, сөйлеу тіліне ыңғайлас оқылуы керек. Мазмұн тұтастығы сақталып ұғынуға жағдай жасалуы тиіс.

Мысалы, Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен үзінді алайық:

*Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,  
құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуге...  
Ғалым болмай немене,  
Балалықты қисаңыз...  
Ақыл сөнбей сөнбеңіз,  
Бір іске кез келсеңіз.*

Алғашқы екі тармақ грамматикалық кідіріс заңымен оқылса, соңғы тармақтар бір-біріне тұтасып («құмарланып шаттанба, ойнап босқа күлуге», «Ғалым болмай немене балалықты қисаңыз», «Ақыл сөнбей сөнбеңіз. Бір іске кез келсеңіз»), тыныс белгілеріне көңіл аударылмай, екі жол жалғасып логикалық кідіріс заңымен оқылады.

Ал, енді психологиялық кідіріс дегеніміз не? Соны қарастырайық. Көркем шығарманың әрбір бөлімін бірінен-бірін көңіл-күйіне (шаттық, қуаныш, күйініш, келеке, сықақ) қарай айыру үшін, сөйлемдер мен үзінділерге психологиялық мән-мағына беріп күшейте түсу үшін жасалатын кідірісті *психологиялық кідіріс* дейміз.

Келістіріп оқыған уақытта мұндай сөйлемдердің ара-арасына кідіріс жасалады. Жасалатын кідірістің дұрыс болуын қамтамасыз ету үшін оқылғалы отырған шығарма алдын ала оқылып, талданып, идеялық мазмұны анықталады.

Кідірістің бұл түрінде шаттық, қуаныш, күйініш, ашу-ыза, кекесін-сықақ, шындық, өрелі ойды білдіретін жеке сөз, тармақтарға екпін қойылады.

Бұған мысал ретінде Абайдың Крыловтан аударған «Шегіртке мен құмырсқа» атты мысал өлеңіндегі автордың, шегірткенің және құмырсқаның сөздеріне қарай жіктелген мысал бөлімдеріне белгілі мөлшерде психологиялық кідіріс жасалады.

Немесе Абайдың «қан сонарда бүркітші шығады аңға» Қлеңіндегі:

*Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады,  
Адам үшін батысып қызыл қанға, -*

деген үзіндіде «Жарқ-жұрқ етіп» тіркесіне көңіл аударайық. Бұл бүркіт пен түлкінің арпалысқан айқасын от шашыратқандай етіп көз алдымызға елестетіп тұр емес пе? Оған ерекше сипат беріп оқу, баса назар аудару, салмақ түсіре айту сол тармақтардың немесе бүкіл лириканың тынысын танытқандай.

Сөзде екпінді буын болатыны сияқты сөйлем, сөз тізбектерінде де екпінді айтылатын сөздер бар. Ондай сөйлем ішіндегі жеке сөздердің біреуіне екпін түсіре айту ой екпіні делінеді. Сөйлем ішіндегі ой екпіні түсіріле баса айтылатын сөздерді табу, оларды дауыс ырғағын келістіріп оқу шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда, ұғынуда маңызды орын алады. Мәселен, І.Жансүгіровтің «Шаттық жыры» деген өлеңінен үзінді келтірейік.

Брысты, еркін, азат елім қандай,  
Кең байтақ, ен дәулетті жерім қандай!  
Өлкемнің оңы-мақта, солы-қырман,  
Бітетін біздің жерге егін қандай!  
Өрбіткен алуан түрлі асыл тұқым,  
Төгілген ойда-қырда төлім қандай!  
Бал еткен малдың сүтін, аңның етін  
Гүл жұпар, күшті дәрі, шөбім қандай!

Немесе:

Тыңда, дала, Жамбылды!  
Тыңда, қастек, қаскелең!  
Сөйлесін кәрі бауырың. (Жамбыл)

Бұл келтірілген үзінділердегі асты сызылған сөздердің бәрі – екпін түсіріле айтылатын сөздер.

Кейде сөйлемдегі сөздердің қайсысы екпінді, қайсысы екпінсіз оқшау келетінін айыру, ажырату тіпті мүмкін емес.

Мәселен: *Арыстан, аю, қасқыр, түлкі, борсық,*

*Сілеусін, жолбарыстар түнде жортып...* (Жамбыл)

деген екі жолды өлеңдегі бірыңғай мүшелердің әрқайсысына түсетін ой екпіні бірдей. Әрине, мәтіндегі екпінді сөздердің екпінділік дәрежесі бірдей бола бермейді. Біреулеріне екпін күшті түсіріліп айтылса, біреулеріне сәл бәсеңдеу түсіріле айтылады. Мәселен,

*Менің жаным отандық,*  
*Отан деп өлем, өлсем де!*  
*О, сүйікті Отаным!*

*Балам деп көм көмсең де, (Н.Байганин «Ер туралы жыр»)* - деген төрт тармақ өлеңдегі сегіз бунақтың қай-қайсысы да оқыған уақытта ой екпіні түсіріле, күшті айтылады. Бірақ солай бола тұрса да, олардың екпінділік дәрежесі бірдей емес, яғни Отан деп өлем, О сүйікті Отаным! деген бунақтар айрықша екпін беріліп айтылады. Өйткені ақынның айтайын деген негізгі ой-пікірі адамның отанына деген шексіз сүйіспеншілік сезімін білдіру, жырлау.

Қазақ тілінде екпін онша аңғарылмағанмен грамматикалық екпінді қойып оқуды үйрету керек. Сұлтанмахмұттың кекесінді өлеңіндегі:

*Калқам, жаным, қарағым!*

*Бетіңе келмес қарағым,* – дегенде «қарағым» сөзінің біріншісінде екпін үшінші буынға, екіншісінде екінші буынға түседі.

Сөйтіп, поэзиялық шығармаларды мәнерлеп оқуда интонациямен бірге кідіріс түрлеріне және екпінге де көңіл бөлген жөн.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Интонация дегеніміз не?
2. Дауыс кідірістері дегенде нені түсінесің?
3. Психологиялық кідіріске мысал келтір.

4. Грамматикалық кідіріс пен логикалық кідіріске мысал келтір.
5. Ырғақ дегеніміз не?
6. Белгілі бір ақындардың өлеңдерінен үзінділерді мәнерлеп оқу.

### **КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ЖАНРЫНА ҚАРАЙ ОҚУ**

Көркем шығармалардағы мәтінді үйрену алдымен дұрыс, келістіріп оқудан басталады. Көркем шығармаларды келістіріп оқу мәнерлеп оқудың негізін құрайды. Әдеби шығарманы оқып, оны ауызша баяндап беру шығарманың мазмұнын толық түсініп алуға мүмкіндік тудырады.

Әдеби шығармаларды оқудан алдын олардың жанрлық ерекшеліктеріне көңіл бөлген жөн. Жанр әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары. Жанр сөзі негізінде француз тілінен алынған болып, түр, тек деген мағынаны білдіреді. Көркем әдебиет негізгі үш түрге бөлінеді, яғни проза, поэзия, драматургия. Олар да өзара бірнеше түрлерге бөлінеді. Бұл ретте В.Г.Белинскийдің «Поэзияны тегіне, түріне қарап бөлу» деген еңбегінде әдебиетті алдымен эпостық поэзия, лирикалық поэзия, драма деп үшке бөледі. Бейнелеріне, өзіндік ерекшеліктеріне қарай жанр түрлері бір-бірінен ажыралып тұрады. Ал көркем әдебиетте бұлай бөліну әдеби жанр деп аталады. Әдеби жанрды белгілеп алғаннан кейін ол шығарманың қай жанрға жататындығын анықтап алуға болады. Себебі, шығарманың қайсы жанрға жататындығын анықтағаннан соң келістіріп немесе мәнерлеп оқуда оның өзіндік ерекшеліктерін ескере оқу мүмкіндігі туады.

Әдебиеттік шығарманы келістіріп оқуда оның эмоциялық жақтарын дұрыс бере біліп оқу маңызды орын алады. Бұл мақсатты толық орындау үшін көркем сөз мәтінін оқыған уақытта, ондағы автордың және кейіпкерлердің ой-сезімін білдіре оқу керек. Жазушының ой-сезімі өмірдегі шындық болмысты бағалауы оның эпитет, метафора, теңеу, метонимия сияқты көркем сөз құралдарын қалай қолданылуынан байқалады. Сонда келістіріп оқудың эмоциялық жақтары дегеніміз – автордың мәтінге айтпақ болған ой-пікіріне сай, сезімнің түрлі реңкін сазына келтіріп оқи білу. Шығарманың мазмұнына қарай мәтіннің бір жері – жәдігөйлік, жарамсақтық мінез-құлықпен, үшінші бір ызғарлы, ашулы дауыспен т.б. оқылады. қорқыныш, сүйсіну, таңданушылық сияқты сезімдер де дауыс реңкі арқылы беріледі.

І.Жансүгіровтің «Қазақстан», М.Өтемісұлының «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны», С.Торайғыровтың «Шәкірт ойы», «Бір адамға» атты өлең-жырларын оқығанда да, алға қойылатын негізгі мақсат сазына келтіріп оқу арқылы, осы шығармалардың идеялық-көркемдік қасиеттерін айқындау болады.

Әдеби шығарманы оқыған уақытта сөздің логикалық және эмоциялық жақтарын тиісті кідіріс, екпін, ырғақ арқылы берілумен қатар, оқу қарқыны, яғни сөзді не жылдам, не жай оқу арқылы да беріледі.

Поэзия кең мағынада сөз өнері дегенді білдіреді. Өлең жолымен жазылған шығармалар (поэма, өлең т.б.) поэзия деп аталады. Поэзияның объекті адам және оның әлеуметтік өмірі мен күресі болып табылады. В.Г.Белинский айтқандай: «Бүкіл әлем, барлық түс, рең, бояулар, табиғат және өмір көріністері поэзия құбылыстары бола алады». Демек, әрбір оқығаның өз поэзиясы бар. Сол нәрсені айтып өту қажет, яғни әрбір шығарманың, әрбір өлеңнің өз поэзиясы, өз эстетикасы бар. Мәнерлеп оқу үшін таңдалған шығармадан сұлулықты таныту қажет болады.

Қазақ поэзиясында Абайдан кейінгі дәуірде Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып, Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен, Ілияс поэзиясы сөз өнерін жаңа идеялық мазмұнымен де, көркемдік бояу-нақышымен де байыта түсті.

Өлең сөзді оқудың қара сөзге қарағанда өзіне тән ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер өлеңнің буын, бунақ, тармақ, ұйқас, шумақ, ырғақ сияқты құрылыс жақтарындағы өзгешеліктерімен байланысты.

Өлеңді келістіріп оқудың бір шарты – оның ырғағын, ұйқасын келістіріп оқу. Жоғарыда айтқанымыздай ырғақ өлең сөзбен қара сөздің сөйлемдерінде дауыс толқынының бірде бәсең, бірде көтеріңкі айтылуы ғой, олай болса, өлеңді оқыған уақытта оқушылар ондағы дауыс ырғағының түрлі әуенін толық меңгеріп, дұрыс сақтап оқуға тиіс. Ал, екінші шарты – оның тармағымен байланысты. Әдетте өлеңді оқығанда тармақтың соңынан тиісті кідіріс жасалады да, сол арқылы әрбір тармақтың өз алдына тұтас бір бүтін екендігі аңғарылып тұрады.

Мәселен: *Есепсіз тау суреті көз жетпейтін*

*Жырлауға қазынасы көп тіл жетпейтін.*

*Өрік, алма, алмұрт, жиде жемістерінен,*

*Бір татсаң, аузыңнан дәм кетпейтін. (Жамбыл)*

Алайда тармақ соңындағы кідіріс барлық өлеңдерде бірдей жасала бермейді. Ондай реттерде өлеңнің алдыңғы тармақтары сөзді тасымалдағанымыз сияқты кейінгі тармақтарға жалғасып оқылады. Мұндай тармақтардың соңынан ешқандай кідіріс жасалмайды.

Ал енді өлең оқудың үшінші шарты – шумақпен байланысты болады. Өлеңдегі әрбір шумақ тұлға жағынан да синтаксистік бір ойдың аяқталып біткенін көрсетеді. Демек, өлеңді оқыған уақытта әрбір шумақтың соңынан кідіріс жасалып отырады. Бұл тармақ соңынан жасалатын кідірістен сәл ұзақтау болады.

Өлең шумақтарының арасындағы кідірістердің ұзақтығы бірдей болмайтын реттер де кездеседі. Мәселен, өлең-жырдың, поэманың бір күрделі ойды білдіретін негізгі бөлімі аяқталып біткеннен кейін жасалатын кідіріс басқа шумақтардан соң жасалатын кідірістерге қарағанда ұзақтау болады. Мәселен: С.Торайғыровтың «Кедей» поэмасындағы бөлімдердің арасына, Б.Майлиннің «Көк сиыр» өлеңіндегі Айжан мен көк сиырдың сөздері арасында жасалатын кідірістер. Бұл жәйт диалогқа құрылған мысал, айтыс өлеңдерінде байқалады. Мұның айқын көрінісі Нұржан мен Сапарғалидың жұмбақ айтысынан анық көрінеді. Сапарғалидың жұмбақталған шумағы мен Нұржанның оны шешкен жұмбағының арасында жасалатын кідірістер осыған жатады.

Кейде шумақ пен шумақтың арасында кідіріс жасалмауы да мүмкін, бірақ бұл сирек кездеседі.

Ал, енді лириканы мәнерлеп оқу жүйесіне тоқталайық. Лирика – көркем әдебиеттің негізгі саласының бірі болып, басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикада ой мен сезім бірлесіп, терең қабысады. Ол тартымды қуат-күш дарытатын терең оймен суарылған. Лирикаға жан беретін сезімнің отты нәзіктігі. Лириканы басқа жанрлардан, айталық, сан алуан адамдардың қарым-қатынасын, қоғамдық тартыс-шиеленісті баяндайтын көлемді, оқиғалы шығармалардан айырмасы да, өзіндік артықшылығы да – міне осында. Лирика негізінен өлеңге тиісті. Лириканың табиғат лирикасы, саяси-әлеуметтік лирика, көңіл-күй лирикасы, махаббат лирикасы сияқты түрлері бар. Табиғат лирикасы – ақынның ішкі жан-дүниесі оның әр түрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, бейнелеп суреттеуі арқылы танылатын өлең-жыр болып табылады. Айнала қоршаған орта және оның түрлі жаратылыс сырлары адамның назарын өзіне аудармай қоймайды. Осындай жағдайда ақындар табиғатқа арнап лирикалық өлеңдер жазып отырған. Біреулер табиғаттың пейзаждық суреттерін жасаса, енді бір ақындар сол табиғат арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астастыра жырлаған. Табиғат лирикасын айтқанда, ұлы Абайды еске аламыз. Оның жылдың төрт мезгіліне арнап жазған өлеңдері осы уақытқа дейін оқушысын тамсандырып келеді. Абайдан соңғы ақындар да табиғат лирикасын көптеп жазды. Мәселен, Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров т.б. шығармашылығы бұған дәлел. Мысал ретінде Абайдың «Қыс» атты өлеңінен үзінді келтірейік.

*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,*

*Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.*

*Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,*

*Басқан жері сықырлап, келіп қалды.  
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,  
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.  
Ұшадай бөркін киген оқшырайтып,  
Аязбенен қызарып ажарланды.  
Бұлттай қасы жауып екі көзін,  
Басын сілкісе, қар жауып, мазаңды алды.  
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,  
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.*

Өз-өзінен белгілі ақын қыс мезгілінің нақ өзінен мысал келтірген.

С.Дөнентаевтың «Бозторғай» өлеңіндегі:

*Келді де сәлем берді төресіне,  
Аз-ақ тұр шықпай жаны денесінде.  
Шақты кеп тұрымтайдың мінездері:  
«Ей тақсыр, бейбағыңды көресің бе?»*

- деген шумақтағы соңғы тармақ, алдыңғы үш тармаққа қарағанда әрі бәсең, әрі жай оқылады.

Ал: қырғи сал торғай сөзі бітер-бітпес:

*«Сабыр қыл ! – деді, тоқта еш нәрсе етпес!  
Қазірде қол бос емес, жұмыс қатты,  
Аз күтсең жаның шықпас күнің өтпес...»*

деген шумақтағы соңғы үш тармақ көтеріңкі, ашулы, ызғарлы дауыспен оқылады.

Мұндағы мақсат – қырғидың әділетсіздігін, қаталдығын, менмендігін көрсету.

С.Торайғыровтың «Бір адамға» өлеңіндегі :

*Бұрынғы атамызға сыйға берген  
Біздерде мынадай бар, мынадай бар...*

деген байдың сөзі феодалдың дандайсу реңкіндегі дауыспен оқылады да, автордың жауап сөздері зілді мысқыл, кекесін реңкінде оқылады.

Ал, мысалдарды оқығанда, онда адамдардың мінезіне сай ерекшеліктер жануарлар мен өсімдіктерге байланыстырылып айтылады. Жазушы онда кекесін, мысқыл, әжуалауды пайдаланып адамға тиісті болған жақтарын күлкі ету мақсатында айтылады. Мәселен, А.Байтұрсыновтың «Аққу, шортан һәм шаян», С.Көбеевтің «Көзі тоймаған ит» т.б.

Прозалық шығармаларды мәнерлеп оқу үлкен шеберлікті талап етеді. Себебі, әдеби шығарманың көркемдік ерекшеліктері, ондағы ой-пікірлер жазушының дүниеге көзқарасын тануда мәнерлеп оқудың маңызы бар. Мұның үшін мұғалім мәтінді дұрыс таңдай білуі керек. Прозалық шығармалар дегенде әңгіме, ертегі, роман түсініледі. Прозалық шығарманы оқуда ертегілерден бастаған жөн. Ертегілер туралы мәлімет беру, оның түрлері мен композициялық құрылысына көңіл бөлу керектігін айтып өткен жөн. Ертегілердің бір-бірінен айырмашылығын да ескерген жөн. Мәселен, мынадай ертегілердің басталуына көңіл бүлейік:

«Күн астындағы Күнікей қыз» атты ертегі былай басталады: «Бұрынғы өткен заманда бір жесір кемпір болыпты. Бұл кемпірдің перзенті дегенде жалғыз баласы болыпты...» Ал, «қанатты қара қасқа» атты ертегіде, «Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде бір қарт болыпты», «Шаямардан патша» ертегіде: «Бұрынғы өткен заманда бір молда болыпты» т.б.

Ал, әңгімелерді мәнерлеп оқу үшін алдымен әңгіме жайлы мәлімет берілуі тиіс, соң оның оқиғалы болып келетін көлемі шағын шығармаға айтылатындығын ескереміз. Мәселен: Б.Майлиннің «Түйебай», М.Әуезовтің «Бүркітші», Т.Ахтановтың «Дәрігер Галя», Т.Әлімқұлұлының «Қараой», Қ. Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» т.б.

Әңгіме оқиғаны баяндап айтуға негізделген, қара сөзбен жазылған шағын көркем шығарма болып табылады. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалатындығын айтып өту қажет.

Прозалық шығармалардың ендігі бір түрі – повесть. Повесттерді мәнерлеп оқудан алдын повесть дегеніміз не деген сұрақ туындайды. Міне, осыны анықтап алайық. Повесть – оқиғаны баяндап айтуға негізделген, қара сөзбен жазылған көлемді шығарма, эпикалық жанрдың орташа түрі. Онда бірнеше кейіпкерлер бас кейіпкердің айналасында жиналады. Повесттерді мәнерлеп оқуда оның жанрлық ерекшелігіне көңіл бөлу керек. Себебі, повесттердің барлығын бір түрде оқуға болмайды. Мәселен, М.Әуезовтің «Қилы заман» т.б.

Ал, енді романдарды оқу мәселесіне келсек, романдарды мәнерлеп оқудың өзіндік ерекшелігі бар. Алғаш роман туралы түсінік берген жөн. Ендеше, роман деп – сюжеттік құрылымы күрделі, көп желілі, кең тынысты, кейіпкер бейнесін ол өмір сүрген уақыт, ол тірлік кешкен орта ауқымында, жан-жақты мүсіндейтін, басқа прозалық жанрларға қарағанда ұзақ уақытты, байтақ кеңістікті қамтитын көлемді эпикалық шығарманы айтамыз. Романның әңгіме мен повестен айырмашылығы, онда тұрмыстың үлкен мәселелері тілге алынады, көптеген кейіпкерлер қатысып отырады. Роман жанрындағы шығармаларды мәнерлеп оқудың өзіндік ерекшелігі де сонда. Себебі, әрбір кейіпкердің табиғатын, мәдениеттілігін және іс-әрекеті, адамдармен өзара қарым-қатынасы, жалпы қоғам өміріндегі орнын түсінбей тұрып оны мәнерлеп оқуға болмайды. Мәселен, С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» атты романынан үзінді келтірейік.

*Әдетте, күрестен бұрын бәйгінің аты кетеді.*

*Аттар жөнелгеннен кейін бас балуан шығару жолы тиген қытшақ «Түйе балуанын» шешіндіреді. Түйе балуан күресерде қойдың жүнінен жуан гып тоқыған, балғғы тізесінен жоғары шалбар киіп, ышқырына қайыс белбеу өткізіп, белін тас қып буады екен, үстіне басқа киім ілмей, тырдай жалаңаш шешінеді екен. Күрескен балуанмен бел ұстасқанша гана ығына түйе жүн шекпенін жамылып отырып, күресерде оны сыпырып тастайды екен.*

*Сол әдетін істеп, түйе балуан қара жолдың жиегіне кеп отырады. Оған Керей, Уақтың көзі түсіп еді – «Түйе балуанға» еріп келген адамдар бүркіп қасындағы торғай сияқтанды...*

*Ал, драма жанры қалай оқылады?*

Драма поэзия жанрына өте жақын жанр. Ал, драма дегенде көркем әдебиеттің негізгі бір түрі, яғни тек қана кейіпкерлердің сөйлеуіне, қимыл әрекетіне негізделген көркем шығармалар – пьесаларға айтылады. Драманы мәнерлеп оқудан алдын ондағы кейіпкерлердің өзара диалог, монолог түрінде сөйлеуін ескерген де мақсатқа сай болады. Драмалық шығарма түгелдей дерлік диалогқа сөйлестіруге және жеке кейіпкерді сөйлетуге, монологқа құрылады. Мәнерлеп оқуда драма термині көбінесе жанр ерекшелігі және мазмұнды білдіреді, сол үшін де сахналық көрініске ие болған бұл жанрда терең ой, пікір, кескін іштей күрестерге негізделген жанр драма болып табылады. Негізінде драма грек тілінен алынған болып, сахнаға арналған, оқиғаны оған қатысушы кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл-күйін көрсету арқылы баяндайтын әдеби шығармалар дегенді білдіреді. Бұл туралы Белинскийдің - «Драмалық шығарма сахнада толық өмірді қамти алады» деген пікірін ескерген жөн. Драмалық шығарманы екі түрде оқуға болады: пьесаны бір адамның оқуы, яғни оқытушы оқиды және пьесаны рөлге бөліп студенттер оқиды. Осылай екі түрлі оқуда да мақсат драмалық жанр ерекшелігін тыңдаушыларға жеткізу болса да, жеке адамның оқуы мен рөлге бөліп оқудың арасында айырмашылық бар.

Драмалық шығарманы бір адам оқыған кезде орындаушы бейнеге толық ене алмай, тек қана ол туралы түсінік немесе сол бейне жайында әңгімелеп береді.

Драмалық шығарманы оқуда орындаушы кейіпкердің іс-әрекеті, қимылы және сөйлеу интонациясына қарай өз сөзін құбылтып отырады.

Драмалық шығармаға анализ жасайтын болсақ, эпикалық жанрға ұқсас келеді, бірақ өзіндік ерекшелігі де бар. Драмалық шығармадағы көрініс үздіксіз дамып отыруы тиіс. Драманың идеялық мазмұны көрініс барысында анықталып отырады. Драмалық жанрдың комедия және трагедия атты екі түрі бар. Комедия – грек тілінен алынған болып, көңілді топ, өлең деген мағынаны білдіреді. Комедия өмірдегі келеңсіз, жағымсыз құбылыстарды, адам бойындағы міндерді, қасиетсіздікті оспадарлықты күлкілі етіп бейнелейтін сахналық шығарма. Мәселен, Б.Майлиннің «Талтаңбайдың тәртібі», М.Әуезовтің «Айман-Шолпан», Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» атты комедияларын атауға болады. Ал, трагедияда өмірдегі шиеленіскен күрес-тартысты, бір-біріне қарама-қайшы күштердің ешбір ымыраға келмейтін, белдескен күресін, қақтығыс-таласын суреттейді. Мәселен, М.Әуезовтің «Қаракөз», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері - Ақтоқты» трагедияларын атауға болады.

Пьесаны рөлге бөліп оқығанда орындаушылар тобы алдын ала жаттығу жасай алуы тиіс. Сонымен бірге драмалық жанрға енетін шығармалар өзінің лирикалық, сатирикалық, күлгілі, саяси және драмалық сияқты бірнеше көріністерімен басқа әдеби түрлерден ажыралып тұрады. Мұны да ескерген жөн.

Мәселен: Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» атты драмасынан үзінді алайық.

*Мүсірепов.* қайрат – қыран, қайғы – жылан. қайғыра бермей қайрат қылайық (Аспанға қарайды). Иә, қайрат қылайық.

*Балым.* Аспаннан не іздейсің, қайным? Аспанға қанша тесіліп қарасаң да періштелер көрінбейді. құдай да, өкімет те бізді ұмытқан.

*Мүсірепов.* Біздің елді қырақадан қырсық шалғаны рас. Бірақ қиялдан қысыр, арманнан ада болмайық. Үміт үзілмесін. Жол кҚрсетіңіз. Босқындарды қуып жетейік.

*Балым (екі ойлы).* Бетінен тозақ оты лапылдаған мына даладан кімді іздеп табар екенбіз?..

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Келістіріп оқудың эмоциялық жақтары дегенде нені түсінесіңдер?
2. Поэзиялық шығармалар қалай оқылады?
3. Прозалық шығармалар қалай оқылады?
4. Драмалық шығармалар қалай оқылады?
5. Өлең, пьеса, әңгімелерден үзінділерді мәнерлеп оқу.

## **ПОЭЗИЯЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРДЫ ОҚУ**

### **Ереуіл атқа ер салмай**

Ереуіл атқа ер салмай,	Ашаршылық, шөл көрмей,
Егеулі найза қолға алмай,	Өзегі толып ет жемей,
Еңку-еңку жер шалмай,	Ер төсектен безінбей,
қоңыр салқын төске алмай,	Ұлы түске ұрынбай,
Тебінгі терге шірімей,	Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Терлігі майдай ерімей,	Тебінгі теріс тағынбай,
Алты малта ас болмай,	Темір қазық жастанбай,
Өзіңнен туған жас бала,	қу толағай бастанбай?
Сақалы шығып жат болмай,	Ерлердің ісі бітер ме?
Ат үстінде күн көрмей,	

### **Қызғыш құс**

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс, Аспандап ұшқан қызғыш құс  
Қанатың қатты, мойның бос. Сені көлден айырған-  
Исатайдан айрылып, Лашын құстың тепкіні.  
Жалғыздықпен болдым дос. Мені елден айырған-  
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс, Хан Жәңгірдің екпіні.  
Ел қорыған мен едім, Айтып-айтпай немене?  
Мен де айрылдым елімнен, Құсалықпен өтті ғой

Көл қорыған сен едің, Махамбеттің көп күні !!!  
Сен де айрылдың көліңнен.

### **Мен, мен едім, мен едім**

Мен, мен едім, мен едім,  
Мен Нарында жүргенде  
Еңіреп жүрген ер едім.  
Исатайдың барында  
Екі тарлан бөрі едім.  
Ерегіскен дұшпанға  
Қызыл сырлы жебе едім.  
Жақсыларға еп едім,  
Жамандарға көп едім.  
Ерегіскен дұшпанның,  
Екі талай болғанда,  
Азыққа етін жеп едім.  
Хан баласы ақ сүйек,  
Ежелден табан аңдысқан  
Ата дұшпан сен едің,  
Ата жауың мен едім.  
Ежелгі дұшпан ел болмас,  
Етектен кесіп жең болмас.  
Хан баласы ақ сүйек,  
Бәйеке, сұлтан сен болып,  
Сендей нарқоспақтың баласы,  
Маған оңаша жерде жолықсаң,  
қайраңнан алған шабақтай  
қия бір соғып ас етсем,  
Тамағыма қылқаның кетер демес ем.

### **Мінгені Исатайдың ақтабаны-ай!**

Мінген Исатайдың ақтабаны-ай!  
Сүт беріп, сұлы беріп баптағаны-ай.  
Зеңбірек үш атқанда дарымады,  
Құдайдың міне қара сақтағаны-ай.  
Мінген Исатайдың көгілдір –ай,

Әскерін барша құмға төгілдірді-ай.  
Мыңды алған, бірді беріп Ақтабанды,  
Жыландай белге соққан бүгілдірді-ай.  
Баласы Исатайдың Жақия-ды,  
Жақия жауды көрсе ақияды.  
Түлейді түнде жортқан жолбарыстай,  
Алдырдым қабыланымды қапияда-ай!

*Махамбет Өтемісұлы*

### **Өзен**

Таулардан өзен ағар сарқыраған,  
Айнадай сәуле беріп жарқыраған,  
Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта,  
Аралап тау мен тасты арқыраған.  
Көңілін суын ішсең ашылады.  
Денеңде бар дертінді қашырады.  
Өксіген оттай жанып жануарлар  
Өзеннен рақат тауып басылады.  
Қынарда тілсіз тұрған тоғайлары  
Шуылдап желмен бірге бас ұрады..  
Он мың мал айдап өтсең, лай қалмайды,  
Тасыса су бармаған сай қалмайды.  
Тасыған өзен судың қуатымен  
Көк шалғын шөп бітпеген жай қалмайды.  
Ед қыстап күн көреді жанабында  
Дәм болар алуан-алуан балығында..  
Тас-таста, алтын таста сынамаққа,  
Сонда да аққан өзен қалыбында...

### **Өнер-білім бар жұрттар**

Өнер-білім бар жұрттар  
Тастан сарай салғызды.  
Айшылық алыс жерлерден  
Көзіңді ашып-жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды.  
Аты жоқ құр арбаны  
Мың шақырым жерлерге  
Күн жарымда барғызды.  
Адамды құстай ұшырды.  
Мал істейтін жұмысты  
От пен суға түсірді.  
Отынсыз тамақ пісірді  
Сусыздан сусын ішірді.

Теңізде жүзді балықтай  
Дүниені кезді жалықпай.  
Білгендерге осылар –  
Бәрі-дағы анықтай.  
Білмегенге танықтай.  
Біз де бекер жатпалық  
Осыларға таныспай,  
Ат өнері білінбес  
Бәйгеге түсіп жарыспай.  
Желкілдеп шыққан көк шөптей  
Жаңа өспірім достарым,  
қатарың кетті-ау алысқа-ай.  
Ұмтылыңыз қалыспай!  
Біз надан боп өсірдік  
Иектегі сақалды.  
«Өнер – жігіт көркі» деп  
Ескермедік мақалды...  
Біз болмасақ, сіз барсыз,  
Үміт еткен достарым,  
Сіздерге бердім батамды!

### **Ананың балаларын сүйі**

Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,  
Қуанышына қуанып, қайғыңа күйетұғын.  
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,  
Шешең байғұс дамылсыз жүретұғын.

Кім сендерді, балалар, тербететін,  
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?  
Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,  
Қамқор анаң көз жасын көлдететін.

Кім сендерді сағынар шетке кетсең,  
Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең.  
Бетін жуған жасымен сорлы анаңа  
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін.

Кім сағынар сендерді келгеніңше,  
Құлындарын көзімен көргеніңше.  
Сендер қайтып келсеңдер адам болып  
Еш арманым болмас еді өлгенімше.

*Бібырай Алтынсарин*

**Жасымда ғылым бар деп ескермедім**

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
 Пайдасын көре тұра тексермедім.  
 Ержеткен соң түспеді уысыма,  
 Қолымды мерзімінен кеш сермедім.  
 Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,  
 Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?  
 Адамның бір қызығы – бала деген,  
 Баланы оқытуды жек көрмедім.  
 Баламды медресеге біл деп бердім,  
 Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.  
 Өзім де басқа шауып, төске өрледім,  
 Қазаққа қара сөзге дес бермедім.  
 Еңбегінді білерлік еш адам жоқ,  
 Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім.

### Ғылым таппай мақтанба

Ғылым таппай мақтанба,	Жамандық көрсең нәфрәтлі
Орын таппай баптанба,	Суытып көңіл тыйсаңыз.
құмарланып шаттанба,	Жақсылық көрсең ғибратлі,
Ойнап босқа күлуге.	Оны ойға жисаңыз.
Бес нәрседен қашық бол,	Ғылым болмай немене,
Бес нәрсеге асық бол,	Балалықты қисаңыз?
Адам болам десеңіз.	Болмасаң да ұқсап бақ,
Тілеуің, өмірің алдыңда	Бір ғалымды көрсеңіз.
Оған қайғы жесеңіз.	Ондай болмақ қайда деп,
Өсек, өтірік, мақтаншақ,	Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Еріншек, бекер мал шашпақ –	Сізге ғылым кім берер?
Бес дұшпаның, білсеңіз.	Жанбай жатып сөнсеңіз?
Талап, еңбек, терең ой,	Дүние де – өзі, мал да – өзі,
қанағат, рақым ойлап қой –	Ғылымға көңіл бөлсеңіз.
Бес асыл іс көнсеңіз.	Білгендердің сөзіне, Махаббатпен ерсеңіз...

### Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін  
 Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
 Көкірегі сезімді, тілі орамды,  
 Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.  
 Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,  
 Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.

Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,  
 Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.

Шу дегенде құлағың тосаңсиды,  
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.  
Таң қаламын, алдыңғы айтқанды ұқпай,  
Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.

Сөз айттым “Әзірет Әлі”, “айдаһарсыз”,  
Мұнда жоқ “алтын иек, сары-ала қыз”.  
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,  
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.  
Әсіре қызыл емес деп жиренбеңіз,  
Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз.

Батырдан барымташы туар даңғой,  
Қызыл да, қызықшыл да әуре жан ғой.  
Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,  
Елірмелі маскүнем байқалған ғой.  
Бес-алты мисыз бәңгі күлсе мәз боп,  
қинамай қызыл тілді кел, тілді ал, қой!

Өлеңі бар өнерлі інім, сізге  
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.  
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,  
Есіл өнер қор болып кетер түзге.  
Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез,  
Қанша қызық болады өзіңізге?

### Қ ы с

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.  
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,  
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.  
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,  
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.  
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,  
Аязбенен қызарып ажарланды.  
Бұлттай қасы жауып екі көзін,  
Басын сілкісе, қар жауып, мазанды алды.  
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,  
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.  
Әуес көріп жүгірген жас балалар,  
Бет-қолы домбығып, үсік шалды.  
Шидем мен тон қабаттап киген малшы  
Бет қарауға шыдамай теріс айналды.  
Қар тепкенге қажымас қайран жылқы  
Титығы құруына аз-ақ қалды.

Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр.  
Малшыларым, қор қылма итке малды.  
Соныға малды жайып, күзетіндер,  
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!  
Ит жегенше қондыбай, қанай жесін,  
Құр жібер мына антұрған кәрі шалды.

### **Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат**

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,  
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.  
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік  
Ер табылса жарайды, қылса сұхбат.

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,  
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.  
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,  
Абайлар әрбір сөзді өз халынша.

Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сйсе,  
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.  
Қырмызы қызыл жібек бозбалалар,  
Оңғақ пұлдай былғайды, бір дым тисе.

Керек іс бозбалаға талаптылық,  
Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық.  
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,  
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,  
Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз!  
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,  
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,  
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.  
Біріңді бірің ғиззәт, құрмет етіс,  
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,  
Оның қадірін жетесіз адам білмес.  
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,  
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күмес.

Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,

Салынсаң, салдуарлық қадір қоймас.  
Ер жігіт таңдап тауып, еппен жүрсін,  
Төбетке өлекшенің бәр бір бас.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
Лапылдақ көрсеқызар нәпсіге ерме!  
Әйел жақсы болмайды көркіменен,  
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!

Көп жүрмес жеңіске қойлық, әл-ақ тозар,  
Жаңғырар, жеңіске құмар, жатқа қозар.  
Күнде көрген бір беттен көңіл қайтар,  
Қылт еткізбес қылықты тамыршы озар.

Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,  
Бүлк еткізбес қалайша соқса тамыр.  
Жар көңіліне бір жанын пида қылып,  
Білместігің бар болса, қылар сабыр.

Шу дегенде көрінер сұлу артық,  
Көбі көпшіл келеді ондай қаншық.  
Бетім барда бетіме кім шыдар деп,  
Кім паңдау келеді, кім тантық.

Ақыл керек, ес керек, мінез керек,  
Ер ұялар іс қылмас қатын зерек.  
Салақ, олақ, айнасшы, керім-кербез,  
Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек.

Қатыны сені сүйсе, сен де оны сүй,  
Қоржаң суық келеді кей сасық ми.  
Ері ақылды, қатыны мінезді боп,  
Тату болса, риаз үстіндегі үй.

Жоқ болса қатыныңның жат өсегі,  
Болмаса мінезінің еш кесегі.  
Майысқан, бейне гүлдей толықсынған,  
Кем емес алтын тақтан жар төсегі.

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,  
Кедей қызы арзан деп құмарланба.  
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар  
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.

Үйіңе тату құрбың келсе кіріп,

Сызданбасын қабақпен имендіріп.  
Ер сүйген кісіні о да сүйіп,  
Қызмет қылсын көңіл таза жүріп.

Құрбыңның тәуір болсын өз мінезі,  
Абыройлы қалжыңмен келсін сөзі.  
Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда,  
Қатынында болмасын оның көзі.

Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,  
Тілеу, жақындығы – бәрі сату.  
Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,  
Қажымас, қайта айнымас қайран тату!

Пайда деп, мал деп туар ендігі жас,  
Еңбекпен терін сатып түзден жимас.  
Меліш сауда сықылды күлкі сатып,  
Алса қоймас, араны тағы тоймас.

Асық ұтыс сықылды алыс-беріс –  
Тірі жанның қылғаны бүгін тегіс.  
Бір көйтке таласып, бір арам қып,  
Төбелескен, дауласқан жанжал-керіс.

Жас бала әуелі тату бола қалар,  
Ата-анадан жақын боп, ертіп алар.  
Бірін бірі құшақтап шуылдасып,  
Ойын тарқар кезінде ұрыс салар.

Біреуі жылап барса үйге таман,  
Ата-анасы бұрқылдар онан жаман.  
Татулығы құрысын ойыны мен,  
Дәл соларға ұқсайды мына заман.

Жаман тату қазады өзіне ор,  
Оған сенсең, бір күн боларсың қор.  
Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,  
Өз зордың болады ығы да зор.

Қазақтың қайсысының бар санасы?  
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.  
Пысықтықтың белгісі – арыз беру,  
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы.

## Поэма

## Ескендір

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?  
Македония шаһары – оған мекен.  
Филипп патша баласы, ер көңілді,  
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.

Филипп өлді, Ескендір патша болды,  
Жасы әрең жиырма бірге толды.  
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге  
Көз алартып қарады оңды-солды.  
Сұмдықпен ғаскер жиып қаруланды,  
Жақын жерге жау болды, тұра аттанды.  
Көп елді күтінбеген қырды, жойды,  
Ханды өлтіріп, қаласын тартып алды.

Жазасыз жақын жердің бәрін шапты,  
Дарияның суындай қандар ақты.  
Шапқан елдің бәрін де бодам қылып,  
Өкіметін қолына тартып апты.

Ескендір елде алмаған хан қоймады,  
Алған сайын көңілі бір тоймады.  
Араны барған сайын қатты ашылып,  
Жердің жүзін алуға ой ойлады.

Қан ішер қаһарлы хан ашуы көп,  
Атағынан қорқады жұрт қайғы жеп.  
Сол күнде қошеметші айтады екен,  
Ханның ханы, патшаның патшасы деп.

Атағы талай жерге оның жетті,  
Жердің жүзін алуға талап етті.  
Есепсіз әскер ертіп, жарақтанып,  
Есіткен елдеріне жүріп кетті.

Алдынан шыға алмады ешкім мұның,  
Бәрін де алды, қорқытты жолдағының.  
Жан шықпады алдынан, тоқтауы жоқ,  
Жер жүзін жеке билеп алмақшының.

Жүре-жүре бір елсіз шөлге түсті,  
Алып жүрген суының бәрін ішті.  
Адам, хайуан бәрі де бірдей шөлдеп,  
Басына құдай салды қиын істі.

Сандалды сар далада су таба алмай,  
Шөлдеген жұрт қайтеді бос қамалмай?  
Қызметкердің бәрін де өлтірмекші  
Болыпты, шөлдегенге шыдай алмай.

Мысалы, астындағы ат о дағы ұшты,  
Ескендір де атының жалын құшты.  
Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге  
Патшаның ат үстінде көзі түсті.

Барса, бір сылдыр аққан мөлдір бұлақ,  
Таспадай бейне арықтан шыққан құлап.  
Түсе сала Ескендір басты қойды,  
Ішсе, суы өзгеше, тәтті тым-ақ.

Кепкен балық келтіртті сонда тұрып,  
Сол суға балықты алды бір жудырып.  
Иіс, дәм өзгеше болып кетті,  
Таң қалды, мұның бәрін суға жорып.

Ескендір қолына айтты: “Бұл неткен су?  
Бәрін де ішіп, бұл суға бетіңді жу!  
Бір бай елден осы су шыққан шығар,  
Өрлеп барып үстіне тігелік ту.

Бұл салқын тәтті суға қаныңыздар,  
Шақ келер маған жан жоқ, наныңыздар.  
Менен қалмай, бұл суды шапшаң өрлеп,  
Талқан қылып шаһарын алыңыздар!”

Жарлық шашты, қол жүрді суды өрлей,  
Шаһарына жеткенше дамыл көрмей.  
Көкпеңбек темір киген өңкей батыр  
Тарттырып жөнеледі сырнай-керней.

Сол әскер суды өрлеп талай жүрді,  
Судың басы бір құзар шатқа кірді.  
Шаттың аузын бекіткен алтын қорған,  
Қақпасы бекітулі, көзі көрді.

Қақпаны ашайын деп хан ұмтылды,  
Тұтқасын олай-бұлай қатты жұлды.  
Аша алмады қақпаны, үміт үзді,  
Ақылдасып тәуір-ақ амал қылды.

Ескендір тоқтау көрмей өскен жан ғой,  
Келмей ме тоқтаусыздың бәрі даңғой?  
Дел-сал болып бәрі де қайта шықты,  
Алысып әлі келмесін байқаған ғой.

Долдықпен хан Ескендір ашуланды,  
Ашуланып қақпаға жетіп барды.  
Қақпаны дүбірлетіп қағып – қағып:  
-Қақпанды аш! – деп барынша айғай салды.

Қақпаның ар жағынан біреу келді,  
Күзетшісі сол екен – дыбыс берді.  
Қақпаны саған ашар рұқсат жоқ,  
Бұл – құдайға бастайтын қақпа, - деді.

-Білмесең, мен Ескендір патша деген,  
Жер жүзінің соғыста бәрін жеңген.  
Қақпанды аш, хабарыңды айт, білдір маған,  
Қорлығым өзім туып, көз көрмеген.

- Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,  
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!  
Іші тар, көре алмастың біреуі сен,  
Ондай кісі бұл жерге келмейді тең.

Талпынған талаппенен мен де бір ер,  
Көп жүрдім, кездей келді көрмеген жер.  
Ең болмаса, халқыма көрсетейін,  
Сый қылып, белгі болар бір нәрсе бер.

Қақпадан лақтырды бір орамал,  
Сыйым – осы, падиша, мынаны ал!  
Ішінде бір нәрсе бар ақыл берер,  
Апар дағы ойланып, көзіңді сал!

Орамалды қуанып қолына алды,  
Сый алдым деп халқына қайта салды.  
Қараса, ішіндегі бір қу сүйек,  
Бұл не еткен мазағы деп аң-таң қалды.

Ашуланып сыйына болды кекті,  
- Ең болмаса білмеді сый бермекті.  
Осы менің теңім бе? – деп ақырып,  
Лақтырып жіберді сол сүйекті.

Жолдасы Аристотель ақылы мол,  
Лақтырған сүйекті алады сол.  
Ханға айтты: “қасиет бар бұл сүйекте,  
Көзіңе көрсетейін, хабардар бол”.

Сол күнде Аристотель жеке дара,  
Ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара:  
- Таразыны әпкел де, сүйекті сал,  
Бір жағына алтын сап, өлшеп қара!  
Бұл сөзге Ескендір де қарай қалды,  
Таразыны құрдырып, ортаға алды.  
Қанша алтынды күміспен салса-дағы,  
Бір кішкентай сүйекті аудармады.

Мұны көріп Ескендір аң-таң қалды,  
Бар қарауын алтынға қоса салды.  
Енді қайтер екен деп қарап еді,  
Бұрынғыдан қу сүйек ауырланды.

Аристотель хакімге патша келді:  
- Мына сүйек қазынаның бәрін жеңді.  
Бұл сүйекті басарлық, нәрсе бар ма?  
Ақылыңмен ойланып тапшы! – деді.

Хакім жерден топырақ алып барды,  
Бір уыстап сүйекке шаша салды.  
Ана басы сылқ етіп жерге түсіп,  
Сүйек басы жоғары шығып қалды.

Ескендір мұны көріп аз тұрады,  
Хакімді аулақ жерге шақырады.  
-Таң қаларлық іс болды мұның өзі,  
Мәнісін айтып берші, - деп сұрады.

-Бұл – адам көз сүйегі, - деді ханға.  
Тоя ма адам көзі мың мен санға?  
Жемті көз жер жүзіне тоймаса да,  
Өлсе тояр, көзіне құм құйғанда.

Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,  
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?  
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні  
Өзге көзбен бірдей- ақ болады екен.

Ашуланба, ей, патшам, айтайын дат.

Алтын қақпа бермеді сізге рұқсат.  
Сый сұрадың, бергені – бір қу сүйек,  
Мұны көріп, алыңыз сіз де ғибрат!

Ойлап-ойлап патшаның мойны түсті,  
Құдайым көрсетті деп бұл бір істі.  
Бекерлік екен менің бұл ісім деп,  
қолын алып жұртына қайта көшті.

Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме,  
Мұны бір өзге сөздің бір деме.  
Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін,  
Тоймас көзің толар деп қайғы жеме.

Қу өмір жолдас болмас, әл-ақ өтер,  
Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер!  
Ұятың мен арыңды малға сатып,  
Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер.

Мақтанасың біреуге мақтасын деп,  
Шаужайымнан еш адам қақпасын деп.  
Сен кеткен соң артыңнан күліп қалар,  
Антұрғаннан құдайым сақтасын деп.

Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,  
Бойыңа өлшеп сөйлесең, нең құрайды?  
Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,  
Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды?!

### **Бір адамға**

Бір үйде жиюлы екен қазына мал,  
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:  
«Бұрынғы атамызға сыйға берген,  
Біздерде мынадай бар, мынадай бар!...»

Ол рас, аталарың шенге алыпты,  
Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты.  
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,  
Оқа, түйме, сылдырмақ, тенге алыпты!

Суреттер және көрдім жүзі жарқын,  
Ойладым: «Оңдырған-ау баққан халқым!»  
Соншама құны толық болды түйме,  
Артында қалдырмас па жақсы даңқын?!

Дедім мен: «құтты болсын шекпеніңіз,  
Артқыға қандай егін еккеніңіз?  
Жусақ та денемізден кетер емес  
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз».

Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,  
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп:  
«Қай момынның малы бар бұл аяқта?»  
Демейінше болмады, қарап жай-ақ!

Отырдым, көрсем жекіп тастар ма деп,  
Шал айтты: «Көріңіздер, жасқанба!» - деп,  
Кесені қолыма алып қарай бердім,  
«Ішінде нақақ көзден жас бар ма?» - деп.

### **Шәкірт ойы**

Қараңғы қазақ көгіне	Надандық теңізі тартылар.
Өрмелеп шығып, күн болам!	Орны отайып, көгерер,
Қараңғылықтың көгіне,	Қызығын жайлап ел көрер.
Күн болмағанда, кім болам?	Тұрмыс, тағдыр – бірі де,
Мұздаған елдің жүрегін	Бұл мақсаттан бұра алмас,
Жылытуға мен кірермін!	Қаһарман Рүстем, Әли де,
Еңбек, бейнет тарауы,	Бұрам деп жолда тұра алмас.
Рақатқа сарқылар.	Сыланған жардың - күлісі,
Қыздырып күннің қарауы,	Алдандырмас бір ісі.

*Сұлтанмахмұт Торайғыров*

### **Мен кім?**

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?  
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?  
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,  
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?

Көкте – күнмін, көпке нұрым шашамын,  
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын,  
Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк,  
Ерігемін – толқып, шалқып, тасамын.

Жалынмын мен, келме жақын, - жанарсың,  
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.  
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,  
Көз қырымен күліп қана қарармын...

### **Мен жастарға сенемін**

Арыстандай айбатты, Жұмсақ мінез жібектер,

Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты,  
Мен жастарға сенемін !  
Көздерінде от ойнар,  
Сөздерінде жалын бар,  
Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін !  
Жас қырандар – балапан,  
Жайып қанат ұмтылған.  
Көздегені көк аспан,  
Мен жастарға сенемін !

Сүттей таза жүректер,  
Қасиетті тілектер –  
Мен жастарға сенемін !  
Тау суындай гүрілдер,  
Айбынды алаш елім дер,  
Алтын Арқа жерім дер,  
Мен жастарға сенемін !  
Қажу бар ма тұлпарға,  
Талу бар ма сұңқарға,  
Иман күшті оларда,  
Мен жастарға сенемін !..

### Өнер-білім қайтсе табылар

Ер жігіт өнер табар ерте тұрса,  
Ерініп. шаршамаса, белін буса.  
Ыртың-жыртың, жоқ-барға көңіл бермей,  
Періште боп анадан қайта туса  
«Жақын, туған, бауыр» - деп, айналмаса,  
Қатын-сатын дегенге байланбаса.  
Тынықбай, дамыл алмай, ертелі кеш  
Ізденсе, кідірмесе, жайланбаса.  
Дүниенің қайғысына зарланбаса,  
Көз қысып, күлгеніне алданбаса,  
Қақ жарар қара қылды тура бөліп,  
Айтылған сөз жайынан жалғанбаса.  
Өсектен ат-тонымен алыс қашса,  
Естісе, ұялғаннан бетін басса,  
Жамандық – атты өшкірге жақын жүрмей,  
Аяғын күндік жерден байқап басса.  
Өзінен басқа жанды кем көрмесе,  
Құтырып, шағыстырып жел бермесе,  
Табылмас аузына су тамызу үшін,  
Өзінің тар етігін кең көрмесе  
Көзі ашық адамдарға жақын жүрсе,  
Олардың әрбір сөзін үлгі көрсе,  
Естіген сөз, көргенді бос тастамай,  
Құлақ тігіп, көз салып. жиып-терсе.  
Көңіл көзі ашық жанды дос деп білсе,  
Мылқау, меңіреу адамды қас деп білсе,  
Бейнеттің мұнарланған шөл даласын  
Жұмақта қорлар тіккен қос деп білсе.  
Наданды қатқан жансыз тас деп білсе,  
«Өнер-білім – қарны ашқа ас» - деп білсе,

«Дүниенің теңізінде адасқанға  
Тура жол көрсетейін, бас» - деп білсе,  
Осы оймен тура жүрсе, бұлтармаса,  
Басқаға мойын бұрып көз салмаса  
Өнер-білім жер астында болса-дағы,  
Іздесе оны талпынып, бос қалмаса.

*Мағжан Жұмабаев*

### **Өзім туралы**

Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,  
Жүрегім, жалын атқан сөз дайында.  
Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді  
Тербетіп, тулатып бір қозғайын да...

Аманжол – Рақымжанның қасымымын,  
Мен қалған бір атаның ғасырымын.  
Біреуге жұртта қалған жасығымын,  
Біреуге аспандағы асылымын.

Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,  
Көрінер көлеңкесі келбетімде.  
Қай жерде үзіледі қайран сапар,  
Түйін боп өмірімнің бір шетінде.

Сол жерге қалармын ба мәңгі тоқтап,  
Жоғалып жер бетінен сүрлеу – соқпақ,  
Немесе бастармын ба екінші бір,  
Жалынды жыр жолында қызыл шоқ қап.

Дүние, жалт-жұлт еткен мекенім,  
Көре алмай көп жеріңді мен кетемін.  
Арпалыс ала құйын заман алар,  
Арбасып тұрып алды, мен не етемін.

Өмір жоқ түскен жерде бір арнаға,  
Көп күттім, көп тіледім құмарлана.  
Қайтейін, жетер емес қысқа өмірім,  
Алыстан көрінгенмен мұнарлана.

Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ,  
Қараймын елесіңе мен таңырқап.  
Жанғыртып жер сарайын сен келгенде,  
Көрпенді мен жатармын қырда қымтап.

Жүзінде кәрі жердің әжімі көп,  
Ізімді табарсыңдар эзер іздеп,  
Оқырсың сонда мүмкін бұл жырымды,  
«Досың да, туысың да біздерміз»,- деп.

Ризамын туғанымға адам болып,  
Өкінбен қаламын деп бір күн солып.  
Адамзат Сапарының мейманымыз,  
Бір мезет жер бетіне кетер соғып.

Екі көз – екі жұлдыз маңдайдағы,  
Көруші ең құбылысты қай-қайдағы.  
Япырмай, сен де бір күн сөнермісің  
Қап-қара түнек болып маңайдағы.  
Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,  
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.  
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,  
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп...  
*Қасым Аманжолов*

### **Отан туралы**

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,  
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,  
Мен оның қасиетті төлін сүйем,  
Мен оның күдіретті үнін сүйем.

Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,  
Бәрі маған Отан ! деп сыбырлаған  
Жаным менің,  
Кеудемді жарып шықты,  
Бозторғайы бол оның шырылдаған!

Отан!  
Отан!  
Бәрінен биік екен.  
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

*Мұқағали Мақатаев*

### **Туған жер**

Уа, туған жер, топырағыңнан жаралдым,  
Алабыңнан арманыма нәр алдым.  
Тұнығыңнан жүзіп іштім сендегі  
Алтын арай таңғы жұпар самалдың.

Сәл ұмытсам, қарға мені, кешірме,  
Қайда жүрсем өзің тұрдың есімде.  
Өзің тұрдың қарды окоптан сығалап,  
Сонау қатаң қаһарлы жыл кешінде.

Мен қатерге қарсы бардым сен үшін,  
Көкірегімнен қан төгілді жер үшін.  
Саған жетер қасиет бар ма жиһанда,  
Сен ұлысың, адам сенің жемісің.

Сенен артық қасиет жоқ-ты, жер, тегі,  
Сен ұрпақтың күліп атар ертеңі.

Тағдырыңды тапсыр маған, туған жер,  
Көркейтуге міндеттімін мен сені.

*Әбу Сәрсенбаев*

### **Домбыра**

Екі шектің бірін қатты, бірін сәл-сәл кем бұра.  
Қазақ – нағыз қазақ емес,  
Нағыз қазақ – Домбыра!

Білгің келсе біздің жайды, содан сұра тек қана:  
Одан асқан жоқ шежіре, одан асқан жоқ дана.

Ақиқатты айтқандардың бәрі осылай сорласын  
Деп бір хаһан шанағына құйған оның қорғасын.

Жалған сөйлеп көрген емес бірақ соның өзінде:  
Аппақ жалын күйдің жанын жалап жатқан кезінде.

Бір шегінде биіктік бар, бір шегінде тереңдік,  
Ол мақауды сөйлетеді, жылатады кереңді.

Көкірекке толған кезде бар қуаныш, бар бақыт,  
Сандуғаш боп, бұлбұл болып сайрайды ол әр уақыт.

Көкірекке толған кезде бар қасірет, бар қайғы,  
Бозінген боп боздайды ол, бозінген боп сарнайды.  
Білгің келсе біздің жайды, содан сұра тек қана:  
Одан асқан жоқ шежіре, одан асқан жоқ дана.

Екі шектің бірін қатты, бірін сәл-сәл кем бұра.  
Қазақ – нағыз қазақ емес,  
Нағыз қазақ – Домбыра!

.....

Бабамыздың басқан табанымен  
Бірдей екен жақсысы жаманымен:  
Бір жаманы – тынымсыз көше берген,  
Бір жақсысы – қимаған даланы кең.

Бір жаманы – жел сөзге ерген екен,  
Бір жақсысы – тілге ерік берген екен.  
Бір жаманы – кетпенге орашалақ,  
Бір жақсысы – найзагер, мерген екен.

Бір жаманы – кешігіп әліппе ашқан,

Бір жақсысы – күйлері көбік шашқан.  
Бір жаманы – қыздарын малға сатып,  
Бір жақсысы – сүйгенін алып қашқан.  
Бір жаманы – шаруасын маңдытпаған,  
Бір жақсысы – қулықпен жанды ұтпаған.  
Бір жаманы – үйленіп жеңгесіне,  
Бір жақсысы – жесірін қаңғытпаған.

Тату-тәтті көршілер шыр бұзбаған,  
Бірге тоңып суықта, бір мұздаған.  
Бір жаманы – сонда да үй салмаған.  
Бір жақсысы – абақты тұрғызбаған!..

*Қадыр Мырзалиев*

### **Бір тойым бар**

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,  
Дәл қай күні екенін айта алмаймын.  
Бірақ, бірақ ешкімді де билетпей қайтармаймын.  
Онда ортаға тасталар ұран сондай,  
қайта алмайды қартың да бір ән салмай.  
Жиырма бестің бәрін де сабылдыртам,  
Кемпірлерге қыз күнін сағындыртам.  
Жеңтейлердің толтырам гүлге етегін,  
Інілерге ағаны үлгі етемін.  
Менің жарым бұл күні кірпік ілмей,  
Ақ көңілмен ақ қайың бүртігіндей,  
Омырауынан бір сәуір шайқап есіп,  
Ажырасқандарды жүреді қайта қосып.  
Мен өзім де ән салам түн ауғанша,  
Менің жаным бұл күнге құмар қанша?!  
Бәйгі берем жығылған палуанға да,  
Адалдығы сезіліп тұрар болса.  
Жанам деген жүрекке от беремін,  
Қыз қуатын деген жігітке ат беремін.  
Мен әйтеуір бар жиған-тергенімді,  
Бір тамаша той қылып өткеремін.  
Біздің үйді сол күні бетке ал, қауым,  
Нысанаға ап қуаныш тоқталмауын  
Мен бұл тойдан тілеймін жылап тұрып,  
қазанымда бір асым ет қалмауын.  
Мен сөйтіп бар шаңнан бір сілкінемін,  
Мен сөйтіп рақаттанып бір күлемін.  
Кім білсін, талай түнгі тілегім ед,  
Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның.

*Төлеген Айбергенов*

## Төрт ана

Тамырынан тамырсыздық індетінен қалқала!  
Әр адамда өз анасынан басқа  
Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада  
Болу керек құдіретті төрт ана:  
Туған жері – түп қазығы, айбыны,  
Туған тілі – сатылмайтын байлығы,  
Туған дәстүр, салт-санасы- тірегі,  
қадамына шуақ шашар үнемі.  
Және туған тарихы, еске алуға қаншама  
Ауыр әрі қасіретті болса да.  
Төрт анаға әнін жалғай алмаған  
Пенделердің басы қайда қалмаған?  
Төрт анасын қорғамаған халықтың  
Ешқашан да бақ-жұлдызы жанбаған.  
Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,  
Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы!

*Мұхтар Шаханов*

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңдерді мәнерлеп оқу және жатқа айту.
2. Әрбір ақынның өлеңдерінің тақырыбы мен мазмұнын ашып бер.
3. Ақындардың өлеңдерінен қандай әсер алғаныңды түсіндіріп бер.
4. Ақындар өз өлеңдерінде нені айтқан және идеясы не?

## Ә Н Ъ Г І М Е Л Е Р Д І О Қ У

### Қыпшақ Сейітқұл

Қыпшақ Сейітқұл отыз үйлі тобырымен, жұрттың тегіс аттаныс барымтасы бар уақытта, бұл отыз үй кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды. Сауда етуге мал жоқ, барымтамен мал алсам, бір күндерде жау да бізден қуып алады, ақырында бұрынғылардың айтып кетуінше, жортуыл басы жолда қалса керек. Соның бәрін де шамалап қарап, ақыр бір қиялға түсіп, Сейітқұл әуелі мекен еткендей бір орын іздеді. Көп жерлерді кезіп жүріп, ақырында Торғай төсіндегі қабырға деген өзен-судың бойына тоқтады. Мына жақта Үргеніш, қоканнан, мына жақта қалмақтан шетірек және жаманшылық болса, қалың қыпшақ деген руға жақынырақ екен деп, сол жерді ұнатып қайтқан соң, қысты өткізіп, жаздың жылы уақытында кедейлерді жаланаш-жалпы көшіріп, қабырға бойына алып келді. Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық, барымтаны әдет еткен; інісінің қанша айтқан ақылына болмай, үш-төрт үймен жалғыз-ақ сол көшпей, ескі орны Түркістан жағында қалды.

Қабырғаның бойына келген соң, Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін етуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен судан арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң орып, жиып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге

сатып, мал етті. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейіткүл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдап, астықтың (ол күнде бидай, тары, арпа егеді) артығын төңіректегі елге малға айырбас етумен, бұлардың малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп, Сейіткүлға қосылып келіп, бес-алты жылда Сейіткүл елі деген төрт жүз үйге таянды дейді.

Қош, Сейіткүлдың өзі де, жиылған халқы да малдары көейіп, бай болды, ел жиылып Сейіткүл ағасы болды, енді сол жұртының адал бейнет, табан ет, маңдай терімен тапқан дәулетін аңдыған жаудан, ұрыдан, даладағы бөріден сақтаудың қамын ойлап, уайымға қалды. Солардан сақтану үшін, Сейіткүл жұртын жиып кеңесіп, судың бір қолайлы жеріне шымнан биік қорған салдырды, малдарына ретпен бақташы, қару-жарақты қарауыл шыңдауыл жүргізді. Бұлардың былайша бір ауызға қарай бекінген халық екенін байқаған соң малға қызыққан сырттағы көшпелі халықтар батып келе алмады. Бұл жағынан көңілі тыныш болған соң, Сейіткүл енді Бұхара, қоқанға мал айдаатып, ол кенттерден қазақ қолды әр түрлі тауар алдырып, жылда егін піскен уақытта манағы қорғанда жәрмеңке реуішті базар болды. Көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн-жабағысын, тері-терсегін келтіріп, егіншілер оларға астығын, тауарын айырбас етіп, осы қалыпша бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейіткүлдың жұрты жұрттан асқан бай болыпты. Манағы Сейіткүлдың ағасы жұрттың малын ұрлап бай боламын деп жүргенде, қоңырат жағында қолға түсіп, кім екені де белгісіз, біреу өлтіріп кетіпті; қалған мал-жанын ұрының малы деп Түркістан әкімдері талап алып, жамағаттарын Сейіткүл көп жылдар іздетіп, таптырып, қасына алыпты-мыс.

Сейіткүл, құрметті Тілеу Сейдалин сұлтанның айтуы бойынша, 1830 жылдарда өтіпті-міс. Сол данышпан кісінің ақылымен егінді әдет еткен халық қабырға суының бойында әлі көп. Жарлы болып, бөтен кәсібі жоқ кісілер Торғай жағында дереу егінмен айналысады, ерінбей азаптанса, бірнеше жылда түзеліп, халық қатарына қосылады.

Ыбырай Алтынсарин

### Қысқы ауылда

...Біз үйге кіріп келгенде, сары самауырынды ортаға алып, төрт-бес кісі шайға бас қойып жатыр екен. Атжақты келген, шүңрек көзді қара кемпір күпісін жамылып, ыстық шайға нанды малып жеп отыр. Екі жас жігіт жалаң бастанып, терлеп-тепшіп шайды ұрттап жатыр. Екі келіншектен біреуі шай құйып отыр, біреуі жас балаларға сүт ішкізіп отыр...

—Кеш жарық... Бәрі де ажырайысып қарады. Жігіттер ығысып орын берді. Ала дастарханның бұрышын созып, алдыма таман тартты. Бірер минут тұнжырасып отырғаннан кейін сөзге кірістік: олар менің аты-жөнімді, қайдан келе жатқанымды, не жұмыспен шыққанымды сұрады.

— Е, солай де: қызылордадан шықтым де... қара кемпір бетіме тесіле қарап отырды да:

—Шырағым, қашан шықтың?.. Сол жақта біздің бір жаман баламыз болушы еді, одан хабар білесің бе?!—деді.

—Әй, әже-ай, жоқты сұрайсың-ау, қызылордада кімдер жоқ дейсің, бұл жігіт кайсысын біле берсін,— деп самауырынға таяу отырған бақа сары жігіт кейіңкіреді.

Кемпір жым болды. Жас әйелдер өзара күңкілдесіп, жас баланы сылтау кылып, бірдеме айтып күліседі.

— Бетіңнің кірін қара, бапан, сүймеймін деп жүр, бетінді жуайын,— деп біреу баланы жетелейін деп еді, бала көнбей бұртиды,

- Тұр, қалқам, жуғыз, ұят болады, мына кісіні көрдің бе,— деді әжесі.
- Қойыңдаршы, баланың бетін жуғанды қайдан шығарған-сыңдар, жуып керегі не?— деп кемпір де кірісті. Бұл жолы кемпірдің сөзін ерсі көріп балалары еш нәрсе айтпады...

Шайдың артынан бірен-саран қыдырмалар келді. Сұлу мұртты, қара торы жігіт кесіп сөйлеп отырды. қуландырып жұртты күлдірген болды. Үй иесі жігіт онымен шәлкем-шалыс сөйлесіп, ілінісіп отырды.

— Үкіметке ризамыз, үкімет келгелі адам қатарына қосылдық... Бұрын елге шыққан оқыған адамдар, қайда бай болса, соны таңдап қонушы еді. Бұл күнде іздеп келетін болды, мұнысына шүкіршілік,— деді үй иесі. Сұлу мұртты жігіт аз-кем бөгелген секілденді. Бірдеңе айтуға ыңғайланған қалпы болса да, менен қаймықты ма, әлде үй иесі жігіттен қаймықты ма, айтпады.

Қыдырманың біреуі шокша сақал, сары кісі — дыбдырлап сөйлейді. Бесбатпан кір орамалды қалтасынан шығарып, бұрышына түйген құмалағыш кигіздің үстіне төкті, «я, бісмілда!» деп, быртиған саусағымен құмалақты шашып жіберіп, ежірейіп, үніле қалды.

—Құмалақты кімге салып жатырсың, Ержан?

—Өзіме салам, от басынын, амандығына салам.

—От басына бірдене кірер дейсің бе, жалғыз сиырың бар еді, ол өлді, енді құдай сенің неңді алады?.. Одан да маған сал, мен ертең базарға барғалы отырмын, не бітіріп қайтар екем?— деп сары жігіт ұмтылып жақын барып, жер бауырлап, көсіліп жатты.

- Әй, Орман, тұрсайшы, кісінің алдына сұлап жатып алғаның не?—деп сұлу мұрт оған ала көзімен қарады... Ас артынан қыдырмалар тарады. «Үй иесі жігіттер қонақтың атын жайласуға шығып кетті. Пеш жанында шынтақтап құмалақшы жатыр еді, қара кемпір оған қарай түсіп, сыбырлап қана:

— Біздің үйдің амандығына құмалағынды тартшы,—деді. құмалақшы тартып болып: «Көрер кіріс болмаса, шығын жоқ...» —деп атап келе жатып, кез маған түсіп, мүдіріп қалды. қысылып қызарғандай болды. Әлгі сөзін өтірікке шығаруға тырысқан адамдай:

— Құмалақ не білуші еді, әшейін «кәләкәйт» да... дым да білмейді. Бір құдайдан басқа кім білуші еді?—деді. Бұл сөзді маған естіртіп айтты. Өзінше әлгі сөзін осымен жудым деп ойлады...

Оңашаланған соң, үй иесі жігіттен елдің шаруашылығын сұрадым; жүріп жатқан науқанның жайына қандым.

— Ауданда ұйым дүкені бар еді. Соның бөлімшесін ашқан болдық. Отыз бес мүшеміз бар. Товардың келуі жақсы. Ел товарға молықты. Әсіресе, кедей-батырақ артық астығын төгіп, керегін дүкеннен алып, қарық болып жатыр... Дүкен осы біздің үйде. Ертең жүрерде көріп кетіңіз,— деді. Үй иесі жігітім сол дүкеннің приказчигі болып шықты. Белсенді кедей екен. Астық дайындау науқанына едәуір көмегі тиіпті.

— Елде артық астық жоқ емес, бар, көбі бұқпантайлық қылып бермей отыр. Бірсыпырасы артық, сатып керегіне жаратып қойып отыр... Біздің елде соғым сою деген бәсекең бар. Өлмелі кедей де, жылқы тауып соймаса көңілі көншімейді. Семіз жылқы сатып алуға күштері келмеген соң, арық жылқыны алып, бар астығын соған жұмсайды, көбінің сонымен тілеуі құрып отыр,— деді кейіп.

Соғым жемдеу хабарын есіткен соң, мен сол үй иесінің өзін қазбалап сұрай бастадым, өйткені табаққа салған қазысы білектей еді.

- Өзіңіз де соғып жемдегенсіз ғой?— деп ем, қызараңдап отырды да, шынын айтты:

- Жемдеп едім,— деді.

- Қанша астық жегіздің?

- Сексен пұттай!

Кедей шаруа. Ішерлігі мен тұқымдығынан артық астығын соятын соғымына жегізген. Соғымы семіз, қазысы жырта қарыс. Бірақ үкіметке беретін артық астығы жоқ. Артығының барлығын қазыға айналдырып, бес саусақтан майын тамызып жеп отыр. Мен бірсыпыра түсіндіріп айтып едім, түсінді, қатесін мойнына алды.

—Наданбыз ғой, еш нәрсенің жайын білмейміз, елден қал-маймыз,— деп даурығып кеп күрсінді.

—Түсіндірсе, үгітесе ел елпендеп дайын тұр. Бірақ түсіндіруші кем. Осындағы кеңес қызметкерлер ерте бастан елге түсіндіріп, артық астығын үкімет орнына төккізіп отырса жоспар әлдеқашан толып қалмай ма?.. Тән қараңғы қатты жел. Боран. Кәртiк қар. қар астында өмір бар. Кәртiк қардын ара-арасынан жылтыраған от көрінеді. Бұл терезе сәулесі. Мал да, жан да үйде; жылы қорада ұйықтап, мүлгіп жатыр...

Қысқы ауылды біраздан бері керген жоқ едім, сағынып қалған сияқты болдым. Жылы төсекте, тастай қараңғы үйде жатып, ысқырған желдің даусын тыңдап, маужырап ұйқыға шомдым».

*Бейімбет Майлин*

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. «Қыпшақ Сейіткұл» әңгімесінің тақырыбы не және оның мазмұнын ашып бер.
2. Автор бұл әңгіме арқылы не айтпақ?
3. Қыпшақ Сейіткұл әңгімесін мәнерлеп оқу.
4. «Қысқы ауылда» әңгімесін мәнерлеп оқу және баяндап беруге жаттығу.
5. Бұл әңгімені Бейімбет Майлиннің басқа да әңгімелерімен салыстырыңдар.

6. Әңгімелердегі кідірістерге, екпінге, кейіпкерлердің іс-әрекетіне, қимылына, олардың мінезіне, сәлеуіне кәңіл бөліңдер.

### МОНОЛОГ ЖӘНЕ ДИАЛОГТЫ ОҚУ

**Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Дәрмен монологы**

- Абай аға, қадірлім! Ол дәндерің өлген жоқ, жойылған жоқ. Рас, бұл күнде бір араға біткен дүм тоғай болмасын. үлкен бақ боп тұрмасын. Бірақ ең дала, мол сахараның бар бойында ол дәндерің өсіп келеді.. Көп өсіп, көктей өсіп келеді... Өсе бермек, күн санап та, жыл санап..

Сол үшін де өз өмірімде, өле-өлгенше асыл сөзінді сақтармын, ата тәрбиенді ақтармын, ағажан!

**Б.Майлиннің «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» өлеңі**

*Кеше:*

- Уа, кімсіз?
- Ыбыраймыз.
- Жаймысыз?
- Жаймыз.
- Уа, қайдан келесіз?
- Сайлаудан келеміз.
- Төске таққан шеніміз бар
- Патшаға жаққан ебіміз бар.
- Құдайға шүкір, қойдан жуас
- Момақан ғана еліміз бар...
- Біз – бай, біз - құдай.
- Күш сынасса жүн болады,
- Кім келеді сайма-сай.

*Бүгін:*

- Уа, кімсің?
- Ыбыраймын.
- Жаймысың?
- Жаймын.
- Уа, қайдан келесің?
- Соттан келемін.
- Соттан емес-ау, оттан келемін
- Білдің бе?
- Білдім ғой.
- Қалай екен?
- Арыз берген малай екен...
- Солай ма екен?
- Солай екен.
- Не дейді?
- Ақы сұрайды.
- Қанша?
- Он мың сом.

- Он мың, сом.
- Нең қалады?
- Нем қалсын?
- Қатын қалады,
- Мен қалам.
- Шенің қайда?
- Тозған.
- Елің қайда?
- Күні озған.
- Енді не етпексің?
- Бітем!
- Бітсең біт, мен де соныңды күтем!

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. М.Әуезовтің «Дәрменнің монологын» мәнерлеп оқып жатқа айту.
2. Б.Майлиннің «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» атты диалогын рөлдерге бөліп оқындар.
3. Жоғарыда берілген шығармалардан тыс, одан басқа да монолог пен диалогтардан мысалдар келтіріңдер.

## **ЕРТЕГІЛЕРДІ ОҚУ**

### **А я з б и**

Ертеде Мадан деген хан болыпты. Оның ақылы, тапқырлығы өзінің заманындағы көп хандардан артық екен. Ханның қырық уәзірі бар екен. Бір күні хан уәзірлерінен мәжілістес болып отырып:

- Уәзірлерім! Сендер қырқың да асып тұрған ақылды, данышпан едіңдер. Мен сендерді бір жұмысқа жұмсаймын, сендер маған дүниедегі адамның жаманын, құстың жаманын және шөптің жаманын тауып әкеліңдер. Он бір ай уақыт беремін. Сол он бір айдың ішінде тауып әкелмесендер, жазалы боласыңдар, - депті.

Хан бұйырған соң амал жоқ, уәзірлері өзара ақылдасып, іздеуге кіріседі.

Көп іздеп, азап шегіп, шеңгел деген шөпті тауып: «Өзі – тікен, арасынан жүрсе киім жыртады, мал жемейді екен, шөптің жаманы осы ғой», - деп шеңгелді алады. қырғауыл деген құсты тауып: «үстінде жүні жоқ, ұсқыны келіссіз, құстың жаманы осы екен», - деп қырғауылды атып алады. Енді адамның жаманын таба алмай, қырық уәзір келе жатса, таудың етегінде үстінде жыртық тоны, басында тері тымағы бар, ұсқынсыз бір адам бес-он қойды бағып жүр екен. Уәзірлер таңырқап: «Адамның жаманы, сірә, осы болар -ау», - деп тұрғанда, әлгі адам:

- Уа, мырзалар, неге таңырқайсыңдар? – депті.

Уәзірлер ханның сондай бір жұмысқа жұмсағанын, шөптің, құстың жаманын тауып, енді адамның жаманын таба алмай, ол адамның ұсқынын көріп таңданып, «адам жаманы осы болар», - деп таңырқап тұрғандарын айтыпты.

Жаман тұрып:

- Болды, адамның жаманы керек болса, мен боламын. Ханға мені алып барсаңыз, сіздердің жұмысыңыз бітеді, - дейді.

Уәзірлер:

- Олай болса жарайды, - деп Жаманды аттың артына мінгестіріп алып, ханға жөнеледі. Ханға келе жатып, Жаман:

- Адамның жаманын тауып алдыңыздар, бірақ шөптің, құстың жаманын таба алмаған екенсіздер. Шөптің жаманы – кара қоға, құстың жаманы – сауысқан еді, - деп уәзірлерге қырғауыл мен шеңгелді тастатып, олардың орнына кара қоға мен сауысқанды алдырады. Уәзірлер мәнісін сұрайын деп еді ол:

- Хан алдында айтам, - деп сөйлемеді. Уәзірлер келген соң, хан әкелген адамның ұсқынына қарап:

- Әкелген адамың жарайды. Мұнан жаман кісі дүниеде жоқ шығар. қазір аспазшыға апарыңдар, көже мен нан берсін, сыйласын. Ертең ортаға алып, тамаша етеміз, - деп Жаманды ас үйге жіберді.

- Бірақ, құстың жаманы мен шөптің жаманын таба алмаған екенсіңдер. құстың жаманы – қырғауыл, шөптің жаманы – шеңгел еді. Осыны көре, бұларды әкелулеріңнің не мәні бар еді? – деп хан уәзірлеріне қатулана бастады.

Сонда уәзірлер:

- Тақсыр, айтқаныңыз дұрыс. Біз шөп жаманы деп шеңгелді, құс жаманы деп қырғауылды алып едік, бірақ жолшыбай әлгі Жаман: «Шөптің жаманы – кара қоға, құстың жаманы - сауысқан», - деп бізге оларды тастатып, кара қоға мен сауысқанды алдырды, - деп жауап берді.

Хан аз кідіріп:

- Е, Жаманның не білгені бар екен?! Шөптің жаманы – кара қоға, құстың жаманы – сауысқан екенін қайдан білді? Алып кел, сұралық! – деп бұйрық етті. Жаманды ханға алып келді.

Хан Жаманның бетіне қарап:

- Мен құстың жаманы – қырғауыл, шөптің жаманы шеңгел деп ойлаушы едім, сен оларды уәзірлерге тастатыпсың. Сен шөптің жаманы – кара қоға, құстың жаманы – сауысқан екенін қайдан білдің? – деді.

- Тақсыр хан, елу жасқа келіп жаман болған жоқпын, жасымнан-ақ жаман едім. Өмірімде отын-су тасып, еткенім кісінің құлшылығы болды. Сол уақытта шеңгелді әкеліп отқа жақсам, кешке жаққан отым ертеңге дейін сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді. Сол уақытта: «Киім жыртып, мал жемейтін шеңгел отын ретінде пайдаға асады екен-ау», - деп ойлаған едім. Ал енді кара қоғаны алып отқа жақсам, отқа жанбайтын еді, үрлесем, жалыны мен шоғы бірге сөніп, күлі бұрқырап, үйдің ішін алып кететін еді. Отқа жанбаған соң апарып малға салсам, мал жаманы сиыр екеш, сиыр да мұрнын шүйіріп жемейтін. Сонан соң кара қоға тіпті пайдаға аспайтын шөп қой деп ойлаушы едім. кара қоғаның жаманын сонда білдім, - деді Жаман.

- Сауысқанның жаман екенін қайдан білдің? – деді хан.

- Қырғауылдың жүні жоқ болса да, қанаты бар, адамның пайдасына жарайтын адал құс еді. Біреудің сиықсыз болуы – тәңірдің ісі. қырғауылдың айыбы – тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын арам құс еді. Сондықтан құс жаманы сауысқан деймін.

- Хош, сауысқан мен қара қоғаның жамандығын білдің. Енді өзіңнің жамандығыңды қайдан білдің? – деді хан.

- Уа, тақсыр! Менің жасым елуге келді. Мен қатарлылар әйел алып, бала көрді, келін жұмсап, қызық көріп отыр. Мен қайда болса сонда, әлі күнге дейін әркімнің артына мінгесіп, басқа біреудің құлшылығында жүрмін. Енді мен жаман емей, жақсымын ба? – деп Жаман ханға қарады. Хан басын шайқап:

- Апыр-ай, сен жаман болсаң жарар еді... құстың, шөптің өзіңнің жамандығыңа дәлел айттың, жарайды...

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

- 1.Ертегі дегеніміз не?
- 2.Ертегілерді оқу техникасының жүйесі бойынша келістіріп оқыңдар.
- 3.Ертегілердің жанрлық ерекшелігіне көңіл бөліңдер.
- 4.Ертегілерді мәнерлеп оқығанда ондағы кейіпкерлердің іс-әрекетіне байланысты жайттарды ескеріңдер.

## **ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚУ** **Дулат Исабековтың «Әпке» атты драмасы** **Ә п к е** *Екі бөлімді драма* *(Ықшамдалып алынды)*

Қамажай

Омар - інісі

Темірбек, Тимур – інісі

Ермек – інісі

Нәзіла, Наз – сіңлісі

Гауһар – Назиланың құрбысы

Кәмила, Кама – Тимурдың сүйген қызы, кейіннен әйелі

Сұлтан – Тимурдың досы

Сұлхан, Светлана – Сұлтанның қасындағы қыз

Қабен

Көрші әйел

### *Б і р і н ш і а к т*

Үстел басында қамажай, сіңлісі, сіңлісінің құрбысы тамақ ішіп отыр. Нәзіла. Илансаң бар ғой, әпке, таңертеңнен бері Гауһар екеуіміз дым сызған жоқпыз.

Қамажай. Немене, ақшаларың болмай қалды ма?

Нәзила. Гауһар да құр алақан емес. Уақыт жоқ. Ателъеге барып едік, қырғын, адам көп екен, шаршап өле жаздадық. Так что, әпкешка, бүгін алдымызға күнжара қойсаң да жей береміз.

Қамажай. Ақшаларың болмаса, ателъеге неге барып жүрсіңдер?

Нәзила. Бұрынғы ақшалы кездерім еске түсіп... Ателъеге ақшалы адамның баруы жаңалық емес. қолыңнан келсе, ақшасыз барып көр. (күліп.) Жай айтқаным ғой. Әпке деймін, Ателъеге маркизет түсіпті. Гауһарда азынаулақ ақша бар екен, мен одан қарыз ала тұрмақ едім. Жете алмадық. Жете алмағанымыз да дұрыс болды. Әйтпесе, кейін қайдан тауып берер едік.

Қамажай. Неге?... Тауып береміз... Тимур ертең айлық алады.

Нәзила. Оның айлығы өзінен артылмайтын болды ғой. Өткен жолы мен оны паркте бір қызбен көргем. Меніңше, финанс жағын сол кісі басқаратын болу керек. Ал, енді іске кіріселік.

Екі құрбы сықылықтай күліп, тамақтан тарбытып жеуге кіріседі.

Қамажай. Ойбай-ау... Сендердің қарындарыңның аш екенін білмей қалдым ғой, тамақты мол жасайтын едім. Әлгі Темірбек бір жолдасымды ертіп келем деп еді. Сол екеуінің... Жарайды, сол екеуінің сыбағасын салып берейін.

Гауһар. Жо-жоқ, апа, керек емес. Бізге осы да жетеді.

Қамажай. Азаннан бері дым сызбасаңдар қайдан жетсің. Оларға... котлет қуырып бере салармын. Әкеліндер ыдыстарыңды.

Нәзила. Біздің әпкешка бала сияқты. Не айтсаң соған сене береді.

Үйге Темірбек және гитара көтерген бір жігітпен екі қыз сау етіп кіріп келеді. Бәрі көңілді. Қамажай тамақ қамын ойлап, аңырып тұрып қалады.

Нәзила. Әпкешка, котлетті көбірек қуыр.

Темірбек. О-о, біздің үйде той боп жатқан-ау шамасы. Мамуля, мен білмейтін бұл қандай той.

Қамажай. Ә-ә... той емес... Жай, өзіміз. Жігіттер. Қыздар, жоғары шығындар. Ермекжан, сен өз бөлмеңе бара ғой, кәне. (Ол кетеді.) Ал, төрлетіндер.

Темірбек. Мамуля, біздің үйде той жоқ дейсің, неге той жоқ? Той бар. Енді болады. Бүгін екі жылдан бері бір заводта істеп келе жатқан менің ең жақсы досым Сұлтаннның туған күні. Және ол біздің босағаны бірінші рет аттап отыр. Демек, біздің үйде бір емес, екі той өтуі тиіс. Ал, Кәмила шығар сумкадағыларыңды.

Нәзила. құп болады!

Қамажай. Темірбек-ау. Мынау... Күні бұрын неге айтпадың? Ұят боп қалды-ау, ә? Ылғи да асығыс. Тым болмаса телефонмен бір айта салсаң, етті.

Темірбек. Ничего, ничего, мамуля. қуаныш атаулының ойда жоқта болғаны жақсы. Күні бұрын білген қуаныш- қуаныш емес. Эффектісі аз болады. Ал, Сұлтан, бұл кісі – менің әпкем, өзім мамуля деп атап кеткем. Мына қыз – қарындасым, оның қасындағы – подружкасы. Екеуі институтта бірге оқиды. Ал, мына екі қыз – Кәмила және Светлана. қазақша аты – Сұлухан. Аты – не очень удачный ат. Сондықтан Светлана деп кеткенбіз. Все мы уже знакомы, моя миссия окончено, теперь прошу за стол.

*Бәрі үстелге отырады.*

Қамажай. Ал, туған күнің құтты болсын, інішек. қуаныштымыз. Темірбекжанның досы болсаң, менің де туған інімсің. Ал, өздерің отыра тұрыңдар, мен барып котлет...імм... тамақ дайындап жіберейін.

*Шығып кетеді.*

Темірбек. Наз, сен де осы үйдің қонағымысың? Мамуляға көмек бермейсің бе?

Нәзила. Мынау экстра ма?

Темірбек. Болса қайтейін деп ең?

Нәзила. Сағат жетіден кейін арақ сатылмаушы еді ғой?

Кәмила. (жеңілтек үнмен). Біз оны рестораннан алдық.

Нәзила. У-у, неткен байлық! Ал біз Гауһар екеуіміз ақшаның жоқтығынан күні бойы тамақ та іше алмадық.

Темірбек. Байлық еш уақытта жұртқа бірдей бөлінбейді.

Нәзила. Таба алмай жүрген асыңның

Ит жегенін көресін...

Ретсіз бөлген дүниенің

Айтшы, құдай. Төресін...

Темірбек. Тоқтат! Тіліңді кесіп, язык отворный жасаймын.

Нәзила. Таптырмайтын деликатес. Менің тілім, міне (Тілін көрсетіп). Кішкентай-ақ төртеуі жете қояр ма екен? Жарайды. Өзім. закуска болғанша, ас үйге барып бірдеңе әзірлесейін, жоғары мәртебелі тақсыр...(Иліп тағзым етеді.)

Темірбек. Жоғалт көзіңді!

Нәзила. құп болады. Көзімді жоғалтайын.

*Лып етіп шыға жөнеледі.*

Темірбек. Сендер оның сөзін көңілдеріңе алмай-ақ қойыңдар. Ол былай... аздап... ненормальный-лау.

Светлана. Дегенмен, бізді ұнатпай қалғаны анық. Тілінің уы бар қыз екен.

Кәмила. Қазіргі заманда жұрттың бәріне бірдей ұнай беру шарт емес. XX ғасыр - ғылыми-техникалық прогрестің ғасыры ғана емес, субъективті пікірдің ғасыры. Біреуге ұнау үшін әрекет жасау бекершілік. (Сигарет тұтатады.)

Сұлтан. Біреуге ұнамауды мақсат ету де адамды рухани тұйықтыққа итермей ме?

Кәмила. Сен мені түсінбей қалыпсың. Біреудің қасқабағына қарап, соның ақылымен өмір сүру, қайткен күнде де оған да өзің жайлы жаман пікір қалдырмауға тырысу – адамды ой бостандығынан айырады. Ал, ой бостандығы болмаған жерде... айталық, сен қолыңа гитара ұстап, туған күніңді думандатып, маған қарсы дау айтып отырғанына қарамастан, тіпті он екі мүшесі сау, қаланың ортасынан алған үш бөлмелі пәтеріңе, жергілікті комитеттің мүшесі екеніңе де қарамастан, мына сен... сыртын терімен қаптай салған тұлып болар едің.

Сұлтан. І-імм. С-солай де. Ашулануға тұрарлық сөз екен. Бірақ жақын досымның үйіне алғаш рет келіп отырғандықтан, шаңырақтың шырқын бұзғым келмей отыр. Дегенмен, айта қойшы, жұрттың бәріне бірдей ұнамауды мақсат еткен адам ғана ой бостандығының иесі санала ма? Объективтік пікір деген бар ғой.

Светлана. Жоқ.

Сұлтан. қалайша? Объективтік пікірді жоққа шығарғың келе ме?

Светлана. Жоққа шығарғым келмейді. Өйткені ол болған емес. Объективті пікір деген – субъективті пікірлердің жиынтығы. Сұлтан. Ал, әйтпесе, жиырмасыншы ғасырдың жойқын нигилисі арамызда жүр екен ғой. (Гауһарға қарап.) Бұған сіз қалай қарайсыз, қарындас?

Гауһар. Мен бейтаныс адамдардың алдында пікір айтпаймын.

Сұлтан. Бұл да өзінше жаңалық екен. Калыс қалудың сәті табыла кеткен түрі ғой.

Темірбек. Жолдастар, айтысты тоқтатуларыңды өтінемін.

Светлана. Жо-оқ, жалғастыра берсін. Мен үшін өте қызық. Меніңше, дастархан басындағы адамдардың сөзінен-ақ бүтін бір қоғам мәдениетінің даму деңгейі көрінеді. Білімді жастардың айтысы да, тартысы да әлеуметтік биіктен басталуы керек. Объективті және субъективті пікір дегенді мен күнде естіп, сол сөзді өзім қолданып жүрсем де, анығына жете алмаймын. Сұлтан, ол жөнінде сенің ойың қалай ?

Сұлтан. Сен өз сұрағыңа өзің жауап беріп отырсың ғой. Мен өз пікірімді айтсам, демек ол субъективтік пікірім, ал кҚпшілікке ұнайтын ойымды айтсам, ол объективтік пікір.

Кәмила. Бұл – слишком арифметикалық жауап. Екіні екіге қосқанда төрт болады деген сияқты. Бұлай бастауыш мектебінің оқушысына ғана түсіндіру керек. Айтпақшы, жақында бір бала мұғалімнің: «Екі алмаға үш Қрікті қосқанда қанша болады?» - деген сұрағына ойламастан: «Компот болады», - деп жауап беріпті. Мен сенің жауабыңа толық қанағаттана алмадым. Әлгі баланың жауабы сияқты жаңа тотировка жоқ.

Сұлтан (гитарасын қағып-қағып жіберіп). Мен үшін бұл соншалық маңызды нәрсе емес.

Кәмила. Неге? Біздің әрбір құбылысқа деген өз пікіріміз болуымыз керек. Онсыз адам болудан қаламыз. Өз пікірі, өз ойы болмаған адам алдына ешқашан мақсат қоя алмайды. Демек, ол өз бақыты үшін қалай күресуді, өз ғұмырын қалай құруды да білмейді.

Нәзила келіп, үстелге ыдыс-аяқтарын қояды.

Сұлтан. Ал, сен, өзің, сен өзің білесің бе?

Кәмила. Білемін. О-о, мен жақсы білемін. Мен өз бақытым үшін күресе аламын.

Сұлтан. Ал, сен сол «бақыт» деген не екенін білемісің?

Кәмила. Оны да білем. Бақыт деген... бақыт деген мына сендер түсінетіндей ылғи қуаныш, ылғи сәттілік емес. Бақыт деген – азап.

Темірбек. Аза-ап?.. (Күледі.)

Кәмила. Ия, азап. Бірақ, ол бос сергелден, күйбең тіршілік азабы емес, үлкен мақсатқа барар жолдағы азап. Циолковский, Достоевский, Королев... қалай ойлайсындар, солардың бәрі рақат тұрмыс кешті дейсіңдер ме? Олардың бүкіл ғұмыры азаппен өтті. Адамзат үшін, ғылым үшін азап шекті. Міне, бақыт деген осы.

Сұлтан. Дұрыс. Олардың бәрі ұлы жаңалық ашты. Ал, сен ше? Сен қандай жаңалық ашасың?

Кәмила. Мен ешқандай жаңалық ашпаймын.

Сұлтан. Құдайдың мұнысына да шүкір.

Кәмила. Ия, құдайға шүкір, ашпаймын.

Сұлтан. Сондағы сенің айтпағың не? Жаңалық ашпайсың, диссертация қорғамайсың, демек азаптанбайсың. Сөйте тұрып, өз бақытым үшін күресе алам дейсің? Ол қандай бақыт, ол қандай күрес?

Кәмила. Ол – өз дегенінше өмір сүру. Адам адам болып жаралғалы сол үшін күресіп келеді. Олар не үшін күресті, не үшін құрбан болды: сол күрес атаулыны – қарулысы бар, қарусызы бар – бәрін жиып-теріп келесі ұрпаққа қалдыру үшін ғана ма? Жо-жоқ. Сол күрестер мен жеңіс атаулының жемісі – мына, бізбіз. Алдыңғы ұрпақ соңғы ұрпақтың бақыты үшін мәңгі күресіп келеді ғой, солардың тыныш ұйқысы үшін, солардың бейбіт тіршілігі үшін, керек болса, солардың беғам өмірі үшін де күресті ғой. Сол бақытты ұрпақ мына біздерміз. Біз қалауымызша өмір сүруге тиіспіз.

Сұлтан. Тырнақтап жиғанды етектеп төгіп алмаймыз ба?

Кәмила. Төкпейміз.

Нәзила. Өмір көрсетер оны. Жалпы, жалынды сөйлеген адамнан күдіктенемін. Өйткені, олар көп ретте жалған айтады. Меніңше, бақыт деген – сөз бен істің бірлігі, демек, жалған сөйлемей. Біз дастарқан басында ғана ақылдымыз, дастарқан басында сұлу сөйлеуді әбден меңгергенбіз. Ал, өмірде сол айтқанымыздың бір де – біреуін орындай алмаймыз. Сөзіміз бен ісіміз алшақ. Бұл – бақыт емес, сірә.

Светлана. Бұл сіздің өмірден түйген философияңыздан гөрі бізге деген күдігіңізге көбірек ұқсайтын сияқты. Кама дұрыс айтады. Әңгіме жаңалық ашуда емес. Менің атам 1918 жылы Ақтөбеде ақтармен шайқаста қаза тауыпты. Баланың бақыты үшін депті. Баласы, яғни менің әкем Отан соғысында Сталинград түбінде белгісіз төмпешік болды. Балаларымыздың бақыты үшін деп мерт бопты. Енді біз неге бақытты тұрмыс құрмаймыз. Бүтін бір екі ұрпақ ғұмырын қиғанда келмейтін ол не деген бақыт. (Осы кезде қамажай тамақ әкеліп үстелге қояды.) Келіндер, жолдастар, бәріміздің бақытымыз үшін бақалдар шарапқа толсын.

Бәрі. Міне, ғажап сөз.

- Ал, құйындар.

Сұлтан. Кәне, апай, қарындастар, сіздер де боқалдарыңызды толтырыңыздар. (құя бастайды.)

Қамажай. Жо-жоқ, мен мұндайды аузыма алған емеспін. Болмайды, болмайды.

Светлана. Болады, болады. Осы уақытқа дейін аузыма алмадым дегенде өз басым иланбаймын. Қазір үйренбесеңіз, кейін кеш болады. Мына іні-қарындастарыңыздың бақыты үшін алмауыңыз күнә...

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Драмалық шығарма дегеніміз не және оған қандай талаптар қойылады?
2. «Әпке» пьесасындағы кейіпкерлердің сөйлеу мәнеріне, олардың дикциясына, ондағы кідіріске көңіл бөліңдер.
3. Пьесаны рөлге бөліп мәнерлеп оқыңдар.

### **МЫСАЛ ӨЛЕҢДЕРДІ ОҚУ**

#### **«Шегіртке мен құмырсақ»**

Шырылдауық шегіртке  
Біршып жүріп ән салған.  
Көгалды қуып гөлайттап,  
Қызықпен жүріп жазды алған.  
Жаздыгүні жапырақтың  
Бірінде тамақ, бірінде үй,  
Жапырақ кетті, жаз кетті,  
Күз болған соң кетті күй.  
Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ.  
Өкінгеннен не пайда?  
Суыққа тонған, қарны ашқан  
Ойын қайда, ән қайда?  
Оныменен тұрмады,  
Қар көрінді, қыс болды.  
Сауықшыл сорлы бүкшиді,  
Тым-ақ қиын іс болды.  
Секіру қайда, сүрініп,  
Қабағын қайғы жабады.  
Саламда жатып дән жиған  
Құмырсақаны іздеп табады.  
Селкілдеп келіп жығылды,  
Аяғына бас ұра:  
- Қарағым, жылыт, тамақ бер,  
Жаз шыққанша асыра!  
- Мұның, жаным, сөз емес,  
Жаз өтерін білмеп пе ең?  
Жаның үшін еш шаруа  
Ала жаздай қылмап па ең?  
- Мен өзіндей шаруашыл,  
Жұмсақ илеу үйлі ме?  
Көгалды қуып, ән салып,

Өлеңнен қолым тиді ме?  
- Қайтсін, қолы тимепті,  
Өлеңші, әнші есіл ер!  
Ала жаздай ән салсаң,  
Селкілде де, билей бер!

*Абай Құнанбаев*

**«Аққу, шортан Һәм шаян»**  
Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,  
Жегіліп, тартты үшеуі дүркін-дүркін.  
Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,  
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.

Бұлардың машықаты аз болмады,  
Жұмысы орнына кеп мәз болмады.  
Тартса да бар күштерін аямай-ақ,  
Асылы, жүк орнынан қозғалмады.

Оншама ол жүк артық ауыр емес,  
Құр сырттан пәлен деу де тәуір емес.  
Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр,  
Бірыңғай тартпаған соң бәрі тегіс.

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,  
Әуелі бірлік керек болсақ жолдас.  
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,  
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

### **Өгіз бен бақа**

Бір Өгіз айдын шалқар келді,  
Жағалап суаты бар жерге келді.  
Шілденің сарша тамыз ыссы кезі,  
Бек қатты қаны қашып шөлдеп еді.

Су ішіп көлдің шықты жағасына,  
Мал еді көз тоятын қарасына  
Артықша бір көлбақа күншіл екен,  
Сол көлдің Бақасының арасында.

Өгізді суға тойған Бақа көрді,  
Секіріп көршісіне жетіп келді.  
«Боламын мен де сонау өгіздей», - деп,  
Жел тартып, ісіп-кеуіп, қарнын керді.

Сұрады жолдасынан: «Толдым ба? – деп,

Өгіздей анау тұрған болдым ба?» - деп.  
Өгіз бен екеуіне қарап тұрып,  
Жолдасы жауап берді сонда бүй деп:

«Өгіздей болу саған қайда, шырақ?!  
Араңыз екеуіңіздің тым-ақ жырақ!  
Онымен бірдей болып толмақ түгіл  
қалпыңнан асқан жоқсың артығырақ».

«Қарашы! Енді қандай болдым? – деді,  
Міне, мен жаңа айдай толдым!» - деді.  
Жолдасы тағы қарап денесіне:  
«Қалпында қараң менен пормың», - деді.

Дүниеде мұнан күншіл кем-ді Бақа!  
Зорланды қарнын керіп енді Бақа.  
Шыдамай жұқа қарын керуіне,  
Жарылып, сол арада өлді Бақа.

.....  
Күнәсі күндегінің жаман қатты,  
Күндей ме біреуге алла берген бақты?!  
Өгізді күндеп, сондай боламын деп,  
Көлбақа онан қанша пайда тапты?

Әуелде құдай өлшеп берген дене,  
Қаншама зорланғанмен артылмапты.  
Нақыл сөз: «Әлін білмес әлек» деген,  
Осындай әуре болған жаннан қапты.

*Ахмет Байтұрсынов*

### **Көзі тоймаған ит**

Көпірге түсті бір ит сүйек тістеп,  
Ойы бар көпірменен дария кешпек,  
Көрінді су бетінде бүгін бір ит,  
Бұнда да бір сүйек бар, бақса түстеп.

Судағы ит бұл бейбақтың көлеңкесі,  
Білерлік көлеңкені болмады есі,  
Толымды көрінген соң анау сүйек,  
Ол иттен тартып алмақ бар дәмесі.

Сол оймен атты суға айбаттанып,  
Бар күшін жинап бойға қайраттанып,  
Түскен соң жойқын суға, ол батырдың

Ісінің не болмағы айдан жарық,  
Әрқайда аш көздінің олжасы осы,  
Байқасаң іс түбіне көзің салып.

### **Екі теке**

Екі теке келіп түсті көпірге,  
Біреуі әрі, бірі бері өтуге,  
Көпірдің дәл ортасында килігіп,  
Біріне бірі бақырды кейін кетуге.

Шайқасып бас, бірінің тілін бірі алмай,  
Сүзіспекке кірісті, қарап тұра алмай,  
Тар көпірдің секірісті үстінен,  
Бірінен бірі қояр ма, сірә, кек алмай.

Екеуі де суға құлап тыныш тапты,  
Жігіттік қып көпірді тезден босатты.  
Ерегістің нәтижесі осы да,  
Таласқандар мұнан артық не тапты?!

*Сәбит Дөнентаев*

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Мысал дегеніміз не?
2. Әрбір мысалды мәнерлеп оқып, жатқа айту.
3. Мысалдардың идеясы мен мазмұнын ашып беріңдер.
4. Ақындардың басқа да мысал-өлеңдерін оқу.

### **ЛИРИКАЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРДЫ ОҚУ**

#### **К ү з**

Сұр бұлт, түсі суық, қаптайды аспан,  
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.  
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,  
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.  
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,  
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.

Біреу малма сапсиды, салып иін,  
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.  
Енесіне иіртіп шуда жібін,  
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,  
Астында ақ шомшы жүр, ол бір керуен.

Қай ауылды көрсен де, жабырқаңқы,  
Күлкі-ойын көрінбейді, сейіл-серуен.  
Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсен,  
Көңілсіз қара суық қырда жүрсен.  
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,  
Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсен.

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы,  
Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаңы.  
От жақпаған үйінің сұры қашып,  
Ыстан қорыққан қазақтың құрысын заңы.

*Абай Құнанбаев*

### **Жазғытұры**

Су ақты, жетті апрель қырдан ойға,  
Секіріп арық-тұрақ кетті тойға.  
Жас бала: «Жазғытұры туды» - десіп,  
Жабағы, көтерем тай, ақсақ қой да.  
Қуанып жан-жануар, алшаң басып,  
Қалмады қайғы-уайым ешбір ойда.  
Нұрлы күн алтын нұрын шаштай аямай,  
Шықсын деп қысқы ызғар өткен бойға.  
Су ақса, тау жаңғырар сылдыр қағып,  
Дәл сұлу бұраңдаған шолпы тағып,  
Түрлі үнмен жаңа келген жылдың құсы  
Тұрғандай қобыз ойнап, әнге салып...  
Май келді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,  
Жібектей көкорайлар жатқан жайлап.  
Сұлудай бұрандайды бұтақтар да,  
Ән салса әртүрлі құс тұрған сайрап.  
Суықтан тоңып өлген шыбын-шіркей,  
Тіріліп қанат қағып быж-быж қайнап.  
Аспанда күн күркіреп. от жарқылап,  
Жылы жел қара бұлтты тербеп айдап.  
Уызға жаңа тойған жас құлынды  
Шыңғыртып, жылқышылар ұстап, байлап,  
Азырақ күйлі шыққан қысыр тайын  
Балалар шапқыласқан, мініп жайдақ,  
Қыс қысқан арық-тұрақ, жаман-жәутік  
Кетті ғой әлдеқашан тырақайлап,  
Жаратқан жанға рақат жазғытұры,  
Шүкір қыл бір аллаға «я, құдайлап».

*Мағжан Жұмабаев*

### **Боранда**

Қарлатып, қатты боран қарпылдап тұр,

Үскірік-аяз қызыл шартылдап тұр.  
Қой ығып, басын қоршап ыққа тығыр,  
Көміліп қалың қарға қарқындап тұр.  
Сүйеніп таяғына қой қасында,  
Дірілдеп Таймас сорлы қалтылдап тұр.  
Аяқта жуан жіппен буған шарық,  
Сүйреліп киіз шұлғау, жалпылдап тұр.  
Ашылып қабырға-омырау қарға қарсы,  
Тақымы шалбарынан жалтылдап тұр.  
Денесін қалыбымен суық ұстап,  
Ызың жел селкілдетіп, аңқылдап тұр.  
Мойнына жабысқан қар ери қатып,  
Иекте мұз сүңгілер салпылдап тұр...  
Жылы ішік, түлкі тымақ, саптамалы,  
Дүйсек бай дөң басында салқындап тұр.  
«Ары таман қойды қозғап, жайсаңшы!» -  
деп, Таймасқа қожайынсып, шаңқылдап тұр.

*Ілияс Жансүгіров*

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Лирика дегеніміз не?
2. Лирикалық шығармалар қалай оқылады?
3. Ақынның ішкі сезімі мен көңіл-күйіне байланысты жазылған шығарманың мазмұны қандай?
4. Табиғат лирикасына байланысты жазылған шығармаларды мәнерлеп оқып, жатқа айту.

### **БАТЫРЛАР ЖЫРЫН ОҚУ**

#### **Алпамыс батыр**

Енді Алпамыс бақырып,  
«Алатаулап» ұран шақырып,  
Қалмаққа жалғыз тиеді.  
Қойға шапқан бөрідей  
Талқандап қуып бөледі.  
Алтын сапты ақберен  
Деммен тартып тиеді.  
Кейбірінің кесіп кәлласын,

Кейбіреуін тіледі.  
Қалмақтар атқан қалың оқ  
Жаңбырдай болып тиеді.  
Еті түгіл баланың  
Терісіне кірмеді.  
Ғайып ерен қырық шілтен  
Баланы қолдап демеді.  
Жанып тұрған жалындай,  
Құбылып тұрған сағымдай  
Шабылып Шұбар терледі,  
Терлеген сайын өрледі.  
Ана шетте бір көрсе,  
Мына шетте бір көреді.  
Жүрсін бала сонымен,  
Ерлердің салған жолымен,  
Ауып келген халайық,  
Мұнан да хабар алайық:  
Шекті деген ел еді...  
Ә дегенде, мәдейтін  
Ішінде ерлер көп еді.  
Қаншама батыр болса да,  
Қалмаққа әлі келмеді.  
Қорқыныш кетіп, қазақтар  
Соңынан бәрі ереді.  
Тышқан алған мысықтай  
Тамашасын көреді.  
Әр жерден сүйреп өлігін,  
Бір жерге бәрін үйеді.  
Май құйып отқа ерітіп,  
Жынды адамдай күледі.  
Тізеден шұбар қан кешіп,  
Шалпылдап шауып жүреді.  
Сол уақытта бір қалмақ  
Барды қашып ханына.  
Найза тиіп көк еттен,  
Өлмейтін қылған санына,  
Жер-жаһанды лаптап,  
Судай ағып қаны да,  
Етпетінен жығылды,  
Ханның барып алдына:  
«Ей, қараман, қараман,  
Әкім болдың жасыңнан!  
Айдай әлем қараған,  
Шұбар атты бір бәле  
Кепті бүгін даладан.

Әскердің бәрі қырылды  
Сол келген жалғыз баладан!  
Келбетіне қарадым,  
Қалмайды мұнан жан аман.  
Біле алмадым мәнісін,  
Ірі көрдім жұмысын.  
Айтайын сізге қылысын,  
Әскердің бәрін қырысын,  
Жапырып барады жалындай,  
Баланың түрі құрысын!  
Шапқанын ешкім көрмейді,  
Өлгенін ешкім білмейді,  
Сілтегенде қылышын.  
Жаралы болып санымнан,  
Бітіп тұр менің тынысым.  
Гүлбаршынды алам деп,  
Сенің де бітер жұмысың.  
Білмедім өзі қалмақ па,  
қалмақ емес, қазақ па?  
Егер де қазақ болмаса,  
Қалмаққа келген ғазап па?!  
Бұған өзің бармасаң,  
Қаласың ақыр ұятқа.  
Жасырынған сайменен,  
Көкалалы тайменен  
Бар екен бәле бұ жақта.  
Халықтың бәрін қырдырып,  
Жатасың ба жырақта?  
Сұлуды алма ойыңа,  
Бермейді сенің қолыңа.  
Жанып тұрған бір жалын  
Келіпті бүгін сорыңа».

### **Қобыланды батыр**

...Көп әлеумет, құлақ сал  
Аузымнан шыққан сөзіме,  
Қырық мың атты қызылбас,  
Қырық кісідей көрінбес  
Батырыңның көзіне.  
Тікелеп атқан оқтары  
Тікенектей қадалмас  
Қоблекеннің жүзіне.  
Қабағынан қар жауып,  
Кірпігіне мұз тонып,  
Қатуланып қаттанды,

Буырқанып бұрсанды,  
Мұздай темір құрсанды.  
Топтанып тұрған кәпірге  
Қобыланды батыр жол салды.  
Жалғыз өзі батырың  
Жойып кетіп барады,  
Қойға тиген қасқырдай  
Сойып кетіп барады.  
Жолбарыс шапқан құландай  
Шоршып кетіп барады.  
Үш мың атты бір сайға,  
Төрт мың атты бір сайға,  
Аламын деп қайтарда,  
Қойып кетіп барады.  
Қайтарында алмаққа  
Тізгінінен қосақтап,  
Түйіп кетіп барады.  
Ақ білегі қан болып,  
Тұла бойы сал болып,  
Жау үстіне жол салды,  
Үкімін жауға мол салды.  
Көмегі жоқ соңында,  
Жаны құдай қолында.  
Туырлықтай ту алып,  
Туды қанға сауарып,  
Қырық мың атты қызылбас  
Әрі-бері қозғалды.  
Қырылмағаны аз қалды.  
Қызылбас қашып жосыпты,  
Қашқанына қойсын ба,  
Батырдың алдын тосыпты!  
Ықтиярсыз найзалап,  
Біріне бірін қосыпты.  
Бөлек-бөлек қылады,  
Есебі жоқ қырады.  
Бірін шауып, біреуін  
Қылышпенен ұрады.  
Атумен оқ қалды,  
Тартумен дөп қалды,  
Қоблекеннің сүңгісі  
Қызыл қанға боялды.  
Көбісі тұрып шәрінің,  
Ұйқысын ашып, оянды.  
Қашпағанды қобыланды,  
Алтын күн ұдай ұрысып,

Бітіруге таянды.  
Үкімін жауға мол салды,  
Жетінші күні сәскеде  
Жаудың барын тауысып,  
Ақ найзаға сүйеніп,  
Қобыланды жалғыз бұл қалды.  
Сол қаланың әйелі  
Ерлерінен айрылып,  
Бәрі де жесір, тұл қалды.  
Бұл қырғанға қоймады,  
Қоблекең бұған тоймады.  
Шәрін тегіс бұзсам деп,  
Ат қоймаққа ойлады  
Қазанның қырлы қалаға.  
Қобыланды тұрып сыйынды  
Жеті кәміл бабаға.  
Ақ сұңқар құстай шйіліп,  
Ел шығармай салаға,  
Мал шығармай далаға,  
Қаладан атын қарғытып,  
Кіндіктен оғын сырғытып,  
Қаланың аузын қан қылып,  
Қақпаның аузын шаң қылып,  
Тұлымдысын тұл қылып,  
Айдарлысын құл қылып,  
Солқылдаған мырзасын  
Табанға салып жүн қылып,  
Алтын артты шанаға,  
Қарамай қатын-балаға,  
Өтірік емес, жан аға,  
Қырық қақпалы қазанды  
Он сегіз күн дегенде  
Бұзып-жарып батырың,  
Малын-жанын ызғытып,  
Қақпаның аузын аштырып,  
Айдап шықты далаға!

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Батырлар жыры қалай оқылады?
2. Батырлар жырын оқығанда дикцияға, интонацияға, кідіріске көңіл бөліңдер.
3. Батырлардың күш-қайратын, ерлігін суреттейтін тұстарына назар аударындар.
4. Батырлар жырынан үзінді жаттау және оны мәнерлеп оқу.

## ЛИРО-ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРДЫ ОҚУ

### «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры

Кемел ақын келтірер сөздің түрін,  
Оған да заман өткен бір ықылым.  
Кешегі ол қатар заманында,  
Өтіпті екі байың бізден бұрын.  
Солар да бізден бұрын өткен жандар,  
Сап қасқа, өкшең манап сөзді аңдандар.  
Қалыпсыз Қарабайдай бай өтіпті,  
Тоқсан мың, тәңір алса да, жылқысы бар...

- ...Қарабай – Сарыбаймен мерген екен,  
Күн жетіп Сарыбай өлген екен.  
Бұл ауғалы он үш жыл болып қапты,  
Қыз Баян да он төртке келген екен.

Тал шыбықтай бұралған өзі көрім,  
Мінеки оны айтатын келді жерім.  
қыпша бел, алма мойын, сұлу Баян,  
Сипаты жаннан асқан ол бір серім!

Тал бойының міні жоқ, қолаң шашты,  
Шашының ұзындығы тізін басты.  
Гүл төгілер аузынан меруерт тісті,  
Ондай жан дүниеде жаралмас-ты.

Аппақ көрік маңдайы, қылығы наз.  
Малың түгіл басыңды берсең-дағы аз.  
Сыртынан күлімсіреп сөйлесе де,  
Көңілі қош болмайды, баймен арза.

Жұрт айтатын темірлі күймесі бар,  
Қозы Көрпеш дегенде дүниесі тар.  
Анда-санда болмаса сөйлеспейді,  
Жалғыз жатып қозы үшін қылады зар.

Қас асыл бойы жетті, алтын кірпік,  
Шақырып қодар келсе үйтіп-бүйтіп.  
Қара көзін қан басып қарағанда,  
Маңына жоламайды қодар үркіп.

- Қайғылы менің көңлім тола ма екен,  
Алланың сызығы екі бола ма екен?..  
Маңайға тантық құлды жолатқызбай,

Қорқытып қойған оны құдай екен.

Баянды сұлу қылса, тәңірім қылған,  
Атағымен, даңқымен дүние толған,  
Тоқсан байдың баласы тоқсан сері,  
Сыртынан көзі көрмей ғашық болған.

Жамағат осы сөзден күдер үзбе,  
Сипаты Баян қыздың жаннан өзге.  
Баянға ғашық болып тоқсан бағылан,  
Бәрі де іздеп шықты жапан түзге.

Бәрі де ғашықтықпен жиһан кезген,  
Баршасы ғашық болып елден безген.  
Тоқсан жолдың аяғы бір жол болып,  
Бір жолда тоқсан сері кездей келген...

### Қ ы з Ж і б е к

Ақ маңдайы жарқылдап,  
Танадай көзі жалтылдап,  
Алтынды кебіс сартылдап,  
Жүйрік аттай ойқастап,  
Құнан қойдай бой тастап,  
Қалмайын деп ұялып,  
Жан-жағын қарап байқастап,  
Кер маралдай керіліп,  
Сары майдай еріліп,  
Тәңірі берген екі аяқ,  
Бір басарға ерініп.  
Ауылдың алды бел еді,  
Белден көшкен ел еді,  
Атқан оқтай жылысып,  
Ор қояндай ығысып,  
Қылаң етіп, қылт етіп,  
Сылаң етіп, сылт етіп.  
Тау суындай қылаңдап,  
Сүмбідейін сылаңдап,  
Мықындары бұлтылдап,  
Айдынды туған қыз Жібек  
Отауға қарай жөнелді.  
Сол уақытта қараса,  
Қыз Жібектің дидары  
Нұр ішінде піскендей,  
Қыз Жібектің екпіні  
Ұжмақтан самал ескендей.

Сол уақытта бір көрген  
Шыбын жанын кешкендей.  
Сылдырап Жібек жөнелді,  
Неше түрлі сәулетпен  
Іңірде шайтан көшкендей.  
Құланнан атты қодықты,  
Көлден тартты борықты,  
Бір көрмекке ынтық боп,  
Төлеген мырза шонықты.  
Талма түстің шағында,  
Айдында туған қыз Жібек,  
Төлегенге жолықты.  
Өңшең молда жиылса,  
Мәселе кітап оқыр-ды.  
Шариғат сөзін жақсылар  
Ақылменен тоқыр-ды.  
Асылдан туған қыз Жібек  
Төлегеннің мойнына  
Асыла барып отырды.

Төлеген сонда сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
«Келдің, Жібек, қасыма,  
Отыра кеттің асыла,  
Кешегі сәлден қай жақта  
«Той болды» салсаң басыма».  
Жібек сонда сөйледі:  
«Қынама бешпент қынадым,  
Әзілмен сізді сынадым,  
Сынамаққа бір сөзді,  
Әзіл қылып айтып ем,  
Әлі ұмытпай жүр ме едің,  
Төлеген мырза, шырағым!»

Екі ғашық қосылып,  
Әңгіме дүкен құрады.  
Екеуінің суреті  
Ләйлі-Мәжнүңдей болады.  
Екі бекзат қосылса,  
Күндей балқып тұрады.  
Екеуінің нұрына,  
Көрген жанның барлығы  
Тамаша-қайран қалады...

1. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпостық шығармасынан үзінді жаттау және оны мәнерлеп оқу.
2. «Қыз Жібек» жырын мәнерлеп оқу және жатқа айту.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Каримов И.А. Ўзбекистон, XXI асрга интилоқда. Тошкент, «Ўзбекистон», 1999
2. Каримов И.А. «Баркамол авлод – Ўзбекистон тараққийетининг пойдевори» Ташкент, 1997
3. Кадрлар тайёрлаш Миллий дастури «Баркамол авлод Ўзбекистон тараққийетининг пойдевори» Тошкент, 1997.
4. Ахметов З., Шаңбаев Т. «Әдебиеттану терминдер сөздігі». 1996
5. Бекей М. «Сұлулық сыры». Алматы, 1999
6. Ғабдулин Н. «Шығарма арқауы шындық». Алматы, 1968
7. Жұмабек С. «Сын әуені» Астана, Елорда 2001
8. Кенжебаев Б. «Шындық және шеберлік». Алматы, 1966
9. Омаров І. «Әдеби толғамдар». Алматы, 1988
10. Омаров М. «Махаббат». Ташкент, 1999
11. Оңғарсынова Ф. «Дауа». Алматы, 2002
12. «Қазақ әдебиеті» газеті, 2005
13. «Қазақ әдебиеті» газеті, 2006
14. «Қазақ әдебиеті» газеті, 2007
15. Шаханов М. «Эверестке шығу». Алматы, 2003
16. Абдувалитов Е. Досымбетова С. Бектаев А. «Әдебиет» (8-сыныпқа арналған оқулық-хрестоматия) Ташкент, 2006
17. Абдувалитов Е. Досымбетова С. Дуйсебаева Д. Бектаев А. «Әдебиет» (6-сыныпқа арналған оқулық-хрестоматия) Алматы, 2001
18. Қалдыбаев Т. Аралбаев Қ. Сейітова Қ. Бабашева Г. «Әдебиет» (7-сыныпқа арналған оқулық хрестоматия) Ташкент, 2005
19. Иномқожаев С. Зуннунов А. «Ифодали ўқиш асослари» Ташкент, 1978
20. Қалдыбаев Т. Тіл ұстарту. Ташкент, 1999
21. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы, 2003
22. Құнанбаев А. Өлеңдер жинағы. I-II том. Алматы, 2005
23. Мақатаев М. «Аққудың қанатына жазылған жыр» Алматы, 2001
24. Майлин Б. «Повестері мен әңгімелері» Алматы, 1977
25. Мырзалиев Қ. Өлеңдер жинағы. I-II том. Алматы, 1989
26. Негимов С. Шешендік өнер. Алматы, 1998
27. Нұрмаханова А.Н. «Мәнерлеп оқу практикумының программасы» Алматы, 1981
28. Нысаналы А. үш пайғамбар. Алматы, 1992
29. Тілешова С. Мәнерлеп оқу. Алматы, 1998
30. Орипов Қ. Обидова М. «Ифодали ўқиш» Ташкент, 1994

## МАЗМҰНЫ

### 1-бөлім

Кіріспе.....	2
Қазақ поэзиясының даму ерекшеліктері.....	5
Проза жанрындағы дәуір, тарих және заман мәселесі.....	71
Жаңа басқыштағы қазақ драматургиясының дамуы.....	93
Әдеби сын.....	98
Көркем туындылар тізімі.....	116

## СОДЕРЖАНИЕ

Введение.....	2
Тенденция развития казахской поэзии.....	5
Проблемы истории и времена в жанре прозы.....	71
Новый этап развития казахской драматургии.....	93
Литературная критика.....	98
Список художественной литературы.....	116

## CONTENTS

Introduction.....	2
The tendencies development of kazakh poetry.....	5
The problems of history and times in proze.....	71
The new stage of kazakh playwriting development.....	93
The critics of literary.....	98
The list of artistic literary.....	116

## Мазмұны

### 2-бөлім

1. Кіріспе.....	3
2. Мәнерлеп оқудың характері мен мазмұны жайында.....	6
3. Мәнерлеп оқудың мақсаты мен міндеттері.....	9
4. Мәнерлеп оқудың техникалық негіздері мен оған жаттығудың жолдары.....	13
5. Интонация және дауыс кідірістері.....	19
6. Көркем шығармаларды жанрына қарай оқу.....	31
7. Поэзиялық туындыларды оқу.....	41
8. Әңгімелерді оқу.....	63
9. Монолог және диалогты оқу.....	69
10. Ертегілерді оқу.....	71
11. Драмалық шығармаларды оқу.....	80
12. Мысал өлеңдерді оқу.....	88
13. Лирикалық туындыларды оқу.....	96
14. Батырлар жырын оқу.....	99
15. Лиро-эпостық жырларды оқу.....	106
16. Пайдаланылған әдебиеттер.....	122

## Содержание

1. Введение.....	3
2. О характере и содержании выразительного чтения.....	6
3. Цель и обязанности выразительного чтения.....	9
4. Технические основы выразительного чтения и направления упражняются к нему.....	13
5. Интонация и задержание голоса.....	19
6. Выразительное чтения художественных произведений по жанрам.....	31
7. Выразительное чтения стихотворных произведений.....	41
8. Выразительное чтения рассказов.....	63
9. Выразительное чтения монолога и диалога.....	69
10. Выразительное чтения сказок.....	71
11. Выразительное чтения драматических произведений.....	80
12. Выразительное чтения басни.....	88
13. Выразительное чтения лирических произведений.....	96
14. Выразительное чтения героических произведений.....	99
15. Выразительное чтения лиро-эпических произведений.....	106
16. Используемые литературы.....	122

## Content

1. Preface.....	3
2. About character and content of expressive reading.....	6
3. Aim and tasks of expressive reading.....	9
4. Technic foundations of expressive reading.....	13
5. Intonation and delaying the sounds.....	19
6. Expressive reading of fictions via genres.....	31
7. Expressive reading of poetic words.....	41
8. Expressive reading of stories.....	63
9. Expressive reading of monologue and dialogue.....	69
10. Expressive reading of fairy-tales.....	71
11. Expressive reading of dramatical works.....	80
12. Expressive reading of fables.....	88
13. Expressive reading of lyric works.....	96
14. Expressive reading of heroic episodes.....	99
15. Expressive reading of lyric and epic poems.....	106
16. Literature.....	122